

Н. А. Алдабек, К. Н. Мақашева,  
Қ. И. Байзақова

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

## 8-9

### 2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің  
8–9-сыныптарына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72  
А40

**Алдабек Н. т.б.**  
А40 **Дүниежүзі тарихы (1945–2018).** Жалпы білім беретін мектептің 8–9-сыныптарына арналған оқулық. 2-бөлім / Н.Алдабек, К.Мақашева, Қ.Байзақова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 216 б., сур.

ISBN 978—601—07—1085—6

А  $\frac{4306020600-055}{404(05)-19}$  5(1)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72

© Алдабек Н., Мақашева К.,  
Байзақова Қ., 2019  
© «Мектеп» баспасы,  
көркем безендірілуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлтік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—1085—6

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқулық 1945 жылдан бастап күні бүгінге дейінгі оқиғаларды қамтитын қазіргі заманғы дүниежүзі тарихының екінші кезеңіне арналған.

Осы кезеңнің негізгі оқиғалары:

1) 1945–1991 жылдардағы «қырғиқабақ соғыс»;

2) 1991 жылдан бүгінгі күнге дейінгі қазіргі заман тарихы.

«Қырғиқабақ соғыс» екі қоғамдық жүйенің (капиталистік және социалистік) бір-біріне карама-қайшылығынан туындаған. Ол Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен басталып, 1991 жылғы социалистік жүйенің ыдыраған кезіне дейін жалғасты. «Қырғиқабақ соғыс» кезеңінде отарлық жүйенің күйреу үдерісі жүрді; әлемдік сахнаға Азия, Африка және Латын Америкасының ондаған жаңа елдері шықты.

Қазіргі заман тарихы 1991 жылдардан бергі кезеңдегі басты оқиғаларды қамтиды. Бұл кезеңде КСРО ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер құрылды, күштердің жаңа орталықтары пайда болды. Соңғы онжылдықтар көпшоярлы әлемді мойындау — жаһандану үрдісімен айқындалады. Адамзат жаңа заманға аяқ басты, ол қазіргі өркеннеттің дамып қалыптасуымен сипатталады.

Оқулықтың бастағалы отырған екінші бөлімінде осы аталған оқиғалармен таныс боласыздар.

*Авторлар*

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ САЯСИ КАРТАСЫ

### §1. ОТАРСЫЗДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ КҮШЕЮІ. ӘЛЕМДІК ОТАРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ КҮЙРЕУІ

#### Бұл сабақта:

- әлемдік отарлау жүйесінің дағдарысы мен күйреуін, отарсыздану үдерісінің алғышарттарын;
- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі тәуелсіздік жолындағы қозғалыстың күшеюін;
- отарсыздану үдерісі және оның нәтижелерін, Африкадағы отарсыздануды;
- даму жолдарын таңдаудың мәселелерін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер:

отарсыздану, «қырғи-қабақ соғыс», доминиондар, Африка жылы, даму жолдарын таңдау, мәдени-өркениеттік аймақтар

Әлемдік отарлау жүйесінің ыдырауы және күйреуі. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін отарлық иеліктер мен мандатқа кірген аумақтар құрлықтың үштен бір бөлігін қамтып, онда Жер шары халқының үштен бір бөлігі өмір сүріп жатты. Көптеген елдер жартылай отарлықта немесе империялардың мандатына кірген аумақтарда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелді елдерде тәуелсіздік жолындағы күрестер күшейе түсті. Бұл отарсыздану үдерісін туғызып, бұрынғы отар елдер енді тәуелсіздік алу жолындағы күреске шықты.

#### Есте сақтаңдар!

**Отарсыздану** – доминиондарға, мандатқа кірген аумақтар, отарлар мен протектораттарға тәуелсіздік және толық дербестік беру үдерісі.

Бұл үдеріс бейбіт жолмен де, қарулы күрес түрінде де жүріп отырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде Қытайдың және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің орасан зор аймағын басып алған Жапонияның, фашистік Германия мен Италияның күйреуі Азия мен Африканың отарлық аймақтарындағы халықтардың ұлт-азаттығына қол жеткізуге қолайлы жағдай

туғызды. Метрополияның (әсіресе Франция мен Голландияның) өз отарлық иеліктеріне бақылауының әлсіреуі, отарлық иеліктердің (әсіресе ағылшындық доминиондардың) ықпалы мен әлеуетінің арта түсуі, ұлт-азаттық қозғалыстардың бұқаралық сипат алып, көптеген

елдерде оның қарулы күрестерге ұласуы, «қырғиқабак соғыстын» әсері отарсыздану үдерісінің алғышарттары болды.

Отарсыздану үдерісі ондаған жылдарға созылды. Азиядағы басты оқиғалар соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта өтті. Жапонияның соғыста тізе бүгуі Үндіқытай, Бирма, Малайзия, Индонезия халықтарын азаттық күреске алып шықты. Олар Жапонияның талқандалуын ести салысымен, өз тәуелсіздіктерін жариялады.

Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс тапқан Германия, Италия мен Жапония соғыстан кейін отарларынан ғана айырылып қалған жоқ, сонымен қатар аумақтарының да біраз бөлігінен қол үзуіне тура келді. Жеңімпаз елдер де өздерінің отарларын жоғалтты. Метрополианың әрқайсысы бұған жол бермеуге тырысканымен, бәрібір неліктерін сақтап қала алмады. Жалпы, отар елдердің өмірінде болатын өзгерістерді тоқтату мүмкін емес еді. Отарлық неліктерде ұлт көшбасшылары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар нығая түсті.

#### Ойланыңдар!

Отарлау жүйесінің ыдырау себептерін атаңдар.

**Отарсыздандыру кезеңдері.** Отарсыздандыру үдерісі бірнеше онжылдық бойы жалғасып, бір-бірінен ерекшеленетін кезеңдерден тұрды.

**Отарсызданудың бірінші кезеңі (1943–1956 жж.),** негізінен, Азия мен Солтүстік Африка елдерін қамтыды. Еуропалық елдер, соның ішінде Англия Палестина мен Иорданияны, ал Франция болса Ливан мен Сирияны басқару мандаттарынан бас тартты. Италия мен Жапония отарларының да тағдыры шешілді.

Отарсызданудың маңызды оқиғаларының бірі ірі азиялық елдер – Үндістан мен Пәкістанға тәуелсіздіктің берілуі болды. Ағылшындар соғысқа дейінгі өзін-өзі басқару шарты бойынша ұстап отырған отарлық неліктерін сақтап қала алмады. Үнді ұлттық конгресінің жетекшілері соғыс кезінде ағылшындармен одақтасудан бас тартты. Өз дербес мемлекетін құру үшін мұсылмандық қозғалыс та кен құлаш жайды. 1947 жылы тамызда Үндістан мен Пәкістан көптен күткен тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Англия Үндістанды, алдымен екі мемлекет – Үндістан мен Пәкістан деп бөліп алып, оларға тәуелсіздігін беруге мәжбүр болды. Сонымен қатар Цейлон аралдары

(Шри-Ланка) мен Бирманың да тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. 1945 жылы Индонезия (17 тамыз) мен Вьетнам (2 қыркүйек) тәуелсіздіктерін жариялады. Олар өз тәуелсіздігіне ұзақ жылдарға созылған қарулы күрес нәтижесінде қол жеткізді. 1946 жылы АҚШ Филиппинге тәуелсіздік берді.

Франция империяның қиыршығыстық бөлігімен қоштасты. Вьетнамдағы (1946–1954 жж.) соғыс өте ауыр жеңіліспен аяқталды. 1953 жылы Франция Камбоджа мен Лаостың тәуелсіздігін мойындады.

1956 жылы Египетке қарсы жүргізілген француздар мен ағылшындардың соғысы жеңіліске ұшыраған соң, Англия Суданның толық дербестігін мойындады. Алғашқы кезеңде отаршылдар пеліктерінің біраз бөлігін сақтап қалуға әрекеттенді. Тәуелсіздікті енді отаршылдықта ұстау мүмкін болмайтын елдер ғана ала алды. Бірақ 1956 жылдан кейін Англия, 1958 жылы Франция өздерінің отарлық пеліктерінен бас тарта бастады.

Екінші кезеңде, 50–60-жылдардың соңында отарсыздану үдерісі Африканы қамтыды. 1956 жылы Француз үкіметі Марокко мен Тунистің тәуелсіздігін мойындады. Алжирді азат ету майданы көтерілісшілерімен 8 жылға созылған (1954–1962 жж.) соғыстан



Отарсыздану. Алжир

кейін ғана бір миллионға жуық француз мекендейтін Алжирден кетуге мәжбүр болды.

1957 жылы Англия Ганаға, Малайзияға, ал 1958 жылы Гвинеяға тәуелсіздік берді. 1960 жыл «Африка жылы» деп аталған бетбұрысты кезеңге айналды. Осы жылы африкалық 17 ел тәуелсіздігін алды. Ағылшындар мен француздардың ең көп иеліктері орналасқан Африкада 1960 жылдардың басында 45-ке жуық тәуелсіз мемлекет пайда болды. Одан кейінгі жылдары Африканың шығыс жағында ағылшындық иеліктердің отарсыздану үдерісі жүрді. 1961 жылы Танганьика, 1962 жылы Уганда, 1963 жылы Кения, 1964 жылы Занзибар, Замбия, Малави, 1965 жылы Гамбия тәуелсіздігін алды. Осылайша 60-жылдардың ортасына қарай Африканың көптеген елдері отаршылдық бұғаудан құтылды.

Африканың отарсыздануы халықаралық, африкаишілік мемлекетаралық, нәсілшілдік пен тайпааралық шиеленістердің өршуімен қатарласа жүрді. Жаңа пайда болған көптеген мемлекеттердің басында әскери диктатура немесе авторитарлық-монархиялық тәртіптер орнады. Тек бірнеше мемлекетте ғана билеуші партия саяси оппозицияға мүмкіндік жасады.

Бұрынғы отарлық аумақтарда жүзге жуық жана жас мемлекеттердің пайда болуының тарихи маңызы өте зор. Бұл мемлекеттер әлемдік саясаттағы негізгі факторға айналды. Олар БҰҰ-ға мүше елдердің үштен екі бөлігін құрайды. Отарсызданудың тағы бір маңызды жағы – жаһандық деңгейдегі адамзат өркеннетінің дамуы. Бұрынғы отарлық жүйенің тәуелсіз мемлекеттер жүйесіне айналуы ірі афроазиялық аймақтың тарихи даму үдерісін сапалық тұрғыдан өзгертті деуге болады. Тәуелсіз мемлекеттер халықтарының дербес дамуына жол ашылды, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен мәдени-өркеннеттік ерекшеліктерді ескере отырып, жаңғыру мен даму жолын таңдауына мүмкіндік туды. Ескі экономикалық құрылымдар мен қоғамдық тәртіптердің тоқырауы және өзгеріссіз қалушылығы қоғамдық даму жолдарының әралуандылығы мен әртүрлілігіне ауысты.

**Даму (жаңғыру) жолдарын таңдау. *Үшінші кезеңде* (70-ж.)** ең көне отарлық империя – Португалия империясы құлатылды. 1973 жылы ұзақ жылдарға созылған қарулы күрестен соң алғашқылардың бірі болып Гвинея-Бисау тәуелсіздікке қол жеткізді. 1974 жылғы сәуір айындағы «қалампыр төңкерісінің» нәтижесінде Португалияда әскери диктатура құлатылған соң, португалиялық басқа отарлар да – Жасыл мүйіз аралдары, Ангола, Мозамбик, Сан-Томе мен Принсипи тәуелсіздіктерін алды.

Отарсыздану үрдісі бұнымен тоқтаған жоқ. *Төртінші кезеңде* (80–90-жж.) отарлық империялардағы соңғы иеліктер өз тәуелсіздіктерін алды. 1980 жылы Оңтүстік Родезия (Зимбабве) мәселесі түпкілікті шешілді. 1982 жылы Англия Белизге тәуелсіздік берді. 1990 жылы әлемдік қауымдастықтың қысымымен Оңтүстік Африка Республикасы Намибияның тәуелсіздігін таныды. 1997 жылы Қытай Ұлыбританиядан Гонконгті, 1999 жылы Португалиядан Макаоны қайтарып алды.

Осылайша XXI ғасырға аяқ басқанда, отарлық империялар дәуірі аяқталды. Дегенмен саяси тәуелсіздігін алған жас мемлекеттер экономикалық жағынан дербестікке жете қоймады. Көптеген жас мемлекеттер дамуы жағынан артта қалды. Бұл елдерде соғыс, індет, ашаршылық, қаржы тапшылығы, этникалық және аумақтық мәселелер әдеттегі жағдайға айналды.

**Даму (жаңғырту) жолдарын таңдау мәселелері.** Бұл Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі, әсіресе отаршыл империялардың күйреуі мен отарсызданудан кейінгі барлық Азия және Африка елдеріне тән ортақ мәселеге айналды.

Таңдау жолдары аса көп бола қойған жоқ: *социалистік бағдар*, *социалистік жол* немесе *капиталистік* даму жолының бірін



«Қалампыр төңкерісі». Португалия. 1974 ж., сәуір



таңдауға тура келді. Кез келген таңдауда әрбір елдің өзіне тән мәдени-өркеннеттік ерекшеліктері мен дәстүрлері айқындаушы болды. 30 жыл бойы Қытайда, Вьетнамда және Солтүстік Кореяда социалистік даму жолы сыннан өтті. 70-жылдардың ортасында бұл жол Қытайды өте ауыр экономикалық дағдарысқа әкелгені белгілі. Енді оған дамудың басқа жолын, яғни нарықтық реформалар мен мемлекеттік бақылауды азайту жолын таңдауға тура келді. Ал 90-жылдардың басына қарай социализмді құрудың маркстік үлгісі өз мәнін жоғалтып, күн тәртібінен түсіп қалды.

Африканың бірқатар елдері мен кейбір Араб елдерінде «социалистік бағдар» идеясы сәтсіздікке ұшырады. Мемлекеттік меншікке өткізу, кооперативтендіру, бірпартиялы саяси жүйені орнату ақыр аяғында шаруашылықты күйзеліске ұшыратып, бюрократтыққа, жемқорлыққа және авторитарлық-диктаторлық тәртіптің орнауына, соның салдарынан бірқатар әскери төңкерістердің орын алуына әкеп соқты. «Социалистік бағдар» жолын таңдаған көптеген елдер нарықтық қатынастар мен көппартиялы жүйеге өтуге мәжбүр болды. Бұл үдерісте дәстүр мен мәдени-өркеннеттік ерекшеліктің әсері жоғары орын алды.

Азия және Африка елдерінің болашақ даму жолдарына немесе жаңғырту үдерісіне аяқ басуда оларға тән, әсер етуші себептер болып табылатын аса қуатты мәдени-өркеннеттік аймақтар анықталды. Олардың қалыптасқан дәстүрлерінің күштілігі соншалық, оған ешқандай да еуропалық ықпал әсер ете алмайтын еді. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан өздеріне тән дәстүрлері мен мәдени-өркеннеттік ерекшеліктеріне қарай дербес даму жолдарын таңдауда. Міне, сондай мәдени-өркеннеттік аймақтар Азия мен Африкада төртеу:

1. Қытайлық-конфуцийшілдік аймақ (Қытай, Жапония, Вьетнам, Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур).
2. Үнді-буддистік-мұсылмандық топ (Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік-Шығыс Азия).
3. Араб-мұсылмандық аймағы (Таяу Шығыс, Ауғанстан, Ирак, Иран, Магриб елдері).
4. Орталық және Оңтүстік Африка (әртүрлі және құрылымы толық айқындалмаған ондаған мемлекет, әскери-тайпалық құрылымдар).

Үшінші әлем елдерінің көпшілігінің даму нәтижелері қайшылықты болып келді. Тоқыраушылық туралы пессимистік болжамдарға және 50–90-жылдардағы дамыған капиталистік

елдерден артқаалушылықтың деңгейі жылдам өсіп отырғанына қарамастан, Үшінші әлемнің бірнеше ондаған елдері экономиканы және әлеуметтік саланы индустрияландыру мен модернизациялауда елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Мұндай елдер қатарына, ең алдымен, кіші және орташа «жолбарыс» елдері (Сингапур, Гонконг, Тайвань, Оңтүстік Корея, Малайзия, Таиланд, Түркия) және ірі «айдаһарлар» (ҚХР, Үндістан, Индонезия, Нигерия, Пәкістан) кірді. Үшінші әлем елдері даму қарқыны жағынан жетекші капиталистік елдердің дамуынан артық көрсеткіштерге ие болды. Қиындықтарға қарамастан, бірқатар дамушы елдер барынша тиімді экономикалық және әлеуметтік құрылымдар құруға қол жеткізді.

**Үшінші әлем** – ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған саясаттану термині. Оған «қырғиқабақ соғысқа» және оған тән жаппай қарулану үдерісіне тікелей қатыспаған елдер кіреді. Алғашқы кезде Үшінші әлем елдері деп АҚШ бастаған ірі капиталистік елдерге де (Бірінші әлем), социалистік достастық елдер тобына да (Екінші әлем) кірмейтін барлық елдерді атайтын. Қазіргі кезде «дамушы елдер» ұғымының синонимі ретінде қолданылады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Отарлық жүйенің ыдырай бастауына не себеп болды деп ойлайсыңдар?
2. Африканың отарсыздану дәуірінің негізгі кезеңдерін атаңдар.
3. Әртүрлі мәдени-өркеннеттік аймақтардағы жанғыру жолдарын тандаудың қандай ерекшеліктерін атап айтар едіңдер?
4. Бірқатар афроазиялық елдерге «социалистік бағдар» идеясын қолданудың салдарын қалай бағалар едіңдер?
5. Соғыстан кейінгі отарсыздану үдерісіне әртүрлі отаршыл державалардың ортақ немесе ерекше ұстанымдары туралы не айтуға болады?
6. 50–90-жылдардағы Үшінші әлем елдерінің даму қорытындылары қандай болды?
7. Еуропаның ықпалы жүрмейтін Азия мен Африкадағы қуатты мәдени-өркеннеттік аймақтарды атаңдар.

**Кестемен жұмыс.** Қалай ойлайсыңдар, әлеуметтік-экономикалық дамуда Шығыс Батысты «басып оза» ала ма?

Иә, себебі	Жоқ, себебі
1.	1.
2.	2.
3.	3.

## §2. БРИТАНДЫҚ ҮНДІСТАНДЫ БӨЛУ ЖӘНЕ ЕКІ ДОМИНИОННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. ТӘУЕЛСІЗ ҮНДІСТАН МЕН ПӘКІСТАННЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ

1947 жылы Британдық Үндістанның бөлінуі. Тәуелсіз Үндістан мен Пәкістан мемлекеттерінің құрылуы. Британ империясының отары болған Үндістан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқтала салысымен, өз тәуелсіздігін алу жолына түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Британ үкіметі Үндістанды бұдан былай өз қолында ұстай алмайтынына көз жеткізді. Бұны үнділіктердің өздері де түсінді. Ал Мұсылмандар лигасы халықты дербес мұсылмандық мемлекет құруға шақырды. Индуистер мен мұсылмандар арасындағы қатынастар мәселесі жалпыұлттық сипатқа айналды. Мындаған адамның өліміне әкелген, дін сипатта туындаған қанды қақтығыстар орын алды.

1946 жылы ақпанда Бомбейде бүкіл Үндістан жерін шарпыған бұқаралық көтеріліс бұрқ ете түсті. Жергілікті ағылшындық әкімшіліктерде жұмыс істейтін үнділер өз мемлекеттерін өздері басқара алатындықтарын дәлелдеді. Стратегиялық қажеттіліктері мен Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық шығындары Англияның Үндістанға тәуелсіздігін беру қажеттігін сезіндірді. Соғыс аяқталған соң, Ұлыбританияның Клемент Эттли басқарған лейбористік үкіметі бұл үрдісті жылдамдатып жүргізуге кіріседі. Бірақ Лондон, Үнді ұлттық конгресі (ҰҰК) және Мұсылмандар лигасы арасындағы біртұтас мемлекет құру туралы келіссөздері бір шешімге келе алмады. Ағылшындық Эттли үкіметі шиеленісті ушықтырмау үшін Үндістанды Лондоннан басқарып отыратын доминион жасауға тырысты.

1947 жылы тамызда Үндістан өз тәуелсіздігін жариялады. Үндістанның Премьер-министрі болып Джавахарлал Неру тағайындалды. «Бүкіл әлем ұйықтап жатқанда, сағат тілінің түн ортасын көрсетуімен Үндістан өмір мен еркіндік үшін оянды.

### Бұл сабақта:

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Британдық Үндістан, 1947 жылы Британдық Үндістанның бөлінуі;
- тәуелсіз Үндістан мен Пәкістан мемлекеттерінің құрылуы;
- Бангладеш Республикасының құрылуы туралы білеміз.

### Тірек сөздер:

доминион, Клемент Эттли, Джавахарлал Неру, Мұхаммед Әли Джинна, мұсылмандық Пәкістан мен үнділік Одақ (Үндістан), Маунтбеттен жоспары, Бангладеш



Махатма Ганди және  
Джавахарлал Неру

Ұзақ уақыт бойы жаншылған ұлттың жаны, акырында, өзін көрсете алды», – деген жалынды сөздерімен Джавахарлал Неру 1947 жылы тамыздың 14-інен 15-іне қараған түні Үндістанның тәуелсіздігін жариялады.

Үндістан тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, ол индуистер мен мұсылмандардан тұратын екі

топқа бөлінген болатын. Үнді ұлт-азаттық қозғалысының басты тұлғасы Махатма Ганди өмірінің барлық арманы болған біртұтас тәуелсіз Үндістанды құру мақсаты күйреді деп есептеді. Ол әрдайым отаршылдарға қарсы күресте жалпыға бірдей конфессияаралық және күш қолданбау әрекеттерімен бірлесе күресуді үндеген болатын. Бұрынғы Британдық Үндістан отаршыл үкіметтің шектеусіз автократиясынан парламенттік билік жүйесіне ұзақ жолдан өтіп жетті. Бастапқыда бұл үрдіс екі мемлекеттің пайда болуын мүлдем есепке алмаған еді. Дегенмен тәуелсіздік жолындағы күресте мұсылмандар мен индуистер арасында бір-біріне деген сенімсіздік пен бәсекелестіктен алауыздық туындады.

1946 жылғы сайлауда Мұхаммед Әли Джинна басқарған Мұсылмандар лигасы Үнді ұлттық конгресімен бірдей саяси күш ретінде бекітілді. Осыған орай үнді мұсылмандарының дербес мемлекетін құру жолындағы қозғалыс басталды.

Бір мезгілде бірнеше ірі діни-этникалық қақтығыс орын алды. Сондай қақтығыстардың бірінде, 1946 жылы 16 тамызда, Калькуттада мыңға жуық адам қаза тапты. Ал 1947 жылдың басындағы индуистер, мұсылмандар және сикхалар арасындағы қақтығыстардың салдарынан Пенджаб провинциясының үкіметі отставкаға кетті. Жаңа әрі соңғы британдық жергілікті басшы Луис Маунтбеттен бұдан әрі біртұтас үнді мемлекетін ұстап қалуға деген үмітпен қоштасу қажеттігін түсінді. Ганди мен Неру қарсылығына қарамастан, ҰҰК бұл пікірмен келісті. Ақыр соңында екі жақ та мұсылмандар мекендейтін жерлерді мемлекет құрамынан бөліп шығарып, жеке Пәкістан мемлекетін құру қажеттігін мойындады.

Алайда тәуелсіздік пен бұрынғы британдық отарлықты Үндістан мен Пәкістан деп екіге бөлу екі жаңа мемлекеттің де тұрғындарына өте көп зардап әкелді. 7–8 млн-ға жуық адам, бейберекетсіздік орнаған уақытта, Үндістандағы отанын тастап, Пәкістанға қашты. Шамамен сондай адам Пәкістаннан Үндістанға босқын болды.

Діншілдердің ұйымдастыруымен болған қақтығыстан жүз мыңдаған адам қаза тапты.

1947 жылы 15 тамызда Үндістан тәуелсіздігін алуымен қатар, жаңа Пәкістан мемлекеті де пайда болды. Пәкістан ол кезде – Батыс Пәкістан (яғни, қазіргі Пәкістан мемлекетінің аумағы) және Шығыс Пәкістан (қазіргі Бангладеш мемлекетінің жері) деген екі бөліктен тұратын.

1947 жылы 15 тамызда Үндістанның тәуелсіздігі туралы заң күшіне енген соң, мемлекеттік биліктің алдында тұрған басты міндеттер әкімшілік аппаратты және қарулы күштерді үнділендіру, жаңа Конституцияны әзірлеу мен федерацияның субъектілерімен байланыс жүйесін жасау болды. Үндістанның мемлекеттік шекарасын айқындау мәселесі шешілмеген күйде болды. Ол князьдіктерді Үнді одағына қосу тәртібін жасау қажеттігіне байланысты тоқтап тұрды. Министрлік князьдердің саяси билігін Үнді Одағының орталық билік органдарына өткізу тәртібін айқындады. Князьдіктердің әскери күштері өздері тарап кетуі немесе үнділік тұрақты әскермен қосылуы тиіс болды.

Князьдіктердің Үндістанға немесе Пәкістанға қосылуы, жоғарыда аталған тәуелсіздік туралы заң бойынша, тұрғын халықтардың өз еріктеріне, таңдауына байланысты болды. 1947 жылдан 1949 жылға дейін 601 князьдіктің 555-і Үндістанға қосылды да, қалғандары Пәкістанның құрамына енді.

Князьдіктердің доминиондармен интеграциялану үдерісі бірқатар аймақтарда қиынға соқты және қарулы қақтығысқа апарған қарсылыққа тап болды. Әдетте, бұндай жағдайлар мұсылмандар тығыз орналасқан аймақтарда орын алды. Хайдарабад, Джамму және Кашмир князьдіктерінде барынша шиеленіскен жағдай қалыптасты. Үнді әскерін кіргізу арқылы бір жыл ішінде Хайдарабад пен Джаммуды қосып алу мәселесі шешілсе, Кашмир мәселесі Үндістанның осы күнге дейін шешілмей келе жатқан мәселесіне айналды. Бұл жағдай Үндістан мен Пәкістан арасындағы бірнеше әскери қақтығыстың орын алуына себеп болып, оңтүстіказиялық аймақтағы жалпы ахуалды шиеленістіріп келеді.

Пәкістанның құрылуына байланысты мәселе мұсылмандар мен индуистер аумақтары арасындағы



Мұхаммед Әли Джинна және  
Махатма Ганди

шегараларды айқындаудың қиындығынан туындады. Ағылшындар өздеріне төрелік етуші қызметін алғанымен, ешқандай әрекеттері оңды нәтижеге әкеле алмады. Шегара сызығы Пенджаб штатындағы Лахор мен Амритсар қалалары арасымен және Калькуттаның шығыс жағымен өткізілді. Бірақ, ең қиындық туғызған нәрсе, шегара өткен жерлердегі индуистер мен мұсылмандардың аралас қоныстанған жерлері мен индуистер жерінде мұсылмандардың, ал мұсылмандар жерінде индуистердің көп шоғырлануы болды. Үнді жерінің бір бөлігінен Пәкістанның бөлініп шығуы екі жаққа босқан орасан зор қашқын адамдардың көшіне әкелді. Этносаралық аяусыз қантөгісті қактығыстар өрті тұтанды. Босқындар тиелген пойыздарға діни индуистік, сикхалық және мұсылман фанаттары шабуыл жасап, бірін-бірі қырғынға ұшыратып жатты. Қанды қырғын қалаларды да шарпыды. Үндістанның бөлінуі орасан зор халықтың тағдырына әсер етті: индуист-мұсылман қактығыстары салдарынан 12 млн адам босқынға айналып, 500 мың адам қаза болды. Өкініштісі сол, 1947 жыл, яғни Үндістанның тәуелсіздік алған жылы, оның тарихындағы ең бір сұрапыл кезең болды.

Үндістанның соңғы вице-королі лорд Маунтбеттеннің жоспары бойынша, 1947 жылы елді *діни принцип* негізінде бөлді. Біртұтас мемлекеттің орнына екі доминион – мұсылмандық Пәкістан мен үнді тұрғындары басым Үнді Одағы (Үндістан) құрылды.

**Пәкістан.** Пәкістан Үндістанның бір бөлігі болған. Бірақ Үндістанның осы бөлігіндегі халықтың толық исламдануы елеулі құрылымдық өзгерістерді жасауға әкелді. Осы жерде қауымдық-касталық жүйе әлсіреп, саяси тұрақсыздық пайда болды. Бірнеше жылдар бойы саяси билікті Мұсылмандар лигасы жүргізді.

Сөйтіп, дәл сол 1947 жылғы 15 тамызда Оңтүстік Азия жерінде жаңа тәуелсіз мемлекет – Пәкістан доминионы жарияланып, оның бірінші генерал-губернаторы болып Мұсылмандар лигасының әрі тәуелсіз Пәкістанды құру қозғалысының жетекшісі Мұхаммед Әли Джинна бекітілді.

Британдық Үндістанды бөлудің негізіне алынған діни-қауымдық принцип субконтиненттің мұсылмандар тығыз орналасқан аймақтарын бөлшектеуге әкелді: солтүстік-батыстағы – Батыс Пенджаб, Синд, Солтүстік-Батыс шегаралық провинция, Белуджистан Батыс Пәкістанға; солтүстік-шығыстағы Шығыс Бенгалия мен Ассам провинциясының Силхет округі Шығыс Пәкістанға өтті. Осылайша Пәкістан – Батыс Пәкістан (қазіргі Пәкістан) және Шығыс Пәкістан (қазіргі Бангладеш) болып екіге бөлініп қалды. Шығысында бенгалдықтар мекен етсе, батысында пенджабтықтар,

синдхилер, пуштундар мен белуджилер сияқты әртүрлі халық өкілдері өмір сүрді. Діни сенімі бойынша, тіпті біртұтас халық – бенгалдықтар екіге бөлініп кетті: оның исламдық бөлігі Шығыс Пәкістанның құрамында қалса, ал бенгалдық-индустер үнділік Бенгалия штатының негізгі тұрғын халқын құрады.



Пәкістан мен Үндістанның жалаулары

Елдің саяси дамуына ықпал ететін маңызды факторлар жалпы әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағынан арттақалушылық, заманауи экономика салаларының едәуір әлсіздігі, дәстүрлі әлеуметтік және саяси құрылымдардың беріктігі, мемлекет өмірінің барлық салаларында орасан зор ықпалы бар патриархалдық және діни көріністердің сақталуы болады. Пәкістан өз тұрғындарының этникалық әртүрлілігімен, сондай-ақ жекелеген аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси даму деңгейінің бірдей еместігімен ерекшеленеді.

1956 жылы Құрылтай жиналысы елдің Конституциясын бекітті. Пәкістан Ислам Республикасы деп жарияланды. Үндістаннан айырмашылығы – Пәкістанда биліктің президенттік түрі енгізілді. Үкіметті премьер-министр басқарады. Парламенттің қос палатасы да шектеулі құқыққа ие. 1958 жылғы төңкерістен кейін жергілікті органдардың билігін шектейтін бұл үдеріс күшейді. 1962 жылы жана Конституция енгізілді. 1977 жылы З.Бхутто сайланған үкімет төңкеріске ұшырап, генерал Зия-уль-Хактің әскери диктатурасы орнады. Одан кейін билік басына З.Бхуттоның қызы Беназир Бхутто басқарған үкімет келді. Мұсылман елі үшін үкімет басына әйел адамның келуі таңғаларлық жағдай еді.

Пәкістан Үндістан сияқты капиталистік даму жолын таңдады, дегенмен елді демократиялық жолмен дамыту қиындық туғызбай қоймады. 1970–1980 жылдары Пәкістанда маңызды реформалар жүргізілді. Үндістандағы сияқты жер қатынастарында делдалдық жойылып, жер шаруаларға берілді. Өнеркәсіпте мемлекеттік сектордың негізі қаланды, жекеменшік кәсіпкерлік пен шетелдік инвестиция тартуға қолдау көрсетілді. Дегенмен реформалар барысында республиканың екі бөлігіндегі өткір карама-қайшылықтар шықты. Шығыс бөлікте, яғни Бангладеште, Батыс Пәкістаннан өте алыс орналасқан аймақта, модернизация немесе жаңғыру үдерісі кедергілерге ұшырап, баяу жүрді және әлеуметтік қайшылықтар

өршіді. Бұл жағдай Бангладештің орталық өкіметпен байланысын күрделендіріп, ақыр аяғында оның Батыс Пәкістаннан бөлініп кетуіне әкелді. Бангладеш, осылайша дербес республика болып шықты.

Пәкістан мен Бангладеш экономикалық дамуы жағынан бір-бірінен елеулі түрде алшақ тұрса да, саяси дамуда ұқсас. Екі елде де көппартиялы жүйе бар, конституциялық нормалар мен сайлау жүйесі еуропалық үлгіге ұқсағанымен, бұл екі елдің дамуында исламның ықпалы өте зор.

**Маунтбеттен жоспары.** «Маунтбеттен жоспары» – 1947 жылы маусымның басында Мұсылмандар лигасы, ҰҰК, сикхалардың және Ұлыбританияның басшылары қолдаған құжат. Ол 10 аптадан соң іске асырыла бастады. Бұл жоспардың негізгі принциптері бойынша әрбір аймақ тұрғындарының көпшілігінің шешімімен қай мемлекеттің құрамына кіретінін айқындау керек. Нәтижесінде Пенджаб пен Бенгалия сияқты «аралас» провинциялар бөлшектеніп, бүгінде жартылай Үндістанға, жартылай Пәкістанға, жартылай Бангладешке тиесілі болып отыр. Бір ғана дінді ұстанатын тұрғындары бар аймақтардың жағдайы жеңіл болды. Сонымен Синд, Белуджистан провинциялары мен Британдық Үндістанның солтүстік-батысындағы басқа аумақтар Пәкістанға қосылуға дауыс берді. Ал үнді князьдіктерінің көпшілігі еш кедергісіз Үндістанға қосылды. Пәкістанның негізін қалаушы Джинна: «Біздің мақсат – елдің ішінде де, сыртында да тыныштық орнату. Біз көршілерімізбен бейбітшілікте, шынайы достықта өмір сүргіміз келеді», – деп жариялаған болатын. Бірақ кейінірек бұл концепция шынайы өмірде қасіретті жағдайға тап болды.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Бұрынғы Британдық Үндістан жерінде Үндістан мен Пәкістан мемлекеттерінің қалай пайда болғанын айтып беріңдер.
2. Тәуелсіз мемлекеттерді құруда Англия қандай принцип ұстанды?
3. Маунтбеттен жоспары нені көздеді?
4. Үндістанды бөлу қандай принциптерге сүйеніп жүргізілді?
5. Бангладеш мемлекеті қашан және қалай пайда болды?

**Кестемен жұмыс.** Үндістан мен Пәкістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша кесте жасап, оны толтырыңдар. Даму айырмашылықтарын көрсетіңдер.

Үндістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	Пәкістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы



### §3. АФРИКА ЖЫЛЫ. ФРАНЦИЯДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ШИЕЛЕНІСУІ

Отарлар шикізат, арзан жұмыс күші, нарық көзі ретінде. Отарлар және отаршылдық монополиялық капитализмге дейінгі кезеңде, тіпті капитализмнен де көп уақыт бұрын болған. XIX ғасырдың соңынан бастап отаршылдыққа тән ерекшелік Батыс өркенінің өкілдері болып табылатын әлемнің жетекші индустриалды елдері: Ұлыбритания, Франция, Германия, Голландия, Испания, Италия, Португалия, АҚШ және т.б. ірі отаршыл державалары арасындағы әлемнің аумақтық бөлінісін аяқтауында болды. Шығыс өркені елдеріне жататын Жапония белгілі бір ерекшелікке ие еді. Аталған елдер бүкіл Африка мен Полинезияны басып алып, Азиядағы және Латын Америкасындағы өз позицияларын нығайтты.

Осылайша отарлық жүйе әлемдік құбылысқа айналды. Ал отарлардың шикізат, арзан жұмыс күші, нарық көзі және капитал құятын сала ретіндегі рөлі әлемдік нарықтың дамуымен бірге өсе түсті.

**Отарлық жүйенің ыдырау себептері.** Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы Азия және Африка халықтарының өміріндегі жаңа кезеңді ашты. Батыс Еуропа елдерінің бірнеше ғасырлар бойы құрған отарлық жүйесі XVI–XVII ғасырлардан бастап құлдырай бастады. Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің кең аумағын басып алған Жапонияның және фашистік Германия мен Италияның жеңілісі Азия мен Африкадағы шалғайдағы отар халықтардың азаттық алуына қолайлы жағдай туғызды. Көптеген халықтар алғаш рет өз мемлекеттілігін алды, өз тағдырын өздері анықтады, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнатты. 60-жылдардың ортасына қарай әлемнің саяси картасында мемлекеттердің әлемдік қауымдастығының 50-ден астам жаңа мүшелері пайда болды.

*Отарлық жүйенің ыдырауы төмендегідей факторлармен түсіндіріледі.*

#### Бұл сабақта:

- отарлар шикізат, арзан жұмыс күші, нарық көзі ретінде;
- жаңа халықаралық жағдай;
- Африка жылы және Францияның отарлық саясатының құлдырауы туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

шикізат, колония, отарсыздандыру, Африка жылы, халықаралық жағдай, интеграция

**Экономикалық фактор.** Отар елдерде тау-кен өнеркәсібінің негіздері жасалды, өндірілген тауарларға айырбастау үшін Еуропаға шикізат жеткізу жүйесі реттелді және жергілікті буржуазия қалыптасты. Бұл отарлық жүйенің экономикалық жағынан ыдырауына алып келді.

**Саяси фактор.** Батыс елдерінде демократияның артуы, халықтың барлық топтарының саяси өмірге араласып, отарларды басқаратын орталықтандырылған мемлекеттік мекемелерге қарсы болуы.

**Идеологиялық фактор.** Отар елдерде еуропалық мәдени құндылықтардың, білім беру, өмір сүру салтының кейбір тұстары белгілі деңгейде отаршылдықтың негізгі дәлелін – африка-азиялық елдердегі «еуропалықтардың өркендеткендіруші (мәдени-тәрбиелік) миссиясы» жөніндегі идеологиялық дәлелдемелерін әлсіретті.

#### Ойланыңдар!

Отарлық жүйенің құлдырау себептерін атаңдар.

Ұлт-азаттық қозғалыс Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде одан әрі күшті серпін алды. Бұл отар халықтарының метрополияларға Германиямен соғыста көрсеткен зор көмегімен байланысты болды. Отар елдерден қосымша әскер, азық-түлік, әскери өнеркәсіп шикізаты, тіпті кейбір әскери материалдар жіберіліп отырды. Оларды, негізінен, Англия алып отырды (тіпті француз отарларынан). Таяу Шығыс (ең алдымен: Иран, Ирак, Сауд Арабиясы) британдық әскерді мұнаймен жабдықтады. Африкада Генерал де Голльдің француз әскери бөлімдері құрылды. Отарлар олардың одақтастары ретінде қатысты және соғыстан кейін жауапты қадамдар күтуге құқылы болды. Соғыс жылдарында отарлар дербес өмір сүру және дамудың өзіндік тәжірибесін жинақтады.

#### Ойланыңдар!

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде отар елдердің халқы метрополияға қандай көмек көрсетті?

**Жаңа халықаралық жағдай.** Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде екі негізгі жеңімпаз КСРО және АҚШ болды. Енді олардың саясаты мен мүдделері әлемдік оқиғалардың бағытын

айқындады. АҚШ соғысқа «халықтардың еркіндігі үшін күрес» ұранымен қатысты және отар елдердің нарықтарына еркін қол жеткізуге ұмтылды. КСРО Батыстың Шығыстағы позициясының алсіреуін және сол жерді өзінің ықпалына алуды көздей келе, «империализмнің отаршылдық жүйесін жоюға» белсенді әрекет етті.

Азат етілген елдердің отаршылдықпен күресуі отаршылдықтың ыдырауының күшті себепкері болды. Тәуелсіздік алғаннан және БҰҰ-ның құрамына кіргеннен кейін, олар басқа халықтардың еркіндігі үшін күреске араласып отырды. Осындай елдердің саны неғұрлым көп болған сайын, БҰҰ-ның осы бағыттағы қызметі соғұрлым тиімді болды. Бұл елдер ұлт-азаттық қозғалыстарға тікелей қолдау көрсетті. Тәуелсіз елдердің болашақ бірлестіктерінің негізі осылайша қаланды.

1959 жылдың желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 1960 жыл *Африка жылы* болып жарияланды. 1960 жылы бельгиялық Конго, британдық ең ірі отар ел Нигерия, сонымен қатар британдық бақылауда болған Сомали тәуелсіздіктерін алды. Жалпы алғанда, 1960 жылдары 17 африкалық мемлекет тәуелсіздікке ие болды. 1961 жылы Сьерра-Леоне және Танганьика, 1962 жылы Уганда, 1963 жылы Занзибар және Кения, 1964 жылы Солтүстік Родезия және Ньясаленд, 1965 жылы Гамбия егемендігін алды. Британдықтар бұрынғы отарларда ықпалын сақтап қалу үшін барлық мүмкіндікті пайдаланды. Босатылған аумақтардың көп бөлігі Достастыққа кіріп қана қоймай, сонымен бірге мемлекет басшысы ретінде ағылшын патшайымы II Елизаветаны жариялады.

#### Ойланыңдар!

Еуропалық елдер отарлардағы ықпалын қалай сақтап қалды?

1990 жылдардың ортасына дейін Африкадағы 11 мемлекет өздерінің мемлекеттік мәртебесін алды. Айта кету керек, африкалық елдердің көбі метрополдиялармен тығыз байланыста болды. Олардың көбісі британдық және француз халықтарының достастықтарына кірді.

**Францияның отарлық саясатының құлдырауы.** Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына қарай, Франция британдық отарлық империядан кейінгі ең ірі империялардың бірі болды.

Ол 12 млн шаршы шақырым аумақты алып жатты, ал адамдардың саны 70 млн-ға жетті. Францияның отарлық империясының құрамына Солтүстік Африка (Алжир, Тунис, Марокко), Батыс және Экваторлық Африка, Мадагаскар, Сомали, Сирия, Ливан, Индонезия (Камбоджа, Лаос және қазіргі Вьетнам аумағы), Үндістанның 5 қаласы, Полинезия, Жаңа Каледония, Жаңа Гебридтер (Франко-Британ кондоминиумы), Гваделупа, Мартиника, Сен-Пьер және Микелон аралдары, Гвиана бөлігі, сондай-ақ бірнеше кішігірім аралдар кірді.

### Ойланыңдар!

Картадан Францияның отарларын көрсетіңдер.

Екінші дүниежүзілік соғыс қаналған және отар халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын үдете түсті. 1945 жылы Ливан, Сирия, Вьетнам, Камбоджа және Лаоста бұл қозғалыстар жеңіске жетті. Соғыс отарлар мен метрополиялар арасындағы қарым-қатынастарға терең ықпал етті және Францияның отаршылдық саясатын түбегейлі қайта құруға мәжбүрледі. XIX ғасырдан бері француз отаршылдық саясаты қолданып келген қанау және пайдаланудың ескі түрлері жана жағдайларға сай болмады. Француз иеліктерінің көптеген халықтары, саяси тәуелсіздікті қоса алғанда, метрополияларға саяси талаптар қойды. Франция Үндіқытайдан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталмас бұрын-ақ айырылды. 1941 жылы Франция Сирия және Ливандағы мандаттық режимнің жойылатындығын жариялауға мәжбүр болып, 1944–1945 жылдары осы араб мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындады. Марокко, Тунис және Францияның басқа да Африка иеліктерінде ұлт-азаттық қозғалыс сапалы жаңа деңгейге көтерілді. 1945 жылдың мамыр айында Алжирде отаршыл билік басып тастаған ұйымдаспаған қарулы көтеріліс бұрқ етті. Мұндай жағдайда француз билеушілерінің отаршылдық саясат саласындағы негізгі стратегиялық мақсаты Францияның отарлық империясының толығымен құлдырауын болдырмау болды.

### Ойланыңдар!

Екінші дүниежүзілік соғыс отарлар мен метрополиялардың арасындағы қарым-қатынасқа қалай әсер етті?

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АФРИКА



- 1970 жылдардағы кейбір елдердегі қала тұрғындарының жалпы халыққа қатысты үлесі (%)
- 1970–1980 жылдардағы кейбір елдердегі халықтың 15 және одан жоғары жастағылардың сауаттылығы (%)

*Ескерту.* Оңтүстік Африка Республикасындағы сауаттылық 1980 жылғы африкандық тұрғындарға қатысты көрсетілген.

Мемлекеттер шегаралары 1998 жылғы мәліметтерге сай көрсетілген

Картада цифрлармен белгіленген елдер:

- |                 |                      |
|-----------------|----------------------|
| 1. Сенегал      | 8. Экваторлық Гвинея |
| 2. Гамбия       | 9. Джибути           |
| 3. Гвинея-Бисау | 10. Руанда           |
| 4. Гвинея       | 11. Бурунди          |
| 5. Сьерра-Леоне | 12. Малави           |
| 6. Буркина-Фасо | 13. Свазиленд        |
| 7. Бенин        | 14. Лесото           |

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін француз сыртқы саясатының қиындықтары отарлық істер саласында болды. 1958 жыл Франция үшін Бесінші Француз Республикасының құрылуы ретінде белгілі. Францияда Шарль де Голль билікке қайта оралды.

Билікке келгеннен кейін, генерал де Голль отаршылдық жүйе өз өміршеңдігін жоғалтқанын және француз отарлары болған мемлекеттермен ынтымақтастықтың жаңа жолдарын табу керектігін жариялады. 1958 жылдың маусымында Францияның «өзіне қосылған халықтармен» қарым-қатынасын қайта құру туралы заң қабылданды. 1958 жылғы Конституцияға сәйкес, Француз одағы Француз Қауымдастығына айналды. Отар елдерге автономды негізде қауымдастықтың бөлігі болып табылатын үш мәртебе: теңіздің арғы жағындағы аумақ, теңіздің арғы жағындағы әкімшілік, автономиялық негізде қауымдастыққа кіретін мемлекетті таңдау құқығы берілді.

Бұл жүйе Францияның отарлары күткен нәтиже мен реформаларды бермеді. 1959 жылы Гвинея өзін тәуелсіз республика деп жариялады, ал 1960 жылы Мали мен Мадагаскар тәуелсіздік жариялады. Осы оқиғалардан кейін Франция 1960 жылы Конституцияға өзгерістер енгізді.



### Анықтаңдар!

1960 жылы Франция Конституциясына қандай түзетулер енгізілді?

Өзгертуде Француз Қауымдастығы тәуелсіз мемлекеттерді де қамтуы мүмкін екендігі айтылады. Конституциядағы өзгерістер Африканың қалған елдерінің де өз тәуелсіздігін жариялай бастауына алып келді. Енді Францияның отаршылдық саясаты бұрыннан келе жатқан көзқарастар мен өзара қатынас әдістеріне сүйене алмады. Сондықтан Франция отарлармен екіжақты ынтымақтастыққа баруға шешім қабылдады. 1960–1963 жылдары Франция бұрынғы отарларымен арақатынастардың жаңа жолдарын іздестірді. Қауымдастықтың құрамына кіретін барлық дерлік африкалық елдермен екіжақты әскери көмек көрсету және сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер жағдайында қолдау көрсетуді қарастыратын әскери келісімшарттар жасалды. Алайда мұндай өзгерістер мен шаралар белең алған ыдырауды тоқтата алмады. 1961 жылдан бастап Француз Қауымдастығы іс жүзінде тоқтатылды.

Тек Алжир жағдайында Франция тәуелсіздікке тосқауыл қою үшін барлық күш пен құралдарды пайдаланды. Ол екі ел

экономикасының интеграциялануына және Алжирде ірі мұнай кен орындарының табылуына байланысты 1954–1962 жылдар аралығында, яғни 8 жыл бойы, соғыс жүргізді. 1962 жылы Алжир тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл әлемдік қауымдастық пен 1960 жылы «Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларацияны» қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауы арқасында жүзеге асты.



### Анықтаңдар!

1960 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларациясының» негізгі ережелері қандай?

**Отаршылдық жүйенің ыдырау салдары.** Бұрынғы отаршылдық периферияда жүзге жуық жаңа мемлекеттердің пайда болуының зор тарихи маңызы бар. Бұл мемлекеттер әлемдік саясатта маңызды факторға айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Азия, Африка, Латын Америкасы және мұхит елдері тәуелсіздікке қол жеткізіп, дамушы елдер деп атала бастады. Әлемдік саясатта олардың рөлі артты. БҰҰ-да көпшілік даусы бар олар өз шешімдерін қабылдауға айтарлықтай ықпал ете алады. Дамушы елдердің ең беделді халықаралық бірлестігі «Қосылмау қозғалысы» болып табылады. Бұл бірлестіктің қызметі бейбітшілік пен ұлт-азаттық қозғалыстарды қолдауға бағытталған және кез келген көпжақты әскери одаққа елдердің қатыспауын білдіреді.

### Ойланыңдар!

Әлемдік саясатта дамушы елдердің рөлі қалай артты?

Отаршылдық жүйенің құлдырауы бұрынғы метрополния елдерінің экономикасына елеулі әсер етті. Батыс Еуропа елдерінің ұлттық құрамы бұрынғы отарлар иммиграциясы есебінен өзгерді. Англия, Голландия, Франция, Бельгия, Скандинавия елдеріне Үндістаннан, Пәкістаннан, Алжирден және басқа елдерден келген иммигранттар ағымы, ең алдымен, жұмыспен қамту саласында елеулі экономикалық мәселелер тудырды. Бұрынғы метрополниялық мемлекеттер азық-түлік және шикізатпен өзін-өзі тұрақты қамтамасыз ету жолына түсті. Батыс Еуропа мемлекеттері өзінің табиғи ресурстарын өндіруді тездете бастады. Аустралия,

Канада, Оңтүстік Африка Республикасы және басқа да бұрынғы еуропалық отарлардың өндіруші салаларына инвестициялар көбейді. Батыс Еуропада ауылшаруашылығының қарқынды дамуы байқалды. Нәтижесінде бұрынғы отарлардың халықаралық тауар айналымындағы үлесі көбеймей, керісінше азайды.

#### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Отаршылдық жүйенің құлдырауын түсіндіретін факторларды атаңдар.
2. Отарсыздану кезеңдерін сипаттаңдар.
3. Бұрынғы отар елдерге тәуелсіздік беру туралы Декларация қай елдің бастамасы бойынша қабылданды?
4. Франция үшін маңызды болып саналатын Алжир мәселесі немен түсіндіріледі?
5. Отаршылдық жүйенің ыдырауын тоқтату үшін Ш. де Голль қандай шаралар қабылдағанын атаңдар.

### § 4. «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫСТЫҢ» БАСТАЛУЫ

#### Бұл сабақта:

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдайды;
- «қырғиқабақ соғыстың» басталуына У.Черчилльдің Фултонда сөйлеген сөзінің себепші болуын;
- Трумэн доктринасының мәні мен Маршалл жоспарының мақсатын қарастырамыз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдай. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында фашизм мен милитаризмнің күйреуі әлем күштерінің жаңа қарым-қатынасына алып келді. Фашизмнің күйреуінің нәтижесінде Кенестер Одағының беделі өсті, демократиялық күштердің әсері артты. Жеңіліске ұшыраған Германия, Италия және Жапония уақытша ұлы мемлекеттер қатарынан шығып, Франция мен Ұлыбритания айтарлықтай әлсіреді. Есесіне экономика, ғылым және техника саласында басқа елдерден едәуір алда тұрған АҚШ-тың күші ерекше арта түсті. Сонымен қатар АҚШ монополиялы атом қаруымен, әскерімен ерекшеленді.

Соғыс аяқталғаннан кейін КСРО мен оның Батыс серіктестері арасындағы карама-қайшылықтар бұрынғыдан да қатты байқала бастады. Сталин біріншілікке ұмтылды. Ол КСРО фашизмнің басты жеңімпазы және зардап шегушісі ретінде, әсіресе Еуропа мен Азиядағы соғыстан кейінгі мәселелерді шешуде құқығы көбірек екендігін ерекше баса айтып отырды.

Әсіресе соғыстан кейінгі кезеңнің ерекшелігі КСРО-ның қолдауымен социализм құруға кіріскен Шығыс Еуропа мен бірқатар



Азия елдеріндегі халықтық-демократиялық революцияның жүзеге аса бастауы болды. КСРО бастаған социализмнің әлемдік жүйесі пайда болды.

Кеңестер Одағының сталиндік басшылығы кеңес әскері азат еткен елдерде өзінің қатаң бақылауын орнатып, олардағы буржуазиялық қатынастарды жойып, билікке коммунистерді әкелуді және сол арқылы әлемдік капиталистік жүйеге күшті соққы беруді ойлады.

Шығыс Еуропа елдеріндегі коммунистік ықпал белсенді өсті, сонымен қатар Батыс Еуропа коммунистерінің ықпалы да арта бастады.

АҚШ пен Ұлыбританияның басшы қайраткерлері Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің Кеңестер Одағының бақылауына өтуіне, олардың аймақтарында социалистік тәртіптің таралуына жол бермеуге тырысты. АҚШ әлемдік көшбасшылыққа ұмтыла бастады.

Осылайша әлемдік саясатта екі қарама-қарсы бағыт пайда болды. Олардың күресі соғыстан кейінгі реттеу барысын және халықаралық қатынастардың жалпы жағдайын анықтады.

**У.Черчилльдің Фултонда сөйлеген сөзі.** Батыс елдері мен КСРО-ның қарулы текетіресі «қырғиқабақ соғыс» түрінде болды. «Қырғиқабақ соғыс» алғышарттарының: идеологиялық, геосаяси, тіпті мәдени-діни кешені қалыптасты. 1946 жылдың 5 наурызында Уинстон Черчилльдің Американың Фултон қаласында сөйлеген сөзі «қырғиқабақ соғыстың» басталуына себепші болғанын көпшілік мойындады.

У.Черчилльдің сөйлеген сөзінің негізгі мақсаты бүкіл әлемге Батыстың ықпалын орнату еді. Ол өз сөзінде АҚШ-тың әлемдік күштердің шыңында екендігін айтты.

Кеңес Одағын агрессияшыл және қатал билеуші ретінде айыптады. Кеңес Одағының Шығыс Еуропаны басқа әлемнен «темір шымылдыкпен» бөліп

**Тірек сөздер:**

«қырғиқабақ соғыс», коммунизмді тежеу, жанталаса қарулану, одақтардың текетіресі, доктрина



Уинстон Черчилль Фултонда сөз сөйлеуде. 1946 ж., 5 наурыз

**ҚЫРЫМ ЖӘНЕ ПОТСДАМ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ МЕН ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІН ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ШАРТТАРҒА СӨЙКЕС ЕУРОПАДАҒЫ АУМАҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР**



Қырым конференциясы (4 – 11. II, 1945 ж.) және Потсдам конференциясы (17. VII – 2. VIII, 1945 ж.) шешімдеріне сәйкес Германия мен Австриядан басқа елдерге берілген аумақтар

— КСРО — АҚШ  
— Англия — Франция

Потсдам конференциясының шешімдеріне сәйкес Германиядан бөлініп берілген аумақтар

■ КСРО-ға ■ Польшаға

(6. VII, 1950 ж. Польша мен ГДР, 12. VI, 1964 ж. КСРО мен ГДР, 12. VIII, 1970 ж. КСРО мен – ГФР, 7. XII, 1970 ж. Польша мен ГФР арасындағы келісімге байланысты белгіленген жаңа шекаралар.)

29. VI, 1945 ж. КСРО мен Чехословакия арасындағы келісімге сәйкес Украинаға қосылған Закарпат Украинасы

16. VIII, 1945 ж. КСРО мен Польша арасындағы келісімге сәйкес Польшаға берілген аумақ

10. II, 1947 ж. Финляндиямен келісімге сәйкес КСРО-ға өткен Петсамо (Печенга) облысы 10. II, 1947 ж. Париж

шартына орай Италиядан бөлініп шыққан аумақтар

■ Югославияға ■ Грекияға

Еркін Триест аумақтары (1954 ж. Триест қаласымен қоса солтүстік бөлігі Италияға, оңтүстігі Югославияға өткен)

Шекаралар 1949 жылдың соңындағы мәліметтерге сәй көрсетілген

тастағанын айтып, У.Черчилль КСРО мен коммунизмге қарсы күрес үшін «ағылшын тілінде сөйлейтін халықтар қауымдастығын» құруды ұсынды.

Осылайша ол ағылшын-саксон ерекшелігі идеясын, Ұлыбритания мен АҚШ-тың тығыз әскери ынтымақтастығының қажеттігін дәлелдеді. Сонымен қатар ол Ұлыбритания мен АҚШ-тың ядролық қаруы болғандықтан, Кеңес Одағынан әскери артықшылығы басым болуы тиіс деп есептеді.

Шын мәнінде, У.Черчилль осы сөзімен дүниежүзілік ауқымдағы екі әлемнің идеологиялық қарама-қайшылығына бастамашы болды.

### Атаңдар!

У.Черчилльдің ағылшын-саксон халықтарын бірігуге шақыру себептері қандай?

**«Қырғиқабақ соғыстың» басталуы.** У.Черчилльдің Фултонда сөйлеген сөзінен кейін белсенді насихаттау басталды. АҚШ үкіметі «коммунизмді тежеуді» ресми доктринасы етіп жариялады және «атом дипломатиясына», яғни атом қару-жарағын қолдану қатеріне, кеңінен сүйене бастады.

АҚШ-та атом бомбалары болды және америкалық бомбалаушылар Еуропа мен Тынық мұхиттағы әскери базаларынан КСРО аумағына кез келген уақытта атом бомбасын жеткізе алуы мүмкін еді. Сол тұста Кеңес Одағында атом бомбасы болмаған және АҚШ үкіметі Америка жауапты соққыға төтеп бере алады деп есептеді. Атомдық шабуыл қаупіне душар болған Кеңес Одағы өзінің ядролық қаруын жасау жұмысын жылдамдатты. 1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонында кеңестік атом бомбасының алғашқы сынағы өткізілді.

Сөйтіп, 1949 жылы атом бомбасы тек екі ірі мемлекетте – КСРО мен АҚШ-та ғана болды. Дәл осы екі елдің арасында «қырғиқабақ соғыс» деп аталған тайталас басталды.

«Қырғиқабақ соғыс» дегеніміз – КСРО мен АҚШ арасындағы екіжақты текетірес. Екі ірі мемлекет капиталистік және социалистік екі лагерь құрды. АҚШ пен Батыс Еуропа капиталистік лагерьді, Кеңес Одағы мен оның одақтастары мемлекеттік экономикасы бар социалистік лагерьді қалыптастырды.

Неге «қырғиқабақ соғыс» деп аталды деген сұраққа келсек, екі ірі державаның ядролық қаруға ие болуы екі лагерь арасындағы әскери қатығыстың негізгі тежеуші күші болды.

«Қырғиқабақ соғыс» ықпал ету аймағы үшін бәсеке ретінде сипатталды және әлемді ядролық қаруды қолданатын ғаламдық

соғыс шегіне жеткізген дағдарыстарға әкелді. Оның басты мазмұны ғаламдық соғыссыз текетірес болды.

### ? Анықтаңдар!

Екі ірі держава арасындағы текетірестің «қырғиқабақ соғыс» деп аталуының мәні неде?

Екі жүйе де индустриалды қоғамның қағидаттарына негізделгендіктен, өнеркәсіптік өсуді, демек, ресурстарды тұтынуды арттырады. Өнеркәсіптік қатынастарды реттеудің әртүрлі қағидаттарына сүйенген екі жүйенің ресурстар үшін күресі олардың текетіресін туындатты. Бірақ одақтар арасындағы күштер теңдігі ірі державалардың билік өкілдерін тікелей шайқас бастауға жібермеді. Осылайша «қырғиқабақ соғыс» пайда болды. Бірақ жекелеген елдер мен аймақтарда қақтығыстар орын алса да, дүниежүзілік соғысқа әкеле қоймады.

### Есте сақтаңдар!

«Қырғиқабақ соғыс» – әлемдегі екі саяси жүйедегі аса ірі мемлекеттер КСРО мен АҚШ арасындағы бақталастық саясат. Олардың арасында ашық әскери қақтығыс болмады.

Екі мемлекет те өз қару-жарақтарын күшейтуге және қарудың жаңа түрлерін игеруге кірісті. Осындай үдеріс «жанталаса қарулану» деп аталды. «Қырғиқабақ соғыс» әкелген айқын құбылыстардың бірі екі елдің қарулану жарысы болды.

«Қырғиқабақ соғыс» жылдары екі блоктың да сыртқы саясатындағы бәсекелестік қарулану және аумақты бақылау үшін ғана емес, күрделі ақпараттық күреспен де сипатталды. Екі жүйе әлемге өздерінің артықшылықтарын көрсетуге тырысты.



АҚШ-тың 33-президенті – Г.Трумэн

**Трумэн доктринасы.** Америкалық «коммунизмді тежеу» доктринасының маңызды бір бөлігі Батыс елдеріне экономикалық және әскери көмек беру болды. Бұл бағыттағы алғашқы ресми кадам Г.Трумэннің доктринасы еді. Грекия мен Түркия үкіметтерінен келіп түскен өтініштерге сілтеме жасай отырып, Г.Трумэн бұл елдерге коммунизммен күресте әскери және экономикалық көмек көрсету керектігін айтты. Грекия мен Түркияға америкалық қару-жарақ және әскери кеңесшілер жіберіліп, америкалық әскери базалар құрылды.

Трумэн доктринасы Грекия мен Түркияға ғана қатысты емес еді. Шын мәнінде, бұл әлемдік сипатта болды. Онда Құрама Штаттардың саясаты коммунизмге қарсы күресетін барлық халықтарға қолдау көрсету екендігі ашық айтылған.

**Маршалл жоспары.** АҚШ үкіметі Батыс Еуропаның одақтастарына ерекше назар аударды. Америкалық үкімет 1947 жылғы 5 шілдеде АҚШ мемлекеттік хатшысы Джон Маршаллдың сөйлеген сөзінде айтылған еуропалық елдерге көмек көрсетудің арнайы жоспарын әзірледі. Бұл жоспардың ресми атауы – «Еуропаны қалпына келтіру бағдарламасы». Бірақ тарихта ол «Маршалл жоспары» деп аталды.

### Есте сақтаңдар!

**Маршалл жоспары** – АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа елдеріне көмек көрсету бағдарламасы.

Осы жоспарға сәйкес, АҚШ Еуропаға «кандай да болмасын бір елге немесе жүйеге қарсы емес, аштыққа, кедейшілікке, үмітсіздік пен хаосқа қарсы» бағытталған тегін экономикалық көмек көрсетуге дайын болды. Екінші дүниежүзілік соғыста Еуропаның басым бөлігі талқандалған болатын. Аймақтың экономикалық құрылымы жойылып, миллиондаған адам үйсіз қалды. Ауылшаруашылығының жаппай күйреуі құрлықтың кейбір бөліктеріндегі халықты аштыққа әкелді. Осы мәселелердің бірде-біреуі шешілмеген еді, өйткені соғыстан кейін көптеген елде қаржы тапшы болатын.

Маршалл жоспарын іске асырудың мақсаты Еуропадағы соғыс күйреткен экономиканы қалпына келтіру, сауда кедергілерін жою, еуропалық елдердің индустриясын жаңғырту және жалпы Еуропаны дамыту болды.

Батыс Еуропаның 16 елі АҚШ-тан көмек алуға дайын екенін білдірді. Кеңес үкіметі Маршалл жоспарына қарсы шығып, оны «Еуропаны қанау жоспары» деп атап, оған қатысудан бас тартты. КСРО-ның үлгісіне барлық жақтас мемлекеттер және Финляндия ерді.

Маршалл жоспары 1948 жылдың сәуір айында басталды. Жоспардың орындалуына 17 еуропалық ел<sup>1</sup>, соның ішінде Батыс Германия қатысқан. Оны жүзеге асыру үшін арнайы тұрақты

<sup>1</sup> Маршалл жоспары бойынша келесі елдер көмек алды: Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Батыс Германия, Грекия, Дания, Ирландия, Исландия, Италия, Люксембург, Нидерланд, Норвегия, Португалия, Түркия, Франция, Швеция, Швейцария.

халықаралық Еуропалық экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЕЭЫҰ) құрылды.



### Анықтаңдар!

Қосымша дереккөздерді пайдаланып, Маршалл жоспары аясында қандай мемлекеттердің көмек алғанын айтыңдар.

1948 жылдары ЕЭЫҰ мүшелері Маршалл жоспары аясында көмек алу үшін АҚШ-пен екіжақты келісім жасасты. Олар АҚШ-тан азық-түлік, шикізат, материалдар, өнеркәсіптік өнімдер мен жабдықтарды алып, АҚШ үкіметіне өз экономикасының жай-күйі туралы ақпаратты беруге міндетті болды. Сонымен қатар АҚШ-тың инвестицияларын қолдануға, Кеңес Одағы үшін «стратегиялық тауарлар» сатуға жол бермеуге, АҚШ-ты тапшы материалдармен жабдықтауға міндетті болды. Маршалл жоспарының орындалуын қадағалау үшін әр елге арнайы америкалық өкілдер жіберілді.

Көмек көрсетудің алғышарттары ретінде АҚШ шартқа қол қойған елдердің үкіметтерінен коммунистерді шығаруды талап етті. 1948 жылға қарай бірде-бір Батыс Еуропа үкіметінде коммунистер болмады.

Маршалл жоспары 1948 жылдан 1952 жылға дейін жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде Құрама Штаттар Батыс Еуропаға жабдықтар, өндіріс тауарлары мен азық-түлік жеткізді. Маршалл жоспары бойынша көмек Батыс Еуропа елдерінің экономикасын дамытуға серпін берді, бірақ белгілі бір уақыт олардың АҚШ-қа тәуелділігін арттырды.

Маршалл жоспары тарихтағы табысты экономикалық бағдарламалардың бірі болып табылады. Өйткені оның барлық мақсатына қол жеткізілді. Еуропалық елдердің экономикасы соғыс зардаптарынан қалпына келтірілді. Ескірген өндірістер қысқа мерзімде қайта құрылымдалды. Батыс Еуропа елдеріндегі орта тап қалпына келтірілді және нығайтылды. Еуропалық елдер өздерінің сыртқы қарыздарын төлей алды. Коммунистер мен КСРО-ның ықпалы әлсіреді.

Кейінірек Маршалл жоспары Жапонияға және Шығыс Азияның кейбір басқа елдеріне де қолданылды. Маршалл жоспарының үлгісі бойынша 1950 жылдан 1953 жылға дейін америкалық көмекті 37 дамушы елдер алды, оның ішінде Үндістан және Индонезия сияқты ірі елдер де болды.

**Білімдеріңді тексеріңдер**

1. «Соғыс шегіндегі теңгерімдеу» ұғымын қалай түсінесіңдер?
2. Жарыса қарулану деген не және оны неден байқауға болады?
3. Екі бәсекелес блоктардың ақпараттық күресі неде айқындалды?
4. Неліктен шығысеуропалық елдер Маршалл жоспарына қатысудан бас тартты?

**Пікірталас.** «Темір шымылдық» деген не? Оның пайда болуының себебін түсіндіріңдер.

## §5. БИПОЛЯРЛЫ ӘЛЕМ. ӘСКЕРИ-САЯСИ ОДАҚТАР НАТО мен ВШҰ-НЫҢ ТЕКЕТИРЕСІ

**Биполярлы жүйенің қалыптасуы.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем сахнасындағы күштер жаңадан қалыптаса бастады. Мемлекеттердің түрлі экономикалық, саяси және идеологиялық жүйелерге негізделген қарама-қарсы блоктары пайда болды. Біреуінің орталығы АҚШ болса, екіншісінің орталығы – КСРО. Екеуі де ядролық қаруға ие мемлекет.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін осы жана күштердің арақатынасы Ялта-Потсдам деп аталатын жүйенің құрылуына негіз болды. 1945 жылдың ақпанында Ялтада және 1945 жылдың шілдесінде Потсдамда өткен «Үлкен үштіктің» (КСРО, АҚШ және Ұлыбритания көшбасшылары) конференциялары соғыстан кейінгі келісімнің жалпы жағдайын белгіледі. Сонымен қатар олар осы күнге дейін өз күшіне ие кейбір нақты шешімдерді қабылдады, мысалы, аумақтық мәселелер бойынша шешімдер. Сондықтан Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесі Ялта-Потсдам деп атала бастады.

Бұл жүйенің ерекшелігі – АҚШ пен КСРО халықаралық ұстанымдарының күшеюі және екі әлемдік держава арасындағы қарсыласу кезеңінің ұзақ болуы. КСРО мен АҚШ-тың Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесіне осындай ерекше ықпалы оған екі полюсті немесе биполярлы сипат берді. Екі державаны да қолдайтын одақтастардың болуы биполярлықты одан әрі күшейтті.

**Бұл сабақта:**

- Дүниежүзілік саясаттағы ВШҰ биполярлы жүйесі;
- НАТО және ВШҰ әскери-саяси блоктарының қалыптасуы;
- Батыс пен Шығыс әскери-саяси блоктары арасындағы қақтығыс жайында мәлімет аламыз.

**Тірек сөздер:**

Ялта-Потсдам жүйесі, НАТО, ВШҰ, жаппай қырғын соғыс теориясы, Берлин қабырғасы



Биполярлы әлем

**Ойланыңдар!**

Неліктен Екінші дүниежүзілік соғыс биполярлы жүйенің пайда болуына себеп болды?

**Есте сақтаңдар!**

**Биполярлы жүйе** – екі ұлы держава – АҚШ пен КСРО және олар негізін қалаған әскери-саяси блоктар арасындағы қарама-қайшылыққа негізделген жүйе.

Әлемнің осылай бөлінуі екі ұлы держава – АҚШ пен КСРО әскери күштерінің тұрақты түрде күшеюіне әкелді. Екі жүйенің қарулану жарысы адамзат үшін ауыртпалықтар тудырды. Мәселен, 1980 жылдардың ортасында әлемдегі жалпы өнімнің шамамен 6 пайызы қарулануға жұмсалды. Осы бағдарламаларды іске асыру көптеген ғылыми жанылықтарды және әскери мақсаттан тыс қажеттіліктерге арналған жаңа технологияларды пайдалануды артқа шегерді және мүлдем тоқтатты десе де болады.

Биполярлы жүйе мен «қырғиқабақ соғыс» көрінісінің негізгі белгілері:

- бүкіл әлемді қамтыған коммунистік және батыстық жүйелер арасындағы саяси және идеологиялық қарама-қайшылық;
- әскери және экономикалық одақ жүйелерінің құрылуы;
- қарулану жарыстарын жеделдету және әскери шығындардың күрт ұлғаюы;
- анда-санда халықаралық дағдарыстардың орын алуы;



- әлемнің кеңестік және батыстық блоктардың «ықпал аймақтарына» бейресми бөлінуі;

- әртүрлі әлеуметтік-саяси жүйедегі мемлекеттер арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың азаюы.

Қарсылас мемлекеттер дамушы елдерге белсенді қолдау көрсете бастады. Оның айқын мысалы ретінде Германия мен Вьетнамның бөлінуін, Оңтүстік және Солтүстік Кореяның құрылуын айтуға болады. Биполярлы әлемнің пайда болуынан көптеген үшінші мемлекеттер зардап шекті. Бұл мемлекеттер ұлы державалар арасындағы күреске еріктерінен тыс қатысуға мәжбүр болды және Азия мен Африканың кейбір мемлекеттерінің аумағы ұлы державалардың шайқас алаңына айналды.

**НАТО-ның құрылуы және оның халықаралық қатынастардағы биполярлы жүйедегі қызметі.** Соғыстан кейінгі әлемдік социалистік жүйе қалыптасқан тұста, Батыс елдерінің әскери-саяси одақтарға бірігуі олардың әлемдегі өз позицияларын сақтау мен нығайту үшін атқарған маңызды міндеті болды. Солтүстікатлантикалық келісім ұйымы (НАТО) осы әскери одақтар жүйесінде ерекше рөл атқарды.

Батыс Еуропа елдері, алдымен ортақ қорғаныс жүйесін құру туралы шешім қабылдады. Артынша АҚШ және Канадамен «Еуропа мен Солтүстік Америка арасындағы қауіпсіздік пен өзара міндеттемелер туралы» келіссөздер жүргізілді. Нәтижесінде 1949 жылдың сәуір



НАТО-ның құрылуы. АҚШ-тың Сыртқы істер министрі Солтүстікатлантикалық келісімге қол қояды. 1949 ж., 4 сәуір

айында Солтүстікатлантикалық келісім ұйымы (НАТО) құрылды, оған 12 мемлекет кірді: АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Бельгия, Дания, Исландия, Италия, Люксембург, Нидерланд, Норвегия, Португалия және Франция.

1952–1982 жылдары Солтүстік Атлантика бірлестігіне тағы төрт еуропалық ел қосылды: Грекия, Түркия, ГФР, Испания. Осылайша олардың саны 16-ға дейін жетті.

Осы шарттың 5-бабында НАТО-ның бір немесе бірнеше мүшесіне қарулы шабуыл жасау барлық мүше мемлекетке бағытталған шабуыл ретінде қарастырылатыны айтылады.

Осылайша Батыс елдерінің әлемдегі бейбітшілікті сақтауға және жеке мемлекеттердің бостандығын қорғауға деген ортақ мүдде біріктіретін, қажет болған жағдайда, оларға қарсы бағытталған кез келген агрессияға тойтарыс бере алатын одағы құрылды.

НАТО – үкіметаралық ұйым. Осы ұйым шеңберінде мүше-елдер қауіпсіздікті қозғайтын кез келген саяси, әскери мәселелер бойынша ортақ шешімдер қабылдайды.

Солтүстікатлантикалық келісім ұйымы құрылған сәттен бастап Еуроатлантикалық кеңістіктегі әділ әрі тұрақты бейбітшілікті орнатуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда. НАТО-ның мақсаты бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз қалды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың саяси топтары КСРО және социалистік елдерге қарсы жаппай және жаһандық соғыс теориясына сүйенген. НАТО-ның жаһандық соғыстағы бұл тұжырымдамасына сәйкес, Батыс Еуропада КСРО және басқа да социалистік мемлекеттердің стратегиялық маңызды орталықтарына авиацияның аз уақыт ішінде жететін базалар жүйесін құру қарастырылды.

Батыс Еуропаға көптеген америкалық қару-жарак жеткізілді.

Шығыс-Батыс осі бойынша қарама-қайшылық кезеңінде Батыс Еуропа өзінің қауіпсіздік саясаты саласындағы өкілеттігін АҚШ жетекші рөл атқарған НАТО-ға тікелей табыстады.

### Ойланыңдар!

Батыс Еуропа елдері өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін де неліктен АҚШ басқарған НАТО-ға өкілеттік берді?

Екі жүйе лагері арасындағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруіне байланысты жалпы ядролық соғыс шектеулі соғыстар доктринасына немесе «ікемді жауап қайтару» доктринасына ауыстырылды. Осылайша

НАТО әскері дайын болуы қажет түрлі соғыс жүргізу мүмкіндіктерін қарастыратын доктринасының басқа нұсқасы айқындалды.

НАТО о бастан-ақ бірқатар мәселені шешуге бағытталған одақ болатын. Кеңестік қауіп-қатерді тежеумен бірге, ол әлемдік тәртіпті сақтаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде дамыды.

«Қырғиқабақ соғыс» кезінде Америка Құрама Штаттарының басшылығымен Еуропа, Азия және Латын Америкасында әскери-саяси одақтар қалыптасты. 1948 жылы Америка мемлекеттер ұйымы (АМҰ) құрылып, онда АҚШ жетекші рөл атқарды. 1951 жылы АҚШ, Аустралия және Жаңа Зеландия «қауіпсіздік туралы шарт» жасады (АНЗЮС). Кейін көпжақты одақ – Оңтүстік-Шығыс Азия келісімшарт ұйымы (СЕАТО) құрылды. СЕАТО мүшелері қатарына – АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Азия мен Тынық мұхитының 5 елі – Пәкістан, Тайланд, Филиппин, Аустралия және Жаңа Зеландия кірді. СЕАТО келісімінің мақсаты – НАТО-ның Батыстағы секілді рөлін Қыыр Шығыста атқару болды.

1955 жылы Бағдатта Бағдат пактісіне қол қойылды. Оған Түркия, Прак, Пәкістан, Иран және Ұлыбритания кірді. Олардың барлығы АҚШ-пен тығыз байланыста болатын. Бірақ 1959 жылы осы одақтан Ирак шыққаннан кейін, «Орталық келісімшарт ұйымы» (СЕНТО) деп атала бастады.

**Варшава шарты ұйымы (ВШҰ).** Социалистік лагерь елдерінің ынтымақтастығы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады. Шығыс Еуропада коммунистер басқарған үкімет билікке келді. Ол белгілі бір деңгейде соғыстан кейін Шығыс Еуропада кеңес әскерінің қалуымен байланысты болды. Социалистік жүйе мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас достық пен ынтымақтас-тық туралы шарттар негізінде басталды.

1953 жылы кейбір социалистік лагерь елдерінде КСРО-ның Шығыс Еуропадағы одақтастарына қатысты саясаты кенінен наразылық туғызды. Чехословакия мен Венгрияның бірнеше қаласында шерулер мен демонстрациялар өтті. Халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлауынан туындаған елеулі наразылық ГДР-де де орын алды. Кеңес үкіметі ГДР-ге танкілерді енгізуге мәжбүр болды. Олар жұмысшылар ереуілін полиция көмегімен тоқтатты.

И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының жаңа басшылығы келіссөз жүргізу мақсатымен шетелге сапарға шықты. Осы сапарлардың нәтижесінде 1955 жылы 14 мамырда Албания, Болгария, Венгрия, ГДР, Польша, Румыния, КСРО және Чехосло-вакия арасында Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Варшава шартына қол қойылды. Осы шарттың негізінде Варшава

## НАТО МЕН ВШҰ-НЫҢ ТЕКЕТИРЕСІ



шарты ұйымы (ВШҰ) құрылды. ВШҰ 1949 жылы құрылған НАТО одағына жауап еді.

Варшава шарты ұйымына қатысушы мемлекеттер тәуелсіздік, егемендік және бір-бірінің және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаттарын сақтай отырып, өзара экономикалық және мәдени байланыстарды одан әрі дамыту және нығайту мақсатында достық пен ынтымақтастық рухында әрекет етуге міндеттенді.

Шартқа қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің бірлескен басшылығын құру туралы шешім қабылданды. Варшава Шарты ұйымына кіруші елдердің біреуі Еуропада шабуылға ұшыраған жағдайда бір-біріне дереу жәрдем көрсетуге, соның ішінде қарулы күштерді қолдана отырып көмектесуге міндеттелді.

ВШҰ осы ұйымға қатысушы мемлекеттердің бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Еуропадағы және бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту үшін күрес саласындағы сыртқы саяси күш-жігерін үйлестіру мақсатында құрылған. Келісім сондай-ақ олардың егемендігін және тәуелсіздігін бірлесе қорғауды және қорғаныс саласындағы әріптестікті қамтамасыз етуді қарастырады.

## ? Анықтаңдар!

ВШҰ-ға кірген елдерді не біріктірді?

Осылайша Варшава шартына мүше елдерде кеңестік әскерлердің болуы заңды деп жарияланды, себебі оларда іс жүзінде ауыр қару-жарақ болмаған. Осылайша КСРО өзінің батыс шегараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

**НАТО мен ВШҰ әскери-саяси блоктары арасындағы текетірестің басталуы.** ВШҰ (КСРО) мен НАТО (АҚШ) арасындағы шиеленістерден әлемді жаңа жаһандық соғысқа әкеле жаздаған Берлин және Кариб дағдарыстары орын алды.

1959–1962 жылдар арасындағы шығыс немістерінің Батыс Берлинге жаппай қашуы Берлин дағдарысының туындауына себеп болды. Бұл тәртіпсіздіктерді тоқтату үшін 1961 жылы Батыс Берлин аумағында Берлин қабырғасы көтерілді. Шегарада бақылау-өткізу пункттері орнатылды. Қабырғаның салынуы шиеленісті күшейте түсті. Көп ұзамай Бранденбург қапсасының бақылау-өткізу пункттерінде кеңестік және америкалық танкілер шоғырлана баста-



Берлин қабырғасын көтеру

ды. КСРО мен АҚШ-тың қарсыласуы кеңестік танкілердің шегарадан әкетілуімен аяқталды. Көтерілген Берлин қабырғасы биполярлы жүйенің, «қырғикабақ соғыстың» нышанына айналды.

1962 жылы басталған Кариб дағдарысы әлемді ядролық соғысқа сәл-ақ қалдырды. Мұның бәрі АҚШ-тың Түркияда зымыран базасын орналастыруынан басталды. Жауап ретінде КСРО өзінің орташа қашықтықтағы зымырандарын Кубаға жасырын түрде орналастыра бастады. Бұл ақпарат АҚШ-та үрей тудырды. КСРО-ның әрекеттері соғысқа дайындық деп қабылданды. Шеленіс кеңес зымырандарының Кубадан, АҚШ зымырандарының Түркиядан шығарылуы және АҚШ-тың Кубаға қарсы ешқандай әрекет жасамау міндеттемесі арқылы шешілді.

ВШҰ ішінде Шығыс Еуропа социалистік елдерінің кеңестер ықпалынан құтылуға бағытталған дағдарыстар орын алды. 1956 жылы Венгрияда ВШҰ қарулы күштерінің араласуымен елдің социалистік үкіметіне қарсы қарулы көтерілісі жаншылды. 1968 жылы ВШҰ-ға мүше мемлекеттер Чехословакия қоғамындағы демократияны тоқтату үшін әскерлерін жіберді.

Осылайша биполярлы жүйе дәуірінде КСРО мен Америка Құрама Штаттары өздерінің халықаралық экономикалық ұйымдары мен әскери-саяси блоктарын құрған.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Екі қарсылас блоктардың жаппай қарулануының нәтижесі қандай болды?
2. Неліктен биполярлық әлемдегі екі жүйенің қарсыласуынан үшінші елдер зарлап шекті?
3. ВШҰ қандай мақсатпен құрылды?
4. Неліктен Берлин қабырғасы биполярлы әлемнің нышанына айналды?

Кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Ұйым атауы	Құрылған жылы	Мүше мемлекеттер (құрылған кездегі)	Ұйымның сипаты
НАТО	1949	АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Бельгия, Дания, Исландия, Италия, Люксембург, Нидерланд, Норвегия, Португалия, Франция	Әскери-саяси
Экономикалық өзара көмек кеңесі (ЭӨКК)			

Америка мемлекеттер ұйымы (АМҰ)			
АНЗЮС			
СЕАТО			
ВШҰ			
СЕНТО			

## §6. ӘЛЕМДІК СОЦИАЛИСТІК ЛАГЕРЬДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. 1948–1962 ЖЫЛДАРДАҒЫ «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫСТЫҢ» НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Әлемдік социалистік лагерьдің құрылуы. Фашистік Германияның талқандалуы соғыстан кейінгі жылдары Еуропа елдерінің экономикалық, саяси, әлеуметтік өміріне үлкен революциялаушы ықпал етті. Көптеген мемлекеттің халықтары өз мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы мен қоғамдық өмірдің демократиялануы үшін күреске шықты. Бұл күрес Шығыс Еуропа елдерінде де көрініс тапты және жаңғыру үдерістері халықтық-демократиялық революциялар сипатын иеленді.

Өзгерістердің революциялық сипат алуына сыртқы және ішкі жағдайлар жағымды әсер етті. Олардың ең бастысы фашизмді жену, кеңес әскерінің Польша, Венгрия, Чехословакия, Румыния мен Болгарияны азат етуі болды. Бұл елдерде халықтық билік органдары пайда болды, тәуелсіздік пен сыртқы саяси егемендік қалпына келтірілді, ірі әлеуметтік-экономикалық реформалар іске асырылды.

Шығыс Еуропа елдерінде соғыстан кейін жүргізілген әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар барлық мемлекеттің ортақ мәселелерін: қоғамдық өмірдің демократиялануын, мемлекеттіліктің буржуазиялық-демократиялық формасының қалпына келуін шешті. Алайда біркатар елдерде шаруалармен одақ құрған жұмысшылар билігі сипатындағы халықтық органдар құрыла бастады.

### Бұл сабақта:

- социалистік лагерьдің құрылу үдерісі;
- жаппай қарулану;
- 1948–1962 жылдардағы «қырғиқабақ соғыстың» негізгі оқиғалары туралы білеміз.

### Тірек сөздер:

социалистік лагерь, жанталаса қарулану, Германияның бөлінуі, корей соғысы, Кариб дағдарысы

Халықтық демократия 40-жылдардағы революциялардың нәтижесінде пайда болған саяси жүйенің өтпелі формасы ретінде тарихта қалды. Осы кезеңде әрі қарайғы әлеуметтік даму болашағы туралы мәселелер пайда бола бастады. Сонымен қатар балама даму жолдары да болды.

Осы мемлекеттердегі оқиғалар барысына КСРО-ның әсері зор болды. Ол демократиялық реформаларды іске асыруда көмек көрсетумен бірге, халықтық-демократиялық елдерге дамудың кеңестік моделін тануға және билік басына коммунистерді алып келуге тырысты.

1947 жылы қыркүйекте Польшада тоғыз коммунистік партия өкілдерінің жиналысы өтті. Онда әлемді екі қарама-қарсы лагерьге бөлу туралы тезис дайындалды.

Мәскеудің тікелей ықпалымен Болгарияда (1944 ж.), Югославияда (1945 ж.), Албанияда (1946 ж.), Польша мен Румынияда (1947 ж.), Венгрия мен Чехословакияда (1948 ж.), сонымен бірге Азия континентінде – Солтүстік Вьетнамда (1945 ж.), Солтүстік Кореяда (1948 ж.) коммунистік және прокеңестік режимдер орнатылды. 1949 жылы Қытайда билік басына коммунистік жана жүйе келді.

Кеңес әскерлерінің тұрақты бөлімдерінің болуы Шығыс Еуропа елдерінде «социалистік революциялардың» жеңіске жетуіне зор үлес қосты. Осылайша социализм бір мемлекеттің ауқымынан шығып, әлемде социалистік жүйе құрыла бастады.

Бұл елдерді өзінің адал серіктестеріне айналдыруға тырысқан КСРО аймақ елдері халықшаруашылығын қалпына келтіру және дамытуда үлкен көмек көрсетті. Оған жауап ретінде Сталин өздеріне мойынсынууды талап етті.

1949 жылы Болгария, Венгрия, Румыния, Польша, Чехословакия, ГДР мен КСРО мүше болған Экономикалық өзара көмек кеңесі (ЭКК) құрылды.

1947–1948 жылдары социализмнің сталиндік моделін мәжбүрлеп енгізу халықтық-демократиялық революцияларды қысқа уақытқа тоқтатты. Халықтық-демократиялық елдер «жедел социалистік құрылыс» жолына түсті. Осыған сәйкес барлық экономикалық құрылыс біртіндеп мемлекеттендіріле бастады, бұл өнеркәсіптік өндірістің мемлекеттік меншік пен басқармаға шоғырлануына мүмкіндік берді.

Шын мәнінде, бұл әлеуметтік құрылым мен экономикада күрделі шиеленістер тудырды. Басты капитал өндіріс құралдарын өндіруге бағытталып, жеңіл және азық-түлік өнеркәсіптері назардан тыс қалды. Бұның барлығы 1953–1956 жылдары Польша, Венгрия,



Чехословакия мен ГДР-де күрделі әлеуметтік-саяси дағдарыстарға әкелген экономикадағы құрылымдық сәйкессіздік пен қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді тудырды. Кеңестік тәжірибені пайдалану КСРО-дағы мемлекеттік-бюрократиялық социализм моделін көшіруге алып келді.

Осы елдердегі компартия өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің балама түрлерін іздеу талпыныстарына тыйым салынды. Югославия басшысы Броз Тито Сталин диктатынан бас тартқаннан кейін, 1948 жылы Югославия мен КСРО-ның арасында қатынастар тоқтатылды. Югославияда «өзін-өзі басқару социализмі» моделі қабылданды. Өндіріс жоспарларының негізінде кәсіпорындар мемлекеттік жоспардың жалпы даму жолдарын анықтады.



### Анықтаңдар!

Югославия мен КСРО қатынастарының тоқтатылу себептері.

**Жанталаса қарулану.** Жанталаса қарулану – Батыс (АҚШ) пен КСРО одақтастары арасында экономика, идеология мен әскери саладағы жаһандық қарсыластық. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында туындаған өзара сенімсіздік соғыстан кейін де жалғасып, Кеңес Одағы ыдырағанға дейін созылды. Қарулану жарысы кезінде жүздеген оқиға орын алды.

Қарулану жарысы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін басталды. Бұл кезде бұрынғы одақтастар енді достық қатынаста емес, идеологиялық бәсекелестер болды. Әр мемлекет қарулы күштер саласында бір-бірінен озуға ұмтылды. Сол үшін қару-жарак көп мөлшерде өндірілді.

Қарулану жарысы атом қаруымен де байланысты болды. 1945 жылы АҚШ әлемдегі жалғыз ядролық держава еді. Жапониямен соғыс барысында олар Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбаларын тастады. Бірақ ядролық қаруға америкалық монополия тек төрт жыл ғана сақталды. 1949 жылы КСРО өзінің бірінші атом бомбасына сынақ жасады.

Жалпы, жанталаса қарулану қарсыласының ядролық қаруынан неғұрлым жетілген қару түрін ойлап табуға ұмтылу арқылы жүргізілді. Мұндай саясаттың салдарынан мемлекет әскери салада тым көп шығындалды.

Соғыс барлық тарап үшін өте қауіпті болды және ауыр зардаптар әкелуі мүмкін еді. «Қырғиқабақ соғыс» жылдарында



1949 жылы 29 тамызда Семейде арнайы сынақ алаңында КСРО-ның алғашқы ядролық қаруының сынағы өткізілді.

жинақталған ядролық әлеует орасан зор болғанымен, мұндай жойқын қарулардың қорлары пайда әкелмеді. Ал олардың өндірісі мен сақталуына шығындар өсіп жатты.

Жанталаса қарулану жедел қарқынмен жүргізілді. Бір тарап қарудың жаңа түрін шығарса, екінші тарап бар мүмкіндігі мен күшін сондай нәтижеге жетуге жұмсады. Жарыс әскери өнеркәсіптің барлық салаларын қамтыды: атқыш қарулардың жаңа жүйелерін жасау, танкілер,

ұшақтар, кемелер мен суасты кемелерін шығару т.б. Алайда нағыз бәсекелестік зымыран жасауда көрінді. АҚШ КСРО-ны ядролық қару санымен артта қалдырса, КСРО АҚШ-ты зымыран жасауда жеңді. КСРО алғаш болып ғарышқа Жер серігін, ал 1961 жылы адамды ұшырды. Америкалықтар мұндай артықшылықты көтере алмады. Нәтижесінде олар адамды Айға қондырды. Осы кезде тараптар стратегиялық теңдікке қол жеткізді. Бірақ бұл қарулану жарысын тоқтатқан жоқ. Керісінше әскерге қатысы бар барлық салаға кең тарады. Мысалы, суперкомпьютер ойлап табу жарысын осыған қосуға болады.

Стратегиялық теңдікке қол жеткізгеннен кейін, 60-жылдардың басында қарулану жарысының әскери бөлігі екінші орынға ығысты.

**1948–1962 жылдардағы «қырғиқабақ соғыстын» негізгі оқиғалары.** АҚШ, Ұлыбритания және Францияның КСРО-мен одақтастық саясаттан қарсы күреске ауысуы бұрынғы қарсылас мемлекеттерге деген көзқарастарын түбегейлі өзгертті. Осы мақсаттарға жету үшін АҚШ пен Ұлыбританияның басқару топтары Францияның қолдауымен Батыс Германияның экономикалық және әскери әлеуетін қалпына келтіруге кірісті.

1946 жылы АҚШ пен Англия өздері оккупациялап отырған аймақтарды Бизония (қос аймақ) деп атап, біріктірді. 1948 жылы оларға француз аймағы қосылып, Тризония құрылды.

1949 жылы 7 қыркүйекте парламент жаңа германиялық мемлекет – Германия Федеративті Республикасы (ГФР) туралы жариялады.

**Ойланыңдар!**

Неліктен Германия екі мемлекетке бөлінді?

Содан кейін Кенес Одағы аймағында Шығыс Германия қалыптаса бастады. 1949 жылы 7 қазанда Германия Демократиялық Республикасының (ГДР) құрылғандығы жарияланды. Неміс жерінде әртүрлі қоғамдық және саяси құрылысы бар екі Германия мемлекеті пайда болды.

«Қырғикабак соғысты» сипаттайтын тағы бір оқиға – 1950–1953 жылдары орын алған корей соғысы. Оның бастамашысы Корей Халық Демократиялық Республикасының (КХДР) басшысы Ким Ир Сен саналды. Ол Оңтүстік Кореямен бірігуді (өзі басшы болып) жоспарлады және Сталинге Оңтүстік Кореяның бүкіл аумағында социалистік ту астында бүкілхалықтық көтеріліс ұйымдастыратынына сөз берді.

Солтүстік Кореяның әскерлері Оңтүстік Кореяның аумағына басып кіріп, тіпті Сеулді басып алды. БҰҰ КХДР, ҚХР мен КСРО-ның әрекетін айыптады. БҰҰ шешімімен және оның атынан әрекет еткен, құрамында америкалықтар басым болған әскерлер Солтүстік Кореяның әскерлерін екі елдің арасын бөліп жатқан 38-параллельден әрі ығыстырып тастады.



Корей соғысы

Әскери қақтығыс алма-кезек жеңіспен жүріп отырды. Солтүстік Корея жағында көптеген кеңестік мамандар мен қытайлық «еріктілер» соғысты. Соғыс келіссөздер арқылы Кореяның екіге бөлінуін бекіткен 1954 жылғы Женева Декларациясын қабылдаумен аяқталды. Корея соғысы екі елдегі өнеркәсіп пен инфрақұрылымның күйреуіне әкеліп соқтырған «қырғиқабақ соғыс» кезеңіндегі алғашқы қарулы қақтығыс болды. Соғыс соңында түбек КСРО мен АҚШ ықпалындағы аймақтарға бөлінді.

50-жылдардың соңы – 60-жылдардың басы АҚШ пен КСРО қатынастарының жақсару кезеңі болды. Оның қалыптасуы Кеңес Одағының сыртқы саясатындағы өзгерістер арқасында мүмкін болды. КОКП-ның XX съезіндегі Н.С.Хрущевтың баяндамасы халықаралық қатынастардың дамуына зор ықпал етті. Шығыс Еуропа елдерінің кейбір басшылары оны КСРО-ның социализмді құрудың әртүрлі жолдары туралы тезіспен келісуі деп түсінді. Сонымен қатар Н.Хрущев социалистік күштердің билікке парламенттік жолмен де келе алатынын мойындады. Іс жүзінде бұл Хрущевтың Б.Титоны мойындағанын білдірді. Алайда Мәскеу мен Белград арасында қорытынды бітім орнамады.

1962 жылғы Кариб дағдарысы ең шиеленіскен және қауіпті халықаралық жағдай болды. 1961 жылы кубалық контрреволюционерлер десантын талқандағаннан кейін Куба Кеңес Одағының көмегімен өз қорғанысын нығайтуға қосымша шараларды іске асыра бастады. 1962 жылы күзде КСРО құпия келісімге сәйкес



Кариб дағдарысы кезіндегі Мәскеуде өткен шеру. 1962 ж.

Кубаның аумағына өз зымырандарын орналастырды. Бұл Кеңес үкіметінің өте қауіпті және ойластырылмаған әрекеті болды. Осыны біліп қойған АҚШ тез арада қатаң шешім қабылдады. 1962 жылы 22 қазанда президент Дж. Кеннеди Кубаға жеткізілетін барлық қарулардың түрлеріне «катал карантин» жариялап, сонда баратын басқа мемлекеттердің кемелерін тексерістен өткізді. Бұл АҚШ күштерінің Кубаны әуеде және теңізде қоршауға

алуын білдірді. Кубаның жан-жағында америкалық ірі әскері-теңіз және әскери-әуе күштері шоғырланды.

Кеңес Одағы мен Куба «карантинді» мойындаудан бас тартып, Кубадағы теңіз блокадасын алып тастауды талап етті. АҚШ пен КСРО арасында тікелей әскери қақтығыс қаупі туындады. Американың Еуропадағы әскері, АҚШ флоты, стратегиялық авиациясы толық жауынгерлік әзірлікке қойылды. КСРО, Куба, ВШҰ елдері де осындай әрекеттер қабылдады. Әлемде ядролық соғыс қаупі төнген ең қатерлі сәт орын алды.

АҚШ президенті Дж. Кеннеди мен Кеңес өкіметінің басшысы Н.С. Хрущевтың арасында қызу келіссөздер жүргізілді. Бірнеше үрейлі күндер мен түндерден кейін 28 қазанда екі тарап арасында дағдарысты бейбіт шешу туралы келісімге қол жеткізілді. Кеңес Одағы Кубадан орташа ауқымдағы зымырандарын шығаруға, ал АҚШ «карантинді» жойып, Куба шегарасының тұтастығын сақтауға уәде берді. Сонымен қатар АҚШ Түркияда КСРО-мен шегараға өз зымырандарын орнатудан бас тартты. Кариб дағдарысының өзара мүдделерді ескере отырып, бейбіт шешім табуы үлкен қауіптің алдын алды және халықаралық шиеленісті жою жолдарын іздеуде маңызды үлгі болды.



Кеңес Одағының басшысы Никита Хрущев пен АҚШ президенті Джон Кеннеди «Шығыс-Батыс» келіссөзінде

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Әлемдік социалистік лагерьдің қалыптасу үдерісі жөнінде баяндаңдар.
2. Шығыс Еуропа елдері неліктен халықтық демократияны дамыту жолынан бас тартты?
3. Қару-жарақ жарысының негізгі шаралары неде көрінді?
4. Неге Кариб дағдарысын халықаралық қатынастардағы ең қауіпті жанжал деп атайды?

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

### §7. БҰҰ-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

#### Бұл сабақта:

- БҰҰ-ның құрылуын, оның мақсаттары мен құрылымын;
- адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының мәнін;
- БҰҰ-ның халық-аралық қарусыздандыру және реттеу мәселелерінің рөлін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер:

адам құқықтары, қарусыздану, халық-аралық мәселелер, ынтымақтастық, бітімгерлік

**БҰҰ-ның құрылуы.** Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрылуы халықаралық өмірдегі маңызды оқиға болды. Оның негізгі міндеттері – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтар мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

1945 жылдың сәуір айында Сан-Франциско қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылтай конференциясында халықаралық құқықтың маңызды қағидаттары бекітілген БҰҰ Жарғысы қабылданды: халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды теңдік қағидаты негізінде дамыту, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, күштеп қолдану қаупін болдырмау.

1945 жылы 24 қазанда БҰҰ Жарғысы өз күшіне енді. Бұл күн жыл сайын БҰҰ күні ретінде атап өтіледі. 1945 жылы БҰҰ-ға 51 мемлекет кірді. Кейін оның мүшелерінің саны өсіп, 50-жылдардың соңына қарай 83-ке жетті. Қазіргі уақытта 193 мемлекет БҰҰ-ға мүше болып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының басқару органдары – Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі. Бас Ассамблея – Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелерінен тұратын кеңесші әрі өкілетті саяси орган. Ол барлық мемлекеттің алаңдаушылығын тудыратын әлемдегі ең маңызды мәселелерді қоғамдық талқылау мақсатында тұрақты жұмыс істейтін форум болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесі – тұрақты жұмыс істейтін саяси басқарушы орган. Ол — халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз



БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші отырысы. Лондон, 1946 ж.

ету үшін негізгі жауапкершілікке ие, БҰҰ мүшелері үшін міндетті шешімдерді қабылдайтын тұрақты саяси орган. Қауіпсіздік Кеңесі 5 тұрақты және 10 тұрақты емес мүшеден тұрады. Тұрақты мүшелер – бес ұлы держава: КСРО (кейін Ресей), АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Франция. Тұрақты емес мүшелер кеңеске жарғыда көзделген тәртіппен сайланады.

БҰҰ-да Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Қамқорлық жөніндегі кеңес, Бас хатшының басшылығымен Хатшылық пен Халықаралық сот қызмет атқарады. 2017 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш болды.

Сонымен қатар БҰҰ-да бірқатар халықаралық мамандандырылған ұйымдар бар. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО үлкен беделге ие.

БҰҰ-ның ресми тілдері: *ағылшын*, *орыс*, *француз*, *испан*, *араб* және *қытай* тілдері болып табылады.

Осылайша БҰҰ – жаһандық халықаралық қауіпсіздік жүйесі, егемен мемлекеттердің әлемдік ұйымы. Ол бейбітшілік пен қауіпсіздікті барлық жағынан қамтамасыз ету үшін құрылды.

**Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының қабылдануы және оның маңыздылығы.** БҰҰ-ның Жарғысында

халықаралық ынтымақтастық «адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қатысты айырмашылықтарына қарамастан құрметтеу» рухында жүзеге асыру керек делінген. БҰҰ-ның алғашқы маңызды жетістіктерінің бірі 1948 жылы 10 желтоқсанда Бас Ассамблея қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы болды.

Адамзат тарихында және халықаралық қатынастарда алғаш рет адамның негізгі азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтары анықталды. Декларацияда қамтылған негізгі құқықтар мен бостандықтарды төрт топқа бөлуге болады.

**Бірінші топ** адамға тән құқықтар мен бостандықтардан тұрады. Оларға өмір сүру құқығы, еркіндік пен жекебасына қолсұғылмаушылық, құлдықтан, азаптаудан және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынастан қорғау жатады. Әр адамның жеке және отбасылық өміріне, үйіне және хат-хабарларына, абыройы мен беделіне қолсұғылмаушылыққа, сонымен қатар тәуелсіз және бейтарап сотпен өз құқықтарын қорғауға құқығы бар.

Негізгі бостандықтар мен құқықтардың **екінші тобына** азаматтық құқықтар мен бостандықтар жатады. Олардың ішінде: азаматтық алу құқығы, мемлекет ішінде еркін жүріп-тұру және тұрғылықты орын таңдау, елден кету және саяси баспана алу құқығы бар.

Декларациядағы **үшінші топ** саяси құқықтар мен бостандықтардан құралған. Оларға мыналар жатады: ой, ар-ұждан және дін бостандығы, наным-сенім, бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығы, өз елін басқару құқығы, жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы.

Декларациядағы құқықтардың **төртінші тобы** – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар. Бұл – еңбек еркіндігі және жұмысын еркін таңдау, тең жұмысқа тең ақы төлеу, кәсіподақтар құру құқығы, демалыс және әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау, білім алу және мәдени өмірге араласу құқығы.

#### **Атаңдар!**

Өз еліңді басқару құқығы дегеніміз не?

БҰҰ-ға мүше мемлекеттер адам құқықтарын сақтауда ұстануға тиіс ортақ принциптерге қатысты келісімдерге қол жеткізді.

1966 жылы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдағаннан кейін, оның заңды күші болуы үшін екі маңызды пакті қабылданды: Экономикалық, әлеуметтік және мәдени



құқықтар жөніндегі халықаралық пакті және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.

БҰҰ әйелдер құқығына көп көңіл бөлді. 1979 жылы Бас Ассамблея әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлеріне тыйым салу туралы конвенцияны қабылдады. Балалардың құқықтары 1989 жылы Бас Ассамблея қабылдаған тиісті Конвенциямен қорғалған.

### Ойланыңдар!

1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция қандай құқықтарды қорғайды?

БҰҰ дінге негізделген діни төзбеушілік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою жөніндегі жұмыстарды өте маңызды деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының құқық қорғау қызметі байырғы халықтар мен аз ұлттардың құқықтарын қорғаудан тұрады.

**Карусыздану мәселелері және БҰҰ-ның рөлі.** Өзінің құрылған сәтінен бастап БҰҰ көпжақты карусыздану мен каруды шектеуді халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты міндет етіп қойды. Адамзат үшін ең үлкен қатер болып табылатын жаппай қырып-жоятын қару-жаракты (ЖҚК) қысқартуға және жоюға басымдық берілді. Біріккен Ұлттар Ұйымы ядролық каруды шектеуге елеулі үлес қосты. Адамзаттың осы маңызды ғаламдық мәселесін талқылаудың сенімді және өте тиімді механизмі құрылды.

### Есте сақтаңдар!

**Жаппай қырып-жоятын қару-жарақ** – тіпті шектеулі қолдану кезінде үлкен көлемді қирауға және жаппай қаза табуға әкелуі мүмкін қару-жарақтың түрі.

50–60-жылдардың екінші жартыжылдығындағы Кеңес Одағы мен оның одақтастары ұсынған карусыздану жөніндегі бастамалары және Батыстың оған жауап-ұсыныстары халықаралық шиеленісті төмендетуге деген өзара ниеттестікті білдірді.

Мысалы, нақты шара ретінде, 1959 жылы Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция және КСРО-ның бірқатар мемлекеттері қол қойған Антарктика туралы шартты айтуға болады. Осы шартқа сәйкес оңтүстік ендікте 60° оңтүстікке қарай кез келген әскери іс-әрекетке тыйым салынған. Осылайша Жердегі алғашқы кең ауқымды демилитаризацияланған аймақ құрылды. Оны игеру тек бейбіт мақсатта ғана жүзеге асырылатын болды.

**Анықтаңдар!**

1959 жылғы Антарктика шартының мақсаты қандай болды?

1950 жылдан бері ірі ядролық державалар – КСРО, АҚШ және Ұлыбритания арасында ядролық сынақтарға тыйым салу бойынша келіссөздер жүргізілді. 1963 жылдың тамызында Кариб дағдарысынан кейін Мәскеуде үш держава атмосферада, ғарышта және су астында ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шартқа қол қойды. Жерасты сынақтарына әлі тыйым салынбады, бірақ тараптар оларға тыйым салу мақсатындағы келіссөздерді жалғастыруға келісті.

1963 жылғы Мәскеу шарты қару-жарак жарыстарын шектеуге бағытталған алғашқы халықаралық келісім болды. Бұл атмосферада жасалған ядролық сынақтардың өмірге қауіпті әсерін айтарлықтай азайтты. Келісім Қазақстан үшін үлкен маңызға ие болды. Өйткені оның аумағында 1949 жылдан 1963 жылға дейін ядролық сынақтар атмосферада, ал 1963 жылдан кейін тек жер астында жасалды.

1970 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы келісімшарт (ЯКТК) өз күшіне енді. Шартта ядролық қаруы жоқ мемлекеттердің ядролық қаруды өндіруіне және оларды сатып алуына, оларға осы қаруды, оның бөлшектерін және тиісті технологияларды таратуына тыйым салынды.

Осылайша әлемде милитаризмнің өсуі жалғасты, соған қарамастан, 60-жылдары қарусыздану мәселелері бойынша келіссөздер жандана бастады және ядролық қарулану жарысын шектеудегі алғашқы маңызды жетістіктер байқалды.

**Біріккен Ұлттар Ұйымы және халықаралық мәселелерді шешу жолдары.** 70–80-жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық өмірдегі рөлі айтарлықтай өсті. БҰҰ құрамындағы мемлекеттер саны артқан сайын, қарусыздану, халықаралық қатынастарды демократияландыру, бейбітшілікті сақтау және апартеидпен күрес мәселелері Бас Ассамблеяның және басқа да БҰҰ органдары сессияларының күн тәртібінде орын ала бастады.

Отаршылдыққа қарсы күресте Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлі артты. 1960 жылы желтоқсанда қабылданған Отар халықтар мен елдерге тәуелсіздік беру туралы БҰҰ Декларациясы үлкен маңызға ие болды. 1963 жылы Бас Ассамблея Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларациясын қабылдады. Ал 1965 жылы отар аумақтардағы әскери базаларды жоюға шақырды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Оңтүстік Африка мен Родезиядағы португалдық отаршылдықты және нәсілшіл режимді бірнеше мәрте айыптады. 1973 жылы Бас Ассамблея апартендті жоюды көздейтін Конвенция қабылдады. Қауіпсіздік Кеңесі Оңтүстік Африка және Родезияға қатысты Португалияға қарсы экономикалық және саяси санкциялар туралы шешім қабылдады.

Адам ресурстарын дамыту, кедейшілікті жою, халықтың әлеуметтік қызметі, есірткіні пайдалануды бақылау, қылмыстың алдын алу, ғылым мен техниканы дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларға баса мән бере бастады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы үкіметтерге табиғи ресурстарды пайдалануды барынша арттыруға, көлік және байланыс мүмкіндіктерін жаңғыртуға және кеңейтуге, тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қалалық жоспарлау мен ауылдық аумақтарды дамытуға көмектесті.

1986 жылы Бас Ассамблея Даму құқығы туралы Декларацияны қабылдады. Декларацияда адамның дәл осы даму орталығында тұрғандығы, ол осы үдерістің белсенді қатысушысы болу керектігі және дамудан туындайтын барлық артықшылықтарды алуы тиістігі айтылады.

1966 жылдан бастап Бас Ассамблея БҰҰ-ның халықаралық қызметін әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесу жөніндегі саясатқа бағыттау үшін «Даму жөніндегі БҰҰ-ның онжылдығын» жариялады.



БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші отырысының 70 жылдығы.  
Нью-Йорк, 2016 ж.

БҰҰ үш негізгі мәселені – кедейлік, жұмыссыздық және әлеуметтік дезинтеграцияны қазіргі заманғы қоғамның ең өткір мәселелері ретінде анықтады. Оларды шешу әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуде аса маңызды саналды. БҰҰ-ның бірқатар маңызды шешімдері экологиялық апаттың алдын алуға бағытталды.

Адамзат және БҰҰ үшін ең қатерлі мәселе, әрине, қалыңдықтар болды. Соңғы онжылдықта ішкі қалыңдықтар саны айтарлықтай өсті. Өкінішке орай, қалыңдық кезінде зардап шеккендердің 90 пайызы бейбіт халық еді. Қалыңдықтар адамдардың құрбан болуынан басқа, босқындардың пайда болуына және мәжбүрлі көші-қонға себеп болады.

БҰҰ ұйымды халықаралық бейбітшілік құралына айналдыруға бағытталған бағдарламалар бойынша тұрақты жұмыс жасап келеді. Ұйым бейбітшілік, келіспеушіліктерді бейбіт реттеу және халықаралық ынтымақтастық туралы бірқатар құжаттар қабылдады. БҰҰ-ның бітімгерлікті қолдау жөніндегі бағдарламалар саны тұрақты өсуде, бұл үшін «көк дулыға» арнайы қарулы күштер контингенті бар.

Осылайша XX ғасырдың екінші жартысында Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық қатынастардағы оң үрдістерді нығайтуда маңызды рөл атқарды. БҰҰ-ның Бас хатшысы мен оның өкілдері өткір өңірлік қалыңдықтарды шешуге үлкен үлес қосты.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. БҰҰ-ның қандай конвенцияларын білесіңдер? Олардың мақсаты қандай?
2. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің қайсысын білесіңдер?
3. XX ғасырдың екінші жартысындағы ең маңызды халықаралық мәселелерді атаңдар.
4. БҰҰ-ның халықаралық мәселелерді шешуге бағытталған негізгі нысандары қандай?

**Пікірталас.** Әлемдік қандай мәселелер жаһандық сипатқа ие? Неге олай ойлайсыңдар?

## §8. ЕУРОПАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ. ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ (ЕКҰҰ)

**Еуропалық интеграцияның алғышарттары.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропаны біріктіру үдерісіне және оны жүзеге асыруға объективті және субъективті факторлар ықпал етті. Әлемде екі ірі державаның үстемдік орнататыны анық көріне бастады. Бір жағынан, АҚШ-тың күшті қысымынан, екіншіден,

КСРО-ның әскери күштерінен қауіптенгеннен Батыс Еуропа елдері оларға қарсы тұруға мүмкіндіктер іздеді.

Соғыстан кейінгі жылдары өндірісті және қоғамдық өмірді интернационалдандыру үрдісі жаңа серпін алды. Ғылыми-техникалық төңкеріс Батыс Еуропада халықаралық өндірістік-технологиялық кешендерді қалыптастырудың экономикалық негіздері мен алғышарттарын құрды. Батыс Еуропа мемлекеттері арасындағы шаруашылық байланыстарды тереңдете отырып, аймақтық интеграциялық үдерістерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызды.

#### Есте сақтаңдар!

**Интеграция** (лат. *integration* – біріктіру, бірлесу) – бұрынғы бөлек, тәуелсіз құрылымдарды (мемлекеттер, халықтар және т.б.) жаңа үлкен бүтінге біріктіруге байланысты үдеріс.

Осылайша экономикалық факторлар, жалпыеуропалық монополиялардың мүдделері, АҚШ-пен бәсекелестік және социалистік лагерь Еуропадағы интеграциялық үдерістерде маңызды мәселеге айналды.

Мемлекеттердің мүдделері, нақты тарихи жағдайлар осы үдерістің субъективті факторы болды. Сондай-ақ саясаткерлердің жеке қасиеттері мен саяси көзқарастарын ескеру қажет.

**Еуропалық қауымдастықтардың құрылуы.** Р.Шуманның декларациясы еуропалық интеграцияға жол ашты. 1950 жылы 9 мамырда Францияның Сыртқы істер министрі Р.Шуман француз-герман антагонизмін тоқтату және екі ел арасындағы қарым-қатынастардың жаңа кезеңін бастау туралы ұсыныспен ГФР үкіметіне жолдау жіберді. Бірінші қадам ретінде француз-германдық көмір және болат бірлестігін құру жоспарланды.

Р.Шуманның Декларациясы еуропалық құрылыстың біртұтас тұжырымдамасын ұсынды. Дәл осы тұжырымдама еуропалық интеграцияны одан әрі дамытуға негіз болды. Оның негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдауға болады:

– Батыс Еуропа мемлекеттері демократия, экономикалық бейімделу және әлеуметтік консенсус, бейбітшілік пен тең құқылы

#### Бұл сабақта:

- еуропалық интеграцияның алғышарттары;
- Еуропалық қауымдастықтардың, Еуропалық одақтың құрылуы;
- жалпыеуропалық үдерісті қалыптастыру;
- ЕҚЫК-нің Қорытынды актісінің маңыздылығы туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

интеграция, интернационалдандыру, Еуропалық одақ, Қорытынды акт, ЕҚЫК

ынтымақтастық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, біртұтас бейбітшілікті сүйетін Еуропа құруға бастамашы болуы тиіс;

– бірте-бірте біртұтас Еуропа құрылып, ынтымақтастықтың басым бағыттарын таңдап алуы керек;

– біртұтас Еуропа құрылысы экономикалық салада басталуы керек.

1951 жылы 18 сәуірде Парижде Еуропалық көмір және болат бірлестігін (ЕКББ) құру туралы шартқа қол қойылды. Оның қатысушылары мына алты мемлекет болды: Бельгия, Италия, Люксембург, Нидерланд, ГФР, Франция.

ЕКББ-ның мүше елдері арасында кеден шегаралары жойылды, көмір мен металлургия өнімдері саудасын толық ырықтандыру енгізілді. Көпжақты интеграция үдерісіндегі алғашқы кадам ЕКББ құру болды.

Кейін, 1957 жылы 25 наурызда, Римде ЕКББ-ға мүше елдердің алты үкімет басшысы Еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭК) құру туралы шартқа қол қойды. Рим келісінде ортақ нарықтың қалыптасуына баса назар аударылды.

Сонымен бірге Еуропалық Атом энергиясы қауымдастығы (Еуратом) пайда болды. Еуратомның міндеті – атом өнеркәсібінің пайда болуы мен жылдам өсуі үшін қажетті жағдайлар жасау және мүше мемлекеттердің өмір сүру деңгейін жақсарту.



Еуропалық көмір және болат бірлестігін құру туралы шартқа қол қою.

Осылайша Батыс Еуропада үш қауымдастық құрылды: ЕКББ, ЕЭҚ және Еуратом. Бұл үш қауымдастықты құру туралы келісім-шарттарда бәріне ортақ: экономикалық өмірдің үйлесімді дамуы, экономиканың тұрақты өсуі, өмір сүру деңгейінің артуы және мемлекеттер арасында тығыз байланыс орнату мақсаттарын жариялады. Интеграцияның тұтастай дамуын анықтайтын ең негізгі, маңызды қауымдастық ЕЭҚ болды.

ЕЭҚ-ға мүше елдердің ортақ нарығындағы негізгі элементтер: кедендік одақ, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүйелерінің өзара әрекеттестігі; ортақ саясат жүргізу – ортақ сауда саясаты, ортақ аграрлық саясат, бәсекелестікті арттыру саясаты, энергетика және көлік саясаты, әлеуметтік саясат және т.б. болды.

Ортақ нарықты құрудың тағы бір міндеті төрт еркіндікті қамтамасыз ету болды: еркін тауар алмасу, адамдардың жүріп-тұру еркіндігі, қызмет көрсету қозғалысы еркіндігі, капитал алмасу еркіндігі.

Осы үш қауымдастықты алты мемлекет құрды. 1973 жылы мүше мемлекеттердің саны алғаш рет артып, «алтылыққа» үш ел – Ұлыбритания, Ирландия және Дания қосылды. 1981 жылы ЕЭҚ құрамына Грекия, 1986 жылы Испания мен Португалия кірді.

**Еуропалық интеграцияны одан әрі дамыту және Еуропалық Одақтың қалыптасуы.** 90-жылдары қауымдастықтарды дамытудың жаңа кезеңі басталды. Интеграцияның бірқатар салаларында экономикалық және саяси факторлар арасында тығыз байланыс орнату қажет болды. Жалпы, интеграцияны жаңа, жоғары деңгейге арттыру үшін алғышарттар жасалды.

Интеграцияның жаңа деңгейінің мәні, экономикалық мәселелерді шешумен қатар, мүше мемлекеттердің халықаралық қатынастар саласындағы өзара тығыз қатынасын арттыру, қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық жүйесін құру болды.

1992 жылы Нидерландтағы шағын қала Маастрихте «Еуропалық Одақ туралы» келісімшартқа қол қойылды. Осы келісімшарт негізінде жаңа құрылым – Еуропалық одақ (ЕО) құрылып, ЕКББ, ЕЭҚ және Еуратом келісімшарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Келісімшартта *ЕО азаматтығы* ұғымы енгізілді. Маастрихт шарты ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатында мүше мемлекеттердің өз әрекеттерін үйлестірудің жоғары деңгейіне көшу ниетін көрсетті. Сот және ішкі істер саласындағы ынтымақтастық туралы ережелер жаңа шарттар болып табылды.

ЕО азаматтарының қозғалысын жеңілдету мақсатында Еуропадағы бес ел 1985 жылы Люксембургтің Шенген қаласында шеғарада төлқұжатты және визалық бақылауды жеңілдету туралы келісімге қол қойды. Кейін ЕО-ның кейбір мемлекеттері төлқұжаттық-кедендік бақылауды алып тастады. Шенгендік аймақ бірте-бірте кеңейе түсті.

Еуропалық одақ келісімшартын әрі қарай жетілдіру шараларын Амстердам (1997 ж.), Ницца (2001 ж.), Лиссабон келісімшарттарынан (2009 ж.) көруге болады.

1995 жылы Еуроодақ құрамына Австрия, Швеция және Финляндия қосылды. Кейін, 2004 жылы, Шығыс Еуропа мен Жерорта теңізі елдері – Чехия, Эстония, Венгрия, Литва, Латвия, Польша, Словакия, Словения, Мальта және Кипр кірді. Содан соң Болгария, Румыния, Хорватия қосылды. Қазіргі кезде ЕО құрамында 28 мемлекет бар.

Еуропалық қауымдастықтардың құрылуының алғашқы күндерінен бастап өз институттарын құру және оларды одан әрі жетілдіру жұмыстары жүріп жатыр. ЕО-ның негізгі институттары Еуропалық Комиссия, Еуропалық Одақ Кеңесі, Еуропалық Парламент, Еуропалық одақ соты, Еуропалық Кеңес болып табылады. ЕО мен оның институттарының ең негізгі белгілерінің бірі – олардың «ұлттық деңгейден жоғары» тұруы, яғни егеменді құқықтарды Еуропалық Одақ пайдасына ерікті түрде шектеуі.

Бүгінде Еуропалық Одақ – халықаралық интеграциялық үдерістің аяқталған нұсқаларының бірі, сондай-ақ әлемнің көптеген аймақтарының интеграциясына үлгі болып отыр.

### Ойланыңдар!

Неге ЕО интеграциялық бірлестіктің үлгісі болып саналады?

**1970 жылдардағы жалпыеуропалық үдерістің басталуы.** XX ғасырдың екінші жартысында қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелеріндегі ең маңызды бастамалардың бірі жалпыеуропалық үдеріс болды. 60-жылдардың соңында Еуропа құрлығындағы ынтымақтастық пен сенімді қамтамасыз ету арқылы қауіпсіздік жолдарын іздестіру көрінді.

1969 жылы наурызда ВШҰ елдері барлық еуропалық мемлекеттерге Жалпыеуропалық кеңеске дайындықты іс жүзінде бастауға үндеу жолдады. Халықаралық өмірде жаңа құбылыс саналған мемлекетаралық кеңестер – жалпыеуропалық үдеріс басталды.



## ? Анықтаңдар!

Неліктен Хельсинки ЕҚЫК өткізу орны ретінде таңдалды?

Бұл үдерістің дамуына 1960 жылдардың соңында анықталған негізгі саяси өзгерістер себеп болды. Мәселен, Франция президенті Ш. де Голль 1966 жылы КСРО-мен ынтымақтастық орнатуға бағыт алды. Вилли Брандт үкіметі басқарған ГФР-дің «Жаңа Шығыс саясаты» да қолайлы жағдай жасауға көмектесті. Социалистік лагерьмен қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру мақсатында ГФР Кеңес Одағымен, Польша және ГДР-мен келісімдер жасасты. 1971 жылы Батыс Берлин мәртебесін нығайту үшін төртжақты келісімге қол қойылды.

КСРО мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастарда елеулі өзгерістер болды. 1972 жылдың мамыр айында АҚШ президенті Ричард Никсон мен КОКП ОК Бас хатшысы Л.И. Брежневтің кездесуі өтті.

### Бұл қызықты!

**Хельсинки немесе жалпыеуропалық үдеріс** – бейбітшілікті, қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар негізінде еуропалық халықаралық қатынастар жүйесін қайта құрылымдау.

### Ойланыңдар!

Неге АҚШ пен Канада жалпыеуропа үдерісіне қатысты?

1975 жылы 30 шілде – 1 тамызда Хельсинкиде ЕҚЫК-нің Қорытынды актісіне 35 мүше-мемлекеттің мемлекет және үкімет басшылары қол қойды. Бұл құжат барлық еуропалық мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың тұрақты жүйесін құруда алғашқы кадам болды.

**Хельсинки қорытынды актісінің мәні.** Қорытынды акт келісім-шарттық құжат болмаса да, үлкен саяси маңызға ие болды. Біріншіден, онда Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде пайда болған Еуропадағы саяси және аумақтық өзгерістерді ұжымдық мойындау орын алды.

Екіншіден, Қорытынды акт халықаралық құқықтық нормалар органын құрайтын мемлекеттер арасындағы қатынастардың 10 қағидатын жариялады. Оларға мыналар жатады: егеменді теңдік, егемендікке тән құқықтарды құрметтеу, күш қолданбау немесе

күшпен қорқытпау, шегаралардың бұзылмауы, мемлекеттердің аумақтық тұтастығы, дауларды бейбіт түрде реттеу, ішкі істерге араласпау, адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу және т.б.

Осылайша 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды актісі қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас қағидаларын бекітті.

Қорытынды актінің осы ережелеріне қосымша Сенімді нығайту шаралары туралы үш топқа бөлінетін аяқтаушы құжат қабылданды. Олар қауіпсіздіктің үш өлшемі болып табылатын үш «себет» деп аталды.

«Бірінші себет» әскери-саяси қауіпсіздікке қатысты болды.

«Екінші себет» экономика, ғылым, техника және қоршаған ортаны қоса алғандағы бірқатар салаларда әріптестік орнатуға арналды.

«Үшінші себет» гуманитарлық және басқа салалардағы әріптестікке байланысты болды.

Осылайша ЕҚЫК шеңберінде алғаш рет сенім пен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылып, әріптестік негізіндегі қауіпсіздік қағидаттары қабылданды.

Келесі қадамдар шеңберінде ЕҚЫК кездесулері Белградта (1977–1978 жж.), Мадридте (1980–1983 жж.) болды. Бұл кездесулер елеулі келісімдерге әкелмеді. Кейін, Вена кездесуінде (1986–1989 жж.), қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сенім шаралары бойынша келіссөздерді жалғастыру туралы шешім қабылданды.



Л.Брежнев Еуропадағы қауіпсіздік және ынмақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісіне қол қоюда. Хельсинки, 1975 ж.

ЕҚЫК-нің маңыздылығы оның ерекше сипатында болды. Биполярлық жүйе кезеңінде ЕҚЫК-нің арқасында қатысушы мемлекеттер өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа мүмкіндік алды. ЕҚЫК Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынаста нақты сапалы өзгерістерге жол ашты. Осылайша бұл Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайтудағы ЕҚЫК-нің маңызды рөлін анықтады.

1990 жылы «қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін ЕҚЫК-ға қатысушы мемлекеттер «*Жаңа Еуропа Хартиясын*» қабылдады. Бұл құжат кеңесті дамытудың жаңа бағытын белгілеп, тұрақты қолданыстағы институттары бар ұйымға айналдыру үдерісін бастады. 1994 жылғы желтоқсанда ЕҚЫК Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) деп өзгертілді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Неліктен биполярлық жүйеде еуропалық интеграция үрдісі өсті?
2. Шуман Декларациясында қандай маңызды идеялар ұсынылды?
3. Шенген келісімшарттары туралы не білесіңдер?
4. ЕҚЫК үшін Берлиндегі төртжақты келісімнің маңызы қандай?
5. ЕҚЫҰ-да сенім шараларын қабылдаудың қандай «себеті» білім беру саласындағы ынтымақтастықты көздейді?

**Пікірталас.** Неліктен ұлтүстілік қағидаты интеграциялық бірлестіктер үшін маңызды болып саналады?

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ

### §9. ЕКІНШІ ДҮННЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ. XX ҒАСЫРДЫҢ 50–60 ЖЖ. «ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕРЕМЕТ»

#### Бұл сабақта:

- XX ғасырдың 50–60-жылдарындағы Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, АҚШ экономикаларының дамуы туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

экономикалық керемет, машина жасау, Монне жоспары, айырбасталатын валюта

Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық салдары. XX ғасырдың екінші жартысына қазіргі әлем дамуының жаңа кезеңін жатқызуға болады. Ол әлемдегі экономикалық дамудың жаңа жолдарын іздеумен сипатталады.

Қарастырылып отырған кезеңде бірнеше еуропалық соғыс, екі дүниежүзілік соғыс, революциялық оқиғалар орын алған XX ғасырдың бірінші жартысына қарағанда, Батыс Еуропа мен АҚШ елдері үшін бейбіт және тұрақты болды.

XX ғасырдың екінші жартысында мемлекеттердің даму басымдығы ғылыми-техникалық прогресс жолында елеулі ілгерілеу, индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамға көшумен ерекшеленеді.

Алайда осы онжылдықтың ішінде де Батыс елдері бірқатар күрделі мәселелерге, дағдарыстарға, шиеленістерге тап болды. Оларға түрлі салалардағы ауқымды іс-шаралар мен үрдістер, мысалы, технологиялық және ақпараттық революциялар, отаршылдық империялардың ыдырауы, 1974–1975 және 1980–1982 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыстар, XX ғасырдың 60–70-жылдарындағы әлеуметтік көтерілістер, сепаратистік қозғалыстар және т.б. жатқызуға болады. Олардың барлығы экономикалық, әлеуметтік қатынастарды қайта құруды, одан әрі даму, ымыраға келу жолдарын таңдауды немесе саяси бағыттарды қатандатуды талап етті. Осыған байланысты биліктегі әртүрлі саяси күштер өзгеріп, өзгермелі әлемде өз ұстанымдарын күшейтуге тырысты. Соғыстан кейінгі жылдары Батыс елдері экономикалық саясатының басты мақсаты экономикалық өсу үдерісін қамтамасыз ету және қолдау болды, ал бұл идеологиялық бағыттағы өзгерістерді қажет етті.



Лондондағы Олимпиада стадионындағы ескі Англия зауыттары

Батыстың соғыстан кейінгі дамуының таңғаларлық ерекшеліктері оның 50–60-жылдардағы қарқынды дамуы болып табылады. Қарқынды дамудың бірнеше себептері болды. Оған Маршалл жоспары бірден-бір ықпал етті.

**Ұлыбритания.** 50-жылдардың ортасына қарай Ұлыбританиядағы экономикалық жағдай айтарлықтай жақсарды. Өнеркәсіптік өндірістің өсуі ғылымды қажетсінетін жаңа салаларда – энергетика, авиакөзғалтқыш, машина жасау, ядролық, химиялық және әскери салаларда байқалды. Өнеркәсіпте капиталдың шоғырлануы өсті.

Сонымен бірге консерваторлар өнеркәсіптік өндірісті дамытудың орнықты көрсеткіштеріне қол жеткізе алмады. Экономикалық дамудың төмендеу қарқыны отаршылдықтың нәтижесі болды. Ағылшын өнеркәсібі кең нарықтағы бәсекелестікті игере алмады, оны одан әрі жетілдіруге ынталандыру болмады және өзінің даму деңгейі бойынша басқа елдерден артта қалды.

Ұлыбритания әлем бойынша өнеркәсіп өндірісінен АҚШ-тан кейінгі екінші орынды сақтағанымен, экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы консерваторлардың селкостығынан «тоқырау кезеңі» туындады.

60-жылдардың басында барлық британдық отарлар тәуелсіздіктерін алды.

**Франция.** Екінші дүниежүзілік соғыс Францияның экономикалық жүйесін қатты сілкіндірді. 1875 жылдан бері өмір сүріп келген Үшінші республика жойылды. Соғыс кезінде отаршылдық империя ыдырай бастады.

Төртінші Республика Конституциясына сәйкес Франция парламенттік республика деп жарияланды.

Экономиканы қалпына келтіру қажеттілігінен инвестициялардың басым бөлігін өнеркәсіпке бағыттауға тура келді. Бұл оның даму қарқынын жеделдетуге мүмкіндік берді. 1948 жылы Францияда өнеркәсіп өндірісінің көлемі соғысқа дейінгі деңгейден асып түсті.

Экономикалық саладағы ең маңызды қадам экономика және кәсіпорындар салаларын ұлттандыру болды. Францияда бес ірі банк, көмір өнеркәсібі, «Рено» автомобиль зауыты (оның несі оккупация режимімен бірлесе жұмыс істеген), бірнеше авиациялық кәсіпорындар ұлттандырылды.

Ауылшаруашылығында бұл деңгей 1950 жылы асып түсті.

Халықшаруашылығының айрықша ерекшелігі экономиканы бағдарламалау болды. 1947 жылы үкімет «қайта құру жоспарын» (Монне жоспары) қабылдады, 1954 жылы екінші Монне жоспары жүзеге асырыла бастады, 1946–1958 жылдары жаңа өндіріс салалары дамыды (газ және мұнай өндіру, мұнай өңдеу, ядролық, электронды, химиялық және т.б.).

**Германия.** Соғыста жеңіліске ұшыраған Германия аумағын одақтастары қайтарып алды. 1946 жылы экономиканың және қаржы жүйесінің бұзылуы Германияны дағдарыстық жағдайға әкелді.



«Рено» автомобиль зауытындағы мигранттар

Көптеген қалалар жермен-жексен болды. 1945 жылдың аяғынан бастап кеңестік оккупация аймағында экономикалық реформалар қолға алына бастады. Тәркіленген өнеркәсіптік кәсіпорындар экономиканың мемлекеттік секторына көшті. Бұл экономика жоспарлау қағидаттары бойынша жүзеге асырыла бастады.

Батыс аймақтардағы экономикалық өзгерістер басқаша жүргізілді. Басқыншылар монополияларға қарсы бірқатар шара жасады. Олар барлық ірі кәсіпорындарды тәркіледі. Батыс әкімшілігі кең таралған тәркілеуден біртіндеп бас тарта бастады. Маршалл жоспары бойынша Батыс Германияға көмек көрсетіле бастады.

1949 жылы 7 қыркүйекте *Бундестаг* пен *Бундесрат* Конституцияны мақұлдап, Теодор Хойсті (Еркін демократиялық партия) Германия Федеративтік Республикасының президенті етіп тағайындады, ал үкімет басшысы Христиан-демократиялық одағының жетекшісі К.Аденауэр болды.

1949 жылдың 7 қазанында Шығыс Германия аумағында Германия Демократиялық Республикасы құрылғандығы жарияланды. Президент болып О.Гротеволь сайланды.

**АҚШ.** Әскери іс-қимылдар АҚШ-қа әсер еткен жоқ. Елдің ресурстары басқа елдер ресурстарынан бірнеше есе артты. АҚШ-тың экономикалық күші олардың қаржылық күштеріне негізделді. 1944 жылы Бреттон-Вуд конференциясында алтын валюта стандарттары жүйесі құрылды. Әлемнің айырбасталатын валютасының рөлі ретінде доллар белгіленді.

**Неміс «экономикалық кереметі» (1949–1963 жж.).** К.Аденауэрдің Батыс Германиядағы саяси жағдайды тұрақтандыру және экономиканы қалпына келтіруге күш салуы сәтті өтті. Тиімді экономикалық бағытты таңдау және тоталитарлық орталықтандырылған мемлекеттік басқарудан бас тарту маңызды болды. ГФР-дің экономикалық саясаты әлеуметтік нарықтық экономика теориясына негізделді. Оның идеологі экономика министрі Людвиг Эрхард болды.

Мемлекеттің араласуы нарықтық тетіктің жұмыс істеуіне жағдай жасауға тиіс болды. Еркін кәсіпкерлік пен бәсекелестік қолайлы өндірістің тиімді түрлеріне, сұраныс пен ұсыныстың теңгерімін қалпына келтіруге әкелді.

1950 жылдың соңына қарай ГФР соғыс алдындағы экономикалық даму деңгейіне қол жеткізді. Өнеркәсіп өндірісі бойынша ГФР екінші орынға шықты. Неміс валютасы Батыс Еуропа елдері арасында ең құнды болды. Халық жұмыспен толық қамтамасыз етілді, жұмыссыздық жойылып, ереуілдер тоқтатылды, өмір сүру деңгейі



Машина жасау зауыты (Мюнхен, ГФР)

көтерілді. Мұның бәрі неміс «экономикалық кереметі» туралы айтуға мүмкіндік берді.

Неміс «экономикалық кереметіне» мына факторлар әсер етті: саланы қалпына келтіру және қайта құру жана техникалық негізде өтті; өндіріс пен капиталдың жоғары шоғырлануы құрылды; жана технологияларды енгізу дәстүрлі неміс халқының әлеуетімен үйлестірілді. Әскери істе және отаршылдық әкімшілікті қолдау үшін шығындардың болмауы да маңызды рөл атқарды.

**Италия.** 50–60-жылдары Италия қарқынды экономикалық даму кезеңін бастан кешті. Еуропада өсім тұрғысынан тек ГФР-ден ғана төмен болды. Экономикалық өсімнің арқасында Италия қарыздарды төлеуге және акша бірлігі – лираны тұрақтандыруға қол жеткізді. Италиялықтардың өмір сүру деңгейі артып, гүлдену жағдайы қалыптасты. Бұл өсімнің нәтижесі, негізінен, елдің индустрияландырылған солтүстігінде пайдаланылды. Оңтүстік кедейшілік пен әлеуметтік шиеленіс көзі болып қала берді.

Италиядағы «экономикалық кереметтің» себептері мен алыс-шарттары:

- аграрлық реформа ауылдық жерлердегі әлеуметтік шиеленістің ауырлығын жойды;
- АҚШ пен Ұлыбритания Италиядан алатын өтемақйдан бас тартты;



- Маршалл жоспары (1,5 млрд АҚШ доллары) бойынша көмек;
- капиталды орталықтандыруға жәрдемдесетін ірі корпорацияларды мемлекеттік қолдау. Нәтижесінде ірі өнеркәсіптік империялар пайда болды: «ФИАТ», «Монтекатини», «Пирелли», «Эдисон», «Оливетти» және т.б.;
- елдің артта қалған оңтүстік аймағын дамытуға елеулі инвестициялар салу;
- арзан жұмыс күші;
- шетел капиталын тарту;
- еуропалық интеграциялық үрдістерге қатысу (ЕЭК-ның құрылтайшы елі болды).

Италия экономикасының өсу қарқыны 50–60-жылдары ұлттық кірістің екі есеге дерлік ұлғаюына алып келді. Экономиканы қалпына келтірудің және қарқынды дамудың табыстары халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға, «әлеуеттік мемлекет» моделін қалыптастыруға алып келді. Орташа деңгейдегі аграрлық-индустриялық елден өнеркәсіптік дәрежедегі жоғары дамыған елге айналды.

**Кенес мемлекетінің** соғыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық саясаты қайшылықты дамыды. Ең басты міндет – кеңестік экономиканы үдемелі түрде қалпына келтіру, ең алдымен, ауыр индустрия және әскери өндірісті қайта құру болды.

Батыс Еуропа экономиканы қалпына келтіру үшін Маршалл жоспары бойынша 13 млрд доллар алды. КСРО-да орталықтандырылған экономика, Германиядан алған өтемақы (4,3 млрд рубль), агроөнеркәсіп секторынан өнеркәсіптік секторға бөлінетін қаражатты қайта бөлу; әлеуметтік шығындарды төмендету; ГУЛАГ пен бас бостандығынан айырылған тұтқындардың тегін еңбегі; 1947 жылғы қаржы реформасы және мемлекеттік қарыздар негізгі ішкі қайнар көздер болып қала берді.

Соғыстан кейін шаруашылық басшылар, экономистер арасында экономикалық басқару жүйесін қайта құру, жоғары орталықтандыруды әлсірету және нарықтық қатынастардың элементтеріне жол беру ұмтылыстары болды. Төртінші бесжылдыққа (1946–1950 жж.) арналған елдің халықшаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жоспарына кәсіпорындар мен өнеркәсіптің жеке салаларының дербестігіне есептелген көрсеткіштер енгізілді. Жоспарда 1948 жылға дейін өндірістің соғысқа дейінгі деңгейіне жету қарастырылды. Сонымен қатар 8 сағ-тық жұмыс күні қалпына келтірілді, демалыстар қайта жаңартылды, еркін түрде жұмысшы жинау біртіндеп енгізілді.

**Білімдеріңді тексеріңдер**

1. Маршалл жоспары дегеніміз не? Ол кімдерге арналған?
2. Неліктен Ұлыбританияның соғыстан кейінгі дамуы туралы айтқан кезде, «тоқырау кезеңі» ұғымын қолланамыз?
3. Францияның ұлттық экономикасының даму ерекшеліктері қандай болды?
4. Монне жоспары қандай шараларды көздеді?
5. Неміс «экономикалық кереметінің» ерекшеліктері қандай?

## § 10. АҚШ ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПАДА «ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ» НЕГІЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Бұл сабақта:**

- «әлеуметтік мемлекет» ұғымының мәнімен, оның құрылу алғышарттарымен;
- «әлеуметтік мемлекет» саясатының қалыптасуымен, индустриалды елдердегі әлеуметтік реформалармен, «әлеуметтік мемлекеттің» түрлі үлгілерімен танысамыз.

**Тірек сөздер:**

«әлеуметтік мемлекет», кейншілдік, әлеуметтік реттеу үлгілері

Батыс Еуропа елдеріндегі «әлеуметтік мемлекет» құрудың алғышарттары. 50-жылдардың басында еуропалық елдер соғыс алдындағы өндіріс деңгейін айтарлықтай қалпына келтірді. Кейін, 50–70-жылдардың ортасында, көптеген Батыс елдерінің экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. Сол кезде-ақ жағдайды көрсететін терминдер пайда болды: «Итальяндық керемет», «Батыс Германия кереметі», «Жапон кереметі».

Қандай да бір елдегі мемлекеттік саясаттың ерекшеліктерімен қатар, мұндай адам сенгісіз даму қарқынының себептерінің бірі ретінде Батыс елдерінің экономикаларын жылдам қалпына келтіруге және жаңғыртуға қолдау көрсеткен халықаралық шарттарды ескеру қажет.

Экономиканы қалпына келтірудің маңызды алғышарты айырбас бағамының тұрақтануы болды. 1944 жылы Бреттон-Вудтегі (АҚШ) БҰҰ конференциясында 44 мемлекеттің өкілдері Бреттон-Вудс деп аталатын валюталық жүйе құрды.

Конференцияға қатысушылар басқа валюталардың бағамына бағдарланған доллардың тұрақты алтын құнын құруға келісті. Сондай-ақ Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ) және Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ) құрылды.

**Бұл маңызды!**

**Бреттон-Вудс жүйесі** – Бреттон-Вудс конференциясының нәтижесінде орнатылған сауда есептері мен ақшалай қатынастарын ұйымдастырудың халықаралық жүйесі.



Бреттон-Вудс конференциясы. 1944 ж., 1–22 шілде

Батыс Еуропа елдеріне екіжақты келісімдер негізінде көмек көрсетуді көздеген Маршалл жоспарын да сыртқы сипаттағы алғышарттарға жатқызуға болады. Батыс Еуропадағы экономикалық интеграцияның дамуы «әлеуметтік мемлекетті» іске асырудың тағы бір алғышарты. 1947 жылы 23 индустриалды ел Сауда және тарифтер туралы бас келісімге (ГАТТ) қол қойды. Ол баждарды қысқарту және сауданы ырықтандыру туралы келіссөздер мен келісімдерді бастап берді. Содан соң жаңа келіссөздер жүргізілді. Олардың соңғы сатысы 1995 жылы ГАТТ орнына Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) құрылуымен аяқталды. Ол қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерін қамтиды.

Әлемдік сауда-саттықтың қарқынды өсуі соғыстан кейінгі онжылдықтағы экономикалық өсімнің себебі мен салдары болды. Бұл, негізінен, дамыған елдер арасындағы сауданың және индустриалды елдердегі өндірістің ұлттық шеңберден жаһандық нарыққа шығуы арқасында орын алды.

Экономикалық өсімнің тағы бір себебі жаңа техника мен технологиялар болды. Техникада елеулі өзгерістер орын алды, автоматты машина жүйелері қолданыла бастады. Жаңа материалдар жасалып, табиғи шикізат жасанды шикізатпен ауыстырылды. Іргелі ғылыми жаңалықтар негізінде жаңа технологиялар – лазер, плазма және тағы басқалар пайда болды.

Жаңа технологияларды жаппай өндіру, тұтыну және өндірісті ұтымды ұйымдастыру 50–70-жылдардағы индустриалды елдер экономикасының ұзақ уақыт үдемелі дамуына жол ашты. Осы кезеңде ұлттық экономикалардың дамуы өндірістік жаңғыртуға және автоматтандыруға инвесторлардың айтарлықтай өсуімен сипатталды.

Соғыс жылдарындағы экономикалық өрлеудің маңызды факторы мұнай болды. Таяу Шығыста – Парсы шығанағы аймағында, Солтүстік Африкада және Азияда жаңа, ерекше бай және арзан мұнай көздері табылды. Мұнай және арзан шикізаттың арқасында мұнай-химия және өңдеу өнеркәсібі дамыды, индустриалды және дамушы елдерде моторландыру мен механикаландыру жүргізілді.

Сондай-ақ экономиканы сауықтырудың саяси факторын да атап кеткен дұрыс. Өнеркәсіптік елдер маңызды мәселені – мемлекеттік реттеуді және мемлекеттік шығыстарды сақтау немесе экономиканы реттеудің нарықтық тетігінің жағдайына қайтып оралу мәселесін шешуге тура келді.

**«Әлеуметтік мемлекет» саясатының құрылуы.** Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін «әлеуметтік мемлекет» құру бағыты көптеген индустриалды елдер үшін өзекті мәселеге айналды.

«Әлеуметтік мемлекет» – қоғамның мүддесін білдіретін және әлеуметтік теңсіздікті азайтатын демократияландырылған мемлекет.

«Әлеуметтік мемлекеттің» көптеген идеялары негізінде Дж. Кейнстің идеялары жатыр. Кейінс экономиканың дамуын ынталандыру және халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында экономиканың бөлу және тұтыну үрдістеріне мемлекеттің араласу идеясын қолдады.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне мемлекеттің араласуына карамастан, кейіншілік идеялар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана танымал болды. Бұл ұғымның танымал болғандығы соншалық, соғыстан кейінгі кезеңде Батыс Еуропаның көптеген елдерінде экономикалық дағдарыстарды еңсеру, халықты жұмыспен қамту деңгейі мен тұтынушылық сұраныстың деңгейін көтеруге бағытталған реформалар жүргізілді.



### Анықтаңдар!

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Дж. Кейнстің идеялары неліктен қайта танымал болды?

Батыс елдері экономикаға үкімет тарапынан орынды араласу идеясын қолдады. Оның мақсаты экономикалық көрсеткіштерді

тұрақты өсіру болды. Сонымен қатар мемлекет табыс салығын реттеу, жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар мен әлеуметтік қамсыздандыру қорларын анықтауы тиіс еді. Мемлекеттік дамудың бұл үлгісі «әлеуметтік мемлекет» деп аталды.

«Әлеуметтік мемлекет» саясаты 1950 жылдары және 1970 жылдардың бірінші жартысында АҚШ пен Батыс Еуропаның көптеген елдеріне тән болды. Бұл саясаттың негізгі жақтастары социал-демократтар болса да, соғыстан кейін Еуропадағы саяси күштердің басым бөлігі, соның ішінде консерваторлар мен орталық христиандар осы саясатты қолдады.

Дж. Кейнстің идеялары ерекше танымалдылыққа 60–70-жылдары ие болды. Мысалы, оның бәрін бірдей жұмыспен қамту және халықтың жоғары табысы сияқты идеялары Германия, Швеция социал-демократтары және Ұлыбританияның лейбористері жүргізген реформаларға елеулі әсер етті. Нәтижесінде «Әлеуметтік мемлекет» үлгісі Батыстағы әлеуметтік саясаттың басым түріне айналады.

Осылайша 50 және 70-жылдардың алғашқы жартысында Батыс Еуропа, АҚШ және Жапония мемлекеттерінде өмір сүрудің жоғары деңгейіне, жұмыспен толық қамтылуына, табыстардың тұрақтылығына қол жеткізуге бағытталған саясат бекітілді.

**Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі әлемнің индустриалды елдеріндегі әлеуметтік реформалар.** Қоғамдағы тұрақтылық пен өркендеуге қол жеткізуге бағытталған экономикалық идеялардың таралуымен қатар әлеуметтік салада «әлеуметтік мемлекет» тетігі енгізілді. 1960 және 1975 жылдар аралығында Батыс Еуропа елдеріндегі әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалған қаражат көлемі өсті.

Әл-ауқатқа бағытталған қозғалыс шеңберінде тұтас бағдарламаларды жүзеге асыру Ұлыбританияда басталды. 1945 жылы билікке келген лейбористер партиясы ұлттық денсаулық сақтау қызметтерінің ауқымды желісін құрып, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін кеңейтіп, еңбекті қорғау туралы заңдар қабылдады, мемлекеттік арзан тұрғын үй салынды, әлеуметтік жағынан аз қамтылғандарға тегін білім беріліп, медициналық көмек көрсетілді.

Осы кезеңде Францияда (1945–1947 жж.) елдің коалициялық үкіметі жаңа әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құру жоспарын қабылдады. Денсаулық сақтау, білім беру, зейнетақы,



Дж. Кейнс – ағылшын экономисі, экономикалық теориядағы кейнсшілдік бағыттың негізін қалаушы

жұмыссыздық, аз қамтылған азаматтар үшін тұрғын үй саласы бойынша түрлі әлеуметтік бағдарламалар қарастырылды.

Соғыстан кейін Батыс Германия әлеуметтік мемлекетті қалыптастырудағы табысқа қол жеткізді. Күйреген экономиканың жылдам қалпына келуі және неміс «экономикалық кереметі» деп аталатын тұрақты экономикалық өсімі мемлекетке әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға елеулі қаражат бөлуге мүмкіндік берді.

XX ғасырдың ортасында Италия, Швеция, Австрия, Голландия, Дания т.б. индустриалды елдердің парламенттері әлеуметтік қамсыздандыру қажеттілігіне арналған бюджеттік қаражатты айтарлықтай арттырды. Осы елдерде мемлекеттік білім беру, медициналық қызмет көрсету, тұрғын үй құрылысы, зейнетақы мен жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларды арттыруға байланысты жаңа заңдар қабылданды.

Әлеуметтік мемлекет идеялары 1960 жылдары АҚШ-тың ішкі саясатында да көрініс тапты. Президент Л.Джонсон ұсынған «Ұлы қоғамды» құру бағдарламасы медициналық сақтандырудың жаңа жүйесін құру, арзан тұрғын үй салуды, білім беру жүйесін дамытуды, мемлекеттік бюджеттің 40 пайызға дейін шығын бөлігін әлеуметтік қажеттіліктерге бөлуді қарастыратын кедейлікпен күрес шараларын қосты. Бірақ бұл бағдарламаны соңына дейін іске асыруға Вьетнамдағы соғыс кедергі келтірді.

Осылайша «әлеуметтік мемлекеттің» негізгі көрсеткіштері мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік көмек жүйесін, білім беруді, денсаулық сақтау, кедейлік, жұмыссыздық, көпбалалы отбасылар үшін көптеген жеңілдіктер, зейнетақылар мен стипендияларды дамыту болды.

Кейінгі жылдары мемлекеттік бағдарламаларға демографиялық саясат, қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-қимыл қағидағтары, әлеуметтік ауытқулардың алдын алу шаралары, ұлттық мәдениетті қорғау және т.б. туралы толықтырулар енгізілді.

Жұмысшылардың материалдық жағдайының айтарлықтай жақсаруы, тұтастай алғанда, әлеуметтік жағдай мәселелерін толық жоймайды. «Әлеуметтік мемлекет» жолында өте маңызды нәтижелерге қол жеткізілді, бірақ оның өзі түпкілікті жүзеге аспады.

**«Әлеуметтік мемлекеттің» әртүрлі үлгілері.** «Жалпыға ортақ әлеуметтік мемлекетке» қарай жалпы әлемнің қозғалысы көпнұсқалы сипатқа ие. Бұл әртүрлі мәдениетте өзіндік ұлттық модельдерін қалыптастырды. Әрбір елде «әлеуметтік мемлекет» үлгісін құрған

кезде азаматтық қоғамның, ұлттық, тарихи, мәдени, этикалық, діни және өзге де сипаттамалардың мемлекеттік құрылымы мен оның ерекшеліктері маңызды рөл атқарады.

Ұлттық үлгілер қаншалықты алуан түрлі болса да, «әлеуметтік мемлекеттің» үш негізгі үлгісін атап көрсетуге болады. Бұл үлгілер негізгі қағидаттарымен және мемлекеттің экономикалық саясатының нақты мазмұнымен ерекшеленеді.

*Неолибералдық* – Англия, АҚШ, Канада және Аустралияға тән ағылшын-америкалық үлгі. Бұл үлгінің негізі – әлеуметтік мәселелерде өзін-өзі қамтамасыз ету және таңдау еркіндігіне жеке жауапкершілік болу. Бұл үлгіде мемлекет әрбір адамның өз мүмкіндігін көрсетуіне жағдай жасауға тырысады. «Әлеуметтік мемлекет» үлгісінде бірыңғай мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесі жоқ. Мемлекет халықтың ең мұқтаж санаттарына ғана көмектеседі.

*Консервативтік-корпоративтік* немесе *француз-герман үлгісі* Германия, Франция, Италия, Бельгия және Австрияда құрылды. Мұндай үлгі нарықтық заңдарға сәйкес жұмыс істейтін, бірақ нарықтық қатынастарды қолдауда мемлекеттің белсенді қатысуымен жүретін экономикалық жүйе болып табылады. Мемлекет жеке тұлғалардың экономикалық бастамаларына құқықтық және әлеуметтік жағдайлар жасайды.

*Әлеуметтік-демократиялық* немесе скандинавиялық үлгі Швеция, Финляндия, Дания және Норвегияда дамыды. Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандырудың бұл үлгісі қарама-қарсы полюсте орналасқан, өйткені мемлекет барлық азаматқа кепілдіктердің, жеңілдіктер мен әлеуметтік қолдаудың кең ауқымын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті толық өзіне алады, кәсіпкерлік кірістер мен табыс салығына жоғары салық мөлшерін белгілейді, әлеуметтік қызметтер саласын кеңінен қаржыландырады.

Әлеуметтік-тұрмыстық реттеу саласындағы осындай мемлекеттік саясаттың нәтижесінде барлық азаматтың бірыңғай денсаулық сақтау, білім беру және зейнетақы жүйесі шеңберінде лайықты өмір сүруіне тең құқықтары болды. Демек, әлеуметтік теңсіздік мәселелері өткір болмады. Соған қарамастан, әлеуметтік реттеудің скандинавиялық үлгісі кеңінен қолданылған жоқ. Өйткені кәсіпкерлікке жоғары салықтармен қысым жасауы кері әсерін тигізді.

Осылайша ХХ ғасырдың 50-жылдары мен 70-жылдардың бірінші жартысында жетекші индустриалды мемлекеттерде қоғамның жана түрі – мемлекеттің иегілігі қалыптасты. Оған өмір сүрудің жоғары деңгейі, әлеуметтік қамтамасыз ету, негізгі демократиялық қағидаттарды ұстану тән болды.

**Білімдеріңді тексеріңдер**

1. «Мемлекеттің ішкі және сыртқы алғышарттарын атаңдар.
2. Экономикаға мемлекеттің саналы араласу идеясы нені білдіреді?
3. Индустриалды әлем елдерінде қандай әлеуметтік бағдарламалар жүргізілді?
4. АҚШ-тағы әлеуметтік бағдарламалардың Батыс Еуропаның көптеген елдерінің әлеуметтік бағдарламаларынан қандай ерекшелігі болды?

## § 11. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ КСРО-дағы ӘМІРШІЛ-ӘКІМШІЛ ЖҮЙЕНІҢ НЫҒАЮЫ. «ХРУЩЕВ ЖЫЛЫМЫҒЫ»

**Бұл сабақта:**

- соғыстан кейінгі Кеңес Одағының жағдайы;
- КСРО-дағы әміршіл-әкімшіл жүйенің нығаюы;
- «Хрущев жылымығы» мәселелері туралы білеміз.

**Тірек сөздер:**

«Хрущев жылымығы», қатаң орталықтандыру, басшылықтың әкімшіл-әміршіл жүйесі, десталинизация

**Ойланыңдар!**

Кеңес Одағы үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесі қандай болды?

**Соғыстан кейінгі Кеңес Одағы.** Соғыстың аяқталуы және жеңістің алғашқы айларындағы шаттық саяси режимнің либералдануына деген үміт тудырды. Бірақ 1946–1948 жылдары 30-жылдардағы қатаң саяси әдістерге қайта оралатыны анық болды. Мемлекеттік меншікті ұрлағаны үшін, мәліметтерді жасырғаны және мемлекеттік құпияларды жариялағандығы үшін 25 жылға дейін соттауды қарастыратын қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Министрліктер мен ведомстволарда кеңестік жұмысшылардың теріс қылықтарымен күресу үшін қоғамдық жазалаушы органдар – ар соттары құрылды. КСРО-ға кері қайтарылған бұрынғы әскери тұтқындар мен Германияға күштеп алып кеткен бейбіт тұрғындарды қуғын-сүргінге ұшыратты.

Бейбіт өмірге қайта оралған адамдар соғыс аяқталғаннан кейін, елде өзгерістер болатынына сенді. Жұмысшылар соғысқа дейінгі қатаң заңдардың жойылуын күтті.

Соғыстан кейін Кеңес Одағының шегаралық аумағы өзгеріске ұшырады. Гитлерге қарсы коалиция бойынша одақтастардың



келісім імен Оңтүстік Сахалин мен Курил аралдары Кеңес Одағына өтті. КСРО мен Финляндия арасындағы келісімшартқа сәйкес, солтүстік-батыс шегарадағы Печенг аймағы Кеңес Одағына берілді. Потсдам Конференциясының шешімі бойынша КСРО құрамына Шығыс Пруссия жері қосылды. Пруссияның әкімшілік орталығы Кенингсберг 1946 жылы Калининград болып өзгертілді.

Алынған аумақтар тиісті халықаралық-құқықтық құжаттармен бекітілді.

### Ойланыңдар!

Картадан Кеңес Одағына кірген аймақтарды көрсетіңдер.

**КСРО-дағы әміршіл-әкімшіл жүйенің нығаюы.** КСРО-ның фашизмді жеңудегі шешуші рөлі Сталиннің есімімен байланысты насихатталды. Нәтижесінде оның халықаралық беделі артып, қоғам өміріне қатаң бақылауды қайта орнатты. Сталин партиялық-мемлекеттік қызметтегі орнына қарамастан, жаңаша ойлайтын адамды қудалау науқанын бастады. Партия, экономика және әскери мамандар ұрпақтары жөнсіз қуғын-сүргінге ұшырады. Генетика, кибернетика салаларын жалған, шындыққа жанаспайды деп есептеді. Экономика саласында *қатаң орталықтандыру, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі* сақталды.

### Ойланыңдар!

Әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі дегеніміз не?

1952 жылдың қазан айында Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партия (ВК(б)П) Кеңестер Одағының Коммунистік партиясына (КОКП) өзгеріп, партияның XIX съезі өтті. 1946 жылы Халық комиссариаттары қайта құрылып, министрліктер деп аталды. КСРО Жоғарғы Кеңесі өз жұмысын қайта жандандырды. Кәсіподақтар, комсомол, бірқатар қоғамдық ұйымдардың съездері өтті. Бұл үлкен іс-шара болды, өйткені партия съездері 13 жыл бойы шақырылмаған еді. Бірақ жекебасқа табынушылық өзінің шарықтау шегіне жеткендіктен, шешім қабылдау бұрынғыша, Сталиннің құзыретінде қала берді.



Соғыстан кейінгі КСРО-ны қалпына келтіру

**«Хрущев жылымығы».** 1953 жылы 5 наурызда Сталин қайтыс болды. Сталиннің қазасынан кейін КСРО басшылығына Хрущев келді.

Сталиннің жекебасқа табынушылығын айыптап, қалпына келтіру жұмыстары біртіндеп жүргізілді. Сталин және оның айналасындағылардың қылмыстарын әшкерелеген, басқарудың диктаторлық әдісін сынға алған, қуғын-сүргінге ұшырағандарды жаппай ақтауды қарастырған КОКП-ның XX съезі (1956 ж., ақпан) ел тарихындағы маңызды бетбұрыс болды. Съезд сонымен қатар партияның идеологиялық тұжырымдамасына өзгеріс енгізді. Пролетариат диктатурасы идеясынан бас тартып, жалпыхалықтық мемлекет тұжырымы жарияланды. Өткен онжылдықтағы саяси және экономикалық сәтсіздіктер Сталиннің жекебасына табынушылықпен байланыстырылды. Н.С.Хрущев осы құбылысқа байланысты төрт мәселені атап өтті:

- занның бұзылуы және жаппай қуғын-сүргін;
- Ұлы Отан соғысы кезіндегі Сталиннің қателіктері мен жеке шешімдері;
- партиялық басқарудың ұжымдық қағидаттарының бұзылуы;
- партия мен мемлекет тарихында өз рөлін жоғарылатуға бағыттаған Сталиннің әрекеті.

Н.Хрущев есептік баяндамасында Ішкі Істер Халық Комиссариаты органдарының (ІІХК) әрекеттерін әшкереледі. Онда айып-



Н.С.Хрущев КПСС-тің XX съезінде (1956 ж., ақпан)

талушыларды азаптау, олардың тізім бойынша атылуы, жалған «мойындау» құжаттарын дайындау сияқты зорлық-зомбылықтарын айыптады.

### Ойланыңдар!

Н. Хрущевтың Сталинге қарсы сөзін немен түсіндіруге болады?

XX съезден бастап 1930–1950 жылдардың басында қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау істері біртіндеп барлық жерде жалғасты. Жазықсыз деп танылған миллиондаған адам лагерьлер мен қуғын-сүргіннен босатылды. Сталиннің кезінде зардап шеккен барлық халықтың құқықтары қалпына келтірілді. 1957 жылы ақпанда соғыс кезінде таратылған балқар, шешен, ингуш, қалмақ және қарашай халықтарының ұлттық автономиялары қайтарылды. РСФСР құрамындағы Шешен-Ингуш, Қалмақ (1958 ж. бастап), Кабардин-Балқар, Қарашай-Черкес АКСР-лері қалпына келтірілді.

Алайда сталиндік дәуірде зардап шеккен кейбір халықтар ресми ақталған жоқ. Мәселен, Еділ бойындағы немістер, қырым татарлары, мекхетин түріктерінің құқықтары қайтарылмады.

Қуғын-сүргіннің зардабын Хрущев тек Сталинге артты. Ол Сталиннің жақын жақтастарын, оның серіктестерін жауапкершіліктен босатты, өйткені өзі де солардың қатарында болған еді.

XX съезд елдегі саяси жағдайды түбегейлі өзгертті. Оның ықпалымен қоғамдық сананың барлық деңгейінде (тарихи идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік) өзгерістер орын алды. Жекебасқа табынушылықтан құтылу әлеуметтік көзқарастың дамуына, қасаң қағидаттардан арылуға әсер етті. Сын аймағы кеңейді. «Хрущев жылымығының» әсерінен әлеуметтік жаңғырудың басы ретінде жекебасқа табынумен күресуші адамдар буыны – алпысыншы жылғылар қалыптасты. Ауылшаруашылық мәселелерін шешу, астық өндірісін ұлғайту үшін елде тың және тыңайған жерлерді игеру басталды.

### Ойланыңдар!

Жекебасқа табынушылықтан бас тарту дегеніміз не?

Социалистік жүйе орнаған мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар Достық және ынтымақтастық туралы шарт негізінде жүзеге асты. 1949 жылдан бері КСРО, Болгария, Венгрия, Румыния, Польша және Чехословакия, сондай-ақ басқа да бірқатар елдердің экономикалық қатынастары Экономикалық өзара көмек жөніндегі кеңес (ЭӨК) тарапынан үйлестірілді.

Австриямен мемлекеттік келісімге қол қою басты жетістікке айналды. 1955 жылдың мамырында КСРО басқа да ұлы державалармен бірге тәуелсіз, демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы шартқа қол қойды. Халықаралық қатынастардағы «жылымық» шынайы болды және көптеген елдердің бір-біріне сенімді қарауына мүмкіндік берді.

### Ойланыңдар!

Халықаралық қатынастардағы «жылымық» қалай көрініс тапты?

Никита Хрущевтің (1953–1964) билігі кезінде ғарышты игеру басталды: Жердің алғашқы жасанды серігі ұшырылды (1957), ғарышқа алғаш рет Юрий Гагарин (1961), тұңғыш әйел ғарышкер В.В. Терешкова ұшты (1963). Алғашқы ядролық электрстансысы, «Ленин» атындағы атомды мұзжарғышы, реактивті жолаушы ұшағы, автоматтандырылған өндірістік нысандар пайда болды, ғылыми-техникалық прогресс жеделдей түсті. Ондаған миллион

гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Батыс Сібірде мұнай мен газдың үлкен қоры ашылды.

1953–1964 жылдардағы саясаттың негізгі жетістіктерінің бірі – зейнетақымен қамтамасыз ету, тұрғындардың табысын көтеру, тұрғын үй мәселесін шешу, бескүндік жұмыс апталығын енгізу сияқты әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру болды. «Хрущев жылымығы» кезеңі Кеңес мемлекетінің тарихында қиын кезең болды. Қысқа мерзімде (10 ж.) көптеген өзгерістер мен инновациялар енгізілді. Ең маңызды жетістік – сталиндік жүйенің қылмыстары, тоталитаризмнің салдары әшкереленді.

«Хрущев жылымығы» саясаты үстірт сипат алып, тоталитарлық жүйеге толық әсер етпеді. Маркстік-лениндік идеяларын ұстанған бірпартиялы жүйе үстемдік құрды. Н.С.Хрущев толықтай жекебасқа табынудан бас тартқан жоқ. Себебі бұл өз қылмысын мойындауды білдіретін еді. 1964 жылы Хрущевқа қарсылық күшейді, осы кезеңнен бастап Кеңес Одағының тарихында жаңа дәуір басталды.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Кеңес Одағының шегаралары қалай өзгерді?
2. Қалай ойнайсындар, әміршіл-әкімшіл жүйенің нығаюы қалай жүрді?
3. КОКП XX съезінің саяси маңыздылығы неде?
4. Хрущевтың «Сталинге табынуды» әшкерелеудегі рөлі қандай?
5. 1950 жылдары КСРО-ның сыртқы саясаты қандай болды?
6. Ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуін қандай оқиғалар көрсетеді?

**Пікірталас.** «Хрущев жылымығы» саясаты үстірт сипатта болған деген пікірмен келісесің бе?

## § 12. КЕҢЕС ЭКОНОМИКАСЫН РЕФОРМАЛАУ СӘТСІЗДІГІНІҢ СЕБЕПТЕРІ. ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ (1960 Ж. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – 1980 Ж. АЯҒЫ)

**Хрущев саясатының дағдарысы.** 1962–1964 жылдары қиын жағдай орын алды. Қалалардағы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету нашарлады. 50-жылдардың аяғынан бастап бағаларға тоқтау салынды. Мемлекеттік сатып алу бағасы бөлшек сауда бағасынан асып түсе бастады. Мемлекет малшаруашылығы өнімдеріне қойылатын бөлшек сауда бағасын ұстап тұру үшін ауылшаруашылығына арнайы демеуқаржы

### Бұл сабақта:

- Хрущев саясатының дағдарысы;
- Хрущевтың орнынан алынуы;
- тоқырау кезеңінің мәні және қорытындылары жайлы білеміз.

**Тірек сөздер:**

тоқырау кезеңі,  
бесжылдық,  
мемлекеттік жоспар,  
Мемлекеттік қауіпсіздік  
комитеті (МҚК), бюджет  
тапшылығы

бөлуге мәжбүр болды. 1962 жылы мемлекет майдың, еттің және басқа азық-түліктің бөлшек сауда бағасын көтерді. Бұл еңбекшілердің қалың бұқарасының наразылығын тудырды.

1963 жылдың күзінде жана дағдарыс туындады. Хрущев басшылығының он жылдығы қарсаңында дүкендерден нан табу қиынға айналды. Мәскеуден басқа барлық

қалаларда нан болған жоқ. Жер өңдеудің қате технологиясының нәтижесінде тың игерілген жерлерден астық жинау күрт төмендеді. 1963 жылы қатты дауылдар жердің құнарлы қабатын егілген дәнімен бірге ұшырып әкетті. Тың игеру мардымды нәтиже бермеді. Нан тапшылығын жою үшін астықты шетелдерден жедел сатып алуға тура келді.

Бағаның көтерілуі, жана тапшылықтардың пайда болуы тұтастай ел экономикасындағы дағдарыстық құбылыстардың артқанын көрсетті. Өнеркәсіптегі даму байқалғанымен, 3-4 жылдан кейін оның өсу қарқыны баяулай бастады. Келіспеушілік, шаруашылық байланыстарының бұзылу құбылыстары артты. Техникалық прогресс төмендеді. Кеңестік халықшаруашылығының кейбір жағымсыз жақтары да анықтала бастады. Өкілдер мен облыстардағы партия басшылығы өз облыстарын дербес аймақтарға айналдыруға ұмтылды. Бұл олар үшін беделді де тиімді болды. Аудан кәсіпорындарынан түскен пайданың бір бөлігі облыста қала берді. Совнархоздардың саны жедел өсіп, әкімшілік аппаратты ұстауға жұмсалатын шығын артты.

**Ойланыңдар!**

Хрущев саясатының дағдарысы нені білдірді?

Мемлекеттік жоспарлау органының басшылары Хрущевқа Мәскеуден арнайы органдар құруды ұсынды. КОКП ОК қараша пленумы (1962) халықшаруашылығын басқаруды өзгерту бойынша маңызды шешімдер қабылдады. Бірыңғай техникалық саясат жүргізу мақсатында Мәскеуде салалық мемлекеттік комитеттер құрылды. Оларға тәжірибелік базалары бар жетекші ғылыми, жобалау және конструкторлық институттар, зауыттардың конструкторлық бюролары берілді. Оларға жаңа техника енгізу

жауапкершілігі жүктелді. Пайда болған мемлекеттік комитеттер өз ықпалдарын кеңейтіп, совнархоздарды тонаушылыққа ұшыратты және барған сайын олардың ондаған жаңа «тәжірибелік базалары мен өндірістерін» тартып ала бастады. Осылайша өнеркәсіпті басқаруда «кос билік» құрылды. Жаңа министрліктер пайда болды. Мемлекеттік комитеттер жергілікті совнархоздарға карағанда ОК-нің салалық бөлімдеріне жақын болды. Сондықтан мемлекеттік комитеттерге жақсы жағдай жасалды: совнархоздар жоспарға, ал мемлекеттік комитеттер технологиялардың енгізілуі үшін ғана жауап берді. Осылайша экономикалық билік комитеттерге жедел ауыса бастады. 1963 жылы наурызда «өнеркәсіпті және құрылысты басқаруды одан әрі жетілдіру мақсатында» КСРО Халықшаруашылығының Жоғары Кеңесі құрылды. Бұл төрешіл басқарма КСРО Халықшаруашылығы Кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Мемлекеттік құрылыс және ғылыми зерттеу жұмыстарын үйлестіру мемлекеттік комитетінің үстінен қарау үшін құрылды. Хрущев пен оның айналасындағылар сталиндік үлгідегі орталықтандырылған төрешілдік әкімшіл-әміршіл жүйені қайта құруға тырысты.

### Ойланыңдар!

Халықшаруашылығын басқарудағы өзгерістер қаншалықты тиімді болды?

КОКП ОК қараша пленумы (1962) бүкіл халықшаруашылығын партиялық басқаруды қайта ұйымдастырудың неғұрлым ауқымды бағдарламасын ұсынды. Әр облыстың партия ұйымы өнеркәсіптік және ауылшаруашылықтық болып бөлінді. «Ауылшаруашылық өндірісін басқару» жөніндегі өлкелік және облыстық комитеттер құрылды. Мемлекеттік басқару органдары партиялық басқаруға толық ауыстырылды. Облыстық комитеттерден кейін кеңестік, комсомолдық және кәсіподақ ұйымдары тұрады. Бұған жариялықтың, сынның болмауын және экономиканы реформалаудың мұндай әдістеріне келіспеген коммунистерді қудалауды қосуға болады.

**Н.С.Хрущевтың отставкаға кетуі.** Н.С.Хрущевтың халық арасында беделден айырылуы, еңбекшілер деңгейінде елеулі өзгерістердің жоқтығы, аппараттың жөнсіз ұлғайтылуы мен партия басшы-

лығының ішкі шиеленісінің салдары оның орнынан алынуына себеп болды.

Реформалауға жасалған барлық ұмтылыстар еңбекшілердің кең қоғамдық жігінің қатысуынсыз жоғарыдан аппараттық әдістермен жүргізілді.

Хрущевтың биліктен кетуге тиістігі белгілі болды, бірақ ол оны түсінбеді. 1964 жылы ол Конституцияның жаңа жобасын дайындауға тапсырма берді. Баспасөзде жаңа экономикалық әдістер, еңбекшілердің мүдделілігін күшейту, кәсіпорындарға дербестік беру, совнархоздарды ірілендіру сияқты пікірталас белең алды.

Бірақ барлық жерде оған деген сенім жоғалған еді. Н.С.Хрущев жалғыз қалды және орнынан алынды.

### Ойланыңдар!

Халықтың Н.С.Хрущевқа деген сенімі неге жоғалды?

**Реформа жасауға ұмтылыспен әкімшіл-әміршіл жүйе дағдарысы.** Н.С.Хрущев орнынан алынғаннан кейін ел басшылығына Л.И.Брежнев келді. Экономика саласында реформалардың қажеттілігі туындаған еді. Бірақ олардың жүзеге асырылуы әкімшіл-әміршіл жүйенің ықпалымен жүрді. Өнеркәсіпті басқарудың совнархоздық жүйесі таратылды. Министрліктер құрыла бастады.

1965 жылғы қыркүйекте «Косыгин реформасы» атанған экономикалық реформаны бастау туралы шешім қабылданды.

Реформаның мәні: жоспарлы көрсеткіштерді қысқарту; кәсіпорындарда материалдық ынталандыру қорларын құру; кәсіпорындар өндірістік қорларды пайдаланудан түсетін пайдаға тәуелсіз болатын тұрлаулы төлем енгізу, яғни өнеркәсіпке алдын ала салық енгізу; өнеркәсіптік құрылысты қайтарымсыз дотация беру арқылы емес, несиелер беру жолымен қаржыландыру; жоспарларды кәсіпорындардың келісімінсіз өзгертуге жол бермеу болды.

Нәтижесінде экономикалық өсім жеделдеді. Реформа жүргізу уақытына сәйкес келген сегізінші бесжылдықта бірқатар аса маңызды экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Алайда реформаларды жүзеге асыру барысында-ақ түзетулер, өңдеулер, толықтырулар басталды. Нәтижесінде 70-жылдардың басына қарай оның мәні бұрмаланып, іс жүзінде әрекет етуін тоқтатты.

Саяси саладағы демократияландыру үдерісін тұқырта отырып реформа жүргізу әрекеті сәтсіз болып шықты. Бұның негізгі



себебі 1965 жылғы реформа болды. Партиялық-шаруашылық аппаратының негізгі бөлігі сталиндік дәуірде қалыптасқанын да ескеру қажет. Реформаның өзінің кемшіліктері де әсер етті. Оның дәйексіздігі көптеген кәсіпорындар мен салалардың жоспарларды сөз жүзінде ғана асыра орындауына алып келді. 70-жылдардың басында реформаны тоқтатудың аса ауыртпалығы болған жоқ. Батыс Сібірдегі мұнай көздерін игеру оның шетелдерге елеулі экспортын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Мұнай қаржысының құйылуы экономикалық дамудағы жағымсыз салдарды тоқтатты. Жоспарлау, ынталандыру және басқару механизмдерін жақсарту әрекеттері табысты іске аспады. Жоғарыдан нұсқау беру арқылы басқару қағидаты өзгеріссіз қалып, тек ішінара ғана өзгерістер жүргізілді. Өндірісті одан әрі шоғырландыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылды, өнеркәсіптік – агроөнеркәсіптік, сауда-өнеркәсіптік, ғылыми-өндірістік бірлестіктер құрылды. Осылармен қатар аумақтық-өндірістік кешендер құру және экономиканың жекелеген салаларын үдемелі дамыту көзделді. 70-жылдардың ортасында КСРО-да аса ірі 15 халықшаруашылығы бағдарламасымен, соның ішінде РСФКР қаратопырақтық емес аймағында ауылшаруашылығын дамыту, Батыс-Сібір аумақтық-өндірістік кешенін құру, Байкал-Амур магистралін (БАМ) салу және т.б. бағдарламалармен жұмыс жүргізілді.

Алайда бұл міндеттер, негізінен, экстенсивтік әдістермен шешілді. Министрліктер қолда бар жабдықтарды барынша толық пайдалану міндеттерін шешудің орнына, жаңа кәсіпорындардың құрылысын дамытты.

Жұмыс істеп тұрған жүйе жетекшілік пен атқарудың барлық кезеңінде бастамаларды қабылдамады. Еңбек ұжымдары жаңа техника мен технологиялар енгізуге мүдделі болмады. Сондықтан мүлде жаңа өнімдерді қолданысқа енгізу ондаған жылдарға созылды. 80-жылдардың басына қарай кәсіпорындардың 15 пайызы ғана автоматтандырылды.

1960 жылдардың ортасында билікке Л.И.Брежневтің келуі және 1980 жылдың басындағы қайта құрудың басталуы арасындағы кезең тарихқа «тоқырау кезеңі» атауымен кірді.

### **Есте сақтаңдар!**

**Тоқырау кезеңі** – өмірдің барлық салаларының салыстырмалы тұрақтылығымен, айтарлықтай саяси және экономикалық күйзелістердің болмауымен және азаматтардың әл-ауқатының артуымен сипатталатын Кеңес Одағының дамуындағы кезең.



БАМ-ның құрылысы, 1975 ж.

Осылайша, бір жағынан, КСРО сол кезде өзінің ең өркендеу кезеңіне жетті, азаматтарға тұрақтылықты қамтамасыз етті және әлемдік державалар қатарына кірді. Ал, екінші жағынан, болашақтағы – қайта құру кезеңіндегі елдің экономикалық дамуына жақсы іргетас қалай алмады.

**Саяси режимнің тұрақтануы.** Іс жүзінде тоқырау кезеңіндегі 20 жыл ішінде әкімшілік-басқару аппаратында өзгерістер болған жоқ. Бұл Хрущев кезеңінде реформалар мен партиядағы орын ауыстырулардың өте жиі болуының салдарынан еді. Сондықтан Брежнев белгілеген тұрақтылық бағыты, шын мәнінде, қуанышпен қабылданды. Нәтижесінде, елдің саяси құрылымын қайта ұйымдастыру жүргізілмеуімен қоймай, партиядағы барлық дерлік лауазымдар өмірлік лауазымдарға айналды. Бұл ел басшыларының орташа жасының 60–70 жас болуына әкеп соқтырды. Сол үшін КСРО-ны ең кәрі басшылары бар ел деп атады. Бұл жағдайда партия өмірдің барлық салаларына бақылауын күшейтті, көптеген мемлекеттік кәсіпорындар, тіпті ең ұсақ дегендерінің өзі партияның шешіміне толығымен бағынды. Сол кезеңде МҚК-нің сыртқы және ішкі саяси рөлі артты.

**Әскери өнеркәсіптің маңыздылығының артуы.** Тоқырау кезеңінде КСРО АҚШ-пен «қырғиқабақ соғыс» жағдайында тұрды,

сондықтан өзінің әскери қуатын арттыру аса маңызды болды. Әскери кәсіпорындардың саны күрт өсті, қару-жарақ, соның ішінде ядролық және зымырандық қару аса көп мөлшерде жасалды. Жана әскери жүйелер әзірленді, өнеркәсіп қайтадан, соғыс жылдарындағы сияқты, әскери салаға бағытталды.

Экономиканың дамуы және аграрлық сектордың төмендеуі байқалды. Экономика дамуын толық тоқтатты және жедел реформаларды қажет етті. Халықшаруашылығы жақсы жағдайда болмады, – бұл студенттерді өнім жинауға апару, «картопқа аттану» деген атпен баршаға белгілі аграрлық реформамен байланысты болды. Бұл шаруаларды жұмысынан айырды, оның сыртында өнім жинау кезіндегі бүлінген өнімнің пайызы үздіксіз артты. Көптеген колхоздар мен совхоздар шығынға батып, халық біртіндеп ірі қалаларға көше бастады. Ал елде азық-түлік тапшылығы арта түсті. Мұндай жағдай әсіресе КСРО-ның Украина, Қазақстан сияқты ауылшаруашылықпен және өндіруші өнеркәсіппен айналысатын өңірлерінде орын алды.

**Әлеуметтік өмір.** Жағымсыз құбылыстарға карамастан, азаматтардың әл-ауқатының артуы жалғасты. Қала тұрғындары өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту мүмкіндігіне ие болды, жақсы автомобиль және басқа да сапалы әрі қымбат заттар сатып алатын мүмкіндікке жетті. Сонымен бірге кедейлердің де саны өсті, алайда азық-түлік өнімдеріне бағаның төмендігінің арқасында бұл аса байқалмады. Ең бастысы, қарапайым азаматтың өмірі жайлы, қамсыз және тұрақты болды. КСРО тұрғындары жарқын болашаққа және ертеңгі күнге толық сенімді болды, өйткені бүкіл 20 жыл бойында мұнаймен қамтамасыз етілген экономика, соғыстан кейінгі жылдармен салыстырғанда, жақсы өмір сүру деңгейін ұстап тұрды.

1968 жылы Чехословакияға әскердің енгізілуі «жылымық» кезеңінің аяқталуына әкелді.

Бұл жағдайда зиялы қауым арасында идеологияға қарсы қозғалыс туындады және әрекетке көшті. Брежневтің өзі КСРО-дағы құқық қорғау қозғалысының белсенділеріне қарсы бағытталған жазалау шараларын мақұлдап отырды. Бірақ идеологияға қарсы қозғалыстың да, саяси жазалаулардың да ауқымы үлкен болған жоқ.

**Сыртқы саясат.** Сыртқы саясат саласында Брежнев 1970 жылдардағы саяси шиеленістерді бәсеңдетуге қол жеткізу үшін көп күш жұмсады. *Стратегиялық шабуылдау қаруын шектеу туралы Америка-кеңес шарттары* жасалды, алайда олар сенім мен бақылаудың сәйкес шараларымен бекітілмеді. Кеңес әскерлерінің

Ауғанстанға енгізілуіне (1979) байланысты шиеленісті бәсеңдету ісі тоқтатылды.

1985–1986 жылдары кенестік-америкалық қатынастарды жақсартуға жекелеген ұмтылыстар жасалды, алайда бақталастық саясаттан түпкілікті бас тарту 1990 жылы ғана болды.

Брежнев КСРО-дан тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатты жүргізуге тырысқан социалистік елдерге әскер кіргізуге дейінгі қорқыту шараларын қолданатын «шектеулі егемендік» доктринасын ұстанды. 1968 жылы Брежнев Варшава Шартына мүше елдердің әскерін Чехословакияға кіргізуіне («Дунай» операциясы) келісім берді. 1980 жылы Польшаға әскери интервенция дайындалды.

**Тоқырау кезеңінің мәні және қорытындылары.** Осы жылдары елдегі жағдай өте орнықты және тұрақты болғанына қарамастан, экономикада КСРО-ның одан арғы өмір сүруіне соққы болып тиетін үдерістер жүрді. Мұнай бағасының құлдырауына байланысты тоқырау құбылыстары анық көрінді және тұрақтылық кезеңінде экономика артта қалып, оны мемлекет өз күшімен ғана ұстап тұра алмайтындай болды. Мұндай құбылыстар қайта құру кезеңінде ауыр күйзеліске соқтырды.

#### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XX ғасырдың 60-жылдарындағы экономикалық дағдарысты немен түсіндіруге болады?
2. Орныққан жағдайдан шығу үшін қандай реформалар қабылданды? Талқылаңдар.
3. Хрущев саясатының негізгі ерекшеліктерін атаңдар.
4. Н.Хрущев қызметіндегі қателіктер мен кемшіліктер қандай болды? Талқылаңдар.
5. Н.Хрущев өмірбаянын құрастырыңдар.
6. «Тоқырау» ұғымының екі – оң және теріс жақтарын түсіндіріңдер.

## ЕКІ ПОЛЮСТІ ӘЛЕМНЕН КӨППОЛЮСТІ ӘЛЕМГЕ БАҒЫТ АЛУ ҮДЕРІСІ

### §13. 1979–1985 ЖЫЛДАРДАҒЫ «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫСТЫҢ» НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

1970–1980 жылдардағы «қырғиқабақ соғыстың» негізгі оқиғалары. 70-жылдардың соңында КСРО мен АҚШ арасындағы қатынастарда қайтадан текетірес орын алды. Мұндай халықаралық іс-шаралардың себептері әртүрлі болды. Дамыған индустриалды елдер мен дамып келе жатқан елдердің үлкен тобы арасында қарым-қатынастар шиеленісе түсті. Дамушы мемлекеттер жана халықаралық экономикалық тәртіпті орнату идеясын алға қойып, әлемдік шаруашылықтағы рөлі мен орнын өзгертуді талап ете бастады.

Әлемде революциялық жаңару үдерісі жалғасты. 1975 жылы бұрынғы Португалия отарлары Ангола мен Мозамбикте революциялық үкіметтердің құрылуы, 1974 жылғы Эфиопиядағы революция, 1978 жылғы Ауғанстандағы төңкеріс, 1979 жылғы Никарагуадағы Сомоса режимін құлату, сол жылы болған Ирандағы шахқа қарсы революция тәрізді оқиғалар Құрама Штаттардың билеуші топтары тарапынан жеңіліс ретінде қабылданды.

70–80-жылдар шегінде халықаралық қатынастардың тайталастыққа бетбұрысына Кеңес Одағының бірқатар сыртқы саяси істері себепші болды. Ол әрекеттер ЕЫҚК Қорытынды актілерінің ережелеріне қайшы келіп, мемлекеттер арасындағы орнықты қарым-қатынастарды бұзды. 1979 жылдың желтоқсан айында Ауғанстанға кеңестік әскерді енгізу әлемдік қоғамдық пікірдің ашу-ызасын тудырды. КСРО-ның өзінде «тоқырау» кезеңінде экономикалық жағдай нашарлай түскен болатын.

#### Бұл сабақта:

- 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басындағы «қырғиқабақ соғыстың» негізгі оқиғаларын, Саманта Смиттің КСРО-ға келуін;
- КСРО-ның жаңа саяси тұжырымдамасын;
- кеңестік-америкалық қару-жарақты шектеу жөніндегі келіссөздердің сатыларын, «қырғиқабақ соғыстың» аяқталу үдерісін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер:

тайталас, жаңа саяси ойлау, ОҚЗ және ШҚЗ, «барқыт революциялар», ЕЫҚК



Кенес әскерлерін Ауғанстанға енгізу

КСРО басшылығы кейбір Үшінші әлем елдеріне әскери көмек көрсетуді жалғастырды, әскери бағдарламаларды дамытуды жеделдете отырып, ВШҰ елдерінде жана кенестік орташа қашықтықтағы зымырандарды орналастыра бастады.

1979 жылы, НАТО шешімі бойынша, кенестік зымырандарға қарсы Батыс Еуропада америкалық орташа қашықтықтағы зымырандар орналастырылады.

1981 жылдың қаңтар айында АҚШ әкімшілігіне Р.Рейганның келуімен КСРО-ға қатысты АҚШ саяси бағдары күрт қатандатылды. АҚШ мүддесі үшін ғаламшардың барлық дерлік жерлері аса маңызды аймақтар ретінде белгіленді. АҚШ, 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында, Иран, Ливан, Ливия, Никарагуа, Сальвадор, Гренада және басқа елдердің істеріне араласты.

Р.Рейганның жанталаса қарулану туралы ірі ауқымды бағдарламасы қабылданды, зымырандардың жана түрлерінің өндірісі жолға қойылды.

1983 жылдың наурызында АҚШ президенті Р.Рейган стратегиялық қорғаныс бастамасын (СКБ) ұсынды. «Жұлдызды соғыс» бағдарламасын жүзеге асыру ядролық соғысқа жол бермеу туралы барлық келісімдер жүйесін бұзуды білдірген болар еді.

Кеңес басшылығы қатаң әскери шаралар қабылдады. Ол ГДР аумағында және Чехословакияда ұзақ қашықтықтағы зымырандарды орналастыра бастады. Кеңес-америкалық қатынастары сенімсіздік пен өшпенділіктің артуына алып келді.

1980 жылдардың бірінші жартысында КСРО мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастың қайшылыққа қайта оралу себептерінің бірі – екеуінің де өзгеріп отырған халықаралық жағдайды бағалай алмай отырғандығына байланысты деп түсіндірілді. Олар екі жүйенің өзара қатынасын бақталастық ретінде қарады. Іс жүзінде, халықаралық өмірде олар өзара байланыста өрбіді.

Осылайша 70-жылдардың соңында және 80-жылдардың басында әлемде әскери-стратегиялық жағдай шиеленісе түсті.

70–80-жылдар аралығында АҚШ пен КСРО арасындағы қарым-қатынастың салқындауы халықаралық қатынастарға да кері әсерін тигізді. Қактығыстарды реттеу және карусыздандыру мәселелерімен байланысты бірқатар мәселелер шешілмеді. Жанталаса қарулану артып, адамзатқа үлкен қауіп төндіре бастады.

**КСРО-ға Саманта Смиттің келуі.** Елдер арасындағы түсініспеушілікті сейілтіп, «қырғиқабақ соғыстың» бәсеңдеуіне себепкер болғандардың бірі 10 жасар америкалық оқушы Саманта Смит болды. Ол 1982 жылы КСРО жетекшісі Юрий Андроповқа хат жазғаннан кейін бүкіл әлемге танымал болды. Хатта ол Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасында ядролық соғыстың басталуы мүмкін екендігіне өз аландаушылығын айтты.

Оның хаты 1983 жылы 19 сәуірде «Правда» газетінде жарияланды. 26 сәуірде Саманта өз хатына Ю.Андроповтан жауап алды. Онда Ю.Андропов КСРО-ның пиғылы дұрыс екендігін түсіндіріп, КСРО-ның соғысқа дайындалып жатпағандығына көз жеткізу үшін оны елге шақырды.

1983 жылдың шілдесінде Саманта Смит ата-анасымен бірге КСРО-ға келіп, 2 апта бойы мұражайларды, Мәскеу және Ленинградтың көрнекті орындарын, Қырымдағы «Артек» пионер лагерін көреді. Саманта Смит өзінің батыл әрекетімен адамдардың назарын Жердегі бейбітшілікті сақтау мәселесіне



Америкалық мектеп оқушысы Саманта Смит «Артек» пионер лагерінде. 1983 ж.

аударды. Оның сапарынан кейін «бала дипломатиясы» деген жана ұғым пайда болды.

### Ойланыңдар!

Неге Саманта Смиттің КСРО-ға келуі «балалар дипломатиясының» пайда болуына алып келді?

1986 жылы «Балалар – бейбітшілік қолдаушылары» ұйымының шақыруымен кеңестік оқушы Катя Лычева АҚШ-қа бейбітшілікті дәріптеген жауапты сапарға барып қайтты.

**КСРО-ның жана саяси ойлауының тұжырымдамасы.** 1984 жылдан бастап қайшылық бәсеңдей бастады. КСРО мен АҚШ басшылары әскери қалтығыстың қатерін сезініп, келісімге келу керектігін түсінді.

1985 жылы билікке келген Кеңес Одағының жана басшылығы «қайта құру» саясатын бастады. М.С.Горбачевтың басқаруымен КСРО-да болған өзгерістер жана саяси ойлау негіздерін жасауға және оларды тәжірибе жүзінде іске асыруды бастауға мүмкіндік берді. Бұл КСРО-ның сыртқы саясатының түбегейлі өзгеруіне әкелді.

Жана саяси ойлау бойынша ядролық қарудың орасан зор мөлшерінің болуы және оны қолданып соғысу қауіпті ғана емес, шексіз қатерге ұрындыратынын білдіреді. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әскери емес, саяси құралдар керек болды.

Жана саяси ойлау тұжырымдамасына сәйкес КСРО сыртқы саясаты алдына маңызды мақсаттар қойылды, 80-жылдардың екінші жартысында олардың негізгілері мыналар болды:

– әскери салада – ядролық державалардың бір-біріне және Үшінші мемлекеттерге қарсы соғыстан бас тартуы;

– саяси салада – халықтардың егеменді құқықтарын, олардың даму жолы мен түрін таңдауына құрметпен қарау;

– экономикалық салада – халықаралық істерде кемсітушілікке жол бермеу, оқшаулаудан, санкциялардан бас тарту; жаһандық мәселелерді шешудегі күш-жігерді біріктіру;

– гуманитарлық салада – бейбітшілік, қарусыздану, халықаралық қауіпсіздік идеяларын таратудағы ынтымақтастық; геноцидті, нәсілдік кемсітушілікті жою; мәдениет, өнер, ғылым, білім беру, медицина саласындағы ынтымақтастықтың жана нысандарын іздеу және нығайту.



## ? Анықтаңдар!

Жаңа саяси ойлау тұжырымдамасы КСРО-ның сыртқы саяси бағытына қалай әсер етті?

Осы жана тұжырымдама негізінде КСРО стратегиялық қару-жаракты қысқарту мәселесінде Құрама Штаттармен ымыраға келуге; Батыс Еуропа елдерімен экономикалық және саяси байланыс орнатуға; ҚХР-мен қарым-қатынастарды қалыпқа келтіруге және Кеңес-Қытай ынтымақтастығын кеңейтуге; Шығыс Еуропа елдерінің саяси режімдерін реформалауға жәрдемдесуге; адам құқықтары саласындағы саясатты өзгертуге және КСРО заңнамасын халықаралық нормаларға сәйкес әзірлеуге ұмтылды.

**Қару-жаракты шектеу бойынша кеңестік-америкалық келіссөздер.** Соғыстан кейінгі онжылдықтар ішінде екі полюстік әлемде қарулану жарысы «қыр көрсету – жауап беру» түрінде өтті.

КСРО-ның жаңа көшбасшысы М.С.Горбачев қарусыздану үдерісін жалғастыруға шақырды.

Женевада (1985 ж.), Рейкьявикте (1986 ж.), Вашингтонда (1987 ж.) өткен кеңестік-америкалық келіссөздер маңызды нәтижеге алып келді. 1987 жылдың желтоқсанында Вашингтонда екі мемлекеттің көшбасшылары М.Горбачев пен Р.Рейган орта және шағын қашықтықтағы зымырандарды қысқарту туралы келісімшартқа қол қойды (ОКЗ және ШКЗ). Бұл тарихтағы халықаралық ұйымдардың қатаң бақылауымен өткен ядролық қарудың екі класын жоюды көздейтін алғашқы келісім болды. Нәтижесінде кеңестік-америкалық қарым-қатынастар айтарлықтай жақсарды.



КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.Горбачев пен АҚШ президенті Р.Рейган Ақүйде келісімшартқа қол қояды, 1987 ж.

КСРО мен АҚШ басшылары әскери артықшылыққа қол жеткізуге ұмтылмайтынын және ядролық соғысты ашпайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу және қысқарту туралы екіжақты келісімшартқа қол қою ерекше маңызды болды.

#### **Атаңдар!**

Қарусыздану бойынша кеңестік-америкалық келіссөздердің негізгі кезеңдерін атаңдар.

1988 жылдың соңынан бастап КСРО қарулы күштерінің біржақты қысқару кезеңі басталды.

**Биполярлыдан көпполюстік әлемге өту және «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы.** Шығыс Еуропада КСРО-дағы қайта құрудың әсерінен «социализмді жанарту» қозғалысы басталып, ескі саяси жүйенің бұзылуына әкелді. Социалистік елдерде бейбіт түрде коммунистік емес үкіметтер құрыла бастады.

Румыниядан басқа Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде саяси режимді өзгерту бейбіт және ауыртпалықсыз өткені соншалық, 1988–1989 жылдардағы оқиғалар тарихта «барқыт революциялар» деп аталды.

Әлемдегі және Еуропадағы халықаралық қатынастардың шиеленістерін жоюда Германияны біріктіру маңызды рөл атқарды. 1989 жылы 9 қарашада ГФР-мен ГДР шегарасы ашылып, сол күні «Берлин қабырғасы» қиратылды. 1990 жылдың қазан айында ГФР мен ГДР бір мемлекетке бірікті.

1990 жылы Еуропаның қарапайым қарулы күштері (ЕКҚК) туралы келісімшартына қол қойылды. Нәтижесінде ВШҰ мен НАТО-ның Атлантикадан Оралға дейінгі әскерінің айтарлықтай азаюына әкелді. Бұл тарихи оқиға Еуропадағы қақтығыстың аяқталуын білдірді.

Ялта-Потсдам жүйесі құлдырай бастады. Бұл жүйенің негізгі қатысушыларының күші мен ықпалы енді өзара тең емес еді. 1980 жылдардың бірінші жартысындағы биполярлы қарсыласудың нәтижесінде Кеңес Одағы экономикалық жағынан әлсіреді. КСРО енді АҚШ-пен тең дәрежеде жарыса алмады. КСРО өзінің ең маңызды мүдделерін АҚШ-тың ескеруін сұрады. Ал қалған мәселелерде КСРО келісімге келуге мәжбүр болды.

1989 жылдың 3 желтоқсанында Жерорта теңізіндегі Мальта аралында КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С. Горбачев

АҚШ Президенті Джордж Бушпен кездесті. Кездесу кезінде КСРО мен АҚШ «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуын ресми жариялады. 1991 жылдың 1 шілдесінде Варшава Шарты Ұйымы қызметін тоқтатты. Осылайша «қырғиқабақ соғыс» аяқталды.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында бәсеңдіктен қайшылыққа бет-бұрысының себептері қандай болды?
2. Кенестік-америкалық қатынастардың халықаралық қатынастарға ықпалы қандай болды?
3. КСРО-дағы жаңа саяси ойлаудың мәні неде?
4. АҚШ-тың СКБ жаңа әскери бағдарламасының қаупі неде болды?

**Пікірталас.** Әлемдегі және жеке елдердегі қандай оқиғалар «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуына әкелді?

## § 14. «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫСТЫҢ» САЛДАРЫ

«Қырғиқабақ соғыстың» салдары мен әлем картасындағы өзгерістер. 80-жылдардың екінші жартысында байқалған халықаралық қатынастардағы үдерістер 90-жылдары толық айқындала бастады. 1989 жылы Берлин қабырғасы құлатылып, «социалистік блоктың» бірқатар мемлекеттерінде революциялық өзгерістер орын алды.

1990 жылдары болған түбегейлі өзгерістер халықаралық қатынастар сипатын өзгертті. Шығыс пен Батыс арасындағы қайшылық тоқтатылды, социалистік лагерьдің және КСРО-ның ыдырауы. Еуразия құрлығында ондаған жаңа тәуелсіз мемлекеттің пайда болуы, жаһандық мәселелердің ушығуы және т.б. орын алды.

«Қырғиқабақ соғыстың» тоқтауымен бір-ыңғай әлемдік қауымдастықты құру үдерісі аяқталды.

Әлемді геосаясат тұрғысынан қарастырғанда, 1990 жылдардың басында әлем картасы күрделі өзгерістерге ұшырады. Варшава Шартының ыдырауы Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерін еуропалық және әлемдік саясаттың дербес факторларына айналдырды.

### Бұл сабақта:

- «қырғиқабақ соғыстың» салдары және әлем картасындағы өзгерістермен;
- XX ғасырдың соңындағы жаһандық мәселелермен;
- интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістермен танысамыз.

### Тірек сөздер:

геосаяси өзгерістер, Оңтүстік-Солтүстік, жаһандық мәселелер, интеграция

Германияның бірігуі, бұрынғы Югославияның құлдырауы, Чехословакияның бөлінуі мен Шығыс және Орталық Еуропа, Балтық маңы елдерінің батысшыл бағдарының әсерінен туындаған Еуропа континентіндегі геосаяси өзгерістер батысеуропалық интеграциялық бірлестіктердің күшеюіне алып келді.

Кеңес Одағының құлауы еуразиялық кеңістіктегі жағдайды өзгертті. Бұрынғы кеңестік республикалар халықаралық қатынастардың дара субъектілеріне айналды.

Қытайдың экономикалық күшеюінің динамикасы мен оның сыртқы саяси белсенділігінің өсуі, Жапонияның өз экономикалық күшіне сәйкес әлемдік саясатта тиісті орнын іздеуі Азия-Тынық-мұхиты аймағындағы геосаяси жағдайда өзгерістер тудырды.

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін халықаралық қатынастар жүйесінде АҚШ-тың рөлі өсті.

АҚШ әскери және экономикалық әскери-саяси одақтар жүйесімен танылды. Басты трансатлантикалық институт – НАТО қайта ұйымдастырылды.

### Ойланыңдар!

Биполярлы жүйе құлағаннан кейін әлемдік саясатта қандай жаңа акторлар (әрекет етуші субъектілер) пайда болды?



Берлин қабырғасының құлауы

Жаһандану жағдайында Еуропа, Америка мен Азиядағы экономикалық аймақтар, интеграциялық бірлестіктер құру үлкен маңызға ие бола бастады. «Үлкен сегіздік», Еуропалық Одақ, НАФТА, ОПЕК, АСЕАН сияқты аймақтық топтар, халықаралық ұйымдар мемлекеттермен қатар халықаралық жүйенің алдыңғы қатарлы акторларына айналды.

Халықаралық жүйеде қайшылықтар орталығы Батыс – Шығыс қатынасынан Оңтүстік – Солтүстік қарама-қайшылығына ауысты. Бұл қарама-қайшылық бай, дамыған мемлекеттер (Солтүстік) және кедей, дамушы мемлекеттер (Оңтүстік) арасында орын алады. Ол индустриалды және дамушы мемлекеттердің дамуының әртүрлі саяси-экономикалық және мәдени мүмкіндіктеріне негізделеді.



### Анықтаңдар!

Оңтүстік – Солтүстік шиеленісі нені білдіреді?

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін әлемнің геосаяси картасы ірі өзгерістерді бастан кешірді.

**Жаһандық мәселелер.** XX ғасырдың екінші жартысында адамзат, шынымен де, жаһандық ауқымдағы мәселелермен бетпе-бет келді. Соңғы онжылдықта әлемде экологиялық жағдай күрт нашарлады. Адам іс-әрекетінің табиғи ортаға әсері мен оның ластануы алапат, кей жағдайда қалпына келмейтін сипатқа ие болды.

Әлемдегі халық санының тез артуы азық-түлік өндірісі мен тиісті өмір сүру жағдайларының өсуімен қатар жүрмеді. Ғаламшардың көп бөлігінде сақталып отырған халықтың кедейлігі әлемде орнаған экологиялық және демографиялық жағдайдан шығуға айтарлықтай кедергі болды.

XX ғасырдың соңында адамзат жаңа сын-кәтерлерге тап болды. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыс, халықаралық лаңкестік, есірткінің заңсыз айналымы әлемдегі мемлекеттер мен аймақтардағы азаматтардың қауіпсіздігіне үлкен кәтер төндіруде.

Бұл мәселелердің ортақ ерекшелігі жалпы әлемдік сипатқа ие болып, барлық мемлекет халықтарының мүдделерін қозғап отыр. Ол азаматтардың қауіпсіздігіне тигізетін кәтерлер мен қауіпті салдарды болдырмау бойынша жедел шешімдер мен іс-әрекеттерді, барлық мемлекеттер тарапынан ұжымдасқан күш пен қимылдарды талап етеді.

Осындай мәселелердің оңтайлы шешімдерін іздеумен көптеген халықаралық ұйымдар, соның ішінде БҰҰ айналысады.



Қоршаған ортаны қорғау – жаһандық мәселе

**Қауіпсіздіктің жаңа параметрлері.** «Қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы әлемдік саясаттағы қауіпсіздік факторының орны мен рөлінің түбегейлі өзгеруімен қатар келді.

Әскери саясаттан басқа ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне экономика, экология, білім беруге қатысты кең ауқымды мәселелер қосыла бастады. Осыған байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әскери емес құралдарының рөлі артты. Көптеген мемлекеттер үшін нақты қатерлердің көзі ретінде: терроризм, жаппай қырып-жою қаруын тарату, ұлтаралық жанжалдар, қоршаған ортаны ластауды айтуға болады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоғамның әлеуметтік, мәдени, экономикалық дамуын ынталандыратын жағдайларды жақсарту да білдіреді. Қазіргі кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етуде: қоршаған ортаны ластау, халық санының артуы, энергетикалық ресурстар, халықаралық аренадағы акторлардың өзара байланысының артуы сияқты факторларға назар аудару қажет.

Ғылыми және техникалық прогресс, әлемдік ресурстарға сұраныстың артуы, өсіп жатқан экономикалық өзара байланыс пен өзара ықпал мемлекеттер арасындағы географиялық, саяси және экономикалық алшақтықты қысқартты. Мемлекеттердің бір-бірімен байланысы жалпыға ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін алға шығарды. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде халықаралық және аймақтық ұйымдардың маңызы артуда. Осылайша қазіргі кезеңде қауіпсіздік саласында қазіргі заманғы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен құралдары ғана емес,

сонымен қатар бұл ұғымның мәнінің өзін де қамтитын түбегейлі өзгерістер өтті. Мемлекетаралық байланыстардың артуы мен жаһандық мәселелердің пайда болуы бұл мәселелерді жекелей шешуге болмайтынын, сондықтан әлемдік серіктестік негізінде барша халықтың күшін біріктіру қажеттігін сезінді.

**Интеграциялық үдерістердің дамуы.** Еуропадағы интеграциялық үдерістердің жандануы Солтүстікамерикалық еркін сауда аймағы – НАФТА (ағылш. North-American Free Trade Agreement – NAFTA) құру туралы мәселені көтерді. АҚШ, Канада мен Мексиканың арасында 1994 жылдың қаңтарында күшіне енген Солтүстікамерикалық еркін сауда аймағы туралы келісім бірыңғай континенталды нарықтың құрылуы мен тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігіне жол ашты.

НАФТА құрудың басты алғышарттары: ортақ географиялық шегаралардың болуы, тарихи қалыптасқан шаруашылық байланыстар мен көлік коммуникациялары; шаруашылық мәселелері мен НАФТА-ның өз алдына қойған мақсаттарының ортақтығы.

НАФТА-ның басты мақсаты қатысушы мемлекеттер арасындағы тауарлар саудасындағы кедергілерді жою болды. Кедергілердің жартысы бірден жойылса, қалғаны 14 жыл ішінде біртіндеп жойылып отырды. НАФТА батыс жартышар мемлекеттерінің кең интеграциясының негізіне айналды.

Латын Америкасындағы интеграциялық үдерістер ХХ ғасырдың 40-жылдары Америка мемлекеттерінің ұйымын құрудан басталды.

1960 жылы Латынамерикалық еркін сауда ассоциациясы (ЛАЕСА) құрылды, Орталық Америка ортақ нарығы (ОАОН) пайда болды. ЛАЕСА мен ОАОН-ның мақсаты кеден баж салықтарын бірте-бірте төмендету және өзара сауданы кеңейту арқылы ортақ нарықты құру болды. 1969 жылы 25 аймақтық мемлекеттің қатысуымен олардың экономикалық ынтымақтастығын нығайту мақсатында Анды тобы пайда болды, ал 1975 жылы Латынамерикалық экономикалық жүйе (ЛАЭЖ) құрылды.

80–90-жылдардың шегінде әлемдік аренадағы түбегейлі өзгерістерге сәйкес Латын Америкасында интеграциялық үдерістер жедел дамыды. Іс жүзіндегі интеграциялық бірлестіктерден басқа 1991 жылы кедендік одаққа айналып кеткен Оңтүстік Америка ортақ нарығы (МЕРКОСУР) құрылды.

Осылайша бір-бірімен ішінара қиылысатын бірқатар субаймақтық бірлестіктер құрылды. Қазіргі заманда Латын Америкасы елдеріндегі интеграциялық үдерістер аймақты ортақ әлемдік шаруашылық кешеніне қосу құралына айналды.

**«Қырғиқабақ соғыстың» аяқталуынан кейінгі дезинтеграциялық үдерістер.** Дезинтеграция – интеграцияға қарама-қарсы үдеріс – біркелкі жүйені бөлшектерге бөлу. Мұнда жүйенің тұтастығындағы басты құндылықтарды әкелетін әсер жойылады.

Биполярлы жүйенің ыдырауынан кейінгі өте маңызды оқиға КСРО-ның ыдырауымен анықталды. КСРО-ның ыдырауы – 1991 жылы мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатуға алып келген Кеңес Одағының халықшаруашылығында, әлеуметтік құрылымында, қоғамдық және саяси салаларындағы жүйелік дезинтеграцияның орын алу үдерісі.

1991 жылы 7-8 желтоқсанда Беларусь, Ресей Федерациясы мен Украинаның мемлекет басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құрды. КСРО-ның ыдырауына байланысты 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіз және егемен Қазақстан Республикасы құрылды. 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда бұрынғы 15 кеңестік республиканың 11 елінің басшылары жиналып, осы аталған мемлекеттер ТМД-ны құрайды делінетін Келісім хаттамасына қол қойды. Кездесудің қатысушылары Алматы Декларациясына қол қойды. Бұл құжатта олар ТМД-ның басты мақсаттары мен қағидаларын бекітті. ТМД құрамына Балтық елдері (Эстония, Латвия, Литва) мен Грузия кірмеді.

#### **Атаңдар!**

ТМД-ның құрылу себебін атаңдар.

КСРО-ның ыдырауы ортақ экономикалық және сыртқы саяси дағдарыс кезінде орын алды. Пайда болған жана мемлекеттер көптеген мәселелермен бетпе-бет келді. Әсіресе бұл экономикалық және әлеуметтік саладағы мәселелермен байланысты болды.

ТМД саяси, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық, мәдени және басқа да салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Ядролық қару, қарусыздану бойынша халықаралық келісім-шарттар ережелерін орындау, құқықтық берілуі туралы мәселелер реттелді. Қазақстан 1991 жылы 29 тамызда Семейде ядролық сынақ полигонын жауып, өз аумағында орналасқан ядролық қарудан бас тартатындығын жариялады. Ортақ әскерден ТМД-ға мүше мемлекеттердің жеке қарулы күштерін құруға көшу келісілді. Осылайша жағдайдың ушығуына жол берілмеді. Қазіргі кезеңде ТМД елдерінің көпжакты әскери ынтымақтастығы 1992 жылы





ТМД-ның құрылғандығы туралы Алматы Декларациясы

15 мамырда Ташкентте қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшартқа сәйкес іске асырылады. Ол 2002 жылы Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт ұйымына (ҰҚКҰ) айналды.

Осылайша бұрынғы кеңестік мемлекеттердің ыдырауы қалыпты және салыстырмалы түрде жанжалсыз өтуінде Достастықтың рөлі зор болды. ТМД еуроазиялық кеңістікте осында тұратын халықтардың тарихи достығын сақтай отыра, жаңа мемлекетаралық қатынастарды орнатушы құрылым ретінде қалыптасты. Бұл кезеңнің негізгі сабағы ТМД-дағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту жана тәуелсіз елдердің егемендігін нығайтуға кедергі келтірмейді.

**Югославияның ыдырауы.** Ұлтаралық қақтығыстар және Югославия соғыстары нәтижесінде Югославия Социалистік Федеративті Республикасы (ЮСФР) жеке республикаларға бөлінді. Бір айта кетерлік жайт, Югославия халқы әралуандығымен ерекшеленеді. Оның аумағында словендер, сербтер, хорваттар, македондықтар, венгрлер, румындар, түріктер, босниялықтар, албандықтар, черногорлар тұрды. Олардың барлығы Югославияның 6 республикасында – Босния мен Герцеговина, Македония, Словения, Черногория, Хорватия мен Сербияда әрқалай орналасты.

1991–1992 жылдары ЮСФР-дің алты республикасының төртеуі бөлініп кетті (Словения, Хорватия, Босния мен Герцеговина, Македония). Югославия өмір сүруін 2006 жылы құрамынан Черногория шығып кеткеннен кейін тоқтатты.

Бұрынғы ЮСФР-дің азаматтық соғысы қарулы ұлтаралық қақтығыстар түрінде өтті. Көпке созылған әскери қимылдар 1991 жылғы «Словениядағы 10 күндік соғыстан» бастау алды.

Осыдан кейін Хорватияның тәуелсіздік үшін ұзақ соғысы (1991–1995 жж.) басталды. Соған қатарлас ыдырап жатқан Югославияның ішінде тағы бір азаматтық соғыс – Босния соғысы (1992–1995 жж.) басталды. Босниядан кейін Косовода, Македонияда және Оңтүстік Сербияда қарулы көтерілістер орын алды.

1999 жылы АҚШ пен оның одақтастары Косово автономды аймағын оккупациялау бойынша әскери іс-қимылдарды іске асырды. Операция БҰҰ мандатынсыз жасалды, сондықтан да оның заңдылығы қазіргі кезге дейін талас тудырады. Жалпы, Югославиядағы азаматтық соғыс 10 жылға, яғни 2001 жылға дейін созылды. Соғыста мыңдаған адам құрбан болды.

«Қырғиқабақ соғыстың» аяқталуының нәтижесінде жергілікті «күштер балансы» өзгеріп қана қоймай, қатынастардың көпнұсқалылығы күрт өсті.

#### Білімдеріңді тексеріңдер

1. «Қырғиқабақ соғыстың» ең маңызды салдарын атаңдар.
2. Жаһандану жағдайындағы экономикалық интеграцияның рөлін бағалаңдар.
3. Латын Америкасындағы басты интеграциялық үдерістерді атаңдар.
4. ЮСФР-дің ыдырау себептерін көрсетіңдер.
5. Қосымша тарихи әдебиеттерді пайдаланып, жауап беріңдер: посткеңестік кеністікте КСРО құлағаннан кейін қандай қайшылықтар пайда болды және олардың себептері мен салдары қандай?

**Пікірталас.** XX ғасырдың 90-жылдары халықаралық қатынастарда қандай жүйе орнады – бірполярлы ма, әлде көпполярлы ма?

## АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

### § 15. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІНГІ АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ ДАМУЫ. ТАЯУ ШЫҒЫС ШИЕЛЕНІСІНІҢ ТУУЫ

1950 жылдардың басы бүкіл Араб әлемінде патриоттық қауымдастықты шайқалтқан ұлт-азаттық күрестердің жаңа толқынымен басталды. Бейбітшілікті жақтаушылар ұйымдары мен бұқаралық демократиялық ұйымдар құрылды. Сондай-ақ Араб социалистік өрлеу партиясы (БААС) сияқты жалпыарабтық ұлттық солшыл радикалдық ұйымдардың филиалдары пайда болды. Ұлтшылдар қозғалысы және басқа да ұйымдар қызметін бастады.

**Араб-Израиль немесе Таяу Шығыс шиеленісі** деп жиі аталатын мәселе әлемдегі ең ұзаққа созылған, шешімін әлі таппаған мәселе болып отыр. Оның басталуы XX ғасырдың 40-жылдарына сәйкес келеді және ол Палестинада еврей және араб мемлекеттерінің құрылуымен байланысты. Ұлтшылдар ұйымдары соғыс барысында лаңкестік әрекеттерге жиі барды. Сондықтан БҰҰ-да Англия өзінің оларға деген мандаттық құқын тоқтату жөнінде мәлімдеме жасады. Лондон бұл жерлерге бұдан былай өзінің қатысы жоқ екенін, себебі арабтар мен еврейлердің бірге өмір сүруіне қолайлы орын жасай алмағандықтан одан бас тартатынын мәлімдеді.

1947 жылы 29 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Иордан өзенінің батыс жағалауында еврей және араб мемлекеттерінің құрылатындығын дауысқа салды (№181 Қарар). БҰҰ Қарары Палестинада араб және еврей мемлекеттері құрылатынын мәлімдеді. Еврей тұрғындары бұл жоспарды қуана қарсы алса, арабтар бұған қарсы шықты. Себебі еврей мемлекетінің аумағы арабтардікінен әлдеқайда үлкен болды.

#### Бұл сабақта:

- соғыстан кейінгі араб елдерінің дамуы;
- Араб-Израиль шиеленісі туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

Араб-Израиль шиеленісі, БҰҰ Бас Ассамблеясы, Палестинаны бөлу, Палестина мен Иерусалим, БҰҰ №181 Қарары, Израильдің қорғаныс әскері (ЦАХАЛ), Палестинаны азат ету ұйымы (ПАҰ)

Бұл шешімді алғашқыда көрші араб мемлекеттері де, Палестина-ның араб тұрғындары да қабылдамады. Арабтар бұл жерлерді өздерінікі деп есептейтіндіктен, еврейлерді Палестинаға қайтару идеясын мүлдем құптамады. 1947 жылы осы жер үшін Араб-Израиль соғысы (1947–1949 жж.) бұрк ете түсті. Соғысушы жақтың әрқайсысы – христиандар, сондай-ақ мұсылмандар мен иудейлер үшін де қаспелті қала Иерусалим мен Палестина жері үшін таласқа түсті.

1948 жылы, ұзаққа созылған соғыстардан соң, Израиль мемлекетінің құрылғандығы жарияланды. Осы кезде Мәскеу Израиль кеңестік бағытты таңдайды деген үмітпен оған жан-жақты көмек көрсетті. Израильдің Премьер-министрі Голда Мейрге КСРО оң көзқараста болды. Бастапқыда АҚШ арабтарға қолдау көрсетті. Бірақ Израиль үкіметі Кеңес Одағының көмегі арқасында күш жинап алған соң, АҚШ-қа қарай бет бұрды, енді Вашингтон Израильді қолдай бастады. Осылайша 1940 жылдардың аяғына таман осы аймақта ұлы державалардың арасында бір-бірімен бәсекелестік қалыптасты. КСРО араб мемлекеттерін қолдап, АҚШ Израильді жақтады.

1948 жылы 14 мамырда Еврей Ұлттық кеңесі Израиль мемлекетінің құрылғандығын жария етті. Араб мемлекеті құрылмай қалды.



Давид Бен-Гурпон тәуелсіз Израиль мемлекетінің құрылғандығын жариялауда

Осыған байланысты Палестинада азамат соғысы басталды. Израиль Газа секторын басып алды, ал Трансиордания батыс жағалауды өзіне қосып алды. Осылайша араб мемлекетін құратын жер де қалмағандай болды. Палестинадан Ливанға, Сирия мен Трансиорданияға 600 мыңнан астам араб босып кетті. Араб мемлекеттері Израильді еш уақытта мемлекет деп танымайтындықтарын мәлімдеді.

1950 жылдары Израильге Еуропа мен Азияның көптеген елдерінен еврейлер ағылып келіп, қоныстана бастады. Олар «өз жерімізге қайтып келіп, жаңа қоғам құрудамыз» деген мақтаньштарын жасырмады. Көп ұзамай, АҚШ-тың қаржылай көмегімен Израиль Вашингтонның ең сенімді серіктесіне айналып, өзінің экономикасын дамыта бастады.

Палестинаның Иордан өзенінің батыс жағындағы израильдік әскерлер басып алмаған жерлерге Трансиордания өз бақылауын орнатып, ақыры 1950 жылы көктемде бұл аумақты өзіне қосып алады. Сөйтіп, мемлекетінің атын қайта өзгертіп, қазіргі Иордания мемлекеті пайда болды. Иерусалим қаласы екіге бөлініп қалды: батыс жағы Израильге тиесілі болса, шығыс жағы Иорданияға өтеді. Қаланың шығыс жағындағы Көне қалада әлемдік үш ірі діннің – христиан, ислам және иудаизмнің қасиетті жері саналатын Ғибадат тауы қалды.



Ғибадат тауындағы Көне қала – Иерусалимнің көрінісі



Гамаль Абдель  
Насер

Палестинада араб мемлекеті осылайша құрылмай қалды. Араб мемлекеттері өздерін Израильмен соғыс жағдайындамыз деп есептеп, Израиль мемлекетінің өмір сүріп отырғанының өзін «басқыншылық» деп қабылдайтындықтарын мәлімдеді. Бұл шиеленісті өршіте түсті.

Аймақтағы шиеленісті жағдай 1956 жылы күзде Суэц каналының болашағына байланысты одан әрі өрши түсті, себебі сол жылы шілдеде Египет каналды мемлекет меншігіне айналдырып алған еді. Суэц каналының акционерлері Франция мен Ұлыбритания «Мушкетер» деген атпен соғыс қимылдарын бастауға дайындалады. Соғыста негізгі соққыны Израиль жасауы тиіс болды.

1956 жылы күзде Израиль Синай түбегінде Египетке қарсы соғыс бастады. Келесі күні Англия мен Франция Египетті бомбалап, бір аптадан соң Порт-Саидқа басып кірді. Соғыс әрекеттері қарашада аяқталып, израиль әскерлері Шарм-эш-Шейхті басып алады. Израильдің бақылауына бүкіл Синай түбегімен қоса Газа секторы да кіреді.

Бірақ Англия, Франция және Израильдің бұл әрекеттерін екі ұлы держава – АҚШ пен КСРО қатаң сынға алды. Кеңес Одағы Суэц каналы аймағына өзінің ерікті әскери күштерін жіберетінін айтып, сес көрсетті. 6 қарашаның кешіне қарай, Синай түбегі толығымен Израильдің бақылауына өткен кезде, соғысты тоқтату туралы келісім күшіне енді. 1957 жылдың басына қарай ағылшын-француз әскері Суэц каналы аймағынан шығарылды, ал израиль әскерлері Синай түбегінен кетуге мәжбүр болды. Синай түбегіндегі Египет-Израиль шекарасы бойында және Шарм-эш-Шейх портында БҰҰ күштері орналасатын болды.

Осыдан кейінгі жылдары да бірнеше рет Араб-Израиль соғыстары болды. Израиль АҚШ пен Батыс елдерінің қолдауына арқа сүйесе, КСРО араб елдерін қолдап келді.

1964 жылы Египет Президенті Гамаль Абдель Насердің бастамасымен Палестинаны азат ету ұйымы (ПАҰ) құрылды. Ұйымның бағдарламалық құжатында, Ұлттық Хартияда Палестинаны бөлу және ол жерде Израиль мемлекетін құру заңсыз деп көрсетілді. Отанның аумағын толық азат ету керек деген міндет алға қойылды. ПАҰ палестиндік мемлекетті құрудың үлгісі ретінде қабылданды және оның құрылымында саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, білім беру және әскери мәселелермен айналысатын бөлімдері болды.

Бірақ араб елдерінің арасында бірлескен іс-қимылдар болмағандықтан, 1967 жылғы «алты күндік соғыс» деп аталған соғыста арабтар жеңіліс тапты. Соғыс 1967 жылы 5 маусымда басталды. Египет, Сирия мен Иордания өз әскерлерін Израильдің шекарасы бойына шоғырландырып, БҰҰ-ның бейбітшілік күштерін ығыстырып шығарды және Израиль кемелерінің Қызыл теңіз бен Суэц каналына кіретін жолын жауып тастады. Израиль болса Батыс жағалауды және Голан жоталарын басып алып, бүкіл Синай түбегі мен Иерусалимді өзіне қаратты.

**Таяу Шығыс шиеленісі. 1973 жылғы Араб-Израиль соғысы.** 70–80-жылдардағы Палестина мәселесінің шешімін таппауы және Израильдің араб мемлекеттеріне қарсы жүргізіп отырған басқыншылық саясаты әлемнің тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігіне қатер төндірді. Израиль 1967 жылғы 22 қарашадағы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарын орындаудан бас тартты. Ол қарар бойынша Таяу Шығыстағы мәселелерді реттеу үшін израильдік әскерлерді 1967 жылғы соғыс кезінде басып алған жерлерден шығару талабы қойылған болатын.

1973 жылғы 6 қазанда Египет Синайға шабуыл бастады, ал Сирия Голан жоталарына әскерін кіргізді. Алғашқы күндері жеңіске жеткен араб әскерлері апта аяғында шегінуге мәжбүр болды. Айтарлықтай шығынға ұшырағанына қарамастан, египет пен сирия әскерлерінің шабуылына израильдік ЦАХАЛ күштері тойтарыс берді. Осыдан кейін әскерлер өз аймақтарына кері шегінді.



Араб-Израиль соғысы. 1973 ж.

КСРО және АҚШ-тың араласуымен 23 қазанда Синайда және Сирия майданында соғыс қимылдарын тоқтату туралы келісімге келеді. Соғыс барысында 8,5 мыңдай араб, 2,8 мыңдай израильдік қаза тапты.

БҰҰ бастамасымен және оның Бас хатшысының қатысуымен 1973 жылы желтоқсанда Таяу Шығыстағы шиеленісті бейбіт жолмен реттеуге арналған Женева конференциясы ашылды. Келіссөздер қорытындысы бойынша келісім дайындалып, соның негізінде израильдік әскерлерді басып алынған жерлерден шығару, Израиль және Египет пен Сирия әскерлері арасындағы шегаралық аймақтарға БҰҰ-ның төтенше күштерін орналастыру туралы шешім қабылданды.

1974 жылы қаңтарда Израиль әскерлері Суэц каналының батыс жағалауы мен әл-Кунейтрді тастап шығып, тек Голан жоталарына ғана бақылау жасауға мүмкіндік алды. 1979 жылы наурызда АҚШ президенті Джимми Картердің араласуымен Египет президенті Әнуар Садат пен Израиль Премьер-министрі Менахем Бегин қол қойып бекітілген Египет-Израиль бейбіт келісімі өз күшіне енді. Израиль Синайдан кетті, ол тек Газа секторын бақылауды өзіне қалдырды.

1985 жылы Израиль өз әскерін Ливанның біраз жерінен шығарып, тек бейтарап аймақта ғана израильдік бақылау 2000 жылға дейін сақталып қалды.

1993 жылы Ослода ПАҰ мен Израиль келіссөздер жүргізуде бір-бірін әріптес ретінде тану туралы келісімге келеді. ПАҰ жетекшілері ресми түрде лаңкестіктен бас тартатындығын мәлімдеді. Сол жылы ПАҰ басшысы Ясир Арафат пен Израиль Премьер-министрі Ицхак Рабин кездесті.

1994 жылы палестиналық аумақ бөлігінде өзін-өзі басқаруды енгізудің алғашқы кезеңі туралы келісім жасалды. 1995 жылы Ослода Газа секторы мен Иордан өзенінің батыс жағалауында өзін-өзі басқару принциптерін енгізу және палестиналық бірнеше қаладан израильдік әскерлерді әкету туралы кезекті келісімге қол қойылады.



Ясир Арафат

1999 жылы Иордан өзенінің батыс жағалауындағы аумақтар мен Газа секторында Палестина ұлттық автономиясы құрылып, оның бірқатар бөлігіне палестиналықтар толық бақылау орнатты. Осы бөлікте палестиналық әкімшілік пен палестиналық полицияның қарулы күштері құрылды.



Араб-Израиль мәселесін шешу мақсатымен бірқатар халықаралық конференция ұйымдастырылды: 1991 жылы Мадрид конференциясы, 1993 жылы Осло конференциясы, 2000 жылы Кемп-Дэвид конференциясы өткізілді; 2003 жылы сәуірде Халықаралық татуластырушылар квартетінің (АҚШ, ЕО, БҰҰ, Ресей) «Жол картасы» жобасы қабылданды.

Араб мемлекеттерінің лигасы таяушығыстық мәселелерді реттеудің өздері жасаған жоспарын ұсынды: Араб мемлекеттерінің Израильдің өмір сүру құқын тану, екі жақтан да күш қолдануды тоқтату, Палестина тарапының осы күнге дейін қол қойылған келісімдерін мойындау, Израиль әскерлерін 1967 жылғы белгіленген шепке алып кету және палестиналық босқындарды қайтару міндеттері көрсетілді. Бірақ шиеленісті тоқтату туралы мәселе сол калпында өзгеріссіз қалды.

2005 жылы Премьер-министр Ариэль Шаронның жоспары нәтижесінде Израиль Газа секторынан әскерін әкетіп, барлық еврей қоныстарын жойды. Сондай-ақ Самараның солтүстік бөлігіндегі 4 қоныс қиратылды. Әскери төңкеріс нәтижесінде осы аймақтың ішіндегі билікті палестиналық ХАМАС радикалды қозғалыс өкілдері өз қолына алды.

Палестина мәселесін шешу ондаған жылға созылды. Жағдайдың оң шешімін таппауы Израильдің арабтардың өз ұлттық мемлекетін құру жөніндегі әділетті талабын мойындауға бір келісімнің болмауынан болып отыр. Сондықтан Таяу Шығыста берік және әділетті бейбітшілік орнату мәселесі өз шешімін таба алмады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Дүниежүзі картасында Израиль мемлекеті қалай пайда болды?
2. Израиль мен арабтар ортасында қандай сыртқы күштер тұр деп ойлайсындар?
3. Арабтар мен Израиль арасында болған негізгі әскери қақтығыстарды атаңдар. Олардың нәтижелері қандай болды?
4. Таяу Шығыстың үздіксіз соғыстар мен шиеленістердің ошағы болуын қалай түсіндірер едіңдер?

**Кестемен жұмыс.** Бұл аймақтағы мезгіл-мезгіл болып тұратын шиеленістердің себепшісі болып отырған ішкі және сыртқы факторларды атаңдар.

Шиеленістерді тудыратын ішкі себептер	Шиеленістердің сыртқы себептері

## § 16. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТЕРДІ РЕТТЕУДЕГІ БҰҰ-НЫҢ ҚЫЗМЕТІ

### Бұл сабақта:

- «Қырғиқабақ соғыс» кезінде, постбиполярлы дәуірде халықаралық қақтығыстарды реттеудегі БҰҰ-ның қызметімен;
- БҰҰ-ның әдістерімен, бітімгершілік қызметімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

превентивті дипломатия, бейбіт келіссөздер, бітімгершілік, бейбітшілікке мәжбүрлеу бойынша операциялар

«Қырғиқабақ соғыс» кезеңінде қақтығыстарды реттеудегі БҰҰ-ның рөлі. Көп жылдар бойы Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық дағдарыстарды болдырмауда және ұзаққа созылған қақтығыстарды шешуге көмектесуде маңызды рөл атқарды. Ұйым бейбітшілік орнатуға және оны сақтауға, күрделі операциялар мен гуманитарлық көмек көрсетуге байланысты жұмыстар жүргізді.

БҰҰ-ның арқасында көптеген қақтығыстар ауқымды соғыстарға айналмады. Сонымен қатар келіссөздер арқылы түрлі жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге қол жеткізді. БҰҰ-ның болуы мүмкін қақтығыстарды бейтараптандыру механизмін бірнеше рет ұсынып, мысалы, 1948–1949 жылдардағы Берлин дағдарысында, 1962 жылы кубалық зымыран дағдарысында оң нәтижеге қол жеткізді. Осы жағдайларға БҰҰ-ның араласуы ірі державалар арасындағы соғыстарды

болдырмауға көмектесті. Бұдан басқа, БҰҰ 1964 жылы Конгодағы, 1988 жылы Иран мен Ирак арасындағы соғыстың аяқталуында маңызды рөл атқарды.

БҰҰ-ның Бас хатшысы мен оның өкілдері өткір аймақтық қақтығыстарды шешуге үлкен үлес қосты. Бірқатар маңызды шешімдер экологиялық апатты болдырмауға бағытталған.

1980 жылдардың екінші жартысындағы халықаралық жағдайдың жақсаруы Біріккен Ұлттар Ұйымының жағдайына да әсер етті. 1989 жылы қарашада АҚШ пен КСРО халықаралық жанжалдарды реттеудегі және халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы БҰҰ-ның рөлін күшейтуге мүдделі екенін білдірді.

1945–1985 жылдары бейбітшілікті сақтаудың негізгі қағидалары қалыптасты. Оның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің міндетті санкциясы; жанжалдасушы тараптардың операция жүргізуге келісімі; бейбітшілік күштерінің арнайы құрылған құрамы; бітімгершілік күштерінің бейтараптығы және алаламаушылығы т.б. қағидалары бар.

**Постбиполярлы дәуірдегі шиеленістер сипатының өзгеруі.** Бірнеше жылдар бойы БҰҰ қарулы қақтығыстарды шешуде көп тәжірибе жинақтады.

Әлемдік саясаттың жаңа жаһандану жағдайында барлық аймақтар мен елдер тобының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына нұқсан келтіретін жаңа қауіп-қатерлер мен қақтығыстар пайда болды.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында шиеленістердің сипаты өзгеріске ұшырады. Олар мемлекетаралық қана емес, мемлекетішілік сипатқа ие болды. Бұл көбінесе этностық, нәсілдік, діни немесе мәдениет негізінде ерекшеленетін топтар арасындағы азаматтық жанжалдар еді. Дәл осы айырмашылықтар мен пайда болған жаңа топтық мүдделер қақтығыстар мен соғыстардың пайда болуының себебі болып табылады.

Ішкі шиеленістердің артуы және 90-жылдары олардың бүкіл әлемге ықпалы шиеленістердің алдын алу істеріне қатысатын тараптардың артуына әкелді. Түрлі халықаралық және аймақтық ұйымдар, мемлекеттер мен үкіметтік емес ұйымдар қатерлі қақтығыстардың таралуына қарсы күреске күш біріктірді. Дегенмен мандаттардың әртүрлілігі, тиісті ұлттық мүдделер мен қақтығыстарды болдырмау және гуманитарлық қызмет мәселелері бойынша қарама-қайшы көзқарастар тиімді әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектеді.

БҰҰ бүкіл әлемде шиеленістерді болдырмауды заңды түрде жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

**Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі және тоқтатудағы БҰҰ-ның әдістері.** 90-жылдардың ортасынан бастап БҰҰ-ның қақтығыстарды шешудегі тәжірибесі негізінде қарулы қақтығыстардың алдын алу стратегиясын әзірлеу басталды. Бас хатшы Б.Бутрос-Гали 1992 жылы «Бейбітшілік үшін күн тәртібі. Превентивті дипломатия, бітімгершілік және бейбітшілікті сақтау» атты баяндамасында бірнеше ұсыныс жасады.

Нәтижесінде қақтығыстарды реттеу үшін төрт бағыт ұсынылды: превентивті дипломатия, бітімгершілік, бейбітшілікті сақтау және бейбітшілік орнату.

БҰҰ-ның превентивті дипломатиясы ықтимал шиеленістерді реттеу мақсатында мемлекеттер арасындағы және ішіндегі шиеленістерді



Б.Бутрос-Гали –  
БҰҰ-ның Бас хатшысы (1992–1996)

леністердің мүмкін болатын көздерін үздіксіз бақылау қажеттігін білдіреді. Мұнда басты назарды бірінші кезекте шиеленістердің түпкі себептеріне аударады.

### ? Анықтаңдар!

БҰҰ-ның қызметінде «ерте ескерту» шараларының мәні қандай?

Бүгінде БҰҰ мен жекелеген елдердің үкіметтері арасында бейбітшілік үшін қажетті ақпарат алмасудың онды мысалдары бар. Мысалы, АҚШ-тың тиісті ақпаратына қол жеткіздің делік, ол Ирак аумағында жаппай қырып-жоятын қару-жарақтардың шоғырланған орындарының толық бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

Сомали, Ангола, Босния мен Герцеговинадағы оқиғалар, егер мемлекет сенімді ақпарат алғаннан кейін бейбітшілікті сақтау бағытындағы белсенді іс-қимылға дайын болмаса, «ерте ескерту» жүйесінің, көбінесе пайдасыз болып шығатынын көрсеткен.

Әрбір қақтығыс өзінің сипаты бойынша ерекше, сондықтан қазіргі кезеңде әмбебап «ерте ескерту» жүйесін құру мүмкін емес.

**БҰҰ-ның бітімгершілік қызметі.** Бітімгершілік деп соғысушы тараптардың арасына түсе отырып, келісімге келтіруге, татуластыруға бағытталған, сондай-ақ бейбітшілікке мәжбүрлеу мен санкцияларды қолдану әрекеттерін айтады.



Қазақстандық бітімгершілік жауынгерлері Ливанда

БҰҰ-ның қарулы күштері – «көк дулығалылар» қарулы қактығыс жағдайында жиі пайдаланылады. Олар Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен құрылған көпұлтты құрылымдар болып табылады.

Бітімгершілік операциялардың алуантүрлілігі мен ерекшелігіне қарамастан, оларды екі түрге бөлуге болады.

Бірінші түріне бейбітшілікті сақтау операциялары жатады. Бітімгершілік әскерлері тараптардың келісімімен шиеленіс кезінде қактығыс аймағына кіреді. Олардың міндеті – қарулы күресті тоқтату, жаңа әскери іс-қимылдардың пайда болуына жол бермеу және қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау. Бұған мысал ретінде Кипрдағы БҰҰ-ның бітімгершілік операциясы, Тәжікстандағы ТМД мандаты бойынша бітімгершілік операциясы және т.б. айтуға болады.

Бітімгершілік операциясының екінші түрі – бейбітшілікке мәжбүрлеу әрекеттері. Бұл жағдайда әскери контингентке нақты жауынгерлік тапсырма беріледі. Олар өздерінің мандаттарын орындауда күш қолдануға құқылы.

БҰҰ-ның бітімгершілік қызметі мандатының әмбебаптық сипатымен, осындай операцияларды ұйымдастырудағы мол тәжірибесімен басқа ешкімде жоқ бірегей артықшылықтарға ие.

### Атаңдар!

БҰҰ-ның неғұрлым сәтті бітімгершілік операциялары.

90-жылдары БҰҰ Сомалиде, Мозамбикте, Камбоджада, Ауғанстанда, Орталық Америкада, Гаитиде, бұрынғы Югославияда, Таяу және Орта Шығыста, Руандада, Батыс Сахарада, Тәжікстанда, Грузияда ушыққан мәселелерді реттеуге араласқан.

Жаңа ғасырдың басында БҰҰ бейбітшілікті қолдау жөніндегі іс-шаралардың жағымды ғана емес, теріс тәжірибелерін де жинақтауда. БҰҰ өзіне жүктелген міндеттерді үнемі шеше бермейді.

1956 жылы Венгрияға кеңестік әскердің басып кіруіне, 1968 жылы Чехословакияға Варшава шарты елдерінің әскер кіргізуіне БҰҰ қарсы тұра алмады.

1965 және 1971 жылдары Үндістан мен Пәкістанға ауқымды соғыстар жүргізуге кедергі жасай алмады. 1960 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы жаңа тәуелсіз Конгоны бельгиялықтар мен американдықтардың араласуынан қорғай алмады. Конголық көшбасшы Патрис Лумумбаның өмірін құтқара алмады.

БҰҰ Вьетнамдағы соғысты тоқтата алмады. Бұл соғыс американдық әскердің араласуымен ХХ ғасырдың екінші жартысындағы ең

үлкен және ең ірі әскери қақтығыс болды, онда 2 млн-нан астам адам қаза тапты.

1999 жылы бұрынғы Югославиядағы НАТО-ның кең ауқымды әскери операциясында гуманитарлық интервенция өткізілді. Бірақ ол Біріккен Ұлттар Ұйымының рұқсатынсыз жүргізіліп, заңсыз деп танылды.

### Ойланыңдар!

Кейбір қақтығыстарды реттеу кезіндегі БҰҰ сәтсіздіктерінің себебі неде болды?

Жанжалдан кейінгі бейбітшілік орнату зорлық-зомбылықтың себептерін түбегейлі жоюға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған кешенді және келісілген іс-әрекеттерді (саяси, құқықтық, институционалдық, әскери, гуманитарлық, адам құқығы, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе демографиялық) жүзеге асыруды қамтиды.

Жанжалдардың себептері елдерге байланысты түрліше болғандықтан, жанжалдан кейінгі бейбітшілікті қалыптастырудың бекітілген үлгісі жоқ.

Қазіргі заманғы халықаралық жанжалдар сипатының өзгеруіне байланысты мемлекеттің сыртқы шабуылдан қорғанудан гөрі, халықты немесе белгілі бір адамдарды зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған жаңа қауіпсіздік тұжырымдамасы жасалуда.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. «Қырғиқабақ соғыс» дәуірі мен қазіргі кезең шиеленістерінің ерекшелігі неде?
2. Бейбітшілікке мәжбүрлеу операциялары мен бейбітшілікті сақтау операцияларының ерекшелігі неде?
3. XX ғасырдың 90-жылдарында БҰҰ жүргізген қандай бітімгершілік операцияларын білесіңдер?
4. Жанжалдан кейінгі бейбітшілікті орнатудың мәні неде?

**Пікірталас.** Қалай ойлайсыңдар, қазіргі кезеңде гуманитарлық интервенцияны қолдану заңды ма?

## §17. «АРАБ КӨКТЕМІ»: СЕБЕПТЕРІ МЕН ОНЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТ ҮШІН САЛДАРЫ

«Араб көктемiнiң» әлеуметтік-экономикалық алғышарттары. Әлемдік экономикалық дағдарыстың кең етек алуы, ең алдымен, дамушы елдерге өте ауыр тиді. Соның ішінде араб елдеріндегі (мұнай өндірушілерден басқа) жағдай қатты ушығып кетті. Сондай-ақ араб елдері тұрғындарының негізгі бөлігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына демографиялық фактор да теріс әсерін тигізді. Туу санының өте жоғары болуы, экономикалық өсімнің төмендігі орташа есеппегі азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік бермеді. Жағдайын жақсарту мақсатында араб жастарының көпшілігі Еуропаға қоныс аударды. Бұрынғы метрополициялар мигранттарды ықыласпен қабылдады. Келген елдің тілін білуі, еңбек қатынастарының негізгі принциптерін орындауы және азғана ақшаға ауыр «қара» жұмысты атқаруы арабтарға ондаған жыл бойы Еуропадан пана табуға мүмкіндік берді. Мигранттардың көпшілігі келген елге толықтай сіңіп кетті, ал кейбіреуі тіпті қажетті білімін алып, әлеуметтік жағдайы жоғарылап, өсе бастады.

Араб елдерінің өзінде тәуелсіздік алғаннан кейін, білім беру бағдарламалары басымдықта болды. Олар ұлттық жоғары оқу орындарының санын арттыру арқылы жергілікті заманауи өндірісті дамытуға мүмкіндік туады деп есептеді. Өйткені халықаралық еңбек бөлінісі тереңдеп отырған және экономиканың жаһандану жағдайында бәсекелестік артықшылықтарын пайдаланып, алдыңғы шепке шығуды, өндіріс салаларын кеңейтуді ойлады. Оған елдің климаттық жағдайы, арзан жұмыс күші, негізгі тұтынушыларға жақын болуы, бұрынғы метрополициялармен тиімді байланыстар мүмкіндік беретін еді. Бірақ экономикалық өрлеу болмады. Еуропадағы еңбек нарығы дағдарыстың кесірінен тоқтап қалды және Солтүстік Африкадан келген эмигранттардың соңғы толқынына сұраныс болмады. Өздерінің экономикалары орасан көп жұмыссыз араб жастарын жұмыспен қамтамасыз етуге, тіпті олардың білікті

### Бұл сабақта:

- «Араб көктемiнiң» әлеуметтік-экономикалық алғышарттары;
- «Араб көктемiнiң» басталуы: себептері мен жүру барысы;
- Таяу Шығыстағы саяси қимылдардың негізгі себептері туралы білеміз.

### Тірек сөздер:

Таяу Шығыс, араб елдері, «Араб көктемi», бұқаралық көтерілістер, заңды әлеуметтік талаптар



«Араб көктемі»

мамандарына жұмыс тауып беруге дәрменсіз болды. Батыстық демократияның және исламдық саяси ағымның рухымен жігерленген білімді жастардың наразылықтары біртіндеп күшейе бастады. Өздерін қоғамның «керексіз артық адамы» ретінде сезінген олар бар ашу-ызасын елдің саяси билігіне, оның басшылығына бағыттады. Авторитарлық тәртіпке, монархияға көбірек ұқсайтын ондаған жыл бойы билікте отырған топқа және әлі де өмір сүріп отырған монархияға халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуды шешпегені үшін төзімі таусылған бұқара халық қатты наразылық танытуға мәжбүр болды. Бұл жаппай демонстрацияларға ұласып, шшеленіс қактығыстарға әкелді.

**«Араб көктемiнiң» басталуы: себептерi мен жүру барысы.** Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы наразылық шерулері мен демонстрациялар тізбегі «Араб көктемi» деген атпен белгілі бола бастады. Оны сондай-ақ «арабтардың оянуы», «панарабтық революция» деп те атады. Дегенмен бұл наразылық шерулерге сол жерде тұратын араб емес халықтар да қатысқан еді. Мерзімі жағынан бұл оқиғалар Батыс Сахарада, 2010 жылы қазандағы наразылықтан басталды. Ал іс жүзінде Тунисте (2010 ж., 18 желтоқсанда) Мұхаммед Буазизи дiң полицейлердiң жемқорлығы мен қорлығына шыдамай, наразылық



ретінде өзін-өзі өртеп жіберуінен кейін басталды. Тунистегі наразылық нәтиже берген соң, мұндай шерулер толқыны Алжирді, Иорданияны, Египет пен Йеменді шарпыды, кейін басқа елдерге тарай бастады. Бұқаралық сипаттағы және барынша ұйымдасқан демонстрациялар «ашу-ыза күні», яғни, әдеттегідей жұма күні түскі намаздан соң өршіп түсті. Мұндай қактығыстар бұл аймақтардан тыс жерлерге де тарай бастайды.

2012 жылдың мамырындағы жағдай бойынша, бұл революциялар төрт мемлекеттің басшыларын биліктен кетірді. Тунис президенті Зин әл-Абидин Бен Әли 2011 жылы 14 қаңтарда Сауд Арабиясына қашты. Египетте президент Хосни Мұбарак өзінің 30 жылдық президенттік билігін аяқтап, 18 күн бойы тоқтамаған наразылық шараларынан соң, 2011 жылы 11 ақпанда өз еркімен биліктен кетті. Кейін, 2011 жылы 23 тамызда Ливия мемлекетінің басшысы Муаммар Каддафи тақтан тайдырылды. Ол 2011 жылы 20 қазанда Ұлттық өтпелі кезеңнің кеңесі қаланы күшпен өзіне қаратқан соң, туған қаласы Сиртте айуандықпен өлтірілді. Йемен Президенті Әли Абдалла Салех 2012 жылы 27 ақпанда өз орнын біржолата босатты. Билік мерзімінен бұрын өткен сайлауда сайланған жаңа президентке өтті.

Осы аймақтық бейберекетсіздік кезеңде бірқатар елдің басшылары өздерінің мерзімдері аяқталған соң биліктен кететіндерін мәлімдей бастады. Судан президенті Омар әл-Башир 2015 жылы билікке ұмтылмайтындығын мәлімдесе, сондай мәлімдемені Ирак Премьер-министрі Нури әл-Малики де жария етті. Оның билік мерзімі 2014 жылы аяқталуы тиіс болса да, жаппай наразылық ұйымдастырушылар оның мерзімінен бұрын биліктен кетуін талап етті. Иорданиядағы наразылықтар король Абдалланың екі үкіметті таратуына себеп болды. Йемен президенті Әли Абдалла Салех 23 сәуірде 30 күннің ішінде биліктен кететінін мәлімдеді. Ол биліктен кеткен жағдайда иммунитет құқын беруді сұрады. Ұсынысты Йемен оппозициясы ресми емес түрде 26 сәуірде қабылдады. Кейін Салех алғашқы ойынан айнып, биліктен кетпей қалды. Сондықтан Йемендегі көтерілістер жалғасты.

Араб елдерінің (Кувейт, Иордания, Оман, Алжир, Катар) көшбасшылары бірінен кейін бірі өз реформаларын жүргізе бастады. Бірқатар елдер (Египет, Ливия, Тунис) үкіметті құлақты немесе отставкаға жіберді. Сауд Арабиясы мен Бахрейнде наразылықтар басып тасталды. Сирияда оппозицияның ресми билікпен қактығысы жалғасса, Йемен президенті өзінің амандығына кепілдік берсе,

биліктен кететінін айтты. Египетте, Сирияда, Ливия мен Йеменде радикалды исламдық топтардың ықпалы күшейді.

Бірнеше жыл өтсе де, Ливия мен Сирия бітпейтін азамат соғысы жағдайында қалды. Ал Египетте 2013 жылы әскерилер төңкеріс жасап, наразылық кезінде президент Мурсиді биліктен кетірді. Бұл оқиғалар Египетте «30 маусым революциясы» деп аталып, жыл сайын кең көлемде атап өтіледі. Бұрынғы президент Мурси өмір бойына бас бостандығынан айырылып, түрмеге жабылды.

«Араб көктемінің» салдарынан Таяу Шығыс елдерінің жоғалтқан экономикалық өсімі, БҰҰ есебі бойынша, 2011 жылдан бері 614 млрд долларға жетті. 2011 жылдың 31 қаңтарынан бастап мұнайдың әлемдік бағасының фьючерлік келісімдер бойынша өсуі байқалды. Бұл болып жатқан толқулар бүкіл Араб әлеміне тарап кете ме деген қауіптен жасалған сақтық шарасы болатын. Египеттегі оқиғалардан соң, Суэц каналы арқылы өтетін мұнай тасымалдау тоқтатылды.

Мұнай бағасының күрт жоғарылауына Ливиядағы жағдай да әсер етті. 2011 жылы ақпанда оның бағасы бір баррель үшін 100 долларға жетті. Ливия бірқатар экспорттық шарттарды орындай алмайтынын мәлімдеді. Ливиялық порттар жартылай жабылып, мұнай жіберу тоқтатылды. Ливияны Италиямен жалғайтын Greenstream газ тасымалдау құбырының жұмысы тоқтап қалды. Сонымен қатар «Time» журналының хабарлауынша, Ливия басшысы Муаммар Каддафи сыртқы нарыққа мұнай жіберетін тасымалдау құбырларын жарып жіберуге бұйрық берді.

2011 жылы, «Араб көктемі» кезінде сыртқа босқын болып кеткен халықтың миграция толқыны ең шарықтау шегіне жетіп, сол жылдары Еуроодақ елдеріне 140 мың адам қоныс аударды.

**Таяу Шығыстағы саяси қимылдардың негізгі себептері.** Арабтық Шығыстағы алғашқы толқулардың басты себептері бұл елдердегі ұзақ жылдар бойы қордаланған әлеуметтік қайшылықтардан туындаған болатын. Сондай себептердің қатарына әдеттегідей елді жайлаған жемқорлық, материалдық игіліктерді әділетсіз бөлу, байлар мен кедейлер арасындағы табыс мөлшерінің елеулі айырмашылықтары, жұмыссыздық, әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің жоқтығы мен елдің білімді жастарының мансаптық өсу сатысының болмауы жатады. Бұған сонымен қатар азаматтардың басым бөлігінің материалдық жағдайының нашарлауы, экономикалық байлық пен саяси биліктің азғана топтың қолына шоғырлануы, сайлаудағы әділетсіз бұрмалаушылықтар, орталықтағы және жергілікті жерлердегі биліктің жүгенсіз әрекеттері себеп болды. Міне,

осының барлығы биліктің қордаланған мәселелерді шешуге арналған стратегиялық бағдарламасының болмауынан туындаған еді.

Бұған қоса, бұл аймақта қандай да бір сыртқы күштердің ықпалы да болды. Оны Батыста «реттеуге болатын бейберекетсіздік» деп атайды. Дегенмен осы оқиғаларды қаншалықты реттеуге келетіндігін ешкім ашып айта алмайды. Батыстық «демократияның» осы елдердегі саяси жүйемен қатығысқа түсіп отырғандығын жоққа шығаруға болмайды.

«Араб көктемінің» бас көтерулері алғашында көшедегі шерулер түрінде өтті. Оның одан әрі өршуіне үш нәрсе: «құрғақ сабан», «детонатор» және «нысана» болса жеткілікті еді. Басқаша айтқанда, азаматтардың белсенді тобының наразылық әлеуетінің өсуі (көпшіліктің оны қолдауы) мен билеуші топ беделінің төмендеуі; бұл наразылықтың көрініс беруіне тунистік жігіттің өзін-өзі өртеуі түрткі болуы; саяси көшбасшы түріндегі барлығына кінәлі нысананың (мәселен, Египет Президенті Х.Мұбарактан биліктен кетуін талап ету) болуы қажет еді.

Наразылық әрекеттердің алғашқы кезеңінде бірқатар елдерде (әсіресе Египет пен Тунисте) белсенді күш білімді, бірақ жұмыссыз жастар болды. Олардың көпшілігі заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген және әлеуметтік ғаламтор жүйесінде топтасқан жастар еді. Тұрғындардың осы тобы наразылық қозғалысына серпін берді. Соңғы жылдары араб елдерінде осындай белсенді жастар тобы қалыптасқан болатын.

Екінші кезеңде жас белсенділердің бастамасын барынша ұйымдасқан және саяси тәжірибелі исламдық қозғалыстың өкілдері де қолдады. Олар Египет пен Тунисте 2011 жылдың аяғы мен 2012 жылдың басында парламенттік сайлаулар өткізілгеннен кейін өкімет билігін ауыстырудың нағыз бенефициарлары болған еді. Наразылықтың қозғаушы күштері кедей тұрғындар ғана емес, орташа топ өкілдері де болды. Орташа топ жұмыссыздық салдарынан өз жағдайларын бұрынғыша ұстап тұра алмайтын жағдайға келген еді. Әлеуметтік-экономикалық жіктелістің артуына орай орташалар тобының саны азайып, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ете алмайтын болды.

Шешілмеген мәселелері көп араб елдерінің барлығында соңғы жылдары тұрғын халықтың күрт өсуі мен өлім-жітімнің аз болуы (ғылыми-техникалық өрлеу мен медицина жетістіктеріне байланысты) байқалды. Билік осыған қатысты туындаған мәселенің күрделі екендігін түсінгенімен, оларды шешуге дәрменсіз болды. Бірнеше жыл бұрын президент Х.Мұбарак «Ел басқару оңай шаруа емес,

Египетте жыл сайын халық санының өсуі 1 млн 300 мың адамнан асады, ал табыстың өсуі мұндай қарқында емес», – деген болатын. Сол кезде-ақ Египет халқының саны жылдам қарқынмен өсіп бара жатқандығын байқауға болатын еді. Бірақ ешкім оның арты революцияға апарып соғарын білмеді. Бүгінгі күнде Египетте 82 млн адам өмір сүреді. Ауыл тұрғындарының қалаға қарай ағылуы, соған орай қала халқының өсуі шиеленісті одан әрі ушықтыра түсуде. Тунисте, мысалы, мұндай жағдай елеулі рөл атқарды. Ақырында, азық-түлік өнімдері бағасының өсуі аймақтағы жағдайдың ушыға түсуіне себепші болды. Өйткені 2010 жылдан бастап азық-түлік өнімдерінің әлемдік нарықтағы бағасы күрт өсіп кеткен болатын. Айтпа кететін жайт, жоғарыда аталған ішкі мәселелердің басымдыққа ие болғанына қарамастан, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы жағдайлардың өрбу барысына сыртқы факторлардың әсерін жоққа шығаруға болмайды. Соның айқын мысалы ретінде Ливияда болған оқиғаларды айтуға болады. Бұл жерде 2011 жылы көктемде НАТО мен бірнеше араб елдерінің бірлескен қимыл-әрекеті билікті күшпен өзгерту мақсатын көздеген болатын.

Қарсылық шаралары, жергілікті билік үшін, күтпеген жағдай болды. Осыдан келіп таяушығыстық көшбасшылардың «Араб көктеміне» деген көзқарастары да әрқилы болды. Мысалы, Кувейт пен Сауд Арабиясындағы қарсылық қозғалыстары басылып тасталды. Тунистегі оқиғалардың бүкіл аймаққа тез таралып кетуінен қауіптенген және оның қауіптілігін дер кезінде бағалай білген Кувейт басшылығы әрбір ел азаматтарына ақша, ақысыз азық-түлік талондарын берді. Бұл әрекет арқылы қоғамдағы наразылық күші күрт төмендеп, көтерілістерге ұласпады.

Сауд Арабиясындағы жағдай біршама басқаша өрбіді. 2011 жылы ақпанда азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру үшін жедел түрде бюджетке өзгерістер енгізілді. Білім беру, денсаулық сақтау және жергілікті инфраструктураны жақсартуға Сауд Арабиясы ауқымды қаржы жұмсауды жоспарлады. Осындай әлеуметтік салаға деген қаржылық көмектен кейін тұрғындардың көшеге шеруге шығуға ынтасы болмаған еді.

Қазіргі кезде көптеген араб елдері үшін жағдай күрделі болып қалды және не болатыны белгісіз күйде тұр.

Азаматтық қарсылықтар кейде үлкен күшке ие болып, авторитарлық мемлекеттерде қоғамның іргесін шайқалтып, биліктің дегенін болдырмай тастайды. Бірақ егер авторитарлық билік халықтан қолдау тауып, бос кеңістікті әскер толтырса, азаматтық қарсылықтар дәрменсіз болып қалады. Азаматтық билік режимді құлатқысы кел-

се, онда азаматтық қозғалыстар оның болатын салдарын да білуі керек. Қоғамда түпкілікті өзгерістер жасауға қарағанда, біртіндеп жасау неғұрлым тиімді. Керісінше болған жағдайда, пайда болған биліктің бос кеңістігін қаруы барлар иеленіп кетеді.

«Араб көктемі» саяси бағдарлама негізінде басталмағанымен, әрқашан заңды әлеуметтік талаптар басты орында тұрды. Үкіметтің осы заңды талаптарды қанағаттандыра алмауы халықтың жаңа наразылықтарын тудырды.

Бұл тығырықтан шығу үшін Араб елдерінің билігі елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларын демократияландыру жолында бірқатар реформалар жүргізуде. Сондықтан араб қоғамында біршама өзгерістер орын алуда.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Араб елдеріндегі жаппай көтерілістердің орын алуына не себеп болды деп ойлайсындар?
2. Неліктен араб елдерінде еуропалық модернизация үлгісі сәйкес келмеді?
3. Араб елдеріндегі бас көтерулерге сыртқы күштердің ықпалын қалай көрсетер едіңдер?
4. Араб елдері үкіметтерінің қандай қателіктерін айтуға болады?
5. Қандай араб елдері оқиғаның алдын алып, дер кезінде әрекет етті?
6. Қалай ойлайсындар, араб елдеріндегі халық наразылықтары немен аяқталуы мүмкін?
7. Неліктен халықтың заңды әлеуметтік талаптары бейберекетсіздікке әкеп соқтырды?

## БАТЫС ЕЛДЕРІНІҢ ХХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### § 18. ФРАНЦИЯДАҒЫ КОНСЕРВАТИЗМНІҢ НЕОКОНСЕРВАТИЗМГЕ АУЫСУЫ

#### Бұл сабақта:

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын;
- Франциядағы Бесінші республиканың құрылуы мен консерватизмге оралуын;
- Франциядағы неоконсерватизмнің ерекшеліктерін қарастырамыз.

#### Тірек сөздер:

консерватизм, голлизм, неоконсерватизм, денационализация, дерегламентация

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның саяси дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қарсыласу қозғалысының түрлі топтары мен ұйымдары азат етілгеннен кейінгі Францияның саяси ұйымдарының болашағы туралы ойланды. Көптеген саяси қайраткерлер үшін ұлттың жеңілісіне алып келген Үшінші республиканың саяси режиміне қайта оралуға жол жоқ екендігі айқын болатын.

Бұл мәселеде басты екі үрдіс қайта көрініс тапты: Француздық коммунистік партия (ФКП) бастаған солшыл топ жобаларының ортақ белгісі демократиялық еркіндікті кеңейтуге, өкілеттік органдардың құқықтарын арттыру, үкімет үстінен парламент бақылауын қамтамасыз етуге ұмтылу болса, оңшыл топтардың алдында «күшті билік» идеясы тұрды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Францияның саяси құрылымы жөніндегі мәселесінің өзектілігі арта түсті. 1945 жылдың маусымы мен 1946 жылдың қазан айы аралығындағы кезең елдің соғыстан кейінгі құрылымын

талқылау кезеңі болды. Нақ сол уақытта Шарль де Голль саяси либерализм доктринасына сын-пікірін ашық білдіріп, Францияның саяси құрылымына деген өз көзқарасын айта бастады.

1944 жылы құрылған, генерал де Голль басшылық еткен Францияның уақытша үкіметі жаппай сайлау құқығы негізінде референдум жүргізді. Оған тұңғыш рет елдің әйел тұрғындары қатысып, француздарға 1875 жылғы Конституцияға оралуды немесе жаңа Конституция қабылдауды ұсынды. Францияның азаматтары



Шарль де Голль өз жақтастарымен бірге  
Париж көшелерін аралауда

аталған соңғы шешімді қабылдап, сонымен Құрылтай жиналысы сайланды. Онда жетекші орынға үш партия – Француздық коммунистік партия (ФКП), Социалистік партия (СФИО) және Республикалық халық қозғалысы партиясы (МРП) ие болды.

**Төртінші республиканың құрылуы.** 1946 жылдың 27 қазанында қабылданған Конституция Төртінші республиканың құрылғанын жариялады. 1946 жылғы Конституция бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органы парламент болып, ол Ұлттық жиналыс пен Республика кеңесінен тұрды.

Республика Президентінің мәртебесі алдыңғы Үшінші республиканың даму жолына тән болды, бірақ құқықтары әлдеқайда шектелді. Республика Президенті парламенттік екі палатаның бірлескен отырысында сайланды. Үшінші республикадағыдай ол да жауапты тұлға емес, өкілеттік рөл атқаратын болды.

Төртінші республиканың Конституциясы саяси либерализм қағидасы негізінде құрылды. Оны дайындау барысында демократиялық, прогрессивтік күштер (ФКП, СФИО) халық құқығын әлдеқайда кеңейтетін бірқатар баптардың қабылдануына қол жеткізді.

Төртінші республиканың қалыптасуы Францияға көзделген саяси тұрақтылықты бермеді. Парламентаризм дағдарысы өрші түсті. 1946 жылдан бастап 1958 жыл аралығында Францияда 24 үкімет ауысты.

**Францияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы.** Екінші дүниежүзілік соғыс Францияның беделін айтарлықтай әлсіретті.

Мемлекеттік күйзеліс салдарын жою аса күрделі мәселе болды. Оны соғысқа дейінгі кезеңдегі деңгейге халықшаруашылығын қайта жеткізу арқылы шешу мүмкін болмады. Экономиканың бүкіл құрылымын өзгерту және әлемдік экономикалық бәсекелестік талаптарын есепке алу арқылы елдің жан-жақты мамандандырылуын жүзеге асыру қажет еді.

Францияның соғыстан кейінгі экономикасын қалыптастыру және жетілдіру экономиканы мемлекет тарапынан реттеу бағытында жүргізілген іс-шаралар ретінде жүзеге асты. Мұның негізінде Дж. Кейнс тұжырымдамасы жатқан болатын.

Соғыстан кейінгі кезеңде Батыс елдері арасында экономикаға мемлекеттің араласу дәрежесі бойынша Франциямен тең келетін ел болмады. Экономиканы француздық мемлекеттік реттеудің сипаты ірі мемлекеттік секторды құру және бағдарламаларды кеңінен жүргізу болды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ширек ғасырға жуық мерзімде Франция экономикасы салыстырмалы түрде жоғары қарқында дамыды. Бұл жана экономикалық құрылымға өтуге және жартығасырлық артқақалушылықты еңсеруге мүмкіндік берді.

Франция үкіметінің экономика саласына мемлекеттің араласуын күшейтуге жол бергендігі әлеуметтік күйзелісті болдырмау үшін жасалған еді. Франция экономикасында орын алған өзгерістер барлық Батыс елдеріне тән әлеуметтік саладағы құрылымдық ілгерілеуге алып келді. Осы әлеуметтік өзгерістерді экономиканы индустриаландыру, ғылыми-техникалық революция, халықтың урбандалуы, әл-ауқат деңгейін көтеру сияқты факторлармен түсіндіруге болады.

Франция қоғамының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістердің жалпы бағыты оның әркелкілігінің өсуі мен құрамының күрделенуінде болды. Бұл әлеуметтік қарама-қайшылықтарды тереңдетпей қоймады. Осылайша елде жаңа экономикалық, сәйкесінше жаңа әлеуметтік құрылым орнап, өз кезегінде ол жана саяси институттарды құру қажеттілігіне алып келді.

Мемлекет алдында соғыстан кейінгі кезеңдегі күрделі әлеуметтік өзгерістердің болуына орай ауқымды әлеуметтік базаны жоғалту қаупі тұрды.

Ірі өнеркәсіптер «күшті билікті» қалыптастыру жобаларын қолдады. Осы арқылы олар онтайлы бағдарлама жасай алмаған әрекетсіз үкіметтен құтыламыз деп есептеді.

**Францияда Бесінші республиканы құру.** Төртінші республиканың саяси тәртібінің сынға ұшырауы негізінде және соғыстан кейінгі



мәселелерді шешіп бере алатын «күшті билік» құрудың қажеттілігін түсіне отырып Ш. де Голль мен оның жақтастары өзінің саяси доктринасын әзірледі. Ш. де Голльдің саяси көзқарастары *голлизм* деп, ал оның жақтастары *голлышылдар* деп аталды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін голлышылдар дәстүрге, тәртіпке деген адалдық және елдің бірігуі сынды ұрандарды басшылыққа алып, француздық консерваторларға қолдау көрсетті. Консерватизм Франциядағы негізгі саяси күш болып қала берді. Консерватизмнің француздық түрінің Ш. де Голль айналасында шоғырлануы ерекше жағдай болды.



### Анықтаңдар!

Не себепті консерватизм идеялары голлышылдардың бағдарламасында жүзеге асырылған?

Голлизм доктринасының іс жүзінде қолданылуы 1958 жылы Алжирдегі ультраколониалистік бүліктен туындаған дағдарысты пайдаланып, генерал де Голль билікке келгеннен кейін орын алды.

1958 жылдың 4 қазанында Франция Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Ол голлизмнің елдің конституциялық қағидаларына жасаған ықпалының нәтижесінде орын алды. Саяси либерализм доктринасы негізінде жазылған бұрынғы республикалар Конституцияларынан ерекшелігі – Бесінші республиканың Конституциясы күшті билік немесе консерватизм идеясы негізінде құрылды.

Мемлекеттік құрылымдағы негізгі тұлға Республика Президенті мемлекет абыройының кепілі саналды, оның құзыреттері айтарлықтай кеңейді. Республика Президенті қарулы күштерді басқарып, Премьер-министр мен арнайы министрлерді тағайындау құқығына ие болды. Франциядағы Президент орны президенттік республикамен салыстырғанда әлдеқайда күштірек болды. 1958 жылы Конституция француз Парламентінің қоспалаталық жүйесін сақтап, Ұлттық жиналыс және Сенаттан құралады.

Мемлекеттік құрылымның жаңа түрін Ш. де Голль «Жаңа демократия» деп атады. 1958 жылы Конституция елге президенттік және парламенттік республика элементтерінен тұратын саяси режимді енгізу арқылы биліктің дәстүрлі парламенттік нұсқасын жойды. Ш.де Голль және оның жақтастары жасаған саяси доктрина қолайлы және өміршең болды. Сөйтіп, Францияның конституциялық тұрақсыздығы аяқталды.

**Неоконсерватизмнің пайда болуы.** 70-жылдары Батыстағы консерватизмнің жетекші бағыты – дәстүрлі консерватизм мен либерализм идеясының синтезі ретінде *неоконсерватизм* орнады. Оның саясаттағы көрнекті өкілдері АҚШ Президенті Р.Рейган, Англия Премьер-министрі М.Тэтчер, Франция Премьер-министрі, кейін Президенті Ж.Ширак және басқалар болды.

Неоконсерватизмнің өсуі экономикалық және әлеуметтік сипаттағы қиындықтарға деген реакциямен байланысты еді. Бірқатар капиталистік елдердің салыстырмалы түрдегі тұрақты экономикалық дамуы 1970 жылдардың басында тоқтады. Осы кезеңде өндірісте бірқатар кемшіліктер пайда болды, ол 1973 жылдың соңында АҚШ-тан басталып, 1974–1975 жылдары бүкіл капиталистік елдерді қамтыған кезекті әлемдік экономикалық дағдарысқа алып келді.

1974–1975 жылдардағы дағдарыс «әлеуметтік мемлекеттің» кездейсоқ экономикалық үдерісті реттеу мүмкіндіктерінің шектелуін көрсетті. Дағдарыс себептері мен одан шығу жолдарын ойластыру «неоконсерватизм» аталған экономикалық саясаттағы жаңа тәсілдің пайда болуына алып келді. Жаңа саяси бағдарламаларды жасау барысында неоконсерватизм оңшыл саясаткерлердің қолданысына енгізілді.

**Франциядағы неоконсерватизмнің ерекшеліктері.** 1986 жылы ел президенті социалист Фр. Миттеран болғанына қарамастан, Республиканы қолдау бірлестігі (РҚБ) бастаған оңшыл күштер Франция парламентіндегі сайлауда жеңіске жетті. РҚБ партиясы 1976 жылы құрылып, жаңа жағдайды есепке ала отырып, голлшылар саясатын жалғастырды.

Президент Миттеран Премьер-министр лауазымын Ұлттық жиналыстың анағұрлым үлкен фракциясына ие болған – РҚБ жетекшісі Жак Ширакқа ұсынуға мәжбүр еді. Алғаш рет Бесінші республика тәжірибесінде биліктің солшыл президенті мен оңшыл премьер-министрінің «бірлесіп басқаруы» орын алды.

Жаңа үкімет саясатының негізгі мақсаты әлеуметтік бюджеттік шығындарды қысқарту барысында экономикаға мемлекеттің ынталандыру рөлін арттыру болды.

Голлизмнің жаңа бағдарламасы сол кезеңде АҚШ пен Ұлыбританияда қалыптасқан неоконсерватизм тұжырымдамасымен сәйкес келді. Алайда оның жүйелі жүзеге асырылуы мемлекет тарапынан жасалған, белсенді әлеуметтік қолдауға үйреніп қалған француз қоғамының айтарлықтай бөлігінде наразылыққа ұшырады.

Мұнда 80-жылдары көптеген Батыс елдері үкіметтерінің кең ауқымды реформа жүргізе бастағандарын атап өткен жөн. Рефор-

малардың басты мақсаты – экономикалық істерге мемлекеттің араласуын азайту және кәсіпкерлік қызметке қолайлы жағдай жасау.

### Ойланыңдар!

Не себепті Франция және басқа да индустриалдық елдер неоконсерватизмге өтті?

Сонымен қатар Ж.Ширак әкімшілігі жеке капиталға деген анағұрлым қолайлы бағдарлама жасады. Оның алғашқы, өзекті бағыты жекешелендіру болды. 5 жыл ішінде жекеменшікке 65 мемлекеттік және жартылай мемлекеттік кәсіпорын акцияларын сату көзделген. Олардың қатарына ірі кәсіпорын тобы, банктер, сақтандыру компаниялары, «ТФ-1» телеканалы, «Гавас» жарнама агенттігі және басқалары кірді.

Жекешелендірудің қажеттілігін француз консерваторлары бірқатар дәйектермен түсіндірді. Біріншіден, мемлекеттік кәсіпорындардың жеке бизнес қолына өтуі олардың өзгермелі нарықтық жағдайға икемділік қабілетін қалпына келтіреді. Екіншіден, шаруашылықты жекешелендіру әртүрлі меншік түрлеріне жататын кәсіпорындарға қарағанда, жекеменшік компаниялар арасында капитал байланыстарын басқаруға ыңғайлы болды.

Экономикалық тетік трансформациясының екінші бағыты салық салу көлемінің төмендеуінде еді.

Либералдық реформалардың соңғы бөлігі – экономикалық қызметтің әртүрлі салаларын шектеуді қолға алды. 1987 жылдың басынан бастап барлық өнеркәсіп және қызмет көрсету кәсіпорындары нарық жағдайына назар аудара отырып, өз өнімдеріне бағаны дербес белгілеуге құқылы болды. Тек кітаптар мен дәрі-дәрмектер, жарық, газ және теміржол көлігінің тарифтері реттелді.

1988 жылы президенттік сайлауда қайтадан Ф.Миттеран, ал парламенттік сайлауда ФСП жеңіске жетті. Бірақ билікке қайта оралған социалистер өз бағдарламаларын қалпына келтіре



Жак Ширак



Франсуа Миттеран

алмады. Француздық жетекші партиялардың күрделі идеологиялық қайта құру кезені басталды. 80–90-жылдардың екінші жартысында Франция өзінің халықаралық позициясын едәуір нығайта алды. Ол билікке М.С. Горбачев келгеннен кейін КСРО мен АҚШ-тың арасындағы қатынастардың сипатын өзгертуге белсенді түрде қолдау көрсетті. Миттеран батысеуропалық интеграцияның жаңа сатысын бастауға, Еуропалық Одақ құруға үлкен үлес қосты.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Бесінші республика кезеңінде Франциядағы консерватизм идеясын қолдану қалай көрініс тапты?
2. «Әлеуметтік мемлекет» дағдарысының басты себептерін атаңдар.
3. «Неоконсерватизм» ұғымының мазмұнын ашып айтыңдар.
4. Неоконсервативтік саясатқа тән белгілерді атаңдар.

## §19. БРИТАНДЫҚ НЕОКОНСЕРВАТИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМНІҢ ШВЕДТІК ҮЛГІСІ

### Бұл сабақта:

- Маргарет Тэтчердің Ұлыбритания саяси тарихындағы рөлімен;
- Тэтчердің неоконсерватизмімен;
- социализмнің шведтік үлгісімен танысамыз.

### Трек сөздер:

Тэтчеризм, консервативті үкіметтің саясаты, премьер-министр, саясат, социализмнің шведтік үлгісі, жекешелендіру, нарықты реттеу

Соғыстан кейінгі Ұлыбританияның жағдайы. Ұлыбритания Екінші дүниежүзілік соғысты гитлерге қарсы коалицияға қатысқан жеңімпаз мемлекет ретінде аяқтады. Бірінші дүниежүзілік соғыспен салыстырғанда, зардап шеккендердің саны аз болғанымен, материалдық шығын бірнеше миллиард фунт болды. Ұлыбритания өзінің сыртқы қаржы активтерінің басым бөлігін жоғалтып, АҚШ-қа қарыздар болды. Соғыс аяқталғаннан кейін ел ішіндегі жұмысшылар арасында прогрессивті өзгерістерге, британдық отар халықтар арасында азаттыққа деген ұмтылыс өсті.

Елде консервативті партиямен саяси ықпал үшін күрескен Лейбористік партияның танымалдығы өсті.

1945 жылы лейбористік партия жеңіске жетті. Лейбористер әлеуметтік салада реформалардың ауқымды бағдарламасын жариялады. Бұл бағдарлама «Болашаққа

бет бұру» деп аталды. Оның түпкі мақсаты «Ұлыбританияның социалистік достастығын» құру деп жарияланды. Осы мақсатты

лейбористер экономиканың эволюциясында мемлекеттік меншік үлесін ұлғайтудағы ең ұтымды жол деп санады. 1945–1951 жылдар аралығында Клемент Эттлидің лейбористік үкіметі билік басында болды.

Сыртқы саясат саласында К.Эттли үкіметі консерваторларды қолдады. Америка Құрама Штаттарымен «ерекше» қарым-қатынас ең маңызды бағытқа айналды. 1946 жылы К.Эттли үкіметі «қырғи-қабақ соғыстын» бастамашысы болды. Сол жылы атом бомбасын шығару туралы шешім қабылданды. 1948 жылдың көктемінде Ұлыбритания Батыс одағын құру жөніндегі Брюссель пактісіне қосылды.

1951–1964 жылдары Ұлыбританияда консерваторлар билік жүргізді. Премьер-Министр Макмиллан «өзгеріс желі» жөнінде жариялады. Консерваторлар НАТО-мен байланыстарды нығайту бағытын жалғастырды. «Қырғиқабақ соғыс» жылдарында американдық базалар Британ аралдарына қоныстанды. АҚШ пен Ұлыбританияның ядролық күштері жалпы әскери жоспарлар бойынша бірікті.

1964–1970 жылдары билік басында лейборист Г.Вильсонның үкіметі болды. Бұл үкіметтің саясаты «әлеуметтік мемлекетті» құруды көздейді, әлеуметтік саясаттың көптеген бағыттарын күшейтті.

**М.Тэтчердің неоконсерватизмі.** 1979 жылы Ұлыбританияда сайлау өтіп, консерваторлар жеңіске жетті. Ол – еуропалық мемлекеттің Премьер-министрі болған алғашқы әйел. Тэтчердің премьерлігі XX ғасырдағы ең ұзақ премьерлік болды. Кеңес басшылығын қатаң сынға алғаны үшін «темір ханым» атауына ие болып, ол «тэтчеризм» саясатының бір бөлігіне айналған бірқатар консервативтік шараларды жүзеге асырды.

Маргарет Тэтчер үкімет басшысы бола отырып, өзі елді әлсіретуші деп есептеген факторларды жою үшін саяси және экономикалық реформалар жүргізді. Оның саяси философиясы мен экономикалық саясаты қаржылық жүйені қайта реттеуге, икемді еңбек нарығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік компанияларды жекешелендіруге және кәсіподақтардың ықпалын азайтуға негізделді. Тэтчердің аса жоғары беделі оның басқаруының алғашқы жылдарында жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне байланысты төмендеді, бірақ 1982 жылғы Фолкленд соғысы мен экономикалық даму кезінде қайтадан артты. Бұл оның 1983 жылы қайта сайлануына мүмкіндік берді.

**Ойланыңдар!**

М.Тэтчердің өмірбаянынан қандай қызықты фактілерді әңгімелеп бере аласыңдар?



Маргарет Тэтчер

М.Тэтчердің басшылығымен Ұлыбританияның консервативті үкіметінің саясаты (1981–1990 жж.) бұрын мемлекет қарауына алынған кәсіпорындар мен экономика салаларын жеке-шелендірумен, монетаризммен, әлеуметтік бағдарламаларды тоқтатумен қатар жүрді. **Біріншіден**, «темір ханым» тікелей салықты азайтты (байлар үшін кіріске салынатын салық 2 есе азайтылды) және жанама салықтарды (атап айтқанда, КҚС) арттырды. Бұл экономиканың әкімшілік механизмін әлсіретіп, нарықтық механизмін күшейтті. **Екіншіден**, М.Тэтчер мемлекеттік мүлікті ауқымды жекешелендіруді жүргізді (кәсіпорындарды сату қазынаға 29 млрд-тан астам фунт стерлинг, жылжымайтын мүлікті сату 18 млрд әкелді). **Үшіншіден**, бюджет тапшылығына қарсы күресу үшін әлеуметтік шығындар мен субсидиялар, оның ішінде артта қалған өңірлерге, білім беруге және тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмек қысқартылды. **Төртіншіден**, еңбек нарығының тиімділігін арттыру үшін кәсіподақтардың құқықтары шектелді және жұмыссыздық жәрдемақысы азайтылды. Тэтчердің кәсіподақтармен, әсіресе кеншілердің кәсіподақтарымен күресінің күшті болғанын атап өту керек. Бұл күрестің барысында пайдасыз барлық шахталар жабылды және ондаған мың адам жұмыстан босатылды. **Бесіншіден**, Тэтчер Ұлыбританияда 40 жыл бойы қолданылған елден капитал шығаруға шектеуді жойды. Нәтижесінде 1982 жылы Ұлыбритания АҚШ экономикасына құйған инвестициялардың көлемі бойынша бірінші орын алды.

**Ойланыңдар!**

М.Тэтчер саясатында қандай жетістіктер болды?

Маргарет Тэтчердің барлық әрекеті үш нәрсеге: *мемлекеттік шығындарды қысқарту, экономикадағы мемлекеттің үлесін*

төмендету және нарықты ы реттеуді тоқтатуға бағытталды . Бұл саясат кейіннен «тэтчеризм» деп аталды.

Тэтчердің либералдық реформалары қоғамда наразылық тудырды және 1980 жылдың желтоқсанында оның рейтингі 23 пайызға дейін төмендеді. Соған қарамастан «темір ханым» өз саясатын өзгертпеді. Бұл саясат көп ұзамай өзінің алғашқы нәтижелерін берді және елдегі экономикалық өсімнің қарқын алуына мүмкіндік берді.

Тэтчеризмнің мәні мен ерекше белгілері: жеке кәсіпкерліктің еркіндігі, салықтардың төмендеуі, инфляцияны тежеген жоғары банк мөлшерлемелерінің енгізілуі, мемлекеттік кәсіпорындарға дотациялардың азайтылуы, депрессиялық аудандарға көмектің азаюы, әлеуметтік салаға жұмсалатын қаржыны азайту, кәсіподақтармен күрес, қарулану жарысы, АҚШ және НАТО-мен әскери-саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту.

### Ойланыңдар!

Тэтчеризмнің негізгі белгілерін түсіндіріңдер.

Тэтчеризмнің ең іргелі қағидасы – еркіндік, алайда либералдық көзқарастан айырмашылығы – оның өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы. Мемлекеттің және азаматтардың қызметін реттейтін заңдар мен институттар «жоғарыдан» түспей, практикалық тәжірибе арқылы қалыптасады. Тэтчеризмнің басқа қағидалары экономикалық еркіндікке қатысты, яғни, мемлекеттің аз араласуы, аз салықтар, отбасы мен шіркеудің дәстүрлі институттарына сүйенетін адамдардың жеке өмірінің еркіндігі болды. Мемлекет осындай еркіндікті теріс пайдаланудан елеулі әлеуметтік салдары болған кезде ғана адамдардың жеке өміріне араласады.

**Социализмнің шведтік үлгісі.** Кейде әлеуметтік мемлекет пен капиталистік экономиканың үйлесімін социализм деп атайды. Мысалы, социализмнің шведтік үлгісі туралы осылай айтуға болады.

«Шведтік үлгі» термині 1960 жылдардың соңында, Швецияда табысты саяси реформалармен бірге жылдам экономикалық өсім байқала бастаған кезде пайда болды. Мемлекет барлық азаматтарға кепілдіктердің, жеңілдіктер мен әлеуметтік қолдаудың ауқымды топтамасын ұсынуда жауапкершілікті толық өзіне алады. Кәсіпкерлік кірістер мен табыс салығына жоғары салық мөлшерін белгілейді, әлеуметтік қызметтер саласын кеңінен қар-



Социализмнің шведтік үлгісі

орындар мен компаниялардың ұстанады; ал нарықтың жағымсыз әлеуметтік шығындарын, атап айтқанда, жұмыссыздық пен теңсіздіктің артуын мемлекеттің еңбек нарығындағы белсенді қызметінің көмегі, пайданың бір бөлігін салық салу арқылы қайта бөлу және инфрақұрылымдық элементтер мен ұжымдық ақша қорларын (кәсіпорындарды емес) қамтитын мемлекеттік секторды пайдалану арқылы жеңуге болады.

Реформалық идеологияда мұндай қызмет «функционалдық социализм» атауын алды.

Мұндай үлгінің *әлеуметтік-демократиялық* деп те аталуы кездейсоқтық емес.

Денсаулық сақтау, білім беру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі бойынша барлық адамдардың жоғары деңгейге тең құқықтары және соның салдары ретінде әлеуметтік теңсіздік мәселелерінің азаюы халықтың әл-ауқатын реттеу саласындағы осындай мемлекеттік саясаттың нәтижесі болып табылады.

Алайда социализмнің «шведтік үлгісінің» мағынасы әртүрлі болды және ол оны пайдаланушының нақ қайсыған көбірек назар аударғанына байланысты еді. Бір жағынан, Швеция экономикасының нарықтық қатынастар мен мемлекеттік реттеуді, өндіріс саласындағы жекеменшіктің басымдығын және тұтыну саласындағы қоғамдасуды үйлестіретін аралас сипаты атап өтілді. Екінші жағынан, соғыстан кейінгі Швецияның айрықша белгісі еңбек пен капитал арасындағы қатынастар ерекшелігі болды. Көптеген онжылдықтар бойында швед болмысының маңызды бөлігі басты қатысушы тұлғалар ретінде кәсіподақтар мен кәсіпкерлердің қуатты

жыландырады. Халықтың әл-ауқатын реттеу саласындағы осындай мемлекеттік саясаттың нәтижесі денсаулық сақтау, білім беру және зейнетақымен қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі шеңберінде анықталады. Сонымен қатар өмір сүрудің жоғары деңгейіне барлық адамдардың теңқұқылы болуы және соның нәтижесінде әлеуметтік теңсіздік мәселелерінің азаюы да әсер етеді. Шведтік үлгі нарықтық экономиканың мейлінше тиімділігі жөніндегі ережеден туындайды. Сондықтан мемлекет кәсіп-

өндірістік қызметіне араласпауды



ұйымдарының қатысуымен жалақы төлеу саласында ұжымдық шарттар жасасу туралы келіссөздердің орталықтандырылған жүйесі болды. Оның үстіне кәсіподақтар саясаты еңбекшілердің әртүрлі топтары арасындағы ынтымақтастық қағидаттарына негізделді.

Шведтік үлгіні айқындаудың тағы бір тәсілі Швецияның экономикалық саясатында басым екі мақсат: жұмыспен толық қамтылудың және кірістерді теңестірудің айқын көрінісінен туындады.

Сонымен, кең мағынадағы шведтік үлгі дегеніміз – жоғары өмір сүру деңгейі және кең ауқымды әлеуметтік саясаты бар елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірдің жалпы көрінісі.

**Шведтік үлгінің міндеттері.** Ұзақ уақыт бойы шведтік үлгінің негізгі мақсаттары жұмыспен толық қамтамасыз ету және кірістерді теңестіру болды. Бұл швециялық жұмысшылар қозғалысының ерекше күшімен түсіндіріледі. 1932 жылдан бастап қазіргі уақыт аралығында (1976–1982 жж. және 1991–1994 жж. қоспағанда) Швеция социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (ШСДЖП) билік басында болды. Онжылдықтар бойына ШСДЖП мен Швеция кәсіподақтарының орталық бірлестігі (ШКОБ) тығыз ынтымақтасты, бұл елдегі реформалық жұмысшылар қозғалысын күшейтті. Бұдан басқа, шведтік үлгі бір тараптан жұмысшылар қозғалысының (кәсіподақтар мен социал-демократтар) және екінші тараптан ірі өнеркәсіптік компаниялардың арасындағы ымыра мен өзара ұстамдылық рухына негізделді. Осы үйлесімділік рухы шағын Швецияның барлық тараптарының күш-жігерін біріктірген кезде ғана өзін қатаң бәсекелі үлкен әлемде сезінуге негізделген еді.

Швецияға тән ерекше факторлардың қатарына өзгермейтін сыртқы саяси бейтараптықты, екі дүниежүзілік соғысқа қатыспауын, Социал-демократиялық жұмысшылар партиясының ұзақ уақыт билікте болуын жатқызуға болады. Сондай-ақ жаңа формацияға, атап айтқанда, феодализмнен капитализмге өтудің бейбіт жолын таңдауын, экономиканы дамытуға ұзақ уақыт қолайлы және бірқалыпты жағдай жасауды, жұмысшылар қозғалысындағы реформизмнің үстем болуын, әртүрлі тараптардың мүдделерін ескеру негізіндегі ымыраны, әлеуметтік консенсус практикасын да жатқызуға болады.

Мінез-құлықтың бірнеше ұлттық белгілерін де атауға болады, олар: рационализм, өзіндік тәртіп, мәселелерді шешу тәсілдерін мұқият зерттеу, ортақ келісімге ұмтылу және қалыңдықты болдырмау қабілеті.

Шведтік үлгі мемлекеттің белсенді рөлін көздеді. Оның жүзеге асырылуына тиімділік пен шынайы мүмкіндіктерді ескере отырып,

мақсаттарға қол жеткізетін прагматикалық қатынас негізінде капитализм шеңберінде біртіндеп реформалау арқылы өмір сүру деңгейін арттыруды көздеген социал-демократтардың еңбегі сінді.

50-жылдардың басында, шведтік үлгінің негіздері кәсіподақ қозғалысында қалыптастырылғаннан кейін, олар социал-демократтардың экономикалық саясатының өзегіне айналды. Осы саясаттың басты қағидаты: өндіріс құралдарын әлеуметтендіру және идеологиялық пікірлер үшін өндірістің тиімді нарықтық жүйесінің пайдасынан бас тартуға себептер жоқ делінеді.

Шведтік үлгіге өндірістің орталықтандырылмаған нарықтық жүйесі тиімді, мемлекет фирмалардың өндірістік қызметіне араласпайды, ал еңбек нарығындағы белсенді саясат нарықтық экономиканың әлеуметтік шығындарын азайтуға тиіс деген ережелерді негізге алады. Оның мәні жекеменшік сектор өндірісін барынша арттырудан, пайданың бір бөлігін салық жүйесі арқылы қайта бөлуден және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін, бірақ өндіріс негіздеріне әсер етпестен мемлекеттік секторды дамытудан көрініс табады.

Бұл ұлттық кірісті бөлудегі, тұтытудағы және қайта бөлудегі мемлекет рөлінің артуына әкелді.

**Шведтік үлгінің тәжірибесі.** Шведтік тәжірибе мен әдістерді оңай экспорттауға және басқа елдерде пайдалануға болады. Алайда тіпті ең озық тәжірибені де бөтен ортаға енгізу өте қиын. Әрбір елдің өз дәстүрлері, тарихы және институттық құрылымдары бар және шведтік қоғамда назар аудартатын жақсы құндылықтардың көпшілігі өте ертеде пайда болған өзіндік дәстүрлері мен институттарына негізделген.

Солдай болғанмен, басқа елдер кейбір тәжірибелерін ала алады. Мысалы, шведтік үлгінің аса маңызды бөлігі – еңбек нарығындағы белсенді саясат тәжірибесін басқа елдер пайдалана алады. Атап айтқанда: жұмыссыздарды қайта даярлықтан өткізу және оларды еңбекке тарту, бос жұмыс орны үшін субсидиялар беру жұмыссыздарға өтемақы ретінде көп көлемдегі қаржыны жұмсағанға карағанда оңтайлы екендігін ескеру. Швецияда еңбек нарығындағы саясатқа жұмсалатын шығындардың айтарлықтай бөлігі салықтар мен әлеуметтік сақтандыру жарналары түрінде мемлекетке қайтарылады. Шведтік тәжірибе еңбек нарығындағы қуатты, жақсы ұйымдастырылған саясаттың жетістігін және салық төлеушілердің ақшасын пайдаланудың тиімді тәсілі екендігін көрсетеді. Әлеуметтік саясат және еңбек нарығын реттеу – шведтік үлгіде ең көп назар аударатын шара.

**Білімдеріңді тексеріңдер**

1. Маргарет Тэтчер басқарған Ұлыбританияның консервативтік саясатының мәнін ашыңдар.
2. «Тэтчеризм» ұғымына анықтама беріңдер.
3. Тэтчеризм саясатының салдарын талқылаңдар.
4. Социализмнің шведтік үлгісінің мәнін ашыңдар.

## § 20. ГЕРМАНИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-НАРЫҚТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Соғыстан кейінгі Германиядағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс. Соғыс аяқталғаннан кейін Германия әртүрлі саяси және экономикалық жүйелермен басқарылатын екі аймаққа бөлінді. Батыстағы үш бөлігі Ұлыбритания, Франция және Америка Құрама Штаттарының бақылауында еді. Оккупацияның шығыс аймағы – кеңес әкімшілігінің бақылауында болды. Соғыстан кейінгі Германияның экономикалық жағдайы төмен болатын. Қалалар қираған, өнеркәсіптік кәсіпорындардың бір бөлігі жойылған немесе бөлшектенген күйге түсті.

Германия бұрынғы жаулап алған аумақтардың барлығынан айырылды. Ол жеңген елдерге өтемақы ретінде ауқымды қаржы төлеуі керек болды. 1948 жылдың басындағы өндіріс 1936 жылғы деңгейдің жартысына әрең жетті. Адамдардың үлкен шығыны, 12 млн босқын, қираған инфрақұрылым, карточка жүйесі және нацистік басқару жүйесі белгілерінің сақталуы соғыстан кейінгі Германия қиыншылықтарының бастысы болып табылды.

Неміс экономистеріне өздігінен тәртіп орнатудың мүмкін еместігін және терең мемлекеттік араласуға жол бермеудің бірін таңдау мәселесін шешуге тура келді. Экономикаға мемлекеттің араласуының шегі мен тиімді әдістерін анықтау және еркін нарықтық экономиканы шамадан тыс мемлекеттік араласудан қорғау қажет болды.

**Бұл сабақта:**

- соғыстан кейінгі Германиядағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс;
- Людвиг Эрхард және әлеуметтік-нарықтық шаруашылық үлгісі;
- ақша реформасы, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі, әлемнің дамыған елдері туралы білеміз.

**Тірек сөздер:**

Нарықтық шаруашылық, ақша реформасы, Маршалл жоспары, модель, азаматтық-құқықтық қоғам, рейхемарка, өмір сүру деңгейі



Людвиг Эрхард

**Людвиг Эрхард және әлеуметтік нарықтық шаруашылық үлгісі.** Германия алғашқы федералдық экономика министрі Людвиг Эрхард Фрайбург мектебінің академиялық тобы әзірлеген шаруашылық тәртіп теориясын басшылыққа алды. Соның арқасында соғыстан кейінгі Батыс Германияда әлеуметтік-нарықтық шаруашылықтың оңтайлы үлгісін құруға қол жеткізілді. Бұл үлгі либералдық институттарды мемлекеттің тәртіпке келтіруіне негізделген. Осы үлгінің негізгі қағидаттарын дәйекті түрде іске асыру қалпына келтіру кезеңі мәселелерін жылдам шешуге мүмкіндік беріп қана қоймай, таңғаларлық экономикалық және саяси табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берген факторлардың біріне айналды.

### Ойланыңдар!

Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық үлгісінің негізгі қағидаттары қандай?

Нарықтық реформалар басталғаннан кейін, он жылдың ішінде Германия Федеративті Республикасы «экономикалық ғажайып» өрлеу шыңына қол жеткізді. Германия еркін демократиялық мемлекет, әлемдік дамыған шаруашылығы бар держава және тұрақты азаматтық-құқықтық қоғам ретінде әлемнің мойындауына қол жеткізді.

Неміс үлгісі Германияда әзірленді және оны соғыстан кейінгі кезеңдегі реформалар барысында 1948 жылдан бастап Людвиг Эрхард іске асырды. Бұл авторитарлық әскери экономикадан әлеуметтік нарықтық шаруашылыққа көшу болды. Реформалар ордолиберализмге негізделді, оның тұжырымдамасы нарықтық экономиканы қалпына келтіруге қалыптасқан белгілі бір шаруашылық тәртібінде мемлекеттің белсенді араласуын білдіреді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дәл осы ордолиберализм идеясы неміс экономикасын қалпына келтіру және кейіннен елді әлеуметтік-экономикалық дамыту тұжырымдамасын әзірлеудің басты теориялық көздерінің бірі қызметін атқарды.

### Бұл қызықты!

**Ордолиберализм** – Фрайбург мектебінің ғылыми бағыты. Бұл мектептің негізгі қағидаты – тәртіп пен еркіндіктің үздіксіздігі, тәртіптердің өзара байланыстылығы.

Германияның экономикалық дамуындағы бетбұрысты айқындайтын алғышарттар батыстағы үш аймақтан ортақ аумақ құру және Маршалл жоспары бойынша батыстық аймақтарды көмек бағдарламасына енгізу арқылы Германия шаруашылығын қалпына келтіруге одақтастардың саяси мүдделілігін көрсетуі болды.

### Ойланыңдар!

Маршалл жоспары бойынша көмектің ерекшелігі неден көрінеді?

**Германиядағы ақша реформасы.** Ақша реформасы Германияның батыс аймақтарында 1948 жылы 20 маусымда басталды. Оның басты міндеті ақшаның құнсыздануын азайтуға және ақшаның шаруашылық айналымындағы рөлін қалпына келтіруге бағытталған. Нақты пысықталған тұжырымдамаға сәйкес, бірыңғай құнды қағаздар (ақша) шығаратын орталық – Неміс жерінің банкі құрылды. Ақша реформасының шеңберінде негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- рейхсмарканың (RM) орнына бірыңғай ақша бірлігі ретінде жаңа неміс маркасы (DM) енгізілді. Әрбір тұрғын 1:1 бағамы бойынша 60 марканы ауыстыру құқығын алды, жинақтардың үлкен бөлігі жойылды, қалғандары шоттарда тоқтатылып тасталды;
- жалақыны, зейнетақыны және пәтерақыны қамтитын ағымдағы төлемдер 1:1 қатынасында қайта есептелді;
- барлық кәсіпорындар әрбір жұмысшыға 60 неміс маркасы есебінен бастапқы соманы алды. Одан әрі олар барлық төлемдерді ағымдағы кірістер есебінен жүзеге асыруға тиіс болды. Кәсіпорындардың өзара міндеттемелері 1:10 қатынасында қайта есептелді. Осылайша жаңа валютаға көшуден, ең алдымен, нақты құндылықтардың иелері – кәсіпорындар мен мүлік иелері ұтты. Мәселен, акционерлік қоғамдар неміс маркасымен жаңа баланстар ашу кезінде меншікті капиталдың 96 пайызын сақтап қалды;
- мемлекеттің рейхсмаркамен көрсетілген барлық міндеттемелері ешқандай өтемақысыз жойылды.

**Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі.** Германияда қолданылған әлеуметтік қорғау үлгісі Еуропа елдерінің арасында ең тиімділерінің бірі саналды. Германия әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізген алғашқы ел болды. Бисмарктің кезінде, 1890 жылдардың өзінде-ақ осы жүйенің негізі болған үш заң: «Өнеркәсіптік еңбек адамдарын науқастануы бойынша сақтандыру туралы», «Өндірістегі жазатайым



Соғыстан кейінгі Германия

оқиғалардан сақтандыру туралы» және «Мүтедектігі және қартаюы бойынша сақтандыру туралы» Заңдар (1891 ж.) қабылданды.

XX ғасырдың басындағы әлеуметтік сақтандырудың дамуы 35 жыл сақтандыру өтілі болған жағдайда зейнетке шығу жасын 65-ке дейін қысқартуға әкелді. Қартаю бойынша мерзімінен бұрын зейнетке шығу (60 жастан) көп жыл жұмыс өтілі бар шахтерлерге тағайындалды.

Германияның әлеуметтік қорғау жобасы елде XX ғасырдың 50–60-жылдары жүргізілген өзгерістердің әсерінен қалыптасты және әрбір жаңа партия билікке келген сайын өзгеріп отырды.

Әлеуметтік-нарықтық экономика тұжырымдамасы Германия экономикасын Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалпына келтіру үшін әзірленді. Оның іске асырылуы Л.Эрхард және А.Мюллер-Армак пен байланысты болды. «Әлеуметтік нарықтық экономика» терминін Мюллер-Армак енгізді. Мемлекеттің әлеуметтік міндеті әлеуметтік игіліктерді қайта бөлу емес, жекетұлғалар қызметінің шарттарын қамтамасыз ету, олардың саналылығын, дербестігін және өз әл-ауқаты үшін жауапкершілігін арттыру болды. Осы қағидаттарды іске асырудың нәтижесі «экономикалық ғажайыпқа» әкелді. Л.Эрхард тұжырымдамасына сәйкес мемлекет мүтедектерге,

жетімдерге, көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге көмек көрсетуі тиіс болды.

Экономикалық даму кезінде жұмыс күшінің жетіспеушілігіне байланысты елге Оңтүстік-Шығыс Еуропадан жұмыс іздеушілердің кіруіне рұқсат етілді. 1970 жылдардың ортасында елде олардың саны 4 млн-ға жуық адамды (жұмыс күшінің 11 пайызын) құрады. Бұл мемлекеттің әлеуметтік шығындарының ұлғаюына себеп болып, мұнай дағдарыстарынан кейін мемлекеттік қазынаға үлкен ауыртпалық түсірді. Мемлекет иммиграцияны шектеу бойынша шаралар қабылдағанымен, ол салықтардың өсуіне әкеп соқтырды. Экономикалық тұрақтылықты қалпына келтіру үшін жұмыстан босатылудан қорғау және тарифтік дербестік туралы заңдар қабылданды. Осы шаралар нарықта үш қатысушының ғана: мемлекеттің, кәсіподақтардың және жұмыс берушілердің қалуына алып келді. Бұл бәсекені босаңсытты және кәсіподақтарға жалақыны арттыру, жұмыс аптасын азайту және т.б. талаптарын қоюына мүмкіндік берді.

Эрхард «әлеуметтік» терминінің мағынасына ерекше мән береді. Әлеуметтілік бұрыннан нарықтық экономикаға тән. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігі оның ауқымдылығымен анықталмайды. Дұрыс әлеуметтік саясат әрбір адамның ұстанымын қолдауға бағытталуы тиіс: азамат мемлекеттің қамқорлығынан дербестік және тәуелсіздік ала отырып, еркін адамға айналады. Әл-ауқаттың өсуі кезінде әрбір жеке адамға өзі үшін, өзінің отбасы үшін жауапкершілік жүктеу ақталды. Ең ақырында, қоғам бай болған сайын мемлекет ұсынатын әлеуметтік игіліктерге мұқтаж адамдар да азаяды.

**Әлемнің дамыған елдері.** Дамыған елдер халықтың өмір сүруінің жоғары деңгейімен сипатталады. Дамыған елдерге Солтүстік Американың, Батыс Еуропаның және Тынық мұхиты алабының кіріс деңгейі жоғары, өнеркәсібі дамыған 25 елі жатады.

Онда 1,2 млрд адам тұрады (әлем халқының бар-жоғы 23%-ы). Жан басына шаққандағы ЖІӨ 40 мыңнан 60 мың долларға дейін құрайды. Оларға әлемдік сыртқы сауда айналымының 70 пайызға жуығы тиесілі. Дамыған елдердің негізгі белгілеріне жан басына шаққанда ЖІӨ-нің жоғары деңгейі; экономиканың көпсалалы құрылымы; қоғамның әлеуметтік құрылымы жатады. Өнеркәсібі дамыған елдерге халықтың ең кедей және ең бай топтарының арасындағы кірістер деңгейіндегі аз айырмашылық және жоғары өмірлік стандарттарға не қуатты орташа таптың болуы тән.

Дамыған елдер әлемдік экономикада жетекші рөл атқарады. Өнеркәсібі жағынан дамыған елдердің арасында «үлкен жетілік» немесе G-7 деп аталатын АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония маңызды орын алады. Жетілік елдерінің арасында АҚШ үстемдік етеді. Батыс Еуропа экономикалық күштің екінші орталығы болып табылады. Батыс Еуропада нарықтық экономиканың екі үлгісі: «демократиялық корпоративизм» және «әлеуметтік нарықтық үлгі» басым. Екі үлгінің де ортақ белгілері көп, сондықтан олардың арасында қатаң шегара жоқ. Өмір сүру сапасы барынша маңызды әлеуметтік санат болып табылады, ол адам қажеттіліктерінің құрылымын және оларды қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайды.

*Халықтың өмір сүру сапасы – адамның материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі.*

Адам төмен сападан зардап шегеді және өмір сүрудің жоғары сапасынан қанағаттанушылықты сезінеді. Сондықтан жоғары сапа адамға үнемі қажет.

Өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштеріне халықтың кірісі, тамақтану сапасы, киім сапасы және сәнділігі; тұрғын үйдің



Қазіргі Германия



қолайлылығы; денсаулық сақтау және білім беру сапасы; қоршаған ортаның сапасы және т.б. жатады.

**Өмір сүру деңгейі** – халықтың әлеуметтік деңгейін, игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейін, адамдардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін сипаттайтын жағдайлар мен көрсеткіштердің жиынтығы.

Өмір сүру деңгейі статистикасының негізгі міндеттері халықтың іс жүзіндегі әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ экономикалық дамуға сәйкес ел азаматтарының өмір сүру жағдайын айқындайтын факторларды зерттеу; әлеуметтік жағдайлармен және өндірістің дамуымен өзара байланысты материалдық игіліктерге және қызметтерге мұқтаждықтарын қанағаттандыру дәрежесін өлшеу болып табылады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Соғыстан кейінгі Германияның экономикалық жағдайын талқылаңдар.
2. Людвиг Эрхард деген кім?
3. Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық үлгісінің негізгі қағидаларын атаңдар.
4. Қалай ойлайсыңдар, Германиядағы ақша реформасы қандай мақсатпен жүргізілді?
5. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты неден көрінеді?
6. «Халықтың өмір сүру сапасы» дегеніміз не?
7. Халықтың өмір сүру сапасы неге байланысты болады?

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### §21. КОММУНИСТІК ҚЫТАЙ: САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ СИПАТТАМАСЫ

#### Бұл сабақта:

- ҚХР-дың құрылуы, 50–60-жылдардағы Қытай, Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейінгі Қытай;
- Қытай экономикалық реформалар жылдарында, «қытайлық ерекшелігі бар» социализм құру;
- 90-жылдардың екінші жартысындағы Қытай туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

ҚХР-дың құрылуы, Мао Цзэдун, Дэн Сяопин, экономикалық реформа, студенттер демонстрациясы, Гонконг пен Макаоның қайтарылуы, «қытайлық ерекшелігі бар» социализм құру

1946–1949 жылдардағы азамат соғысы кезінде Қытай коммунистік партиясы жеңіске жетті. Гоминьдан мен Чан Кайшидің жеңіліс табуы бірнеше себептерге байланысты болды. Жапондықтарға қарсы соғыс жылдарында партия мен Чан Кайши үкіметі өздерін ақтай алмады, Гоминьданның реформалық саясаты да еш нәтиже бермеді. Шенеуніктердің жемқорлығы биліктегілерді беделден айырып, олар жапон басқыншылығына тойтарыс беруге қауқарсыз болды. Керісінше компартия жапондарға қарсы соғыс жылдарында өз күштерін қалпына келтіріп, азат етілген аумақтарды көбейтті, КСРО-ның көмегімен соғысқа қабілетті әскер құра білді. Соғыс аяқталған соң компартия қалың бұқараға түсінікті қарапайым ұрандар ұсынды. Маньчжурияда Жапонияның квантун армиясының талқандалуы және осы миллиондық әскери топты қарусыздандырып, оның қару-жарақтарын қытайлық коммунистерге беру оның армиясын күшейтті. Азамат соғысы жылдарында сенімді тыл құрылды. АҚШ-тың бұл уақыттағы Гоминьданға көмегі тиімсіз болып шықты.

АҚШ-тың қолдауымен Чан Кайши өз жақтастарымен бірге Тайваньға қашып кетті. Сол жерде өзінің мемлекеттік билігін орнатып, Қытай Республикасын жариялады. Тайваньдағы Қытай Республикасы капиталистік даму жолын тандап, өзін қытай халқының бірден-бір заңды мұрагері деп мәлімдеді.

**ҚХР-дың құрылуы. 50–60-жылдардағы Қытай.** 1949 жылы 1 қазанда Пекинде Қытай Халық Республикасы (ҚХР) ресми түрде



Қытай Халық жиналысы үйі. Пекин, 1958–1959 жж.

жарияланды. Орталық Халық үкіметі құрылып, оған елдегі өкімет билігі ресми табыс етілді.

Мао Цзэдун сөйлеген сөзінде азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі Қытайды дамытудың өзіндік жолын атап көрсетті. Кезек күттірмес міндет ретінде осы жолдағы өзіндік сипатқа не «жана демократия» құру мақсаты айтылды. Партияның басты міндеті Қытайды өндірісі дамыған күшті державаға айналдыру, қоғамдағы жұмысшы табының артықшылығын бекіту деп көрсетілді.

1954 жылы қабылданған Конституция мемлекеттің социалистік сипатын заңды түрде бекітті. Жоғары мемлекеттік органдардың құрылымына өзгерістер кірді. ҚХР Төрағасы қызметі енгізіліп, үкімет Мемлекеттік әкімшілік кеңес деп аталатын болды. Жоғарғы өкілеттік орган болып – Бүкілқытайлық халық өкілдерінің жиналысы (БКХӨЖ) белгіленді. Нақты өкімет билігі компартияның құрылымдарының барлық деңгейінде болатын болды.

Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылған соң, социалистік құрылысты дамыту үрдісі басталды. Аграрлық реформа мен шаруаларды кооперативтендіру жұмысы жүргізілді. Аралас экономика құрылды: ішінара мемлекет меншігіне алу жүргізіліп, мемлекеттік

секторды қалыптастырды, ол жеке кәсіпкерлікпен қатар өмір сүрді. Бірақ 1958 жылдан бастап «үлкен секіріс» деп аталған түбегейлі бетбұрыс басталды. Қытай Коммунистік партиясының басты бағыты қарқынды дамуға және тез арада коммунистік қоғам құруға бағытталды. Индустрияландыру күрт жеделдетіліп, барлық өндіріс қоғамдастырылды, бөлудің тенгерімдік қағидасы енгізілді. Қытай басшылығы экономиканы дамытуды жеделдетіп, үш жыл ішінде коммунистік қоғамның негізін қалауға ұмтылды. Нәтижесінде орасан зор экономикалық даму қарқыны орын алады.

ҚКП ОК-нің Төрағасы Мао Цзэдун дүниежүзілік революцияның жүру барысын жылдамдатуға болады деп санады, сол үшін компартия шешуші қадамдарға барды. Бірақ осы мақсатта қабылданған «Үлкен секіріс» жоспары күйреп, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісінің қысқаруына ұшырады. Бүкіл ел ашаршылықтың шегіне жетті. Мао Цзэдун партияның өз ішінен шыққан оппозицияға тап болды. Осыған байланысты Мао оппозициямен күресу үшін «мәдени революция» дейтін науқанды бастады. Осы науқан барысында Мао және оның жақтастары партия мүшелерін қудалауға кіріседі. Партия мүшелерін әшкерелеу науқанына өздеріне шексіз берілген «хунвейбин» жастар тобы пайдаланылды.

**Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейінгі Қытай.** 1976 жылы 9 қыркүйекте 83 жасқа қараған шағында Пекинде ҚКП ОК Төрағасы Мао Цзэдун қайтыс болды. Оның қайтыс болуымен Қытайдың қазіргі заман тарихының тұтас бір тарихи кезені аяқталды. Мао Қытайды терең дағдарысты жағдайда қалдырып кетті. Ресми мәліметтер бойынша елде 20 млн адам жұмыссыздар, 8 млн адам жұмыс «іздеушілер» қатарында болса, 100 млн адам ашаршылық жағдайда болды. Азық-түліктің негізгілері мен тұрмыстық тұтыну тауарларының көпшілігі карточкамен берілді. Азық-түлік өндірудің және ең қажетті бұйымдар өндірісінің өсімі халық санының өсімінен төмен болды. Бұл жағдай экономикалық ахуалды одан әрі қиындатып жіберді. Мао Цзэдунның қайтыс болуымен өкімет билігі үшін күрес шиеленісе түсіп, ел азамат соғысының басталуы алдында тұрды. Билік үшін күресте «мәдени революция» жылдарында қуғынға ұшыратылған Дэн Сяопин бастаған билік өкілдері басымдыққа ие болды.

**Қытай экономикалық реформалар жылдарында.** 1977 жылы жазда өткен ҚКП XI съезінде Дэн Сяопин партия мен мемлекеттегі билікке қайтып оралды. Оның толық бақылауына біртіндеп мемлекеттің өмірінде маңызды рөл атқара бастаған армия да

көшті. ҚКП басшылығындағы жана өкіметтің бағдарламалық жобаларында реформа жүргізу басты бағыт болды.

КХР-да кең көлемдегі экономикалық реформалар жүргізу туралы ресми шешім Дэн Сяопиннің бастамасымен ҚКП ОК үшінші Пленумында 1978 жылы желтоқсанда қабылданды.

Мао Цзэдунның саясатында қателіктердің болғандығы айтылды, «секіріс» пен «реттеу» науқандары елге орасан зор зардап әкелген шаралар болғандығы мойындалды. Бұдан былай аралас экономиканы құруға бетбұрыс жасалып, нарықтық механизмдерді пайдалану, шетел капиталын тарту қарастырылды. Билік өкілдерінің бірқатары «қытайлық сипаттағы социализм» құрамыз десе, екінші бір топ «қытайлық ерекшеліктері бар капитализм» құруды ұсынды.

Реформалар жүргізу науқаны кезіндегі маңызды әрекет коммуналарды тарату, ауылдардағы кооперативтік құрылымдарды жою, отбасылық мердігерлікті құру болды. Өнеркәсіп саласында тұрмыстық техникалар өндіруге басымдық берілді. Ол үшін өнеркәсіпті қайта құрылымдауды жүргізді. Осылайша ауылшаруашылығы тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін атқарса, ал өнеркәсіп күнделікті тұрмыстық қажеттіліктер – теледидарлар, тоңазытқыштар, кіржуғыш мәшinelер, жиһаз өндіруді қолға алды. Ұсақ кәсіпкерлік бизнеске қолдау көрсетілді. Шаруаларға базарларда өздерінің артық өнімдерін емін-еркін саудалауға мүмкіндік берілді. Теңіз жағалауындағы қалаларда еркін немесе жеңілдік берілген кәсіпкерлік аймақтары ашылды.

Көп ұзамай жүргізілген экономикалық шаралар алғашқы жемісін берді. Алтыншы бесжылдық кезінде (1981–1985 жж.) өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны жыл сайын орта есеппен 11 пайызға өсіп отырды. Қала мен ауыл халқының табыстары 80-жылдары екі есеге өсті. Бірақ басқа елдермен салыстырғанда, әлі де бұл табыс мөлшері төмен еді. 80-жылдардың ортасына қарай ауылшаруашылық өнімдерін өндіру қарқыны төмендеп, бағалар өсе бастады, инфляция ұлғайды. Қытай қоғамында демократиялық үдерістер белең алып, социализмнің саяси жүйесін либерализациялауды талап ету көрініс берді. Осындай жағдайда 1987 жылы күзде ҚКП XIII съезі болып, онда КХР-да социализм құрудың бастапқы кезеңі жөніндегі теориясын қабылдады. Осы тұжырымдамаға



Дэн Сяопин

сәйкес Қытай да социализм құру үш кезеннен өтуі тиіс болды. 1990 жылға дейін ұлттық жалпы өнім 1980 жылмен салыстырғанда екі есеге өсуі, ал Қытай халқы негізгі азық-түлік өнімдерімен, киім-кешекпен карточкасыз қамтамасыз етілуі тиіс болды. Екінші онжылдық кезеңде, яғни 2000 жылға дейін, ұлттық жалпы өнім 1990 жылмен салыстырғанда тағы екі есеге өсуі, ал халық орташа өмір сүру деңгейіне жетуі тиіс. Соңғы, ең ұзақ мерзімді қамттын кезең, 2049 жылы аяқталады (яғни, ҚХР-дың 100 жылдығына) және ол Қытайды әлемдік өлшем бойынша орташа дамыған елдер қатарына жеткізеді деп жоспарланды.

Шын мәнінде, Қытайда мемлекеттік сектор басымдықта болып, ал әміршіл-әкімшіл жүйе нарықтық қатынастардың толық өркен жаюына кедергі келтірді. Реформалар қатал мемлекеттік қадағалаумен жүргізілді. Қытай елі азық-түлік, демографиялық, экологиялық, ресурстық дағдарыстарды бастан кешірді. 1988–1989 жылдары Қытайда бірқатар елеулі толқулар орын алды. Әсіресе студенттер бас көтеріп, ол бірқатар қалаларда билікпен ашық қақтығысқа түсті. Сан мыңдаған студент демонстрациясы демократияны талап етіп, наразылық білдірді. Ал билік оларды аяусыз басып тастады, жүздеген студент оққа ұшып, мыңдағаны жараланды. Қытай өкіметі қоғамға бақылау жасауды әлсіретуден экономикалық және саяси себептерге байланысты қорқады. Әлеуметтік қайшылықтар қалалардан ауылдарға ауыса бастады, себебі ауылдардағы әлеуметтік жағдай төмендей бастаған болатын.

Ресми насихат шараларында ҚХР негізін қалаушы ретіндегі Мао Цзэдунның еңбегі ерекше насихатталып, Дэн Сяопинді экономикалық реформалардың басты идеологі, ал Цзян Цзэминді (1989–2003 жж. ҚХР Төрағасы қызметін атқарған) қытай қоғамының «қытайлық ерекшелігі бар» социализм құру кезеңінің барлық жақсы істерін сенімді жалғастырушы деп атап көрсетілді.

1992 жылдан бастап шаруашылық реформа өзінің жаңа даму кезеңіне аяқ басты, яғни экономикалық дамуды жылдамдату, тереңдету, бүкіл экономикалық саясатты идеологиядан арылту және біртіндеп жоспарлы реттеуден нарыққа өту кезеңіне аяқ басты. Егер 1980 жылы мемлекеттік сектор өнеркәсіп өнімінің 80 пайызын берсе, ал 90-жылдардың басында жартысын өндірді. Кәсіпкерлік қызметке партия мен мемлекеттік аппарат, шенеуніктердің туыстары қатыса бастады. Бұл реформаның алға басуын «жоғары жақтан» нығайтуға септігін тигізді.

Қытайдың экономикалық дамуындағы жетістіктер көп жағдайда конфуцийшілдік дәстүрлермен (еңбек мәдениеті, еңбекақыны

төлеу, еңбек етуге ынталылық, табыстың тек еңбекпен келетіні және адамдар әрдайым өзін жетілдіріп отыруы керектігі сияқты қағидалар) байланысты айқындалды. Қытайдағы қайта құрулар елді қиындықтан құтқаратын бірден-бір жол болды.

Бірақ жаңа қиындықтар туындай бастады. Олардың ең бастысы – нарықтық-жекеменшіктік қатынастардың дамуының миллиардтан астам халықты авторитарлық және әміршіл-әкімшілік басқару түрімен сәйкес келмеуі.

Қытай 90-жылдардың екінші жартысында. ҚХР әлемдік экономикалық дамуда алдыңғы қатарға шыға бастады. Сыртқы қарызының көптігіне қарамастан, Қытайдың оны дер кезінде жауып отыру мүмкіндігі болды және долларлық валюта қоры жинақталды. Дегенмен халықтың жан басына шаққандағы табысы өте төмен мөлшерде болды.

Қытай жекелеген аймақтарының дамуында әркелкілікке, экономикадағы мемлекеттік сектордың тиімсіздігіне байланысты қиындықтарды бастан өткерді. ҚХР өмірінің ең маңызды сәттерінің бірі Гонконг пен Макаоның, яғни, елдің оңтүстігінде орналасқан екі ірі өндірістік орталықтың және маңызды стратегиялық плацдармдардың қайта қосылуы болды. Бұл аймақтың Қытай экономикасына елеулі жетістікте р әкелу мүмкіндігі бар.



ҚХР астанасы – Пекин

Сыртқы саясатта Қытай ірі аймақтық держава ретінде дербес әрекет етуге ұмтылады және ол болашақта көпполюсті әлемдегі күштердің бір орталығы болуды мақсат тұтады. Қытайдың бұл ұстанымына Ресей, Қазақстан т.б. аймақтық және көрші елдер қолдау білдіруде. Ал АҚШ пен оның одақтас елдері бұған аса сақтықпен қарауда.

Ұзақ уақыттан бері ҚХР сыртқы саяси бағытының негізінде идеологиялық жақындығы бойынша стратегиялық әріптестер таңдауда ұлттық-мемлекеттік мүдделерге басымдық беріп жатыр.

80-жылдардың ортасынан бері қытайлық билік өкілдері әлемнің көпполюсті тұжырымдамасын құрастырып, Қытайдың Азиядағы ғана емес, сондай-ақ әлемдегі жаңа «күштер орталығының бірі» ретінде өзіне тиісті орын алуын назар аударған.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Қытайды 1946–1949 жылдардағы азамат соғысындағы жеңіске жеткізген қандай фактор?
2. ҚХР қашан жарияланды?
3. «Үлкен секіріс» пен «мәдени революция» саясатына сипаттама беріңдер.
4. 70–80-жылдардағы Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың мәні қандай?
5. 1988–1989 жылдардағы Қытайда болып өткен студенттердің жаппай көтерілістері қандай талаптар қойды?
6. «Қытайлық ерекшелігі бар» социализмнің мәнін түсіндіріп беріңдер.

## §22. ҮНДІСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫ

Үндістанның Республика болып жариялануы. 1949 жылы Үндістандағы құрылтай (конституциялық) жиналысы жаңа Конституция қабылдап, 1950 жылы 26 қаңтарда өз күшіне енді. Осы күн Республика күні деп белгіленді. Конституция Үндістан Республикасын жариялады. Штаттардың заң шығару жиналыстарына өткізілген жалпыға бірдей парламенттік сайлау Үнді ұлттық конгресіне жеңіс әкелді. Бірінші үкіметті Джавахарлал Неру, одан кейін оның қызы Индира Ганди мен Индира Гандидің ұлы Раджив Ганди басқарды.

Конституцияға сәйкес Үнді Одағы демократизм мен зайырлылық қағидастарына негізделген тәуелсіз парламенттік республика деп жарияланды. Конституцияда маңызды буржуазиялық-демократиялық бостандықтар бекітіліп, ұлттық, нәсілдік, қасталық немесе діни сенімдеріне қарай кемсітушіліктерге қатаң тыйым салынды.



Жекеменшік мүлікке нұқсан келтіруге тыйым салынып, 31-бапта жекеменшік мүлікті қоғамдық мақсатта заңмен алуға немесе оның орнына ақшалай құнын төлеуге тыйым салатын заң бекітілді.

Үнді одағының негізгі заңы ретінде 1950 жылы Конституцияның қабылдануы тәуелсіз Үндістанның республика ретінде дамуындағы жаңа кезенді бастап берді.

Жаңа үкіметтің аса маңызды реформаларының алғашқысы аграрлық мәселелерді шешу болды. Өткен ғасырда құрылған делдал-заминдарлар жүйесі жойылып, жерді өңдейтін шаруаларға жер берілді. Үндістан азық-түлік жетіспеушілігіне байланысты қиындықтармен өзі айналыса бастады. Дегенмен күні бүгінге дейін оның тұрғындарының бір бөлігі әлі азық-түлік тапшылығын сезінуде, тіпті кейбірі мүлдем ашаршылықты бастан кешуде.

Үндістан капиталистік даму жолымен келе жатыр. Аралас экономика күшті мемлекеттік сектормен бірге нарықтық-бәсекелестік қатынастарға негізделіп, шетел капиталын тартуға қатысуда. Мемлекеттің саясаты мемлекеттік сектордың негізгі салаларын, яғни металлургияны, химия, ядролық энергетиканы қолдау, шаруашылықтың барлық салаларында жеке кәсіпкерлікті демеу және өндірістің болашақ дамушы салаларына трансұлттық корпорациялардың шетелдік капиталын тарту болып отыр. Мемлекеттік сектор жалпыұлттық өнімнің тек 20 пайызын құрайды. Үндістан өзінің саяси дамуында британдық парламенттік-демократиялық жүйенің тәжірибесіне және отаршыл билік кезіндегі үнділік қоғамның билеуші топтарының жинақтаған тәжірибесіне арқа сүйейді. Билікті еуропалық стандарттарға сәйкес бөлісу принциптері сақталады. Саяси үрдіс саяси партиялардың бәсекелестігі мен сайлау науқаны кезіндегі көппартиялық жағдайға негізделген. Ағылшын тілі – жалпыүндістандық тіл, себебі елдің көпұлттылығы мен елдегі көптілділік жағдайы осыған мәжбүрледі.

#### Бұл сабақта:

- Үндістанның Республика болып жариялануы, шешімін таппаған Кашмир мәселесі;
- сыртқы саясат мәселелері және Үндістанның ядролық қару өндіру мәселесі;
- тәуелсіздік жылдарындағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктері туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

Үндістандағы құрылтай (конституциялық) жиналысы, парламенттік-демократиялық жүйе, Үндістанның модернизациялық үрдісі, ҮҰК, Кашмир мәселесі

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Үндістанның модернизациялық үдерісі капиталистік дамуға толық сәйкес келді. Дегенмен Үндістанның өзіндік мәселелері де жетерлік. Ең өткір тұрғаны – ұлттық-дін алауыздық (үнді-мұсылмандық қалыңдықтар, сикхалардың саяси автономия жолындағы қозғалыстары, оңтүстіктегі тамилдердің сепаратистік қозғалыстары және т.б.) мәселелер. Касталық жағдайына қарамастан, барлық адамдар тең деп жарияланғанмен, касталық жүйе мәселесі өзгеріссіз қалды.

Шығыстың басқа көптеген елдерінен Үндістанның айырмашылығы – өткеннің дәстүрлерін қатаң сақтауында. Үндістан осы күнге дейін идеялық төзімділік таныту, күш көрсетпеу, плюрализм сияқты дәстүрлерді сақтай отырып, жанаша дәстүрлер мен парламенттік демократия жүйесін де қоса дамытуда.

Үндістан тәуелсіздік жылдарында парламенттік демократия жүйесі мықты қалыптасқан Шығыстың бірден-бір елі болып табылады. Конституцияда билікті бөлісу, демократиялық құқықтар мен азаматтардың бостандығы заңмен белгіленді. Әкімшілік реформалар төңірегіндегі күрестер және бір ортақ тіл енгізу мәселесі Үндістанда саяси сипатқа ие болып, ол өте өткір жағдайда жүрді. Соған қарамастан көптеген халықтар, тілдер, діндер мен мәдениеттер бірлесе өмір сүріп жатқан федерация болып табылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Үндістанда көптеген саяси партиялар пайда болды. Олардың көпшілігі – дін сипаттағы партиялар. Олар тұрғындардың белгілі бір тобына сүйеніп құрылды және мажоритарлық жүйе бойынша біраз уақытқа дейін ҰҰК-ге қарсы тұра алмады.

*Мажоритарлық (majorile — көпшілік) жүйе – бірқатар елдерде орталық және жергілікті өкілдік органдарға, президентті сайлауы кезінде дауыс беру нәтижелерін айқындау үшін қолданылады. Бұл – дауыс беру кезінде сайлаушылардың көпшілік дауысын жинаған үміткерді сайлай алатын дауыс беру жүйесі.*

ҰҰК елді тәуелсіздікке жеткізген партия ретінде Үндістанның саяси өмірінде жетекші орынға ие болды. Тек 1950 жылдардың аяғына қарай оның саяси ұстанымдары біршама әлсіреп, партия ішінде алауыздық өрши түсті. 60-жылдардың басында ҰҰК ішінде оншыл көсемдердің бірлестігі ретінде Синдикат құрылады, ол партия аппаратында шоғырланады. 1980 жылдан бастап ҰҰК үкіметі экономикалық даму бағытын күрт өзгертіп, нарықтық реформаларға бет бұрады. Бұл реформалар 1991 жылы да жалғасып, нәтижесінде Үндістан үлкен экономикалық жетістіктерге қол жеткізеді.

1980 жылдары саяси шиеленістердің болуына қарамастан, ҮҰК өзінің саяси билігін сақтап қалды. Бірақ 1989 жылы парламенттік сайлауда жеңіліске ұшырап, партия оппозицияға кетуге мәжбүр болды.

**Шешілмеген Кашмир мәселесі.** Кашмир аумағы күні бүгінге дейін Үндістан мен Пәкістан арасындағы даулы мәселе болып отыр. Бұның бір себебі – ондағы тұрғындардың көпшілігі ислам дінін ұстанады, ал билік етуші үнді осы жердің тәуелсіздігін сақтауға тырысты. Ақырында тұрғындар автократиялық билікке қарсы шығады, ал Кашмирге кейінірек пәкістандық әскер құрамалары басып кіреді. Билік несі Делиге қашады да, ол әскери көмек сұрап, оның өтеуіне Үндістанның өз құрамына Кашмирді қосып алуын сұрайды. Үндістанның генерал-губернаторы Маунтбеттен мұндай шешімді қолдайтынын білдіргенімен, кейін Кашмирде референдум өткізуді талап етеді. Халық Үндістанға немесе Пәкістанға өтетіндігін өздері шешуі тиіс, дегенмен референдум болмай қалды.

Нәтижесінде Үндістан мен Пәкістанның Кашмирдегі әскери жарияланбаған соғыс жағдайында тұрды. 1949 жылы БҰҰ-ның араласуымен уақытша келісімге келеді. Екі арадағы сызық іс жүзінде шегара болды, бірақ бұны екі жақ та мойындамады.

Осының салдарынан Кашмир бірнеше Үнді-Пәкістан соғыстарының себебіне айналды. Үндістан мен Пәкістан арасындағы соғыстың бірі Бангладештің тәуелсіздігі жолындағы күресі барысында орын алды.

Британдық Үндістанның бөлінуі салдарынан болған қасіреттің бірі ретінде аймақтағы лаңкестік белсенділіктің өсуін және Үндістан мен Пәкістанның жаппай қарулануын айтуға болады.

**Сыртқы саясат принциптері және Үндістанның ядролық қару өндіру мәселесі.** Сыртқы саясаттағы бейтараптықтың басты мақсаты «қырғиқабак соғысы» шиеленістерінен аулақ болу еді. Оны Дж.Неру кезінде берік сақтау мүмкін болды. Бірақ 1960 жылдардың басында Үндістанға бейтараптық ұстаным елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма деген күдік пайда болды. 1980 жылдардан бастап Үндістанның сыртқы саясаты тағы да дербес бола бастайды. Ел КСРО-мен жақсы қарым-қатынас ұстана отырып, АҚШ-пен, Еуроодақпен, Жапониямен, Қытаймен байланысты дамытуға ұмтылады. Соңғы онжылдықта Үндістан Оңтүстік Азия елдерімен қарым-қатынасты жақсартуға ерекше көңіл бөлуде. Нәтижесінде Пәкістаннан басқа барлық елдермен жақсы қатынаста р орнатылды. Пәкістан ғана



Индира Ганди

Үндістанның халықаралық сахнадағы басты бәсекелесі болып қалды.

Үндістанның сыртқы саясаттағы басым бағыты қорғаныс пен қауіпсіздік мәселесі болып саналды. Үндістан үкіметі әлемнің ядролық қарусыз бейбіт дамуын қолдайтынын үнемі айтып келе жатқанына қарамастан, туындап отырған халықаралық жағдайда ядролық бағдарламаны амалсыздан жасауға мәжбүр екендігін мәлімдейді.

Кезінде Дж.Неру: «Ел ядролық қаруға күштар емес және оны өндірмейді», – деп қатаң түрде мәлімдеген болатын. Дегенмен ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қол қою кезінде, үнді үкіметі оған қосылудан бас тартады.

И.Ганди Үндістанның бұл ұстанымын бірнеше рет түсіндіріп, аталған келісімнің алаушылық сипаты бар екендігін дәлелдеуге тырысқан болатын. Келісім ядролық қаруы бар елдерге қаруды артық мөлшерде өндіруге мүмкіндік бергенімен, басқа елдердің оны тіпті бейбітшілік мақсатта пайдалануына, ядролық қуат өндіру тәжірибелерін жасауына рұқсат бермеген болатын. Үндістан 1950 жылдардың ортасынан осы мақсатта сынақ жүргізе бастады.



Пәкістан 1998 жылдан бастап ресми түрде ядролық қарулы елдер клубына мүше болды

1960 жылдардын ортасында Қытайдың ядролық қаруды сынақтан өткізуі Делидің ерекше аландаушылығын туғызды. Сонымен қатар 1970 жылдардың ортасынан басталған Қытай мен Пәкістан арасындағы қатынастардың жақсаруы, Пәкістанның ядролық бағдарламасын жасауы да айрықша назар аударуды талап етті. Дегенмен Үнді үкіметі бұрынғы ұстанымынан айныған жоқ еді. 1988 жылы Үндістан қарусыздану жөніндегі бағдарламасын жариялап, 2010 жылға дейін ядролық қарудың барлық түрін жою жөнінде мәлімдеме жасайды.



Үндістанның ядролық қаруы

Жағдай 1990 жылдары өзгеріске ұшырады. 1998 жылы 11–13 мамыр аралығында Үндістан бірқатар жерасты ядролық сынақтарын өткізеді. Үндістан Премьер-министрі елдің мұндай қадамға баруына Қытай мен Пәкістан тарапынан қауіпті сезінгендіктен туындағанын мәлімдеді. Сонымен қатар республика басшылығы әлемдегі ядролық жаппай қарусыздану бағдарламасын жақтайтындығын атап өтіп, оның нақты іске асатын күнін күтетінін айтты. Ал дәл қазіргі уақытта Үндістан да, Пәкістан да ядролық қаруы бар ел.

**Тәуелсіздік жылдарындағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері.** Үндістан тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік-экономикалық дамуында ірі жетістіктерге қол жеткізді. Ол өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан әлемдегі он мемлекеттің қатарына еніп, ғарыштық және ядролық зерттеулерді қосқандағы аса қуатты ғылыми-техникалық әлеуетін құрды, білікті ғылыми кадрларын, мамандарын, инженерлері мен жұмысшыларын даярлады. Мемлекеттік реттеудің жоғары деңгейіне қарамастан, елдегі жекеменшік сектор экономиканың аса маңызды саласы болды. Астық жинау үш есеге өсті (1995 ж. Үндістан бидай өндіру бойынша әлемде 2-орынға шықты; ол АҚШ-ты басып озып, жетекші орында тек Қытайды ғана қалдырды). Қалаларда және ауылдарда мықты орташа тап пайда болды. Ірі мемлекеттік секторы бар аралас экономика барынша дамыған инфраструктураны қалыптастырды. Үндістанның көптеген елдерімен, әлемнің әртүрлі аймақтарымен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық байланыстары кеңейді. Адамдардың орташа өмір сүру деңгейі отаршылдық жылдарымен салыстырғанда екі есе өсіп, сауаттылық арта түсті.

Дегенмен бұл жетістіктер елдің даму мәселелері шешілді дегенді білдірмейді. Барынша өткір тұрған мәселе өсіп бара жатқан сыртқы қарыз мөлшері болды. Тұрғын халықтың жартысы сауатсыз, төменгі кастадағылардың құқықтарының жоқтығы, жұмыссыздық, өткір әлеуметтік қайшылықтар, шешімін таппаған аграрлық мәселелер (көптеген шаруалар әлі де болса жерге не бола алмауда немесе жері жеткілікті емес) әлі де бар. Осылайша Үндістан үкіметі қазіргі орын алып отырған саяси және әлеуметтік күштердің арасалмағы жағдайында барлық осы аталған мәселелерді шешу үшін бірқатар іс-шаралар қолға алынуы тиіс болып отыр.

Үндістан алдында өте күрделі мәселелердің тұрғанына қарамастан, алдағы өмірге үлкен үмітпен қарайды, қалыптасқан жана жағдайларға бейімделуге тырысады. ХХІ ғасырда Үндістан дүниежүзілік экономикаға толық кірігіп, халықаралық қауымдастықтың лайықты мүшесіне айналып келеді.

#### Білімдеріңді тексеріңдер

1. 1950 жылғы Үнді Конституциясы туралы әңгімелендер. Онын қандай ерекше тұстары бар?
2. Үндістан сыртқы саясатта қандай принциптерді ұстанады?
3. Үндістан мен Пәкістан арасында шешімін таппаған қандай мәселелер бар?
4. Үндістанды ядролық қару жасауға итермелеген қандай жағдайлар?
5. Тәуелсіздік жылдарындағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтындар.

### §23. ХХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕМАЛИЗМ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Кемал Ататүріктің жолын президент И.Иненюдін жалғастыруы. Кемалдық революция және 20–30-жылдары жүргізілген реформалар тізбегі Түркияда зайырлы мемлекеттің негізін қалады. Дін мемлекеттен бөлініп, шариғаттық соттар мен мектеп-медреселер жойылды, әйелдердің құқы ерлермен теңестірілді. Түркия еуропалық күнтізбе бойынша өмір сүре бастады. Міндетті түрде еуропалық киім кию бекітілді, көп әйел алушылыққа тыйым салынды, азаматтық неке кию қалыптасты. Сол уақыттағы маңызды жаңалықтың бірі түріктердің латын әліпбиіне көшуі болды. Мектептер ашылып, орта және жоғары мектептер ұйымдастырылды. Экономикалық саладағы реформалар мемлекеттің бұрын түріктер дәстүр бойынша жұмыс істеуден бас тартатын кәсіпкерлік салаларын (сауда, жол құрылысы) ұйымдастыруына негіз болды.

Мұстафа Кемал Ататүріктің реформаларының арқасында Түркия Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында зайырлы мемлекетке айналып, батыстық құндылықтарға қарай бет бұра бастады. Ататүрік қайтыс болған соң, оның ізбасары болып Мұстафа Кемалдың досы әрі әріптесі Исмет Иненю билікке келді.

Иненю зайырлы құрылымдарды дамытуға бағытталған даму жолын жалғастырушы болды. Еуропалық жаңалықтарды енгізу мен экономиканы және адамдар өмірінің барлық саласын мемлекет қамқорлығына алу шараларын жүргізді. Бірақ ескеретін бір жағдай, ел тұрғындарының жартысына жуығы бұл жолды ұнатпады, олардың көпшілігі ежелден келе жатқан мұсылмандық дәстүрмен өмір сүруді қалады.

Мұстафа Кемал реформаларын өзінің зор беделі мен жанаша жаракталған әскери күштеріне арқа сүйеп жүргізген болатын. Исмет Иненю бұл жолды жалғастырды және елде бірпартиялық диктатура сақталды. Тек Халықтық-республикалық партия (ХРП) ғана әрекет етті. Басқа ешқандай да саяси әрекетке жол берілмеді. Сонымен бір мезгілде тұрғын халықтың исламға, ұлттық дәстүрлерге деген ынтасы артты, әсіресе ауыл тұрғындары арасында мұндай көңіл күй өте күшті байқалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Түркия жай ғана бейтараптық ұстанымын жариялағанымен, елде германдық ықпалдың күші қатты байқалды. 1944 жылы тамызда Түркия, тіпті Германиямен дипломатиялық қатынасын үзуге барды да, 1945 жылы ақпанда оған қарсы соғыс жариялады. Осылайша Түркия жеңімпаздар жағына қосылып үлгерді, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымын құрушылар қатарына қосылды.

«Қырғиқабақ соғысы» кезінде Түркия Батыс жағына шықты. Батыс одағымен тығыз ынтымақтасу үшін И.Иненю 1940 жылдардың аяғында НАТО-ға кіруге әрекет жасайды. Түркия Солтүстік-атлантикалық одаққа 1952 жылы ақпанда кірді.

#### Бұл сабақта:

- соғыстан кейінгі Түркияның даму жағдайы;
- Кемал Ататүріктің жолын президент И.Иненюдің жалғастыруы, Түркияда исламдық көңіл күйдің жандануы;
- Екінші саяси республика: саяси либерализация уақыты (1960–1980 жж.), Үшінші республика, экономикалық либерализацияға бағыт алуы;
- XX ғасырдың аяғындағы Түркияның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

Кемалистік революция, зайырлы мемлекет, реформалар, ислам, Екінші республика, саяси либерализация, Үшінші республика, экономикалық либерализация



Түркиядағы кемализм

Түрік буржуазиясы соғыстан кейін кәсіпкерлік бастамаларының мүмкіндіктерін тежеген, олардың баюына кедергі болған кемалистік этатизм саясатына қарсы бола бастады. Бұл тығырықтан шығудың жолын іздеген II.Иненю басқарған ХРП жетекшілері кемалистік бағдарламалардың мазмұндық мәніне өзгерістер енгізуге талпыныс жасайды. Үкімет авторитарлық билікті жұмсартуға, өкіметтің демократиялық негіздерін кеңейтуге бағытталған бірқатар шараларды жүргізді.

Соған қарамастан, әртүрлі саяси күштер арасындағы күрес күшейіп, исламдық діни топтар арасындағы оппозициялық қозғалыстың белсенділігі өседі. Дегенмен де кемалистік реформалар, Түркияның демократиялануы және экономикасының дамуы соңғы жылдары діннің ықпалын азайтқандай болды.

1945 жылы қарашада II.Иненю парламентте сөз сөйлеп, алғаш рет бірпартиялық диктатурадан бас тартатындығын мәлімдеді. 1946 жылы қаңтарда ХРП-дан бөлініп шыққан депутаттар тобы Демократиялық партия (ДП) құратынын жария етті. Оған Джелаль Баяр мен Аднан Мендерес жетекшілік етті. ХРП-дан айырмашылығы – жаңа партия демократия мен азаматтық еркіндікті сақтауға, жекеменшік сектордың дамуына кең жол ашуға, экономикаға шетел капиталын тартуға уәде берді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң түрік үкіметтерінің экономикалық саясатының бағыты мемлекеттік экономикалық белсен-



ділікпен бірге жекеменшіктік қатынастар мен кәсіпкерлікті дамытуға қарай бет бұрды. Бұл Түркия жаңғыруының алға қарай жылжуына жол ашты.

Түркияда исламдық ахуалдың жандануын Демократиялық партия (ДП) ұтымды пайдаланды: ол үнемі лаицизмді айыптап, ХРП-ны «күдайсыздығы» үшін кінәлады. ДП-ның исламның ықпалын күшейту жолындағы барлық әрекеті оның қоғамдағы танымалдылығын арттырды. 1950 жылы мамырда ол парламенттік сайлауда жеңіске жетті. Ел Президенті болып Д.Баяр, ал премьер-министр болып А.Мендерес тағайындалды.

Демократиялық партия Түркиядағы билікте 10 жыл отырады. Билікте отырған уақытында А.Мендерес үкіметі жекеменшік секторды дамытып, фермерлік шаруашылықты нығайтты. Сонымен қатар бір мезгілде ұлтшылдық және исламдық көңіл күй күшейді, бұл әскерилердің Түркиядағы лаицизмнің тағдырына аландаушылығын туғызды. 1960 жылы армия әскери төңкеріс жасап, әскерилердің құрған Ұлттық Бірлік Комитеті (ҰБК) елдегі билікті өз қолына алады. 1924 жылғы Конституция жойылады, парламент таратылып, саяси партиялардың қызметіне тыйым салынады. Осылайша Түрік Республикасының бірінші кезеңі аяқталады.

**Екінші республика: саяси либерализация кезеңі (1960–1980 жж.).** 1961 жылы негізгі заң қабылданып, ол күшіне енеді. Конституцияға сәйкес Түркия «әлеуметтік-құқықтық мемлекет» сипатына ие болады.

Екінші республиканың өмір сүруінің маңызды ерекшелігі көп-партиялық жүйенің енгізілуі болды. Партия ұйымдарының белсенділігі, өкімет билігі үшін күреске жаңа әлеуметтік күштердің қосылуы түрік қоғамындағы ілгерілеушілік өзгерістерді көрсетті. ХРП сияқты ескі партиялармен қатар 1961 жылдан кейін құрылған 12 партия да жалпы тұрғындардың мүддесін көздеуші ретінде емес, енді тек өз сайлаушылары үшін ғана күреске түсетін болды.

Түркия осы кезеңде артта қалған кедей ел бола тұра, экономиканың бірқатар саласында өндірісті ұлғайтты. Атап айтқанда, өнеркәсіп кәсіпорындарының саны соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда 4 еседен, өндіріс көлемі 7 еседен аса өскен. Мемлекеттің және шетел капиталының арқасында жекеменшік фабрика-зауыт кәсіпорындары жылдам дами бастады. Құрастыру өндірісі кеңінен өріс алды, оған қажетті негізгі бөліктер, агрегаттар, күрделі бөлшектер шетелден әкеліне бастады.

Екінші республиканың таңдаған жолы табысқа жеткізді, сонымен қатар шығынсыз да болмады. Бір жағынан, экономикада елеулі жетістіктерге қол жеткізіліп, соның нәтижесінде Түркия индустриалды-аграрлық елге айналды. Екінші жағынан, экономикада тұрақты өсу қарқынына қол жеткізе алмады. Ал саясатта этатизмді қолдаушылар мен либералдандыруды, жекеменшік бастаманы кеңейтуді талап етушілер арасындағы өткір күресті тоқтата алмады. Ақыр соңында, бастапқы принциптер қайшылығы ойластырылған жоспардың іске асуын тежеді. Ол қоғамда наразылық туғызып, елде дағдарыстық жағдай қалыптасты.

1961 жылдан бастап армия Түркияның өмірінде маңызды рөл атқара бастады: ол анархия мен саяси партиялардың дәрменсіздігі байқалғанда, елдегі болып жатқан жағдайға араласып отырды. Сондай жағдай 1971 жылы наурызда және 1980 жылы қыркүйекте орын алды. Әскер шешуші әрекет жасап, дағдарысты болдырмады. Сулеймен Демирельдің билікте отырған үкіметі құлатылып, парламент таратылды, партия мен кәсіподақ қызметі тоқтатылды, демонстрация мен ереуілдерге тыйым салынды. Билік толығымен әскерилер құрған Ұлттық қауіпсіздік кеңесіне (ҰҚК) өтті. 1980 жылғы төңкеріс ДП жетекшілері жасаған, бірақ Екінші республика жылдары елеулі өзгерістерге ұшыраған даму жоспарын іске асыруға жұмсалған еңбектің қорытындысы іспетті болды.

**Үшінші республика.** Экономикалық либералдануға бағыт алу. 1980 жылғы 12 қыркүйектегі төңкерістен соң өкімет билігі үш жылға ҰҚК-ге берілді. Әскерилердің жана Конституцияны әзірлеу мақсаты 1982 жылы жүзеге асырылды.

1983 жылға белгіленген Парламент сайлауына тіркелген 15 партияның тек үшеуі ғана сайлауға жіберілді. Сайлау барысында жеңіске жеткен Отан партиясы (ОП) Түркияның Ұлы ұлттық жиналысында (ТҰҰЖ) көпшілік орынға ие болып, оның жетекшісі Тұрғыт Өзал Премьер-министр болды. 80-жылдардың аяғына дейін ОП елдің жетекші партиясы болып қалды. Ал оның жетекшісі Т.Өзал осы кезеңде атқарушы билік тізгінін ұстады. 1990 жылы ол президент К.Эвренинің орнына отырып, осы қызметте өмірінің соңына (1993 ж.) дейін отырды.

«Түрік реформаларының әкесі» Т.Өзалдың тұжырымдамалары негізінде экономиканы либералдандыру мен қатал мемлекеттік реттеуден бас тарту арқылы нарықтық қатынастарды нығайту идеясы жатты. Оның соңғы мақсаты Түркияны Еуропалық экономикалық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ету болатын. Т.Өзалдың жоспарын іске асыру арқылы Түркия жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) мөлшерін

жоғарғы деңгейге жеткізді. Электр энергиясы мен болат өндіру, автомобильдер мен тұрмыстық техникалар шығару, киім-кешек пен аяқкиім даярлау мөлшері өсті. Дәнді дақылдар мен техникалық дақылдар, ет пен сүт өндіру тұрғын халық санының өсімінен артып, ауылшаруашылық өнімдерін экспортқа шығаруға мүмкіндік берді. 80-жылдардың аяғына қарай түрік экспорты 1980 жылмен салыстырғанда 4 есеге өсіп, 10 млрд долларды құрады. Сондай-ақ өнеркәсіп бұйымдарының экспорттағы үлесі 35 пайыздан 80 пайызға өсті. Мемлекеттік сектор 90-жылдардың басына қарай 30 ірі және 100-ге жуық ұсақ кәсіпорындарды иеленді. Ол жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 40 пайызын өндірді, жалдамалы еңбек етушілердің 30 пайызға жуығын жұмыспен қамтамасыз етті, 75 пайыз түріктің өнеркәсіптік кәсіпорындары еуропалық кәсіпорындармен бәсекелестікке түсе бастады. Осылайша бұл кезеңде Түркияны заманауи индустриалды мемлекетке айналдыру ісі аяқталды. Нәтижесінде Түркия әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті ел болды.

Түркиядағы әлеуметтік өзгерістер өзімен бірге саяси өзгерістерге де әкелді. 1980 жылдардың аяғында Т.Өзалдың Отан партиясының беделі азайып, исламдық ықпал күшейе түседі. Н.Эрбаканның Игілік партиясы өкімет билігіне ұмтылып, алғашқыда жергілікті жерлерде билікке не болса, содан кейін парламенттік сайлауға да қатысты. 1995 жылы желтоқсандағы кезектен тыс өткен парламенттік сайлауда Н.Эрбакан жетекшілік еткен исламдық ұстанымдағы әлеуметтік партиясы жеңіске жетеді. Әлеуметтік партияның жеңісі экономиканы либералдандыру бағытын іске асыруда қиыншылық көрген Түркия тұрғындарының көпшілігінің Батыс елдерімен байланыстарды нығайтуға қарсылығын көрсетті. Бірақ елдегі экономикалық жағдай қиындай бастады. 1995–1997 жылдар аралығында жалпы жылдық инфляция 80 пайызға жетті. Ақшаның құнсыздануы 50 пайызға өсті. Эрбаканның терең ойластырылмаған әрекеттері Батыс әлемінің алдында Анкараның беделін төмендетіп, шетелдік инвестициялардың қысқаруына әкелді. Ел президенті С.Демирельдің өтініші бойынша саясатқа тағы да әскерилер араласты. Олар ультиматум түрінде Эрбаканнан исламдық бағыттағы шаралардан бас тартып, таза зайырлы сипаттағы Түрік мемлекетін тануды талап етті. Бұл шиеленіс Эрбакан үкіметінің отставкаға кетуімен аяқталды.

**XX ғасырдың аяғындағы Түркияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Түркияның капиталистік дамуы қоғамдағы бірқатар әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Өнеркәсіп, сауда, қаржы және ауыл буржуазиясы саны жағынан өсіп, экономикалық тұрғыдан нығайды. Ірі буржуазия ерекше орынға ие болды. Оның елеулі бөлігі

шетелдіктермен, соның ішінде американдық капиталмен тығыз байланыста болды. Жекеменшік кәсіпкерлік елдің барынша ықпалды экономикалық күшіне айналды. Соған қарамастан, мемлекеттік-капиталистік сектор өз ықпалын жоғалтпай, ең алдымен, көлік саласы мен ірі өнеркәсіп өндірісінде орнын сақтады. Түрік зиялы қауымының қатары да елеулі түрде нығая түсті.

2002 жылы 3 қарашада Түркиядағы парламенттік сайлауда Әділет және даму партиясы (ӘДП) жеңіске жетіп, бір партиядан тұратын үкімет құруға мүмкіндік берді. ӘДП жетекшісі Р.Т.Эрдоган оның басшысы болды. ХХІ ғасырға Түркия бірқатар құрылымдық мәселелермен бірге аяқ басты. Жаңа үкімет демографиялық мәселеге ерекше назар аударды: қазіргі кезде Түркияның халық саны – 65 млн адам, ал 35 жылдан соң оның саны 100 млн адамға жетеді, ал ХХІ ғасырдың соңында Франция мен Германия халқын қоса алғандағыдан да асып түседі деп болжайды. Сондай-ақ үкіметтің болашақтағы мақсаты: экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін ұлттық үкіметті орнату, тұрақты экономикалық өсім, ұлттық табысты әділетті бөлу, кедейшілікті жоюға қол жеткізу мәселелерін шешу деп белгіледі.

*Кемализм – республиканың бірінші президенті Кемал Ататүрік қалыптастырған Түркияның ресми ұлттық-либералдық идеологиясы. Ол алты принципке негізделген: республикашылдық, ұлтшылдық, халықтық (қоғамның таптық бөлінуін қаламайтын идея), этатизм (даму жобасын мемлекеттік жоспарлау мен бақылау), лашизм мен революцияшылдық. Жетекші идея – еуропалық үлгідегі ұлттық мемлекет құру. Барлық билік өкілдері Ататүріктің идеяларына адалдығы жолында ант береді, алайда уақыт талабына сай өзгертіп те отырады. 1950 жылдары-ақ Түркия қоғамдық дамуда мемлекеттік патернализмнен бас тартты. Еркін нарықтық қатынастарды таңдады, дегенмен «мемлекетшілдер» мен «нарықшылдар» арасындағы күрес әлі де жалғасуда.*

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Кемалистік революциядан кейін Түркияның қоғамдық-саяси өмірінде қандай негізгі іс-шаралар атқарылды?
2. 50-жылдардағы Түрік үкіметінің экономикалық саясатындағы бағытын атап көрсетіңдер.
3. Ислам дінбасыларының арасындағы оппозициялық қозғалыстың белсенділігінің артуын немен түсіндірер едіңдер?
4. Түркияның саяси-экономикалық мәселелері бойынша Екінші және Үшінші республикалардың қызметін салыстырыңдар (кесте түрінде).
5. Түркияның саяси өміріндегі әскердің орнын айтыңдар. Бұл немен байланысты деп ойлайсыңдар?

## § 24. 1950–1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАПОНДЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККОРЕЯЛЫҚ «ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒАЖАЙЫПТАРДЫҢ» СЕБЕПТЕРІ

Конфуциандық дәстүрге негізделген, әртекті топтардан құралған Жапония, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қиыр Шығыс елдерінің ортақ таңдауы капиталистік даму жолы болды. Осы топтағы елдерге жапондық модель үлгі болды. Оны сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияның «екінші эшелондағы» бірқатар елдері – Тайланд, Малайзия, Индонезия да үлгі етеді. Осылайша Азия-Тынықмұхиты аймағында (АТА) орталығы Жапония болып отырған экономикалық аймақ қалыптасты.

**Жапония.** Соғыстың ауыр зардабын тартқан және әлемдегі ядролық жарылысты бастан өткерген жалғыз ел – Жапония экономикасының қарқынды дамуы және әлеуметтік жағдайының түзелуі әлемнің әр түкпіріндегі елдердің назарын еріксіз өзіне аударды. Кішкентай ғана аумақты алып жатқан, айтарлықтай отын-энергетикалық ресурстары жоқ аралдағы мемлекеттің бірнеше онжылдық ішінде өзінің экономикалық дамуы жағынан әлемнің жетекші державаларының біріне айналуы себебіне жауап іздеуге итермелейді. Жапония Ұлттық жалпы өнімнің ең жоғарғы орташа жылдық өсіміне қол жеткізді.

**«Жапондық ғажайыптың» бастаулары.** Екінші дүниежүзілік соғыста Жапонияның жеңіліске ұшырауы жапон халқы мен осы елдің болашағы үшін оңтайлы болды. Соғыстың нәтижесінде жапон милитаризмі күйреп қана қойған жоқ, жарты ғасырдан астам уақытқа созылған басқыншылық стратегиясына және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері мен Қытайдың халқын құлдыққа түсіру саясатына тыйым салынды. Жапонияны американдықтардың оккупациялауы мен американдық әкімшілік

### Бұл сабақта:

- соғыстан кейінгі Жапонияның даму ерекшеліктерін;
- «Жапон ғажайыбының» негіздерін; Жапонияның экономикалық және әлеуметтік өсу себептерін;
- Корей соғысы және Кореяның бөлінуін, Оңтүстік Кореяның дамуының өзгешеліктерін, Оңтүстік Корея ғажайыбының себептерін білеміз.

### Тірек сөздер:

«дзайбацу» жапон корпорациясы, «Шығыс пен Батыс синтезі», жапондық жаңғырудың құпиясы, «экономикалық ғажайып», Ким Ир Сен, Ли Сын Ман, Ұлттық және экономикалық даму моделі, корпорация, технология, урбандалу және жаңғырту

жүргізген экономикалық, саяси реформалар жапон қоғамының әлеуметтік, саяси құрылымын өзгертіп, қоғамның экономикалық негізін басқаша құруға ықпал етті. Реформалардың ішіндегі маңыздылары помещиктік жер иеленуі, феодалдық қалдықтардың жойылып, шаруаларға жер берілуі болды. Милитаризм мен басқыншылыққа дем беріп, оны қолдаушы жапондық «дзайбацу» корпорациялары ұсақталды немесе таратылды. Жаңа Конституция бойынша императордың құқы шектелді (ол ағылшын ханшайымы сияқты патшалық құрғанымен, қолында билік жоқ еді), елде көппартиялы жүйе бойынша парламенттік демократия орнатылып, бұрын-соңды болмаған жүйе қалыптасты. Конституцияда Жапонияның таласты мәселелерді шешу үшін ешқашан соғыс жарияламайтындығы жазылды.

Жапонияның қайта өрлеуінде реформалар үлкен рөл атқарды. Дегенмен «жапон ғажайыбы» құбылысын жүргізілген өзгерістермен ғана түсіндіру жеткіліксіз. 1950 жылы Жапония халқының жартысы ауылшаруашылығында еңбек етті. Ал жартысы өнеркәсіпте жұмыс жасап, ондағы еңбек өнімділігі американдықтармен салыстырғанда бар-жоғы 15 пайызды құрады. Отыз жыл өткен соң, 1983 жылы Жапонияның өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1950 жылмен



ТОКИО

салыст ырғанда 24 есе өсті. Өнім өндірудің орташа жылдық қарқыны 1951–1970 жылдар аралығында 14,6 пайыз, ал сол кезде барлық капиталистік әлемде оның мөлшері 5,5 пайыз болды.

Жапония әлемдегі ауыр жүк таситын кемелердің жартысын, магнитофондардың 4/5-тен астамын өндірді. Соның өзінде жапондық тауарлар өзінің жоғары сапалылығымен ерекшеленіп, әлемдік нарықта мінсіз беделге ие болды. Қазір Жапония – бай әрі гүлденген мемлекет, ғылым мен техника орталығы, инфраструктурасы дамыған, білім жүйесі, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі өркендеген ел.

Бұл жетістіктердің артында тынымсыз, кейде қатаң тәртіпке негізделген ауыр еңбек жатыр. Сондай-ақ елдің жетістігі мемлекеттік саясатпен де байланысты. Яғни, халықаралық сахнада Жапонияның саудадағы мүддесін қорғап, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетті, ғылым мен білім саласын дамытуға ықпал етті.

Жапонияның басқа елдерден айырмашылығы ұлттық табысының елеулі бөлігін әскери салаға жұмсамауы да маңызды рөл атқарды. Конституция үлкен әскери күш иеленуге тыйым салды.

Жапондықтар самурайлық дәстүрлерден бас тартқанымен, халықтық дәстүрлерді қатты құрметтеді. Еңбек мәдениеті, корпоративтік тәртіп, үлкендер мен жақын туыстарына деген құрмет ерекше сақталды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Жапония аса қуатты державаға айналды. Оның басты себебі тәртіпке негізделген еңбек, қоғамды жалпы ұлттық өркендеу міндеттерін шешуге жұмылдыруы, басқалардан үйренуге деген құлшыныс және ең бастысы – «Шығыс пен Батыстың синтезі», яғни, шетелдік озық тәжірибелерді, жетістіктер мен білімді аса үйлесімділікпен қабылдап, оларды дәстүрлі-өркеннеттік мұралармен ұштастыра білуі деуге болады. Осы синтезде жапондық жаңғыру үлгісінің құпиясы жатыр.

**Оңтүстік Корея.** XX ғасырда Корея ауыр жолдан өтті. Корей түбегіндегі қайғылы оқиғалар көп жағдайда елдің стратегиялық жағдайының салдарынан туындаған еді. Осыған байланысты ұлы державалар – Ресей, Жапония, АҚШ, Қытай арасында бәсекелестік пайда болды. 1910 жылы Корея Жапонияның отарына айналды.

1945 жылы Жапония талқандалған соң, Кеңес Одағы Солтүстік Кореяны жапондардан азат етті. Ал Оңтүстік Корея АҚШ құзыретіне өтті. Екі аумақтың шегара сызығы 38-параллель бойынша белгіленді. Соғыс кезінде одақтастар бастапқы кезеңде Кореяға қамқорлық жасап, оны тәуелсіздікке дайындаймыз деп келісті.

1949 жылы американдық және кеңестік әскерлер Кореядан шығарылды. Екі корей мемлекеті енді азамат соғысы жағдайында қалды. Елдің солтүстігінде Ким Ир Сен тоталитарлық коммунистік тәртіп орнаса, оңтүстікте американдықтар қойған Ли Сын Манның тәртібі билік етті. Екі жақ та қаруланып, Кореяны біріктіруге байланысты ұлттық мәселеде бір-біріне күш қолданамыз деп сес көрсетті. Шегарадағы қақтығыстар қалыпты құбылысқа айналды. Әскери қақтығысқа кез келген ұсақ оқиға себеп болды. Ақыры, 1950 жылы бұл азамат соғысына әкелді. Алғашында жеңіске Корей халықтық армиясы жетіп отырды. Бірақ көмекке АҚШ келіп, әскери флоты мен әскерін кіргізді. Кейін соғысқа қытайлық еріктілер қатысып, американдық әскерді 38-параллельге қарай шегіндірді. 1953 жылы, шамамен осы сызықта Корей соғысы аяқталады. Соғыс еш нәтиже бермеді, бірақ екі жақтан да орасан зор шығын болды. Оңтүстік Корея қаза тапқаны, жараланғандары мен із-түзсіз жоғалғандарын қоса есептегенде, 1,3 млн адамынан айырылды. Ал Солтүстік Кореяның қаза тапқан және жараланған адамдарының саны 1,5 млн-ға жетті.

Оңтүстік Кореядағы маңызды өзгеріс 1960 жылы сәуірде саяси дағдарыс пен халық көтерілістерінен кейін, Ли Сын Ман үкіметін құлатқан соң басталды. Үкімет билігіне 1962–1980 жылдары әскери хунта генерал Пак Чон Хидің, 1981–1988 жылдары Чон Ду Хванның тәртібі, одан кейін 1988–1993 жылдары Ро Дэ У билігі орнады. Осылардың әрқайсысы Конституцияны өз ыңғайларына қарай өзгертіп, билік өкілеттіктерін кеңейтті. Міне, осындай жағдайда Оңтүстік Кореяның экономикалық жаңғыруы басталып, аграрлық елді қалалық индустриалдық деңгейге дейін жеткізді. Ұлттық және экономикалық дамудың үлгісі ретінде Жапония таңдалды.

Корея экономикасы 30 жыл ішінде күрделі өзгерістерді бастан кешірді, экономикалық өрлеу шаруашылық қиындықтарымен алма-кезек ауысып келіп отырды. Оңтүстіккорейлік экономикалық үлгінің өзі бірден қалыптаса қойған жоқ. Даму үлгісі қатып қалған принциптерге, әдістер мен тәсілдерге негізделген жоқ. Ол үнемі дами берді, түрін өзгертті, кейбірі жойылып, жаңасы дүниеге келді. Оңтүстік Корея басшылары соғыстан кейін пайда болған екі таңдау жолының бірін, яғни, «үшінші әлем» елдерінің көпшілігі сияқты еңбек бөлінісінің жаңа отаршылдық жүйесіне кіру немесе «қуып жетіп даму» жолымен алға жылжуды таңдауы тиіс болды. Соңғы таңдау жолы үкіметтен экономиканы жылдамдатып дамыту жоспарын жасау мен іске асыруды талап етті.



Оңтүстік Корея өзінің аса қуатты экономикалық әлеуетінің арқасында ресми түрде дамуға қажетті жәрдемақыны жеңілдікпен алатын дамушы елдер тізімінен шығарылған бірден-бір ел болып табылады. Ел өзінің адам таңғаларлық орасан зор жетістіктеріне бар-жоғы 20–30 жыл ішінде қол жеткізді. Оның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 1950–1990 жылдары 120 еседен кем емес мөлшерде өскен. Осыншама қысқа тарихи уақыт аралығында аграрлы дамымаған Оңтүстік Корея әлемнің экономикалық жетекші елдерінің қатарына қосылды.

1965 жылы Оңтүстік Корея мен Жапония арасындағы қатынастарды ретке келтіру туралы келісімге қол қойылады. Бұл Корея Республикасында жапондықтардың белсенді әрекет етуіне жол ашты. 1965 жылға дейін Оңтүстік Кореяның саудасында АҚШ басымдыққа ие болса, келесі жылы Жапония АҚШ-ты басып озды. 1971 жылы Жапонияның Кореядағы инвестициясы 54 пайыз, ал АҚШ-тікі 26 пайыз болды. Дегенмен АҚШ үлкен қолдау көрсетіп отырды.

60-жылдардың басында Оңтүстік Кореяда экономикалық өсім үшін қажеттінің бәрі болды: халықаралық саяси және экономикалық қолдау; шетел капиталы мен жана технологияларға қолжетімділік, аграрлық реформалардан кейін және помещиктерді жойған соң кәсіпкерлер тобының қалыптасуы, жұмысшы күштерінің болуы сияқты жағдайлар дамуға өз әсерін тигізді. Бірнеше бесжылдықтың жоспарлары жасалды.



Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеул

60–90-жылдар аралығында осындай алты бесжылдық жоспар жасалды.

Экономикалық жоспарларды іске асыруда өсіп келе жатқан оңтүстіккореялық корпорацияларға арқа сүйеуге тура келді. 90-жылдары қор биржаларында акциялары үлкен сұранысқа ие болған 500 корпорация Оңтүстік Корея экономикасының өзегін құрады. Ал қалған жағдайда басқалардан тәжірибе алмасу, патент сатып алу, көбінесе құрастыру, «лас технологияларды» қабылдау сияқты жұмыстар жүріп жатты. Оңтүстік Корея металлургия, кеме жасау, кейін автомобильдер өндірісі (әлемдік өндірушілердің ондығына кіреді) мен электроника салалары бойынша әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналды. Ел техникалық дамудың дербес жолына бағыт алды. Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуындағы басты қағидалардың бірі – білім саласын дамытуға басымдық беру. 2000 жылға қарай елді басқару және ғылыми жобаларды әзірлеуге қажетті жоғары білікті 15 мың маман даярлау жоспары жасалды. Сонымен қатар он мыңдаған студентті шетелге оқуға жіберді.

Урбандалу мен жаңғырту қатар жүрді. 1960 жылы қалаларда 7 млн, ал 1985 жылы 27 млн тұрғын болды. Соның ішінде Сеулде 10 млн, ал Пусанда 3,5 млн халық мекендеп, осы екі үлкен мегаполис елдегі қала халқының тең жартысын құрады.

1990 жылдары Оңтүстік Корея жаңа индустриалды елдердің ішіндегі жетекші орындардың бірін толық иеленді. Бұған алдыңғы кезеңдегі экономикалық өсімнің жылдам қарқыны себеп болғаны белгілі. Соңғы 20 жылда оның өсу қарқыны жыл сайын 8 пайызға артқан.

Экономикадағы жетекші орынды өңдеуші өнеркәсіп иемденді. Оңтүстіккореялық корпорациялардың монополизациялануы нәтижесінде олар Батыс компанияларының басты бәсекелестеріне айналды. Оңтүстік Кореяның 11 фирмасы әлемнің 500 жетекші корпорациясының тізіміне енген. Ал төрт компаниясы – Хендэ, Самсунг, Лаки Голдстар, Тэу – әлемнің 100 ірі трансұлттық корпорациясының қатарында тұр. Экономикалық саясаттың басты ерекшелігі – экспортқа жан-жақты қолдау көрсету, шетелдік инвестицияларды үздіксіз тарту.

Оңтүстік Корея Республикасының басты сауда әріптестері АҚШ, Жапония, ЕО мен АСЕАН елдері, ҚХР болып отыр.

Экономиканың дамуы халықтың өмір сүру жағдайын түбірімен күрт өзгертті, халықтың әл-ауқаты жоғары деңгейге көтерілді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Жапонияның соғыстан кейінгі жүргізген реформалары мен жаңғыруларының ерекшеліктері туралы баяндаңдар.
2. Жапонияның аса қуатты державаға айналуын қалай түсіндірер едіңдер?
3. «Жапон ғажайыбының» сыры неде және оны соғыстан кейінгі кезеңде жүргізілген реформалармен қалай байланыстырар едіңдер?
4. Оңтүстіккореялік даму үлгісінің мәнін қалай түсінуге болатынын баяндаңдар.
5. Оңтүстіккореялік даму үлгісінің негізі қандай деп ойлайсыңдар?
6. Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуының ерекшеліктері туралы баяндаңдар.
7. Қазақстан үшін үлгі болатын қандай оңтүстіккореялік және жапондық реформаларды айтар едіңдер?

## ҚАЗІРГІ ӘЛЕМНІҢ ЖАҒАНДАНУЫ

### § 25. ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ МӘНІ. БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕГІ ЛАҢКЕСТІК ПЕН ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ҚАУШ

#### Бұл сабақта:

- жағандану үдерісінің маңызы, оның қазіргі замандағы лаңкестік қаупінің өсуімен байланысы мәселесімен;
- «халықаралық лаңкестік» пен «экстремизм» ұғымдарымен танысамыз;

#### Тірек сөздер:

жағандану, өзара тәуелділік, лаңкестік, экстремизм, трансұлттық ынтымақтастық.

**Жағандану үдерісінің мәні.** Қазіргі заманды ерекшелетін белгілердің бірі – жағандану үдерісінің кең етек жая бастауы. Бүгінде бүкіләлемдік экономикалық, ақпараттық және мәдени кеңістік қалыптасуда.

Кең мағынада алып қарағанда, жағандану үдерісі өнеркәсіптік революция дәуірінде пайда болған. Өндіргіш күштердің индустриалдыдан постиндустриялық кезеңге дейін дамуына, ғылыми-техникалық революцияның тереңдеу деңгейіне байланысты бұл құбылыстың ауқымы ғана емес, сапалық сипаты да өзгерді.

Жалпы сипаты бойынша жағандану – кеңістік пен уақыттағы әлеуметтік байланыстар, институттардың кеңеюі және тереңдеуі. Яғни, бір жағынан, Жер шарының басқа бөліктерінде орын алған оқиғалар ықпалының адамдардың күнделікті іс-

әрекеттеріне барған сайын артуы, ал екінші жағынан, жергілікті халықтың әрекеттері жағандық салдарға әкелу мүмкіндігі.

XXI ғасырда болып жатқан әлемдік қауымдастықтың геосаяси құрылымдарындағы терең өзгерістер, әлеуметтік-саяси және экономикалық жүйелердің ақпараттық-телекоммуникациялық революцияның ықпалымен өзгеруі қазіргі заманның жаңа даму сатысына өткендігі туралы пайымдауға негіз болады.

Бүкіл әлем біртұтас кешенге айналып, оның бөліктері бір-бірімен тығыз байланысты болып отыр. Ішкі және сыртқы саясатта бұрынсоңды болмаған өзара байланыс орнады. Мұндай қарым-қатынас қоғам өмірінің барлық маңызды салаларын да байқалады.

Мемлекеттің көптеген ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси және экологиялық мәселелері бүкіл адамзаттың ортақ мәселелеріне айналды.

Жаһандану адамзатқа жағымды жағымен қоса, белгілі бір қиындықтарды әкелді. Жаһанданудың пайдасына келетін болсақ, олар – экономикалық өсім, өмір сүрудің жоғары деңгейі, жаңа мүмкіндіктер. Дегенмен жағымсыз жақтарына да назар аудару керек, мәселен, пайда (кіріс) біркелкі бөлінбеді, яғни, байлықты бөлудегі теңсіздік, кейбір аймақтардағы қақтығыстардың таралуы және табиғи ортаның нашарлауы сияқты факторлар дамудың қазіргі үлгісінің тұрақсыздығын көрсетеді.

### ? Анықтаңдар!

Жаһанданудың қандай теріс салдары бар?

**Бүгінгі әлемдегі лаңкестік қаупі.** XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы әлемдік экономика мен саясаттағы жаһандану үдерісінің қарқынды дамуымен ерекшеленді. Алайда оң өзгерістермен қатар, бұл үдерістер әлемдік және аймақтық қауіпсіздік жүйелерді қалыптастыруға әсер ететін трансұлттық, жаһандық қауіптерді айтарлықтай арттырды. Мұндай қауіп-қатерге халықаралық лаңкестік жатады және ол әлемнің әр аймағында байқалады.

Өзінің көрініс беру сипаты мен мазмұны бойынша халықаралық лаңкестік күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс болып табылады.

Қазіргі жағдайда қоғамдық-саяси және моральдық салдары бойынша лаңкестіктің ауқымы адамзат баласына төніп тұрған басты қауіп-қатерге айналды. Лаңкестік көптеген елдер мен олардың азаматтарының қауіпсіздігіне қатер төндіріп, үлкен саяси, экономикалық және моральдық шығындарға алып келуде, адамдарға күшті психологиялық қысым көрсетіп, кінәсіз адамдардың өмірін кінәда.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде әлемнің түрлі аймақтарындағы лаңкестік ұйымдар идеологиялық, ақпараттық, қаржылық тұрғыдан өзара байланыста болмаған.

Бүгінде халықаралық лаңкестік, ең алдымен, жеке лаңкестік ұйымдардың діни, саяси, этникалық және басқа да негіздер бо-



Халықаралық лаңкестік – адамзатқа төнген қауіп

йынша ірі құрылымдарға бірігуімен сипатталады. Бұл құрылымдар, әдетте, жақсы ұйымдастырылған, өз әрекеттерін үйлестіру үшін заманауи байланыс құралдарын пайдаланып, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін қолданады. Олардың сенімді қаржыландыру көздері мен қару-жарақ жеткізушілері бар.

### Ойланыңдар!

Түрлі лаңкестік ұйымдардың бірлесуі мен өз әрекеттерін үйлестіруінің себептері қандай?

«Халықар алық лаңкестік» термині алғаш рет 1990 жылдары БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында «Мемлекеттік лаңкестік саясатына жол бермеу туралы» қарар қабылдағаннан кейін пайда болды.

Лаңкестік көріністердің әралуандығы, оның XX ғасырдың соңғы шірегінде әлемнің әр аймағында жедел артуы әмбебап және жергілікті сипаттағы бірқатар себептердің сәйкестігінен туындады.

XX ғасырдың 90-жылдары халықаралық лаңкестік пен экстремизмнің артуы жаһандану үдерісі мен жаһандануға деген қарсылық қалтығысының бүкіләлемдік көрінісі болып табылады. Жаһандану үдерісін бәсеңдетуге және тоқтатуға бағытталған, жаһандануға қарсы қозғалыстың теріс көріністерінің бірі – халықаралық лаңкестік.

Белгілі бір айырмашылықтарына қарамастан, көптеген елдердегі лаңкестік пен діни экстремизмнің ішкі факторлары бірдей. Олар: әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың күрделенуі, әлеуметтік қамтамасыз етудің теңгерімсіздігі, билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық, халықтың белгілі бір бөлігінің деградациясы, көбінесе радикалды оппозициялық қозғалыстарға айналып кететін наразылықтар т.б.

Лаңкестіктің және діни экстремизмнің пайда болуының сыртқы шарттарына көбінесе сыртқы қаржылық қолдау, мемлекетаралық қатынастарда этноаумақтық шиеленістердің болуы, трансшекаралық қылмыстың басқа түрлерімен қатар лаңкестікті қаржыландырудың негізгі көзі болып табылатын есірткі тасымалы, қолайсыз геосаяси жағдайдың теріс ықпалы жатады.

XX ғасырдың аяғында лаңкестік адамзат тарихында тұңғыш рет геосаяси, ішкі саяси, ұлтшылдық және идеологиялық мүдделерді қорғаудың күшті құралдарының біріне айналды.

Қазіргі заманғы халықаралық лаңкестіктің негізгі белгілері: бір аймақ шеңберінде шек телмейді; мұндай топтардың қызметі

орталықсыздандырылған; лаңкестіктің негізгі түрі жанкешті лаңкестік шабуыл т.б.

Қандай болмасын халықаралық лаңкестік ұйымдар өз алдына мынадай міндеттерді қойды:

– саяси қастандық, бопсалау, қорқыту арқылы мемлекеттік басқару жүйесін бұзу;

– өмірдің өркендеттік негіздерін қирату, байланыс пен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің және т.б. жұмысында бейберекетсіздік тудыру.

Лаңкестік күрес әдістерін қолдана отырып, халықаралық лаңкестік ұлттық және діни жанжалдарда, қарулы қақтығыстарда ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды бұзды.

### Атаңдар!

Қарулы шиеленістерде терактілерді қолдану мысалдарын атаңдар.

Қазіргі кезде діни фанатизм теориясы кеңінен таралған. Ең қауіпті лаңкестік топтардың жартысынан көбі ислам атын жамылып, әрекет етеді. Дін зорлық-зомбылық пен лаңкестікті талап етпейді. Лаңкестіктің идеологиялық негіздемесін экстремистік, тоталитарлық сипаттағы діни ағымдардың түрлері жасайды.

Әлем аймақтарында кеңінен таралған лаңкестіктің барлық түрлерінің арасында діни экстремизмнің таралуы ерекше байқалады.

### Есте сақтаңдар!

**Ислам** – адамзатты татулық, адамгершілік пен игілікке негізделген өмірге шақыратын дін. Діни лаңкестік діни қағидалардың бұрмалануына негізделген. Көптеген мемлекеттердің аумағында сан ғасырлар бойы қалыптасқан өркениетті исламнан лаңкестік идеологияны ажырата білу қажет.

**Аса ірі лаңкестік әрекеттер және олардың салдары.** Зорлық-зомбылық ауқымды сипат алып, көбіне жекетұлғаларға емес, тұтастай қоғамдық және мемлекеттік мекемелерге бағытталды. Соңғы жиырма жылдағы ең ірі лаңкестік әрекеттерді қарастырайық.

2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йоркте ең ірі лаңкестік оқиға орын алды. 19 лаңкестік 4 жолаушы ұшағын басып алып, алапат жанкешті лаңкестік шабуыл жасады. Ұшақпен Дүниежүзілік сауда орталығы мен Пентагон ғимараттарына шабуыл жасауы нәтижесінде 2 974 адам қаза тауып, 6 мыңнан астам адам жарақат алды.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген бұл лаңкестік әрекет әлемдік көшбасшыға бағытталған еді. Бұл жағдай кез келген елдің



2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йорктегі лаңкестік әрекет

халықаралық лаңкестік алдында осалдығын көрсетті. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі шабуылдар АҚШ-ты лаңкестікке қарсы ауқымды коалиция құруға мәжбүр етті.

2002 жылдың қазанында Дубровкада (Ресей) лаңкестік әрекет жасалды. Қарулы лаңкестер тобы «Норд-Ост» қойылымына келген 916 адамды бірнеше күн бойы ұстады. Ресми мәліметтерге сүйенсек, кепілге алынған 130 адам қаза тапты.

2002 жылы қазан айында Индонезия тарихындағы ең үлкен лаңкестік әрекет 202 адамның өліміне алып келді.

2003 жылы қарашада Стамбулда екі лаңкестік әрекет болды. Бірінші лаңкестік әрекет нәтижесінде 25 адам қаза тауып, 300-ден астам адам жаракат алды. Бес күн өткеннен кейін жарылыс нәтижесінде тағы 28 адам қаза тауып, 450 адам жараланды.

Метрода бірнеше лаңкестік әрекет жасалды. 2003 жылы наурызда Мадридте электропоездардың машиналарында төрт жарылыс болып, 191 адам қаза тапты, 2050 жолаушы жаракат алды. 2004 және 2010 жылдары Мәскеудегі метрода жарылыстар болып, лаңкестердің кінәсінен 82 адам қаза тауып, 300-і жараланды. 2005 жылдың шілде айында Лондон метросында бірнеше жарылыс болды. Олар 52 адамның өмірін қиып, 700-ге жуық адам жаракат алуына себепші болды.

Тарихтағы ең қатал лаңкестік әрекеттердің бірі 2004 жылы 1 қыркүйекте Бесланда (Ресей) болды. Екі күннен астам уақыт бойы





Бесландағы лаңкестіктің салдары

лаңкестер мектептің 1100-ге жуық оқушысын, олардың туыстары мен мұғалімдерді кепілде ұстады. 3 күн бойы мектепте ату мен жарылыс басталды. Нәтижесінде 335 адам қаза тапты, оның ішінде 186-сы жасөспірім болды.

2006 жылы шілде айында Мумбайда (Үндістан) лаңкестер жеті пойыздың вагондарына жарылғыш құрылғылар салып, оның жарылуы нәтижесінде 209 адам қаза тауып, 700-ден астамы жараланды.

Нигериядағы Боко-Харамға шабуыл 2014 жылы мамырда орын алды. Түнгі шабуыл кезінде Гамбору қаласында содырлардың қолынан 300-ден астам тұрғын қаза болды. Қаланың көп бөлігі талқандалды.

2015 жылдың қазан айында әуеде лаңкестік әрекет орын алды. Ресей әуе компаниясының жолаушылар ұшағы Мысырдан Санкт-Петербургке ұшып бара жатқан жерінен құлап, 224 адам қаза тапты.

Осылайша бүгінгі күннің шындығы – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті тікелей бұзуға бағытталмағанымен, екі немесе одан да көп мемлекеттердің мүдделеріне негізделген ауқымды лаңкестік әрекеттер орын алуда.

Бүгінгі күні әлемде лаңкестіктен туындаған қауіп-қатерді сезінбеген және лаңкестікке қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастыруға тырыспаған мемлекет жоқ. Лаңкестік қауіп-қатердің трансұлттануын ескере отырып, мемлекеттер осы қауіп-қатерлерге қарсы күрестегі ынтымақтастықты жандандыруға тырысуда.

Ұйымдасқан қылмысқа қарамастан, жаһандық лаңкестікке қарсы тұрудың, ұлттық қауіпсіздіктің жалғыз жолы – трансұлттық немесе аймақтық ынтымақтастық. Бүгінгі күні БҰҰ, ЕҚЫҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК, НАТО және бірқатар басқа да аймақтық құрылымдар шеңберінде халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі ынтымақтастықтың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері жасалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның мамандандырылған мекемелерінде лаңкестікке қарсы бірқатар конвенция әзірленді. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кеңесі лаңкестікке қарсы күрес мәселелеріне көп көңіл бөлуде.

Халықаралық лаңкестікпен күрес мәселесіне Қазақстан да айрықша назар аударып келеді. 2016 жылдың 28 маусымында Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде өткен дауыс беру нәтижесінде Қазақстан осы ұйымға мүше 193 мемлекеттің 138-інің дауысын пеленіп, тұңғыш рет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып сайланды және Орталық Азия елдері арасында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне сайланған ең алғашқы мемлекет болды.

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде аймақтардағы шиеленістер мен Ауғанстандағы жағдайға, әсіресе лаңкестік қаупінің артуы, есірткі өндіру және адамдарды саудалау секілді күрделі мәселелерге ерекше назар аударды.

Сириядағы жанжалды үйлестіру шеңберінде аталмыш аймақтағы азаматтық соғысты тоқтату мәселесіне қатысты Астанада 2017 жылдың 23-24 қаңтарында жеті мемлекет өкілдері арасында бейбіт келіссөздер өтті. Оған Ресей, Түркия, Иран, АҚШ және Біріккен Ұлттар Ұйымы, сондай-ақ екі тарап – Сирия үкіметінің ресми өкілдері және президент Башар Асадқа оппозициялық көзқарастағы қарулы топтар қатысты. Бейбітшілікті үйлестіру барысында Сирия Араб Республикасы (САР) билігі мен оларға қарсы күресіп жүрген бүлікшілердің (содырлар) бір келіссөз орнында бас қосуы Сириядағы азамат соғысы тарихындағы алғашқы оқиға болды.

Сирия мәселесі бойынша өткен Астана процесі сол елдегі дағдарысты бейбіт жолмен үйлестіруді қамтамасыз ететін келіссөздердің іс жүзіндегі жалғыз тиімді жолына айналды. Тараптар тыйым салынған топтар мен лаңкестік ұйымдарды толық жою жөніндегі ынтымақтастықты, сондай-ақ экстремистердің өзге елдер мен аймақтарға өтіп кетуін болдырмау жөніндегі шешімдерді жалғастыруды мақұлдады.

БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енча Орталық коммуникациялар қызметінде отандық және шетелдік БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен онлайн-брифинг барысында Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етуінің маңыздылығына тоқталды. БҰҰ-ның жоғары лауазымды өкілінің айтуынша, осы айда Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінде маңызды рөл атқарғанын және болашаққа қауіп төндіріп тұрған өзекті мәселелердің шешімін табуға нақты үлес қосатынын атап өтті.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Мемлекет пен қоғам өміріндегі қандай өзгерістер жаһандану үдерісін тудырды?
2. Халықаралық лаңкестік пен өткен дәуірдегі лаңкестік арасындағы айырмашылық қандай?
3. Сендердің ойларыңша, Орталық Азия елдеріндегі дінге экстремизмнің арту себептері қандай?
4. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі Нью-Йорктегі лаңкестік әрекеттердің нәтижесі қандай болды?

**Пікірталас.** Қалай ойлайсындар, жаппай қырып-жоятын қару-жарак түрлерін пайдаланатын лаңкестік болуы мүмкін бе және оның нәтижесі қандай болмақ?

## §26. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі заманның жаһандануы мен ұлттық мемлекеттердің рөлі. Қазіргі кезеннің ерекшелігі – жаһандану үдерісі экономика саласымен қатар, саяси, әлеуметтік және рухани салаларды қамтуында. Табиғи және қоғамдық үдерістердің ғаламшарлық байланыстылығы туралы жаһандану идеясы дін мен ғылым салаларынан бұқаралық қоғамдық санаға сіңуде.

Саясаттың жаһандануы халықаралық қатынастардағы ұлттық мемлекеттердің орны мен рөлінің өзгеруіне алып келді.

Жаһандану мен интеграция үдерістерінің дамуына байланысты мемлекеттің функциялары мен міндеттері күрделенеді, сондай-ақ олардың мүмкіндіктері кейде азаяды. Алайда

### Бұл сабақта:

- жаһандану жағдайындағы ұлттық мемлекеттердің рөлімен;
- Шығыс және Батыс өркениеттерінің рухани қарама-қайшылығымен;
- мәдениет саласындағы бірегейлікті сақтау мәселелерімен;
- әлеуметтік интеграция мәселелерімен танысамыз.

**Тірек сөздер:**

бірегейлік, мәдениет, салт-дәстүр, батыстандыру, жаһандану

күрделі заманауи мәселелерді шешудегі ұлттық мемлекеттер мүмкіндіктерінің азаюы олардың әлсіздігін немесе егемендіктерінің шектелуін білдірмейді.

Жалпы жаһандану мен мемлекеттердің ұлттық мүдделері құрылып жатқан әлемдік тәртіптің бір-бірін толықтыратын құрамдас бөліктері болып табылады.

Мемлекет әртүрлі жана қауіптер мен қатерлерге сәйкесінше жауап қайтаруы қажет. Жаһандану жағдайында әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да салаларда мемлекеттің рөлі артуы тиіс. Мемлекет қауіп-қатерлерді женуге бағытталған даму стратегиясын ұйымдастырып, іске асыруға міндетті.

Жаһандану жағдайында өзара тәуелділік күшейеді. Оның басты салдары – трансұлттық құрылымдар, діни топтар, жаһандық компаниялар сияқты ғаламдық оқиғаларға араласушылар әрекеттерінің қысымымен ұлттық мемлекеттік егемендіктің жойылуы болып табылады.

Жаһандану дегеніміз – әлемнің гомогенизациялануы, ортақ қағидалар бойынша өмір сүруі, ортақ құндылықтарды ұстануы, ортақ салттар мен іс-әрекет қағидаларын сақтауы, барлығын әмбебаптауға ұмтылуы. Бірақ, сонымен бірге, жаһанданудың әртүрлі қарқыны осы үдеріске қатысатын мемлекеттер арасындағы алшақтықты ұлғайтады.

**Анықтаңдар!**

Қоғамның гомогенизациясы деген не?

**Шығыс пен Батыстың рухани қарама-қайшылығы.** Жаһандану нәтижесінде қазіргі әлемде Шығыс пен Батыстың рухани қарама-қайшылығы күрт шиеленісуде. Себебі жаһандану саясатына мәдени экспансия да кіреді.



Мысалы, Батыс елдерінің халықтары (АҚШ, еуропалық елдер) үшін басым құндылықтар жеке бостандық, жеке құқықтар мен өзін-өзі көрсету еркіндігі болып табылады.

Шығыс мәдениетінің өкілдері үшін қауымдастықтан бұрын ұлт, жекетұлғадан қоғам басым

тұрады. Отбасы қоғамның негізгі элементі саналады және қоғамдық тәртіп пен үлкендерге құрмет басты рөл атқарады. Бұның барлығын дарашылдыққа, материалдық игіліктерді пелену мен қоғамда өз орнын табуға негізделген жаңа құндылықтар ығыстырып жатыр.

Адамның қоғамдағы рөлі туралы көзқарастарындағы, адамның құқықтары мен міндеттеріндегі айырмашылықтар Батыс пен Шығыстың рухани қайшылығын тудырады. Ол қарама-қайшылық келесі онжылдықта тек күшейе береді. Рухани қарама-қайшылықтың өсуі халықаралық шиеленістің өсуіне ықпал етеді. Оның басты көрсеткіші ретінде көптеп орын алып жатқан және жиілеп бара жатқан халықаралық лаңкестік фактілерін айтуға болады.

Тарихқа сүйенсек, ұлттық көпэтносты мемлекеттің ыдырауы орын алған кезде осы ұлттың негізін құрайтын халықтың ұлттық мәдениеті мен этникалық мәдениетінің күйреуге ұшырау мүмкіндігі артады. Бұл ұрпақтар сабақтастығын бұзады, тілдік ерекшеліктердің жойылуына және жаһандық экономикалық апат кезінде адамзатты сақтауға қажетті аймақтық білімнің жоғалуына алып келеді.

Жаһандану үдерісі ұлттық мәдениеттердің сан ғасырлық тәртібіне еніп, адамдар арасындағы ұлтаралық, дінаралық шиеленістерге соқтырады. Қазіргі әлемде ұлтаралық жанжалдар ең басты мәселелердің біріне айналды.

Екінші жағынан, мәдениет саласындағы жаһандану тек ұлттардың діни және мәдени өзгешеліктері ескерілетін ұлтаралық қатынас түрлерінде сәтті өте алады.

Дін мәдени бірегейлікті сақтауға көмектесетін факторлардың бірі болып табылады. Дін белгілі бір деңгейде этникалық өзіндік танымын күшейтеді, сол арқылы жанжалдардың шығу мүмкіндігін арттырады. Қазіргі жағдайлар көрсеткендей, қарулы әрекеттер мен қақтығыстар көбінесе этникалық сипат алады. Алайда этникалық ерекшеліктермен қатар діни айырмашылықтар болған жағдайда ондай қақтығыстар ең күрделі қақтығыстар болады.

Біздің дәуірде адамзаттың аман қалуының басты мәселесі мәдениет саласында да шешімін табады. Себебі Шығыс пен Батыс өркеннеттерінің қарама-қайшылығының нәтижесінде Жер шарында қандай мәдениет үстемдік құрса, ұрпақтардың кейінгі тағдыры соған байланысты болады.

**Мәдениет саласында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі.** Жаһанданудың күшеюі, мәдени үдерістердің шиеленісуі мен өзара астасуы әрбір мемлекетке ұлттық мәдениетті және өзіндік танымды қорғау мен сақтаудың жаңа жолдарын іздеуге итермелейді.

Бірегейлікті кең мағынасында дербес, әлеуметтік-мәдени, ұлттық немесе өркениеттілік өлшемдердегі тұрақтылық ретінде түсінеміз.

Жаһандану дәуіріндегі бірегейлік мәселесі алдымен *жеке бірегейлікті*, яғни, өзі қоғамның мүшесі ретіндегі адамның тұрақты көзқарасын қалыптастыруын қарастырады. Сондай-ақ халықтың трансұлттық кеністікте өз орнын табуына мүмкіндік беретін *мәдени бірегейліктің* болуын қамтиды.

Мәдени бірегейлік белгілі бір аумақ шеңберінде ұзақ уақыт бойы ұлттық-мәдени қауымдастықтың қарым-қатынас жасауының, өмір сүруінің және өзін көрсетуінің тәсілі болып табылады. Қазіргі заманның басты мәселесі – әрбір нақты қауымдастықтың мәдени бірегейлігін сақтау мен дамыту. Сондай-ақ әрбір қауымдастық жаһандану үдерісіне қатысуы керек. Бұл мәселе кішігірім мемлекеттер мен олардың ұлттық мәдениеттері үшін ерекше қатерлі. Өйткені дәл осы мемлекеттер мен олардың мәдениеттері ғасырлар тереңінен келе жатқан тарихи зердені сақтаған.

Жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетке енуі қаншалықты күшті болса, халық өз мәдениетін, тілін, дәстүрін, дінін сақтауға соншалықты тырысады. Яғни, жаһандық трансформация кезеңінде халықтың өз өзгешеліктерін сақтау мен өз жолдарын анықтауға



Көпұлтты мәдениет

деген талпынысымен, өз бірегейлігін қорғауымен және сақтауымен байланысты ұлттық бірегейлік мәселелері шиеленісе түседі.

Жаһандану жағдайында қоғамның мәдени бірегейлігінің дамуы мүмкін жолдары. Жаһандану мәдени бірегейлікті сақтау мәселесін күрт шиеленістіріп жіберді. Қазіргі кезде жаһанданудың мәдениет саласындағы нұсқасы өте қатерлі болып келеді.

Жаһандану гомогенизациялауға бағытталған күшті үдерістермен, ұлттар мен әлеуметтік таптар арасындағы айырмашылықтарды жоюмен, ұлттық мәдениеттерге тән дәстүрлерді, салттарды, құндылықтарды күйретумен қатар жүреді. Ол ұлттық мәдениетті батыстық үлгімен (негізінен, америкалық) үйлестіру арқылы іске асырылады. Батыс мәдениеті жалпыәлемдік және ең прогрессивті мәдениет ретінде ұсынылады.

АҚШ өзінің әлемдік көшбасшылығын қалыптастыру жолында бүкіл әлемге белгілі бір мәдени қағидаларды тарату үшін университеттердің, ғылыми және мәдени орталықтардың, қорлардың, ассоциациялардың, PR-компаниялардың зияткерлік күшін пайдаланады. Құндылық экспансиясының орталығының бірі Голливуд болып табылады; ол саясат пен идеология саласында да, бұқаралық ақпарат құралдарында да құндылықтарды сатуға дайындаумен айналысады. Осындай мәдени гомогенизацияға тән белгілер ретінде McDonald's пен Coca-cola-ны айтуға болады.

Ойланыңдар!

Білім беру саласындағы батыстандыру неден көрініс табады?



Бұқаралық мәдениет өнімдері себеп болатын дараşылдық, эгоцентризм, катыгездік құндылықтарын таратудың теріс салдары болады.

Батыста әлемдік мәдениеттің қалыптасуына байланысты мәдени алуантүрлілік тез жойылады деген пікір кең таралған. Мұнда жаһандану мәдениет саласындағы интеграция ретінде қарастырылады және батыстық мәдениет пен ағылшын тілінің байланыстырушылық рөліне баса көңіл бөлінеді.

Батыстық дәстүрлердің, мейрамдардың, құндылықтардың белсенді жарнамалануының нәтижесінде индивидуализм принциптеріне негізделген батыстық өмір сүру тәртібін, батыстық моральды өзге мемлекеттерге таратады. Мәдени қарым-қатынастардың біржақты сипаты ұлттық мәдениеттің құлдырауына алып келеді. Ал бұл саны аз халықтардың ғана емес, саны көп халықтардың да ұлттық-мәдени ерекшеліктерін жоғалтуына соқтырады.

Жаһандану білім беру стандарттарын алмастыру, бұқаралық мәдениет өнімдерін тарату, жарнама арқылы ұлттық бірегейлікті өзгертуге қол жеткізеді. Қоғамның дамуы білім берудің және оның әлемдік ғылым мен технологияның даму деңгейіне сәйкестігіне байланысты. Алайда жаңа технологияларды енгізу жолында гомогенизация, білім берудің стандартталуы мен ұлттық-мәдени өзгешеліктен бас тартудың өзіндік қауіп-қатерін ескермеуге болмайды.

Жаһанданудың батыстық жолының жетістігін АҚШ пен Батыс Еуропада тұратын «алтын миллиард» қана қолдана алады. Қалғандары дамудан алшақтап, тек әлеуметтік көмекке ғана сүйеніп өмір сүрумен шектеледі деген болжам жасалған.

Соңғы жиырма жылдықта Сингапур және Малайзия бастаған «азиялық құндылықтар» туралы қоғамдық пікірталас орын алуда. Мұндай құндылықтар қатарына дараşылдықтан ұжымдықтың басымдылығы, тәртіп пен үйлесімділік, үнемшілдік, құрмет, ауқаттылардың билігі мен отбасыға шексіз адалдық жатады.

Заманауи жағдайдағы мемлекеттің сәтті дамуы көбінесе саяси көшбасшылар мен зиялы қауымның мәдени бірегейлікті сақтау мен әлемдік өркеніеттің алдыңғы қатарлы жетістіктерін қабылдаудың дұрыс қатынасын сақтауына байланысты болады. Қазіргі кезде бұл міндетті азиялық мемлекеттер: Қытай, Үндістан, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия және т.б. сәтті іске асыруда. Бұл мемлекеттерді мәдениеттің «батыстандырылуына» қарсы тұрумен өз мәдени бірегейлігін сақтауға талпыну біріктіреді.

Жаһандану ұлттық мәдениеттердің бір-бірімен әсерлесетіндігімен бір-бірін дамытатындығын, бірақ өркеніеттік айырмашылықтар



негізінде қалыптасқан мәдени алуантүрлілікті жоя алмайтындығын Жапонияны мысалға ала отырып көрсетуге болады.

### Ойланыңдар!

Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы Жапония мысалынан қандай тәжірибе алуға болады?

### Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік интеграция мәселелері.

Халықтардың өзара мәдени әсерлесу үдерісі мәдени жаһандану үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда халық арасындағы әсерлесудің күшеюі олардың арасындағы айырмашылықтарды жоя алмайды. Мұндай сақталған айырмашылықтар жанжалдар тудырудың себебі ретінде қарастырылмауы керек.

Мәдениеттердің ұлтаралық өзара әсерлесу үдерісі, ондағы мәдениеттердің ұлттық айырмашылықтары бір-бірін жоймайды, керісінше бір-бірін толықтырады. Бұл – прогрессивті мәні бар тарихи үдеріс. Бұл үдеріс бүкіл адамзаттың әрдайым ең үздік мәдени жетістіктерді қабылдауынан көрініс табады. Сонымен бірге, керісінше, ұлттық мәдениеттердің жетістіктерін қабылдау арқылы әлемдік мәдениетті байыту үдерісі орын алады.

### Есте сақтаңдар!

**Әлеуметтік интеграция** – жекетілген топтың басқа мүшелерінің қабылдауы. Салыстырмалы түрде дербес, бір-бірімен байланыспаған қоғамдық нысандар арасындағы тиімді байланыстар орнату үдерісі.

Қазіргі кезде мәдени жаһанданудың «глокализация» деген басқа бағыты белгілі. Глокализацияның мәні – экономикалық жаһандану үдерісіне қатысушы және одан материалды табыс табуға талпынатын жергілікті мәдениеттің өкілдері өз мәдени бірегейлігін белсенді қорғайды және батыстық құндылықтарға араласып кетуге тырыспайды.

Әлемнің артта қалған аймақтарынан (Африка, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері) ірі батыстық қалаларға қоныс аудара отырып, иммигранттар жаңа жерлерге өздерінің мәдениетін – тілін, дінін, салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдарын алып келеді. Осылайша жергіліктілер жаһандыққа айналғанымен, ол ұлтаралық қатынастар мәселелерін шешпейді, керісінше жаңа шпеленіс ошақтарының пайда болуына әкеледі.

Жаһандану үдерісінің күшеюіне қарамастан, әлемнің көптеген мемлекетінде ұлттық дәстүрлерге қызығушылық сақталған.

Мәдениеттердің өзара байланысына адамдардың жаппай қоныс аударуы (миграция), ұлтаралық байланыстар, ұлтаралық некелер ықпал етеді. Мәдениеттердің тиімді байланысы кезінде мемлекеттердің бірінің мәдени бірегейлігін жоғалту қаупінсіз гармониялы үйлесім пайда болады. Мәдениеттер мен дәстүрлердің алуантүрлілігін сақтау – әлеуметтік интеграцияға қол жеткізудегі ең тиімді жолдардың бірі.

Экономикалық интеграция мен миграция болашақта тек күшейетіні белгілі. Алайда бұл жағдайда ұлттар мен халықтардың мәдени бірегейлігі мен мәдени алуантүрлілікті сақтауы маңызды мәселе болып қалатыны анық.

Соңғы жылдары бұл мәселе әлемдік қауымдастықтың назарын ерекше аударып отыр. Осыған байланысты ЮНЕСКО Бас конференциясының 31-сессиясында «Жалпыға ортақ мәдени алуантүрлілік туралы» декларация қабылданды. Құжатта «мәдени алуантүрлілік адамзат үшін табиғаттың биоалуантүрлілігі сияқты маңызды. Бұл мағынада ол адамзаттың ортақ жетістігі болып табылады және осы және келесі ұрпақтардың мүдделерінде бекітілуі тиіс» делінген.

Өзіндік мәдени дәстүрлер мен рухани құндылықтарды сақтау, оларды әлемде насихаттау, ұлттық мақтаныш сана-сезімін қалыптастыру кезінде басқа халықтарға құрметпен қарау қазіргі замандағы мәдени дамудың негізі болуы қажет.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Жаһандану жағдайында мемлекет функциялары қалай өзгерді?
2. Жаһандану жағдайында қандай әлеуметтік өзгерістер ұлттық бірегейлікті сақтауға әсер етеді?
3. Адамзат дамуының өркениеттік жолдарының қалыптасуына әлемдік діндер қандай әсерін тигізеді?
4. Сендер үшін мәдени бірегейліктің қандай даму жолы жарамды?

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ТЕХНОЛОГИЯ

### §27. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ – ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

50–60-жылдардағы ғылым мен техниканың дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін адамзат қираған дүниелерді қалпына келтіру үшін жұмыс жасай бастады. Жаңа кәсіпорындар мен ғылыми мектептер құрылды. Ғылыми-техникалық революция (ФТР) және одан кейінгі ғылыми-техникалық прогресс (ФТП) «тұтынушы қоғамның», ал 1970 жылдардан бастап «ақпараттық қоғамның» пайда болуымен тікелей байланысты. Ғылым біржолата адамзат қоғамына қызмет ете бастады. ФТП-ның жарқын мысалдарына ғарышты игерудегі жетістіктер: әлемдегі алғашқы спутникті ұшыру (КСРО, 1957), адамның ғарышқа ұшуы (КСРО, 1961), адамның ғарыш кеңістігіне шығуы (КСРО, 1965), адамның Айға ұшуы (АҚШ, 1969) және т.б. жатқызуға болады. Өнеркәсіп ғарышкемелерін, Ай бетінде жүретін аппараттарды жасады, Шолпан, Марс және Күн жүйесіндегі басқа ғаламшарларға спутниктер жіберді. Ғылым күш-қуаты мен құралдарының көп бөлігін атом энергиясын алуға, көлік құралдарын дамытуға (әсіресе реактивті авиацияны) және мұнай-химия өнеркәсібіне жұмсады. Машина жасау мен автомобиль құрастыру да өндірісті дамытудың басым бағытына айналды. Зымырандық қозғалтқыштарды құрастыру, алғашқы ғарышкер Юрий Гагариннің ғарышқа ұшуы ғарыш кеңістігін игерудің бастамасы болды. 1960–1990 жылдары физика, химия, инженерия және т.б. салалардағы тәжірибелер сәтті жүрді.

**Гендік инженерия.** Хромосомалардағы ДНК-ны (дезоксирибонуклеин қышқылын), яғни, тұқым қуалаудың материалдық тасымалдаушысын ашуға қабілетті генетика саласындағы ғалымдар

#### Бұл сабақта:

- ғылым мен техниканың дамуы;
- постиндустриалды қоғам дәуірі, ғылыми-техникалық революция;
- білім берудің дамуы, гендік инженерия туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

ғылыми-техникалық революция, технополистер, аэроғарыштық техника, робототехника, ЭЭК өндірісі



1957 жылы 4 қазанда «Спутник-1» орбитаға шығарылды

үлкен жетістіктерге қол жеткізді. ДНҚ молекуласының құрылысын 1953 жылы британдық биофизиктер Ф.Крик пен М.Уилкинс америкалық биохимик Дж. Уотсонмен бірге анықтады. Ғалымдар ДНҚ-ны бөлек гендерге бөліп, оларды бір-бірімен байланыстыра білді. Осылайша **гендік инженерияның негізі** қаланды. Кеңес ғалымы И.А.Рапопорт супермутагенді, яғни, әртүрлі ағзаларда мутациялардың пайда болу жиілігін, ондаған және жүздеген есе

арттыратын заттарды анықтады. Бұл кейінгі жылдары мутацияны жасанды жолмен алу әдістерін іздеуге және олардың көмегімен антибиотиктер, аминқышқылдарды өндіретін – микроорганизмдер штамдарын және құнды өсімдіктер сұрыптарын жасау жолдарын табуға мүмкіндік берді. Мынжылдықтар шегінде биологтер жасанды генетикалық жүйелерді жасауды, тұқым қуалау құбылыстарына араласуды үйренді.

**1970–1980 жылдардағы ғылыми-техникалық прогресс.** 1970 жылдардан бастап ГТП жаңа сипат ала бастады. 1950–1970 жылдардағы «революциялық база» жетілдіру мен даму үшін қолданылды. Жаңа мынжылдықтың басында әлем қарапайым үлкен ұялы телефондардан шағын құрылғыларға ауысты. Бірнеше қабатқа орналасқан қуатты компьютерлерден жылжымалы гаджеттерге қол жеткізді.

1970 жылдардан бастап электроника мен компьютерлендіру қарқынды дамыды. Ғылымның барлық жетістіктері қандай да бір түрге енгізіліп, адамға қызмет етті. Химия адамға жаңа маталар, лак-бояу материалдарын т.б., ал физика және инженерия – теледидарлар, қабылдағыштар және т.б. берді.

Ғылыми зерттеулер мен жобалардағы жаңа бағыттар америкалық ғалым Н.Винердің кибернетиканы – кері байланыс, ақпаратты алу, өңдеу мен қайта жіберу туралы ғылымды ашуына жол ашты. Серпінді қадамды радиоэлектроника саласы жасап, радиоқұрылғылар мен теледидарлардың жаңа түрлері құрастырылды. Генетика мен биотехнологияда үлкен жаңалықтар ашылды. Гендік инженерия зертханалар шеңберінен шықты. Оның жаңалықтары ауылшаруашылығы мен медицинада қолданыла бастады. Физика, химия, биология, медицинада (ішкі органдарды трансплантациялау сәтті өткізілді, көптеген елде жасанды жүрек жасау жұмыстары

жүргізілді) үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Ғылыми еңбектер және оны өндіріске енгізу негізінде соғыстан кейінгі алғашқы жылдары-ақ ұзақ-мерзімді пайдаланылатын тауарларды (автомобильдер, тоназытқыштар, теледидарлар, радиокұрылғылар, басқа да тұрмыстық техника) жаппай өндірудің жаңа материалдық базасы құрылды.

70–80-жылдары *ғылыми-техникалық революцияның жаңа кезеңі* басталды. Оның басты белгілеріне ғылымды өндіріспен ұштастыру, ғылымды тікелей өндіріс күшіне айналдыру, ойлап табу, ғылыми жаңалықты ашу және оларды өндіріске енгізу мерзімінің қысқаруы жатады. 1971 жылы «Интел» фирмасы мини-процессор құрастырды. Соның арқасында 1976 жылы компьютер ойлап табылды, электрондық есептеуіш машиналарының жаңа түрлері, икемді өндірістік жүйелер, өндірістік автоматика құрастырылды. Табиғатта кездеспейтін жаңа синтетикалық материалдар пайда болды. Атом электрстансылары көптеген елдің энергетикалық қуатында маңызды



Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин



Жұмыс күші ретінде роботтарды пайдалану

орын алды. Радарлар, лазерлер, шыны талшықты байланыс желілері кеңінен қолданыла бастады. Техника мен ғылымның жаңа деңгейін дербес компьютерлер, ғарыш бекеттері, дыбыстан жылдам авиация, жүрдек пойыздар және әлемдік ақпараттық желі айқындады.

Осылайша XX ғасыр ғылыми-техникалық революция өндіріш күштердің басты элементтерін: еңбек құралдарын (автоматты құрылғылар), еңбек заттарын (жасанды материалдар), қуат көздерін (АЭС) мүлдем өзгертті. Бұл революциялық үрдістер қазіргі заман өркенінің ұзақмерзімді жетістіктері үшін қажетті жаңа материалдық-техникалық базаны қалыптастырды. Сонымен бірге ГТР жоғары білімді, білікті жұмысшыларды, шығармашыл тұлғаны қажет етті.

**Білім берудің дамуы.** ГТР дәуірінде Батыстың көптеген елдеріне ғылым мен өндірістің интеграциясы тән болды. Нәтижесінде ғылыми-өндірістік кешендер немесе технополистер пайда болып, 80-жылдары Жапонияда технополистер құрыла бастады. Ол үшін ғылымды көп қажет ететін бағыттар: аэроғарыштық техника, робот жасау, ЭЕМ өндірісі таңдалды. Осындай технополистер АҚШ-та да кездеседі.

Соғыстан кейінгі кезеңде ГТР қажеттілігі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістерді талап етті. XXI ғасырдың басындағы жылдам технологиялық өзгерістерге байланысты өнеркәсіпте, қызмет көрсету және басқа да қоғамдық қызмет түрлерінде күрделі техника және заманауи технологияларды пайдалану, сондай-ақ гуманитарлық саладағы қызметкерлердің күнделікті көп ақпаратты игеруі үшін өз білімдері мен дағдыларын өмір бойы жетілдіретін, қабілетті, жоғары білікті қызметкерлерге сұраныс артты. Әсіресе еңбек нарығында қажетті дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру үшін жаңа білімді өз бетінше игеру мүмкіндігі жоғары бағаланады. Білім беру мәдени және білім құндылықтарын үйрету, ересек өмірге дайындау тәсілі ғана емес, сонымен қатар өзгермелі әрі күрделі постиндустриалды әлемдегі өмірге ілесе бейімделудің маңызды құралына айналды.

**Постиндустриалдық қоғам дәуірі.** Постиндустриалдық қоғам жоғары технологиялардың аса маңыздылығымен, қоғам өмірінің барлық салаларының ақпараттандырылуымен және компьютерлендірумен сипатталады. Жоғары технологиялар адамның күнделікті өмірі мен жұмысын одан әрі жеңілдетуі тиіс. Ғаламтор адамзат қоғамының ажырамас бөлігіне айналды. Қарым-қатынастың жаңа тәсілі пайда болды. Адам өмірінің басқалардан құпия болуы іс жүзінде тоқтады. Ақпараттық қоғам – XXI ғасыр мен одан кейінгі ғасырлардың қоғамы.

Қазіргі кездегі постиндустриалды қоғам жаппай ақпараттандырылуымен ғана емес, сонымен қатар адамды, дәлірек айтқанда, оның интеллектуалдық қабілетін өзінің негізгі ресурсы ретінде қарастыратындығымен сипатталады. Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде әскерлер емес, дәл осы ғалымдар бағалана бастады.

Екінші жағынан, ҒТП-ның кемшіліктерін де атамай кетуге болмайды. Ғылым адамға ғана емес, сонымен қатар әскерге де қызмет ете бастады. Дәл осы ХХ ғасырда әлем атом, сутек және нейтрондық бомба сияқты жаңа қару түрлерімен танысты. Техниканың дамуымен қырып-жою құралдарының жаңа түрлері пайда болды.

Осылайша ҒТП адамдарға көмектесіп қана қоймай (адам қызметін машиналар түпкілікті ауыстырады деген пікірдегі кейбір адамдардың ойын ескерсек), сонымен бірге ол оны жоюға да әкелуі мүмкін.

**Ғылыми-техникалық революция (ҒТР)** – ғылыми-техникалық прогрестің сапалы жаңа кезеңі. Ғылыми-техникалық революция адамзаттың өндіргіш күштеріндегі түбірлі сапалық төңкерісті білдіреді және ол ғылымды қоғамның тікелей өндіріс күшіне айналдыруға негізделген.

Ғылым, техника, технология, өндіріс, басқару – ғылыми-техникалық революцияның құрамдас бөліктері. Ғылыми-техникалық революцияны сипаттайтын ең басты ерекшеліктер мыналар:

1. Ғылымның өте қарқынды дамуы, оны тікелей өндіріс күшіне айналдыру. Ғылыми-техникалық революция дәуірінің маңызды экономикалық көрсеткіші – ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) жұмсалған шығындар. Олардың басым бөлігі АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция сияқты дамыған елдерге тиесілі. Сонымен бірге АҚШ-тың бұл салаға арналған шығыны басқа елдерге қарағанда біршама асып түсті.

2. Ғылым қазіргі заманғы білім беру жүйесінсіз дами алмайды. Жапонияның ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытудағы және ҒТР нәтижелерін өнеркәсіпке енгізудегі елеулі табыстары әлемдегі ең үздіктердің бірі болып табылатын білім беру жүйесімен тікелей байланысты.

3. Техникалық өндіріс базасындағы түбегейлі өзгерістер. Бұл жерде электронды есептеуіш құралдарының (ЭЕК), роботтардың кеңінен пайдаланылуы, жаңа технологияларды енгізу, ескі әдістер мен технологияларды жетілдіру, жаңа энергия көздері мен түрлерін ашу және оларды пайдалану, жоғары білікті жұмыс күші арқылы еңбек өнімділігін арттыру туралы сөз болып отыр.

4. ГТР материалдық өндірістің салалық құрылымына әсер етеді, сонымен бірге онда өнеркәсіптің үлесі күрт өседі. Өйткені экономиканың басқа салаларындағы еңбек өнімділігінің өсуі оған тәуелді болып келеді. Ғылыми-техникалық революция дәуіріндегі ауылшаруашылық экономикасы өнеркәсіптік сипатқа ие. Өнеркәсіптің химия және электр энергетикасы салалары ерекшелене бастады. Себебі ғылыми-техникалық прогресс пен машина жасау олармен тікелей байланысты.

ГТР-дың негізгі бағыттарына мыналар жатады: микроэлектроника, лазерлік технологиялар, ферментті технологиялар, гендік инженерия, катализ, био- және нанотехнологиялар.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XX ғасырдың 60–70-жылдарындағы ғылым мен техниканың дамуы қалай сипатталады?
2. 1970–1980 жылдардағы ғылыми-техникалық прогресс ерекшеліктерін қарастырыңдар.
3. Постиндустриалды қоғам дәуіріне сипаттама беріңдер.
4. Білім беруге қандай талаптар қойыла бастағандығы жөнінде әңгімелендер.

## § 28. ДАМУШЫ ЕЛДЕРДІҢ МӘДЕНИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ. БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШАЙЛАҒЫ. ҚОҒАМНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

### Бұл сабақта:

- дамушы елдердің мәдени-техникалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтары;
- Байқоңыр ғарышайлағы;
- қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білім берудің рөлі туралы білеміз.

Дамушы елдердің мәдени-техникалық дамуы. Дамушы елдер әлемдік қауымдастықтың ең көп бөлігі болып табылады. Онда әлем халқының 80 пайызы өмір сүреді. Әдетте, бұл елдерді «Үшінші әлем» деп те атайды. Олардың экономикасының жағдайы бүкіл адамзаттың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына тығыз байланысты. Дамушы елдердің көпшілігі Азия, Африка мен Латын Америкасында орналасқан. Олардың басым бөлігі бұрынғы отарлық иеліктер болып келеді. *Дамушы елдердің маңызды ерекшеліктері* – экономикалық дамуы жағынан дамыған елдерден әлдеқайда артта

қалуы. Тұрғын халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі жағынан дамушы елдер негізгі екі топқа бөлінеді. *Бірінші топқа* салыстырмалы түрде алғанда жоғары табысты елдер кіреді. Ол –



*мұнай экспорттаушы және жаңа индустриалды елдер.*

*Мұнай экспорттаушы елдерге* сыртқа шығаратын өнімнің 50 пайыздан астамы мұнай және мұнайдан алынатын өнімдер болып табылатын елдер жатады. Олар, негізінен, Таяу Шығыста, яғни, Парсы шығанағында орналасқан Катар, Кувейт, Бахрейн, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) сияқты елдер. Бұл елдер мұнай мен табиғи газдың бай қорына ие болғандықтан, әлем елдеріне энергия ресурстарын тасымалдаушы елдер болып отыр. Мұнайды сатудан түскен табыс тұрғын халықтың өмір сүру деңгейінің жоғары болуына септігін тигізіп отыр. Алайда бұл деңгей мәдени даму деңгейінің артта қалуымен, білім беру деңгейінің төмендігімен, экономиканың салалық құрылымдарында аграрлық сектордың басым болуымен, өңдеуші өнеркәсіп салаларының нашар дамуымен қатар өмір сүрді.

*Жаңа индустриалды елдерге* жылдам қарқынды экономикалық өсімімен ерекшеленетін және өңдеуші өнеркәсібін, яғни, машина жасау, электроника, тұрмыстық техника өндірісі, жеңіл өнеркәсіпті экономиканың басты секторына айналдырған дамушы елдердің бір бөлігі кіреді. Жаңа индустриалды елдер ұлттық экономиканың аграрлық және шикізаттық түрінен өтіп, өнеркәсіптің көп-салалық сипатын қалыптастырып, халықаралық экономикалық байланыстардың белсенді мүшесі болуымен айқындалады.

Дамушы әлемдегі *екінші топ елдерін* жан басына шаққандағы орташа табысы 750 доллардан кем елдер құрайды. Бұл – кедей елдер тобы. Олар, негізінен, Экваторлық Африка, Оңтүстік Азия, Орталық Америкада орналасқан. Осы топқа кіретін елдер саны үнемі артуда. Соңғы жылдары олардың саны екі есеге ұлғайған. Кедей елдер бұрынғысынша дамыған елдердің шикізат көздері ретінде қалды. Бастан кешкен отаршылдық жағдайы кедей елдердің экономикалық деңгейінің өте төмен болуының басты себебі болып отыр. Отаршылдық нарықтық шаруашылықтың негізін салып, бұрынғы отарларды әлемдік экономикалық байланыстар шеңберіне тартты. Дегенмен ол ұлттық шаруашылықты талқандады, ұлттық колөнерді құртты, тұрғын халықты өмір сүрудің дәстүрлі сипатынан айырды.

Көптеген дамушы елдерде ұлттық шаруашылықты қайта құру үрдісі жүруде. Экономиканы индустрияландыру іске асыры-

#### Тірек сөздер:

дамушы елдер, мұнай экспорттаушы және жаңа индустриалды елдер, Мономәдени экономика, «интеллектуалды өндіріс», білімді гуманитарландыру мен компьютерлендіру



БАӨ-ның мұнай-газ саласы

лып, өнеркәсіптік (индустриалдық) өнімнің үлесі артуда, ауылшаруашылығын жүргізудің заманауи әдістері енгізілуде, тауар-акша қатынастары мен ұлттық капитал дамуда.

Екінші топ елдеріндегі мемлекеттің алатын орны ерекше. Сондықтан қайта құруды мемлекет жүргізеді. Әдеттегідей, мемлекеттің меншігінде жер, пайдалы қазбалар, ірі зауыттар, мектептер болады. Мемлекеттік сектордағы өндірілген өнімнің құны орташа есеппен алғанда, ұлттық ЖІӨ-нің 10 пайызға жуығын құрайды.

Кейбір дамушы елдерде ғылым мен техниканы дамытуға қадамдар жасалуда. Ол, негізінен, білім беруді жақсартуға, зерттеулер жүргізуге, шетелдік технологияларды қолдануға бағыттталып, ұлттық өндірісті дамытуға аз көңіл бөлінді. Ғылыми-техникалық жаңалықтардың негізгі бөлігін жаңа индустриалдық елдердің азғантай ғана тобы жасайды.

Көптеген дамушы елдердің экономикалық өрлеуіне әскери шығын көп тежеу болып отыр. Әскери шығын денсаулық сақтау мен білім беру саласына жұмсалатын шығыннан ондаған есе көп. Жиі болып тұратын этникалық шиеленістер мен соғыстар миллиондаған адамның өмірін кыып, соғысушы елдердің шаруашылықтарын күйретуде. Алайда экономикалық өзгерістерге кедергі келтіріп отырған басты мәселе тұрғындардың басым бөлігінің кедейшілікте өмір сүруі болып отыр. Кедейшілік әлеуметтік реформаларды

жүргізуге тосқауыл болып, білім беру мен мәдениетті дамытуға қиындық туғызуда. Өмір сүру деңгейінің төмендігі адамдардың рухани өсу мүмкіндігін азайтатындығы белгілі. Кедей адамның білім алуға, мәдени көңіл көтеруге, сапар шегуге қаражаты болмайды. Материалдық жағдайдың болуы адамның рухани өсуіне кепілдік береді.

Дамушы елдердің экономикасында сыртқы экономикалық байланыстар басты орын алады. Сыртқы байланыстардың дамыған елдерге қарағанда, дамушы елдің ішкі экономикалық өсуіне тигізетін ықпалы зор. Оның негізгі себебі дамушы елдердегі өндірілетін өнімдердің аз болуы сыртқы байланыстарға тәуелділікті арттырады. Африканың көптеген елдерінде тек бір ғана ауылшаруашылық дақылы өндіріледі, бұл ұлттық экономиканы мономәдени етеді. Мысалы, Эфиопияда тек кофе, Ганада какао, бұршақ, Сенегалда жержаңғақ өндіріледі.

Мономәдени экономика деп бір ғана өнім түрі, көбінесе ауылшаруашылық өнімдерінің бір ғана дақылы өндірілетін экономиканы атайды. Ұлттық өндірістің шектеулілігі – елдердің тұтынушылардың қатаң талабына бағынып, өзі өндірген өнімін арзан бағаға сатуға мәжбүр болуы. Осының өзі сыртқы нарықта өздеріне қажетті өнімдерді сатып алуына қиындық келтіреді. Жаңа индустриалды елдердің пайда болуымен шетелге шығарылатын өнім түрлері кеңейді. Сыртқа шығарылатын өнімдер қатары өңдеуші өнеркәсіп өнімдерімен – станоктар, автомобильдер, теңіз кемелері, кара металл, тігіншілік бұйымдарымен толықты. Тұрмыстық электроника – теледидар, шаңсорғыш, калькулятор, радиоқабылдағыш, магнитофон, сағат сияқты бұйымдар тұрмыста елеулі орын алды. Бұл бұйымдарды сыртқы нарыққа Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Индонезия, Малайзия, Таиланд, Филиппин елдері шығарды.

Дамушы елдердің маргиналдық тобын бұрынғы социалистік елдер, соның ішінде Ресей, Беларусь, Украина сияқты елдер құрайды. «Маргиналды» ұғымы *өтпелі*, *аралықтағы* дегенді білдіреді. Көптеген дамушы елдердің әлеуметтік даму, әсіресе білім беру, ғылым, мәдениет салаларындағы қол жеткізген жетістіктері тұрғындардың даму деңгейін әлдеқайда көтерді. Алайда бұл елдердің экономикалық дамуының, ғылыми-техникалық жетістіктерді игеруін қоса алғандағы көрсеткіштері оларды дамыған елдер қатарына қосуға мүмкіндік бермейді.

XX ғасырдың екінші жартысында адамзат ғылыми-техникалық революция (ФТР) дәуіріне аяқ басты. Ғылымның барлық салаларында көптеген жаңалықтар ашылды. Ғылымның жаңа салаларының бірі –

атмосфера физикасы адамзаттың ғалам туралы жалпы түсінігіне түбегейлі төңкеріс жасады. Ғылымның ғарыштық медицина, ғарыштық биология және т.б. жаңа салалары пайда бола бастады. XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми жетістіктердің жарқын мысалы ретінде ғарышты зерттеу саласындағы жетістіктерді айтуға болады. 1957 жылы 4 қазанда Кеңестер Одағында жасанды Жер серігі ұшырылды. Бұл оқиға адамзаттың ғарыш кеңістігін игеру дәуірі басталған күн болды.

**Байқоңыр ғарышайлағы.** 1957 жылы 4 қазанда тұңғыш «Р-7» ғарыш зымыраны Байқоңыр ғарышайлағынан сәтті ұшырылды. Ол дүниежүзіндегі ең алғашқы Жердің жасанды серігін (ЖЖС) орбитаға шығарды.

Байқоңыр ғарышайлағы Ресей Федерациясына 2050 жылға дейін жалға берілді.

Байқоңырдан 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Алексеевич Гагарин «Восток» ғарышкесімен ғарышқа аттанды. Кейін де Байқоңырдан ғарыш кеңістігін игеруге алғашқы жасанды серіктер, «Восток», «Восход», «Союз» ғарышкеселері, «Салют», «Мир» орбиталық стансылары, «Энергия» – «Буран» жүйесі ұшырылды. 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т. Әубәкіров «Союз Т-13» ғарышкесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Қазақ ғарышкері Т.А.Мұсабаев ғарышта Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша 3 рет (1994, 1998, 2001) болды.

Байқоңыр ғарышайлағында ғарышкерлік тарихының мұражайы бар. Онда мыңдаған экспонат қойылған үлкен ғимарат, ашық аспан астында экспозициялар, яғни, зымырандардың қозғалтқыштары мен «Буран» ғарыштық тасымалдаушы, сондай-ақ орыс ғарышкерлігінің әкесі саналатын С.Королев пен әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю.Гагариннің тұрған үйлері орналасқан.

**Білім беру жүйесінің дамуы. Білім берудің қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі.** Білім – қазіргі қоғамның басты байлығы. Жаңа экономикалық әлем адамдардың білімі мен қабілетіне сүйенеді. Адам тек өзінің білімі мен ақылына сүйене отырып, әлемнің саяси дамуының басты қозғаушы күшіне айналғанын көріп отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесі – мемлекеттің болашағын қамтамасыз ететін маңызды саласы. Кезінде экономикалық жағдай әскери жағдайды ығыстырғаны сияқты, бүгінгі күні адамзат әлеуетінің дамуы басқа басымдықтарды ығыстыра отырып, алдыңғы қатарға шықты. Ол түсінікті де: адам өз әлеуетімен қазіргі өндіріске, экономикаға, мәдениет пен ғылымға шешуші үлес қосып отыр.



Байқоңыр ғарышайлағынан зымыран ұшыру

Постиндустриалдық дәуір өзінің жаңа технологияларымен және сонымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық салалармен, сондай-ақ биотехнологиямен бірге адамдарға жаңа сапалы талаптар қоюда. Интеллектуалды өндіріске қарай бет бұру білім беру саласында өзгерістерді қажет етуде. Осы саладағы елеулі өзгерістер ХХ ғасырдың екінші жартысында жаһандану үдерісімен және онымен байланысты адамға деген жоғары талаптар нәтижесінде жүрді. Басты талап – білім, оны пайдалана білу, қолдана білу және жаңаны жасай білу. Даму деңгейі әртүрлі елдердің білім беру саласы да әртүрлі, яғни, мемлекет кепілдік беретін бастауыш білім беру мен жалпы орта білім беру деңгейі әртүрлі. Білім беру жүйесі мемлекеттік те, жекеменшік те болады.

70–90-жылдары білім беру саласындағы жетекші елдер қатарына жаңа индустриалды мемлекеттер – Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Малайзия кірді. Бұл елдерде орта білім беру міндетті болып саналады және заманауи әлемдік стандарттар деңгейіне сай. Білім беру саласындағы дамыған елдердің стратегиялық бағыты үздіксіз білім беру тұжырымдамасына негізделген. Яғни, мектеп-



Сингапур



Жапония

ке дейінгі білім беруден жоғары мектепке дейінгі кезенді толық қамтып отыр.

XX ғасырдың ортасында қалыптасқан білім беру жүйесі енді қоғамның талаптарын қанағаттандыра алмайтындығын көрсетті. Ол өндірістің даму деңгейіне сай болмады. Ақпараттардың қарыштап дамуы жағдайында білім берудің жаһандық мақсаттарын қайта қарастыру қажеттілігі туындады.

Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту ең басты мәселеге айналды. Адамның жаңашылдықты қабылдау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру мақсатында маман даярлау қажеттігі туындады. Жаңа мамандық несі сапалы кәсіптік білім алып қана қоймай, сонымен қатар іргелі білім алуға, гуманитарлық дайындықтан өтуге тиіс.

60–70-жылдары дамыған елдер орта және жоғары білім беру жүйесіне реформалар жүргізді. Ол іргелі білім беруді тереңдетуге, оқытудың мәселелік сипатын қамтамасыз етуге және білім берудің гуманитарландырылуы мен компьютерлендіруін жетілдіруге бағытталды. Әлеуметтік топтың басым бөлігінің жоғары білім алуына жол ашылды, стипендиялар, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері енгізілді.

Дамыған елдерде білімнің рөлі барған сайын арта түсуде. Білім деңгейіндегі айырмашылықтар болашақта табатын табысының басты талабына айналып отыр. Осындай ұқсас жағдайлар басқа дамыған және жаңа индустриалдық елдерде де көрініс табады. Осыған байланысты білім алу өмірдегі ең басты қажеттілікке айналды. XX ғасырдың соңында Жапония мен Оңтүстік Кореяда жасөспірімдердің барлығы дерлік мектепке барды, ал осы уақытта Индонезияда жастардың – 45–50 пайызы, Таиландта – 40 пайыздан төмен жастар білім алу мүмкіндігіне ие болған.

Жанаша білім алуға қол жеткізу бүгінгі күні табыс табуға ынталандырып қана қоймай, жеке мүддесіне де әсер етіп отыр. Білім алу

адамға мол табыс табу үшін ғана емес, өзін-өзі жан-жақты көрсетуге, өзін-өзі жетілдіруге қажет. Осыған байланысты қазіргі заман білім беру саласына бірқатар жаңа міндеттер қойылды.

Сонымен, білімнің жылдам «ескіруі», оның кәсібінің түріне қарамастан, барлық саладағы жаңа технологияларды пайдалана білу қажеттігі адамдарға төмендегідей міндеттер қояды:

- өмір бойы жаңаша білім алуға ұмтылу, еңбек нарығындағы бәсекелестікке төтеп беру, уақыт талабына жылдам бейімделу;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы білімдерді игеру, сондай-ақ оларды жетілдіре білу.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Дамушы елдердің дамыған елдердің деңгейінен қандай айырмашылықтары бар?
2. Жаңа индустриалды елдер қатарына қандай мемлекеттер жатады?
3. Дамушы елдердің экономикалық өрлеуіне тежеуіш болып отырған не нәрсе?
4. Байқоңыр ғарышайлағы және оның ғарыштық ғылымдарды дамытудағы маңызы туралы әңгімелендер.
5. Қалай ойлайсындар, болашақ ұрпақ қандай біліммен және іскерлікпен қарулануы керек?
6. Қазіргі замандағы білім берудің орны қандай?
7. Білім беру үдерісіндегі жаңа технологиялардың маңызы қандай болмақ?

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ

### § 29. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ. ЮНЕСКО-НЫҢ АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫН САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

#### Бұл сабақта:

- XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы мәдениеттегі жалпы өзгерістер;
- көркемсурет, әдебиет, архитектураның дамуындағы негізгі үдерістер;
- қоғамдық-философиялық ой-сана; идеялық-саяси ағымдар, әдебиеттегі реализм мен модернизм;
- кино өнері, ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени мұраларын сақтау жолындағы қызметі туралы білеміз.

XX ғасыр мәдениеті – өте күрделі, көпқырлы құбылыс. Бүгінде адамзаттың біртұтас жаһандық мәдениетінің қалыптасу үрдісі жүруде. Бұл құбылыстың себептерін біртұтас жаһандық өркеніеттің қалыптасуының астарынан іздеу қажет. Ал оның негізінде саяси, экономикалық, коммуникациялық, мәдени байланыстардың қарқынды дамуы жатыр. Нәтижесінде жалпыадамзаттық мәдениет пайда болып, әртүрлі елдер мен халықтардың өзара байланыстары күшейе түсуде.

XX ғасыр мәдениетінің қалыптасуы ұлттық мәдениеттердің қалыптасуымен қатар жүрді. Әлемдік өркеніеттің даму барысы көрсетіп отырғандай, қазіргі кезде ұлттық мәдениет даму үстінде. Әрбір ұлттық мәдениет өз ерекшелігімен әлемдік даму түрін қабылдап, жалпыадамзаттық мәдениеттің қалыптасуына өз үлесін қосып отыр.

**Қоғамдық-философиялық ой-сана.** 60–80-жылдары қоғамдық-философиялық ой-санаға ғылыми-техникалық революцияның әсері тимей қоймады. Жаңа технологиялар мен ғылым саласы капиталистік қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешеді деген сенім 60-жылдарға тән еді. Келесі онжылдықта «технологиялық оптимизм» біраз бәсеңдеді. Оған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың қысымынан табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына, өмір сүру ортасының жаппай нашарлай түсуіне және ядролық қауіптің ұлғаюына байланысты өркеніеттің өзін-өзі жойып жіберу қаупінің артқандығы әсер етті.



Қазіргі заманғы Батыс философиясының ерекшелігі онда орта ғасырлардағы жетекші орынды иеленген экзистенциализм мен неопозитивизм сияқты жалпыға ортақ ықпалды ағымдардың болмауымен түсіндіріледі. Экзистенциализм – адам болмысының бірегейлігіне ерекше көңіл бөлетін ілім. Неопозитивизм – әлемді танып-білу үшін бақыланатын дәлелдің болу қажеттігі туралы идеялар. Қоғамдық-философиялық ойлаудағы маңызды үдерістердің бірі адамды кешенді зерттеу мақсатымен айқындалады. Бұл философиялық зерттеулер адам ой-санасының мәселелеріне қарай аударудан, адам мәдениеттің құрылымдары мен түрлерін қарастырудан, логикалық санадан, қарама-қайшылықтарды философиялық тұрғыдан саралаудан көрінеді. Қазіргі заманғы философия адам өмірінің мәселелеріне, оның бақыты мен игілігіне, өзін-өзі тануына және өзін қалыптастыруына бағытталған.

**Тірек сөздер:**

«Деидеологизация», «реидеологизация», антиэтатизм, жаңа оңшылдар, экзистенциализм, сюрреализм, поп-арт, постмодернизм, деконструктивизм, хай-тек, ЮНЕСКО, Дүниежүзілік мұра туралы Конвенция



**Идеялық-саяси ағымдар.** Идеялар карама-қайшылығы дамыған капиталистік елдердің саяси идеологиясында да орын алды. 60-жылдары онда «қайшылықсыз қоғам» деген дақырт немесе «идеологиясыздандыру» тұжырымдамасы басты орын алды. 70-жылдар мен 80-жылдардың басында Батыс елдерінде «идеологияны қайта құру» тұжырымдамасына қарай күрт бетбұрыс жасалып, идеологиялық қайшылық басталды. Адам құқы туралы науқандық шараларды АҚШ мемлекеттік саясат деңгейінде жүргізді, оған социалистік елдердегі бөтен ойлы (диссидент) адамдарды қуғындау әрекеті түрткі болды. «Идеологияны қайта құру, жаңғырту» консервативтік идеология ықпалы артқан және капиталистік елдердегі партиялық саяси күрестің оншыл бағытқа бұрылған қоғамдық үдерісінің бір бөлшегі болатын.

Антиэтатизм мен жекеменшік мүлікті қорғау жекебас бостандығына қол жеткізудің кепілі сияқты ұстаным да консервативтік идеологияның маңызды тұжырымына айналды. Консерватизм діни фундаментализм мен дәстүршілдікке сүйене бастады.

«Жаңа оншылдар» мен неоконсерватизм халықаралық құбылыс саналды, алайда оның әрбір елде өз идеологтері, өз ерекшеліктері, өзіндік дәстүрмен байланыстары болды. «Жаңа оншылдар» өзінің міндеттері ретінде жаңаша өмір сүруді қалыптастыру, құндылықтардың жаңа жүйесін жасау деп білді. Олар «контрмәдениет» идеясын құптамады, 60-жылдардағы жастардың қарсылығын тудырған бұл идеяның мазмұны тұтынушы қоғамның құндылықтарына қарсы шығып, дәстүрлі адамгершілік құндылықтарды қалпына келтіруді талап ету болатын.



«Үмітке апарар жол» фильмінің афишасы

Дегенмен неоконсерватизм және «жаңа оншылдар» ағымы 80-жылдары дамыған капиталистік елдердің идеялық-саяси өмірінде ауқымды сипат алмады. Ол елдерде буржуазиялық-либералдық және әлеуметтік-реформистік идеялар мен құндылықтар күшті еді.

**Әдебиеттегі реализм мен модернизм. Кино өнері.** Соғыстан кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өрлеу әдебиет пен өнердегі реалистік дәстүрлердің күшеюіне алып келді.

Француз өкілдері, реалист-жазушылар А.Жид және Ф.Морнак әдебиет саласын-

дағы Нобель сыйлығына ие болды. Қарсыласу кезеңінің өкілі коммунист, акын П.Элюардың шығармалары кеңінен танымал болды.

Италияда әдебиет пен кинематографияға соғыстан кейінгі алғашқы жылдары пайда болған неореализм үлкен ықпал етті. Режиссер Р.Росселлинидің «Рим – ашық қала» фильмі (1945 ж.) неореализмнің алғашқы шығармасы және өзіндік көркем манифесі болды. Фильмде итальяндық қарсыласуға қатысушылардың ауыр азабы мен ерліктері жан тебіренерлік шындықпен көрсетілді. Кейін Италияда жоғары бағаға ие болған неореалистік фильмдер тобы дүниеге келді: «Велосипед ұрлаушылар» (режиссері Витторио де Сика), «Үмітке апарар жол» (режиссері П.Джерми), «Жер дірілдейді» (режиссері Л.Висконти), «Зәйтүн түбінде бейбітшілік жоқ» (режиссері Дж.де Сантес) және т.б.

Кейінгі жылдары әлемдік кино өнерінде АҚШ кинематографиясы маңызды орын алды. Әлемдік кинематографияның келелі мәселелері мен жанрлық ерекшеліктерінің дамуы – өте қайшылықты және күрделі құбылыс. Бір жағынан, 60–70-жылдардың басындағы жастардың милитаризация мен ядролық соғыс қаупіне қарсылық танытқан бүліктерінен кейін кинематография өзін өте қуатты құрал ретінде көрсетті. Екінші жағынан, әлемдік кинематографияға дәстүрлі көңіл көтеруші жанрлар: корқынышты фильмдер, гангстерлік таспалар, вестерндер, мюзиклдер, жат ғаламшарлықтармен соғыс туралы фантастикалық картиналар және т.б. күшті ықпал жасады. 70-жылдардың бірінші жартысында әлемдік кино экрандарын апаттар туралы фильмдер қатары толтырды. 70-жылдардың екінші жартысында Дж.Лукастың «Жұлдыздар соғысы» сияқты ғарыштық атыс-шабыс жанрындағы фильмдері көбейді. 80-жылдары фильмдердің сан алуан түрлері пайда бола бастады. Адам психикасын бұзатын, Фрейд шығармаларымен рухтанған фильмдер шықты. 70-жылдардың соңына қарай әлемдік бизнестің шыңына айналған туындылар шығарыла бастады. Мұндай репертуар әлемдік кинематографияның он мыңдаған фильм қорын жасады. Сондықтан АҚШ бұқаралық мәдениет өнімдерін өндіретін негізгі ел ретінде алдыңғы қатарға шықты.

Батыс Германияда соғыстан кейінгі тақырып елдің фашистік өткенінен құтылу мәселесі болды. Осы тақырып өте өткір түрде Г.Беллдің әңгімелерінде және оның антифашистік «Сен қайда болдың, Адам?» (1945 ж.) романында көрсетілді. Фашистік тәртіптерді әшкерелеу және гуманистік құндылықтарды дәріптеу сияқты тақырыптар эмиграциядағы белгілі неміс жазушыларының шығармаларына арқау болды. Мысалы, Т.Маннның «Доктор Фаустус»

философиялық романы (1947 ж.) мен Э.М.Ремарктің «Салтанатты арка» (1946 ж.), «Өмір сүру уақыты мен өлер уақыты» (1954 ж.), «Қара ескерткіш» (1956 ж.) романдары.

АҚШ-та соғыстан кейінгі жылдары әдебиет саласындағы Нобель сыйлықтарын алған атақты америкалық жазушылар У.Фолкнер мен Э.Хемингуэй шығармашылықтарын жалғастырып жатты.



### Анықтаңдар!

Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, Э.Хемингуэйдің шығармашылығы туралы қысқаша эссе жазыңдар.

Соғыстан кейінгі жылдардың басындағы модернистік әдебиет көп ретте *экзистенциализм* идеяларымен жігерленді. Әсіресе оның өзіне тән қоршаған ортаның жалғандығы мен тағдыр алдында таңдау жасау қажеттігін қасіретпен сезіну идеясы тән болды. Осы бағыттағы әдебиетте жетекші рөлді Сартр мен Камю иеленді. Олар философиялық еңбектер және публицистикамен шектелмей, өздерінің көзқарастарын көркем әдебиетте де көрсете білді. 40-жылдары Сартр «Бостандық жолдары» деген жалпылама атпен бірқатар роман жазды. Ол өз шығармаларында кейіпкерлердің қоғамдық-саяси қызметтеріндегі талаптар мен адамгершілік нанымдары арасындағы қайшылықтарды шеберлікпен зерттеді. Камю көркем әдебиетте де қыруар жұмыс жасап, 1957 жылы Нобель сыйлығына ие болады. Оның аса танымал «Оба» (1947 ж.) романында адам естімеген қоғамдық апатты жағдай кезінде адамшылық міндетті орындау мәселесі суреттелді.

50-жылдардан бастап әдеби өмірдің авансценасына тағы да авангардистер шықты (Э.Ионеско, С.Беккет). 1953 жылы Парижде С.Беккеттің «Годоны күту» пьесасы қойылып, бұнымен мағынасыздық театры деген шараның басы басталды. Пьесаның кейіпкерлері, яғни бірін-бірі түсінбейтін екі байғұс оқиғаның өн бойында өздерін құтқаруға тиісті қайдағы бір Годо дегенді күтумен уақыт өткізеді. Автордың ойынша, бұл жағдай адам өмірінің мағынасыздығы мен мәнсіздігін бейнелейді. Мағынасыздық театры зор табысқа ие болды. Кейін, 1969 жылы Беккетке әдебиет саласындағы Нобель сыйлығы берілді.

60–80-жылдары әлемдегі ең көп оқылатын акындар мен жазушылардың қатарына Латын Америкасы әдебиетінің аса дарынды өкілдері Х.Борхес, Х.Кортасар, Г.Маркес т.б. қосылды.

**Көркемсурет.** ХХ ғасырдың екінші жартысында бұл өнер түрі француздар *Андре Фужерона* мен *Фернана Леже*, итальян-

дык *Ренато Гуттузо*, америкалық *Рокуэлла Кента*, испандық *Пабло Пикассо* аттарымен тығыз байланысты. Соғысқа дейінгі жылдары пайда болған, шындық өмірдің кейбір жеке-леген көріністерін жалпы қияли дүншелермен ұштастыруға тырысқан сюрреализм де, еркін сызықтар мен бояулар үйлесімін дәріптеген абстракционизм де өз ықпалын сақтап қалды. Сюрреализмнің ірі өкілдерінің бірі *Сальвадор Дали* еді. Американдық абстракционист *Джексон Поллок* санадан тыс өнерді дәріптеді. Ол түрлі түсті дақтарды үйлестіріп, бірнеше картина салды.



Сальвадор Дали

XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ пен Ұлыбританияда өздерін абстрактілі өнерге қарсы қойған ағым – поп-арт («танымалдылық өнер») пайда болды. Оны жақтаушылар шындыққа қайта оралып, тұрмыстағы жаппай қолданылатын құралдардың эстетикалық құндылықтарын ашуға тырысты. Поп-арт қалалық өмір стиліндегі немесе урбандалған стильдегі көптеген композицияларды дүниеге әкелді.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі архитектурада бұрынғысынша функционализм бағыты ықпалды болып қала берді. *Оскар Нимейер* осы стильде Бразилияның жаңа астанасын салды, Финляндияда *Алвара Аалто* жобасымен көптеген нысандар бой көтерді. Сонымен бірге екі сәулетші де жергілікті дәстүрлерге көп назар аударды. Кейінірек *Ле Корбюзье* (1960 ж.) нысандарында оның иррационалистік және еркін түрлері маңызды сипатқа ие болды.

XX ғасырдың соңында *постмодернизмнің* ықпалы артты: сәулетшілер күрделі бейнелерді жасауға, оның кейбір тұстарының еркін үйлесуіне әрекет жасады. Сол үшін тарихи материалдарды, сәулет өнерінің әртүрлі стильдегі және әр дәуірдегі «інжумаржанын» табуға тырысты. Бұл бағытта *Л.Мисс ван дер Роз*, *В.Гропиус*, *Р.Вентури* сияқты сәулетшілер жемісті еңбек етті. Екінші бір топ *деконструктивизм* стилінде жұмыс жасап, сәулет өнерінің «төрт бұрыш және төрт қабырға» жобасынан бас тартып, оның түрін өзгертуге тырысты. Сол кезде *хай-тек* («жоғары технология») бағыты пайда болды. Ол аспанмен тірескен зәулім нысандарды салуда техникалық мүмкіндікті (құбырлар, каркастар, металдар мен әйнектер) пайдаланып, олардың қабырғаларын орасан үлкен әйнектермен және айналармен безендірді.



**ЮНЕСКО** (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы.

Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Бүгінгі күні ұйымға Қазақстан Республикасын қосқанда, 193 мемлекет мүше.

Халықаралық ынтымақтастық бүгінде Жер шарындағы тұрғындардың барлық топтарын қамтиды. ЮНЕСКО әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және адамн әлеуетті дамытуда маңызды қызмет атқарып отыр. Ең алдымен, ол әлемдік мұраны сақтау мәселелерін шешуде, жалпыға бірдей сауаттылық, болашақтың мамандарын даярлау, бейбітшілік сүйгіш ұрпақты қалыптастыру, өзара түсіністік, толеранттылық пен демократия сияқты өткір мәселелерді шешуде өзінің маңызды орнын көрсетіп келеді.

ЮНЕСКО мүше мемлекеттерден алынған ақпараттар негізінде ұлы адамдардың мерейтойлары мен тарихи оқиғаларды атап өту үшін күнтізбе құрайды. Ал кейбір жағдайда Бас конференция осын-



ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміндегі кейбір нысандар

дай күндерді халықаралық деңгейде атап өту үшін арнайы шешім қабылдайды. Мысалы, ЮНЕСКО қазақ халқының ұлы ақыны және данышпан ойшылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығын, Ташкент қаласының 2000 жылдығын, Түркістан қаласының 1500 жылдығын, «Игорь полкі туралы сөз» жырының 800 жылдығын, «Манас» жырының 1000 жылдығын т.б. мерекелерді халықаралық деңгейде атап өтіп, мерекелеу жөнінде шешім шығарды. Бүкіләлемдік мұра тізімінің басты мақсаты – ерекше маңызы бар мәдени нысандарды жария етіп, оларды қорғау. Осы мақсатпен нысандардың шынайы маңыздылығын айқындау үшін бағалау шарттары қабылданады.

Әлемдік мұраның бірқатар нысандары жер сілкінісі, қарулы қақтығыстар, бақылаусыз туризм және басқа да табиғи және адам факторлардың әсерінен жойылып кету алдында тұр. Ұйымның мақсаты – болашақ ұрпақ игілігі үшін осы нысандарды сақтап, қорғап қалу; осыған байланысты белсенді жұмыстар жүргізіп, нысандарға мониторинг жасау.

ЮНЕСКО-ның қызметі білім беру, ғылым, мәдениет, коммуникация мен ақпарат арқылы бейбітшілікті нығайту, кедейшілікті жою, тұрақты даму мен мәдениетаралық диалогке жету болып табылады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XX ғасыр соңындағы қоғамдық-философиялық ой-санада не нәрсе маңызды болды деп ойлайсыңдар?
2. ЮНЕСКО қандай жұмыстармен айналысады?
3. «Мәдени мұраны сақтау» деген нені білдіреді? Ол не үшін керек?
4. Қазақстанның қандай айтулы шаралары ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді?
5. Әлемдік мұра туралы конвенцияның негізінде қандай мәселе жатыр?

**Кестемен жұмыс.** XX ғасырдағы әдебиет пен өнердегі негізгі ағымдар.

Бағыттар	Бағыттардың сипаты	Авторлары мен шығармалар

### § 30. МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ. ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ

#### Бұл сабақта:

- мәдениеттегі жаңа бағыттар;
- қазіргі кездегі ақпараттық қоғам;
- бұқаралық мәдениет және компьютерлену жайында білеміз.

#### Трек сөздер:

Ақпараттық қоғам, ақпараттық индустрия, бұқаралық мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары – бұқараға ықпал ету құралдары, техникалық коммуникация құралдары, бос уақытты өткізу индустриясы, таралымды мифология

**Мәдениеттегі жаңа бағыттар.** XX ғасырдың соңғы ширегінде өркениет пен бұқаралық сананың дамуындағы ең маңызды үдерістің бірі дәстүрлі мәдениет түрлері мен күнделікті өмірдің өзара жақындасуы және өзара әрекеттесуі болды. *Ғылыми-техникалық революция* мәдени құндылықтарды бұқараның барлық топтарына қолжетімді етті. Дамыған капиталистік елдердегі білім беру жүйесінде ГТР талаптарына байланысты үдерістер: орта және жоғары білім берудің жылдам өсуі, оның баршаға қолжетімділігі, инженер-техникалық және техника-экономикалық ғылыми кадрларды дайындауды кеңейту орын алды. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы жолға қойылды. Мектептер, арнаулы және жоғары оқу орындары оқыту машиналарымен, арнаулы электронды зертханалармен, тестілеу және оқыту автоматтарымен, кері байланысты теледидарлармен, магнитофондармен, бейнежазбалармен жабдықталды.

70–80-жылдары капитализм жоғары дамыған елдерде тұрмыс сапалы заманауи электронды құралдармен қамтамасыз етілді, ең әуелі жеке ЭЕМ-мен, яғни, үй жағдайында отбасылық қаражатты жоспарлау және бақылауға, бос уақытта бейнеойындар ойнауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар компьютерлермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып, әртүрлі техникалық және экономикалық пәндерді, шетел тілдерін оқып-үйренуге, мәтіндерді өңдеуге, телефонға қосылу арқылы мәліметтер қорынан ақпараттар алуға жағдай жасайтын дербес ЭЕМ-мен қамтамасыз етілді. Дәстүрлі және әдеттегі тұрмыстық электроникалық бұйымдарға (радиоқабылдағыш, теледидар, күйтабақ, магнитофон) жаңа аппараттар: видеомангнитофондар, лазерлік видео және дыбыстық күйтабақтар, үйдегі ЭЕМ қосылды. 70–80-жылдары осы аппаратураны шығару көлемі алты жетекші капиталистік елде (АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, ГФР, Франция ,



Италия) 7 еседен астам өсті. 1987 жылы отбасын түрлі түсті теледидармен қамтамасыз ету батысеуропалық елдерде 85 пайыздан асты, ал АҚШ-та 94 пайызды құрады.

Қоғамтанудың дамуындағы заманауи үдерістері жаңа «*ақпараттық қоғам*» тұжырымдамасымен айқындалады. Ол ғылыми-техникалық революцияның жаңа кезеңінің мүмкіндіктерін игеру арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуге және қоғамдық дамудың жетістіктеріне жеткізеді деген үмітті оятты. Адамзат тарихы оны өркеннеттің жана, тың жолына түсіретін толқынды серпіліс түрінде қарастырады. Мысалы, Батыстың ғалымы Э.Тоффлер әлемдік өркеннеттің қарқынын былайша елестетеді: аграрлық өркеннеттен (бірінші толқын) өнеркәсіптік қоғамға (екінші толқын), одан кейін *ақпараттық қоғамға* (үшінші толқын) өтеді.

Компьютердің пайда болуына байланысты ақпаратты өңдеу өте тиімді әрі жылдам болды. Кейінірек ғаламтор ақпарат алмасуды ғаламат жылдамдықпен жүргізуге мүмкіндік жасады.

Әртүрлі мәліметтерді өңдеуге қажетті технологиялар пайда бола бастады. Бұл қоғам өмірінен анық байқалады. Білімді ұйымдастыру мен оған қол жеткізудің тәсілдері жасалды. Білім құндылыққа айналып, оған деген қажеттілік күн сайын артып келеді.

Бүгінгі адамзат қоғамы – ақпараттық қоғам; оның негізгі ерекшелігі ақпаратты өмірдің барлық саласында пайдалану және өндірісті автоматтандыру болып табылады. Ақпараттық қоғамда



Компьютерлік индустрияның пайда болуы

өзгерістер тек өндірісте ғана болып қоймай, сондай-ақ адамдардың өмірге деген көзқарастарында да байқалады. Ой еңбегінің үлесі артып келеді. Адамдар өздерінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге ақпараттық және шығармашылық қажеттіліктерін де қамтамасыз етті.

Ақпараттық қоғамның дамуы тұрғындардың ақпараттар алмасуына, оны сақтау, өңдеу және қайта өзгертумен айналысуына әкелді. Ал материалдық өндіріспен айналысу роботтарға жүктелді.

Қазіргі қоғамда бірқатар қауіп-қатер орын алуда. Ондай қауіптерге ақпараттық ағындардың көптігінен туындайтын ақпараттық күйзелісті жатқызуға болады. Кез келген адам мәліметтер ағынында дұрыс бағдар жасай білуі, ақпараттық коқыстарды тастап, білімге қажетті ақпаратты анықтай білуі тиіс.

БАҚ-тың адам санасына ықпалы өте үлкен. Әртүрлі электронды құралдардың дамуына байланысты адамдардың жеке өміріне қол сұғылмаушылығына да қауіп төнуде.

Ақпараттық қоғам біртұтас өркеннеттің пайда болуына жағдай жасап, кез келген адамның барлық ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

Қазіргі заманға томағатұйықтық немесе жабықтық емес, ұлттық мәдениеттердің бір-бірін байыту және өзара әсерлесу сипаты тән. XX ғасырдағы жана өзгеріс бұқаралық мәдениет болып отыр. Оның пайда болуы мен кең таралуына индустрияландыру мен урбандалу, жаппай сауаттылыққа көшу, техникалық прогресс тудырған өнердің жана түрлері себеп болып отыр.

Тұрғындардың ақпарат құралдары мен көңіл көтерудің сан алуан түріне еркін қол жеткізе алуы көпшіліктің талғамы мен санасындағы стереотиптеріне сәйкестендірілген бұқаралық мәдениеттің одан әрі кең таралуына әкелді.

Мәдени өнімдер мен «көңіл көтеру индустриясы» коммерциялық жолға қойылып, мол табыс көзіне айналды және бұқараның санасына әсер ететін тиімді құрал болды. Бұқаралық мәдениет халықтың көпшілігінің мәдени жетістіктерінің жақындасуына әкелді, алайда ол көп жағдайда тым қарапайым, «көңіл көтеру» деңгейінде көрініс тапты.

Адамды жоғарылататын және әсемдікке үйрететін жоғары деңгейлі мәдениеттен айырмашылығы бұқаралық мәдениет тобырдың сұранысын қанағаттандыратын өнім ретінде қарастырылды.

Радио, теледидардың дамуы бұқаралық мәдениеттің пайда болып, оның кең таралуына мүмкіндік жасады. «Мәдениет индустриясы» деген ұғым пайда болды. Онда заманауи техника қолданылып,

өндірілген өнімнің – кітаптар, фильмдер, танымал музыкалар және т.б. стандартқа сай болуын талап етеді. Көпшілікке арналған әдебиет – детективтер, әйелдерге арналған романдар және т.б. талап деңгейі бойынша жасалады. Телесериалдардағы кейіпкерлер заманы, уақыты басқа, әр елде өмір сүрсе де, олардың басынан өтетін оқиғалары өте ұқсас боп келеді. Голливуд фильмдерінің өз талабы бар, ол үш принципке негізделеді: мықты кейіпкер, «жұлдыз-эффектісі», сәттілікпен аяқталуы.

Сонымен, бұқаралық мәдениет дегеніміз – талғамына сай бұқара халық арасында кең тараған, техникалық жағынан қазіргі заманғы коммуникативтік технологиялар көмегімен көшірмелері еселеніп тарап отырған мәдениеттің заманауи түрі. Бұқаралық мәдениеттің пайда болуы мен дамуы аудиторияға өте қуатты әсер ету қабілетіне ие болып отырған бұқаралық коммуникация құралдарының қарқынды дамуына әсер етті.

Бұқаралық коммуникация құралдарының, әдетте, үш құрамдас бөлігі бар:

– *бұқаралық ақпарат құралдары* (газет-журналдар, радио, теледидар, интернет-блогтар және т.б.) ақпаратты көбейтеді, аудиторияға үнемі ықпал жасап отырады, арнайы бір адамдар тобына бағытталады;

– *бұқараға ықпал ету құралдары* (жарнама, сән, кино, бұқаралық әдебиет) әрдайым аудиторияға ықпал жасай бермейді, орташа талғамды тұтынушыларға арналады;

– *коммуникацияның техникалық құралдары* (ғаламтор, телефон) адамдардың өзара тікелей байланысуына мүмкіндік береді және жекебасқа қатысты ақпараттарды беруге қызмет етеді.

Бұқаралық коммуникация құралдары қоғамға әсер етіп қоймайды, ол ақпараттарының сипатына қарай қоғамға да елеулі әсерін тигізіп отырғанын атап өту керек. Өкінішке орай, халықтың сұранысы көп жағдайда мәдени тұрғыдан төмен дәрежеде, сондықтан теледидар бағдарламаларының, газет мақалаларының, эстрадалық қойылымдардың мәдениеттік деңгейін төмен түсіріп жібереді.

Соңғы жылдары коммуникация құралдарының дамуында *компьютерлік мәдениет* жайлы көп айтылады. Егер бұрынғы кезде ақпарат алудың негізгі көзі кітап болса, енді оның орнын компьютер басты. Заманауи компьютер қас-қағым сәтте ақпарат алуға мүмкіндік жасап отыр, мәтінді графикалық бейнелермен, видеофильмдермен, дыбыспен толықтыра алады, сөйтіп, ақпарат қабылдаудың тұтастығы мен көпдеңгейлі түрін қамтамасыз етеді.



Классикалық насихаттық  
фильмдердің афишалары

Адамдардың санасына, мінезіне енді салт-дәстүр емес, бұқаралық ақпарат көздері: баспасөз, радио, теледидар көп әсер етеді. Демократиялық елдерде бұқаралық мәдениет коммерцияланған, бірақ саяси жағынан орталықтанбаған және әртүрлі болып келеді. Тоталитарлық тәртіп орнаған елдерде бұқаралық мәдениет қоғамдық санаға бақылау жасап, онымен әрекет жасау үшін пайдаланылады.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында бұқаралық мәдениет идеология мен экономикада маңызды бола бастады. Бірақ бұның да екінші жағы бар. Бір жағынан, бұқаралық мәдениет бұқара халықтың өмірін кенінен қамтып, оларға мәдени жетістіктерді қарапайым және баршаға түсінікті түрде жеткізе алады. Екінші жағынан, ол қоғамдық пікірлерге аса қуатты манипуляция жасау механизмін құрып, соған сәйкес орташа талғамды қалыптастыруда. Бұқаралық мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктеріне мыналар жатады:

1. *Ақпараттық индустрия* – баспасөз, телевизиялық жаңалықтар, токшоу және т.б., яғни, болып жатқан оқиғаларды түсінікті тілмен түсіндіріп беретіндер. Бұқаралық мәдениет алғашында XIX–XX ғасырлардың басында дәл осы ақпараттық индустрияда – «сары» баспасөзде қалыптасты.

Бұқаралық коммуникация құралдарының бұқаралық пікірлерді манипуляциялауда аса тиімді екендігін уақыт дәлелдеп отыр.

2. *Бос уақытты өткізу индустриясы* – фильмдер, көңілді әдеби шығармалар, жеңіл мазмұнды эстрадалық әзіл-сықақ, поп-музыка және т.б.

3. *Жатпай тұтыну ұды қалыптастыру жүйесі* – жарнама мен сән. Бұл жердегі тұтыну дегеніміз – адам өміріндегі маңызды мақсаттармен тоқтаусыз үрдіс дегенді білдіреді.

4. *Таралымды (тиражируемая) мифология* – американдық арман мифінен, кедейлер миллионерлерге айналатын, үлкен үй мен кейбір халықтың өзгелермен салыстырғанда ерекше ізгілік қабілетке ие деген сияқты қиялға негізделеді.

### Есте сақтаңдар!

Бұқаралық мәдениет – өнеркәсіптік тәсілмен көп көлемде өндірілетін мәдениеттің жалпыәлемдік тұтыну элементтерінің жиынтығы, күнделікті өмірдегі мәдениет, яғни, қоғамның едәуір көп бөлігінің бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияны қосқанда, әртүрлі жолдар арқылы беріліп отырған және онымен тығыз байланыстағы мәдениет. Бұқаралық мәдениеттің мазмұны қазіргі заманғы өнеркәсіп өндірісінің өнімдері – кино, телехабар, кітаптар, газет-журналдар, спорт, туризм және басқалар болып табылады.

Бұл өнімдерді жаппай бұқаралық немесе осы мәдениетті қабылдайтын аудитория пайдаланады. Аудитория үлкен залдарды, стадиондарды, миллиондаған көрермені бар телевизия мен киноэкрандарды қамтып отыр.

Бұқаралық мәдениеттің қалыптасуы индустриалдық қоғамның орнығуымен тығыз байланысты. Оған қаладағы жұмысшы табының мәртебесінің біртіндеп өсуі мен демократиялық институттардың кеңеюі, яғни еңбекші халықтың белсенді азаматтық өмірге аяқ басуы, сондай-ақ тұрғындардың жаппай сауаттылығының таралуы сияқты алғышарттар себеп болды. Бүгінде адамдардың көпшілігі, әсіресе жастар жағы, тек сол бұқаралық мәдениет арқылы мінез-құлықтарының қажетті стилін, өмір сүру қалпын, мансабын, адамдармен қарым-қатынастарын табуға әрекеттенеді. Тамақ, киім-кешек, үй, тұрмыстық техника, күнделікті қажетті бұйымдар, білім алу сияқты нәрселердің барлығы адамдарға сол бұқаралық мәдениет арқылы келіп жатыр. Бүгін қандай да бір азық-түлік түрі бағалы және құнды болса, онда ол жаппай сұранысқа ие болады. Бұқаралық мәдениетті тұтынуға ынталандыратын құрал деуге болады, сол үшін де оған жарнама қолданылады.

Бұқаралық мәдениет ұлттық шегараны сырып тастап, оны жойып, әлемдік мәдениеттің тұғырына айналуда. Бұқаралық мәдениеттің шығармалары әмбебап психологиялық (психофизиологиялық) сипатқа және сезіну механизмдеріне негізделеді, яғни, ол аудиторияның білім деңгейіне және дайындық шамасына байланыссыз жұмыс істейді. Сондай-ақ білім оған тіпті зиянды болуы мүмкін, себебі білім тікелей көңіл күй әсерімен сезінуге бағытталған бұқаралық мәдениетке кедергі болады.

Осылайша бұқаралық мәдениет қазіргі заман адамының жаңа, барынша дамыған мәдени біліктілігінің көрінісі, оның санасы, мүдделері мен қажеттіліктерін басқару мен манипуляциялау жүйесі болып отыр. Бұл – заманауи мәдениеттің өмір сүру тәсілі.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттің негізгі даму бағыттары қандай болды? Мәдениеттегі жаңа бағыттарды атаңдар.
2. Ғылыми-техникалық революцияның қазіргі кезеңдегі соңғы жетістіктерін атап көрсетіңдер.
3. «Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Бұқаралық мәдениет деп мәдениеттің қандай түрін айтар едіңдер?
5. Компьютерлік мәдениет туралы не айтар едіңдер?
6. Бұқаралық мәдениет және оның қоғам дамуындағы ықпалы қандай деп ойлайсыңдар?

**Пікірталас.** Топқа бөлініп, бұқаралық мәдениеттің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылаңдар.

## ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

- 1945 ж. – БҰҰ Жарлығының қабылдануы.
- 1945–1946 жж. – Нацистік қылмыскерлерге жүргізілген Нюрнберг соты.
- 1945 ж. – Индонезия мен Вьетнамның тәуелсіздіктерін жариялауы.
- 1946 ж. – Филиппиннің тәуелсіздік алуы.
- 1946–1954 жж. – Францияның Вьетнамдағы колониалдық соғысы.
- 1946 ж. – У.Черчилльдің Фултонда сөз сөйлеуі.
- 1946–1958 жж. – Франциядағы Төртінші республика.
- 1947 ж. – Германияның одақтастарымен бейбіт келісімдерге қол қоюы.
- 1947 ж. – Үндістан мен Пәкістанның тәуелсіздігін жариялауы.
- 1947 ж. – Трумэннің доктринасы. Маршалл жоспары.
- 1948 ж. – Америка мемлекеттері ұйымының құрылуы.
- 1948 ж. – Израиль мемлекетінің құрылуы. Араб-Израиль соғысы.
- 1948 ж. – Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының қабылдануы.
- 1949 ж. – НАТО-ның құрылуы. Экономикалық өзара көмек жөніндегі кеңестің (ЭЭК) құрылуы.
- 1949 ж. – ГФР және ГДР-дің құрылуы.
- 1949 ж. – Семейде алғашқы кеңестік жерасты ядролық сынағының өткізілуі.
- 1949 ж. – Қытай Халық Республикасының жариялануы.
- 1950–1953 жж. – Кореядағы соғыс.
- 1950 ж. – Р.Шуманның декларациясы.
- 1951 ж. – Еуропалық көмір және болат қауымдастығын құру туралы келісімге қол қойылды (ЕКБҚ).
- 1951 ж. – АНЗЮС-тің құрылуы.
- 1952 ж. – Түркияның НАТО-ға қосылуы.
- 1953 ж. – Камбоджа мен Лаостың тәуелсіздік алуы.
- 1954 ж. – Оңтүстік-Шығыс Азия келісімінің әскери ұйымының (СЕАТО) құрылуы.
- 1954–1962 жж. – Францияның Алжирдегі колониалдық соғысы.
- 1955 ж. – Бағдат пактісінің құрылуы (СЕНТО).
- 1955 ж. – Варшава келісімшарты ұйымының құрылуы.
- 1956 ж. – КОКП-ның XX съезі.
- 1956–1964 жж. – КСРО-дағы Хрущевтық «жылымық жылдар».
- 1956 ж. – Венгриядағы халық көтерілісі.
- 1956 ж. – Тунис пен Марокконың тәуелсіздік алуы.
- 1956 ж. – Суэц дағдарысы. Египетке қарсы үштік агрессия.

- 1957 ж. – Еуропалық экономикалық қауымдастығын (ЕЭҚ) және Евратом құру туралы Рим келісімдері.
- 1957 ж. – КСРО-ның алғаш Жер серігін ғарышқа ұшыруы.
- 1958 ж. – Франциядағы Бесінші республиканың құрылуы.
- 1958–1960 жж. – Қытайдағы «Үлкен секіріс» саясаты.
- 1959–1962 жж. – Берлин дағдарысы.
- 1960–1980 жж. – Түркиядағы Екінші республика.
- 1960 ж. – Африка жылы.
- 1960 ж. – Латынамерикалық еркін сауда бойынша ассоциациясының (ЛАЕСА) құрылуы.
- 1961 ж. – Берлин қабырғасының салынуы.
- 1961 ж. – Адамзаттың ғарышқа тұңғыш ұшуы, ғарышкер Юрий Гагарин.
- 1962 ж. – Кариб дағдарысы.
- 1963 ж. – Ядролық сынақтарды үш ортада тоқтату туралы Мәскеу келісімі.
- 1964 ж. – Палестинаны азат ету ұйымының (ПАҰ) құрылуы.
- 1964–1985 жж. – КСРО-дағы тоқырау кезеңі.
- 1965–1973 жж. – Вьетнамдағы АҚШ интервенциясы.
- 1965 ж. – Оңтүстік Корея мен Жапония арасындағы қатынастарды ретке келтіру туралы келісімге қол қойылуы.
- 1966 ж. – Қытайдағы «Мәдени революция».
- 1967 ж. – «Алты күндік соғыс» – үшінші Араб-Израиль соғысы.
- 1968 ж. – «Париж көктемі» және Чехословакияға бес социалистік ел әскерінің енгізілуі.
- 1969 ж. – Америкалық ғарышкерлердің Айға қонуы.
- 1969 ж. – Вилли Брандт үкіметі басқарған ГФР-дің «Жаңа Шығыс саясатының» басталуы.
- 1970 ж. – Ядролық қаруды таратпау туралы келісім.
- 1971 ж. – Минни-процессордың жасалуы.
- 1971 ж. – Пәкістан-Үнді соғысы.
- 1971 ж. – Батыс Берлин мәртебесін нығайту үшін төртжақты келісімге қол қойылуы.
- 1973 ж. – Төртінші Араб-Израиль соғысы.
- 1973 ж. – Еуропалық Қауымдастыққа Англия, Ирландия, Данияның қосылуы.
- 1973–1975 жж. – Әлемдік экономикалық дағдарыс.
- 1973–1988 жж. – Әскери төңкеріс және Чилидегі Пиночет режимі.
- 1975 ж. – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Қорытынды актісіне қол қою (ЕҚЫК).
- 1974 ж. – «Қалампырлар революциясы» және Португалиядағы диктаторлық режимнің құлауы.



- 1975 ж. – Испаниядағы Ф.Франко режимінің құлауы.
- 1978 ж. – Ауғанстандағы революцияның басталуы.
- 1978 ж. – Қытайдағы экономикалық реформалардың басталуы.
- 1979 ж. – Никарагуадағы Сомос режимін құлату.
- 1979 ж. – Прандағы антишахтық революция.
- 1979 ж. – Кенес әскерінің Ауғанстанға енгізілуі.
- 1979 ж. – Англиядағы М.Тэтчер реформаларының басталуы.
- 1980–1988 жж. – Иран-Ирак соғысы.
- 1980 ж. – Түркиядағы Үшінші республиканың бастамасы.
- 1981 ж. – Еуропалық одаққа Грецияның қосылуы.
- 1982 ж. – Фолкленд соғысы. Ағылшын-Аргентина қарулы қақтығысы.
- 1983 ж. – КСРО-ға Саманта Смиттің келуі.
- 1985–1991 жж. – КСРО-дағы «қайта құру» мен «жариялылық».
- 1986 ж. – Еуропалық одаққа Испания мен Португалияның қосылуы.
- 1987 ж. – Вашингтонда М.Горбачев пен Р.Рейганның орта және шағын қашықтықтағы зымырандарын қысқарту туралы келісімшартқа қол қоюы (ОҚЗ және ШҚЗ).
- 1989 ж. – Кенес әскерінің Ауғанстаннан шығарылуы.
- 1989–1991 жж. – Шығыс Еуропа елдеріндегі коммунистік режимнің құлауы, «барқыт революциялары».
- 1989 ж. – Берлин қабырғасының құлатылуы.
- 1990 ж. – Германияның бірігуі.
- 1990 ж. – ЕҚЫК-ға қатысушы мемлекеттердің «Жаңа Еуропа үшін Хартияны» қабылдауы.
- 1990–1991 жж. – Ирактың Кувейтке қарсы агрессиясы. «Шөлдегі дауыл» операциясы.
- 1991 ж. – Семейдегі ядролық полигонның жабылуы.
- 1991 ж. – Варшавалық келісімшарт ұйымының қызметін тоқтатуы. КСРО-ның ыдырауы. ТМД-ны құру туралы декларацияға қол қойылуы.
- 1991 ж. – Югославияның ыдырауы. Словения мен Хорватияның тәуелсіздігін жариялауы.
- 1991 ж. – Оңтүстік Америка ортақ нарығының (МЕРКОСУР) құрылуы.
- 1992 ж. – Еуроодақ туралы Маастрихтск келісіміне қол қойылуы.
- 1992 ж. – Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшартқа қол қойылуы.
- 1992–1997 жж. – Босния мен Герцеговинадағы соғыс және этникалық тазалау.
- 1993 ж. – Чехословакияның Чехия мен Словакияға бөлінуі.
- 1994 ж. – ЕҚЫК-нің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) болып өзгертілуі.

- 1994 ж. – НАФТА-ның құрылуы.
- 1995 ж. – Еуроодаққа Австрия, Швеция, Финляндияның кіруі.
- 1997 ж. – Қытайдың Гонконгті қайтарып алуы.
- 1998 ж. – Үндістан мен Пәкістанның бірқатар жерасты ядролық сынақтарын өткізуі.
- 1999 ж. – НАТО-ның Косоводағы әскери операциясы, гуманитарлық интервенция.
- 2001 ж. – Нью-Йорктегі ірі ланкестік әрекет.
- 2002 ж. – Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарттың (ҰҚК) Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт ұйымына (ҰҚКҰ) айналуы.
- 2004 ж. – Еуроодаққа Шығыс Еуропа және Жерорта теңізі елдерінің кіруі.
- 2004 ж. – Бесландағы ең қатыгез ланкестік әрекеттің орын алуы.
- 2011 ж. – «Араб көктемінің» басталуы. Тунис, Египет, Ливиядағы революциялар.
- 2017 – 2018 ж. – Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуы.
- 2017 ж. – Астанадағы Сирия қақтығысын реттеу мәселесі бойынша процесс.

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

**Акция** – акционерлік қоғамды немесе кәсіпорынды дамытуға қаржы салғанын куәландыратынын және оның иесіне акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуына құқық беретін құнды қағаз.

**Адам құқығы** – адам мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас қағидалары мен ережелері, жекетұлғаға өз қалауы бойынша әрекет етуге мүмкіндік беретін және белгілі бір ігіліктерге қол жеткізетін принциптер. Жекетұлғаны материалдық, рухани және өзге де ігіліктермен, бостандықпен қамтамасыз етеді, өзге біреудің қысымынсыз өз еркімен әрекет етуге заңды түрде мүмкіндік береді.

**Азаматтық қоғам** – дамуың белгілі бір кезеңіндегі адамзаттық қоғам, оған қоғамдағы экономика, саясат, әлеуметтік және рухани саладағы үкіметтік емес ұйымдардың ерікті түрде қалыптасуы жатады; ерікті индивидтер және ерікті түрде қалыптасқан ұйымдар, қауымдастықтар саласы заңмен қорғалғандықтан, олардың қызметтеріне мемлекеттік билік тікелей араласа алмайды.

**Апартеид** – нәсілдік кемсітушіліктің ауыр түрі, мемлекеттегі халықтың тұтас бір тобы нәсілдік кемсітушілікке ұшырайды, саяси, азаматтық және әлеуметтік-экономикалық құқықтарынан айырылады немесе мүлде шектеліп, арнайы аумақтық резервацияларға оқшаулауға дейін барады.

**Банкроттық** – қарыз қаражатты төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға қабілетсіздігін сотпен бекіту.

**Геосаясат** – жаһандық мүдделер мен экономикасы дамыған мемлекеттердің сыртқы саясатына негізделген, саяси-географиялық маңызға бағытталған саяси тұжырым.

**Девальвация** – мемлекеттің ақша бірлігін заңды жолмен азайтуды іске асырған немесе оның ұлттық валюта бағамын шетелдік валютаға қатысты төмендететін ақша реформасының түрі.

**Доминион** – Ұлыбритания үкіметінің бұрынғы отар елдеріндегі үстемдігін сақтап қалу үшін енгізген басқару жүйесі. Доминионға кірген елдер Ұлыбритания королін (королевасын) мемлекеттің жоғарғы билеушісі ретінде мойындауға міндетті.

**Жанғырту (Модернизация)** – 1) қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен реформалар; 2) дамуы төмен қоғамдағы өзгерістер, оның барысында дамыған қоғамға тән сипаттарға ие болады, бұл орайда жанғырту мемлекетке алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін енгізіп, қоғамды саналы түрде қайта қалыптастырушы болып табылады.

**Жаһандану** – әлемде қалыптасқан күрделі мәселелерді (экологиялық, демографиялық жағдайды, экономикалық және мәдени артқақалушылықты жою, ғарыштағы кеністікті игеру, әлемдегі энергетикалық, шикізаттық, азық-түліктік және өзге де дағдарыстарды шешу), сонымен бірге жеке тұлғалардың әлеуметтік, экономикалық және индивидуалдық құқықтары мен бостандықтарын шешуге негізделген, қазіргі әлемдегі кешенді, біртұтас дамушы жүйе.

**Индустриалды қоғам** – дәстүрлі, аграрлық және т.б. аз дамыған қоғамдармен салыстырғанда қазіргі дамыған қоғамның үрдістері мен ерекшеліктерін білдіретін ұғым.

**Кульминация** – қандай да бір оқиғаның, іс-әрекеттің дамуындағы барынша қауырт жағдайы.

**Өкілдіктің мажоритарлық жүйесі** – орталық және жергілікті билік органдары мен президентті т.б. тұлғаларды сайлау барысындағы нәтижелерді анықтайтын, көптеген мемлекетте (АҚШ, Ұлыбритания, Франция және т.б.) қолданылатын жүйе. Бұл жүйе бойынша дауыс берушілердің басым даусына не болған үміткер (немесе сәл артықшылықпен 50 % + 1) жеңіске жетеді.

**Өкілдіктің пропорционалды жүйесі** – сайлау жүйесі, оның негізінде мандатқа не болу үшін сайлаушылар даусының партия мүшелеріне тең бөлінуі жатыр. Бұл жүйеде өкілетті органдарға үміткерлерді тек партиялар ғана ұсынады.

**Популизм** – қоғамдағы дағдарысты кезеннің күрделі әлеуметтік қарама-қайшылықтарын танытатын, қоғамның кейбір топтарының әлеуметтік саясатын бейнелейтін идеялық және саяси қозғалыс. Популистік қозғалыстарда қарапайым адамның мүддесін қорғауды мақсат етіп көзге түскен харизматикалық лидерлер танымалдылыққа жетеді.

**Постиндустриализм** – әлеуметтік-саяси тұжырымдама қоғам тарихын үш кезенге: индустриалдылыққа дейін, индустриалды, постиндустриалды қоғамға бөліп қарастырды. Бұлардың соңғысы – жаңа қоғам, онда жетекші әрі маңызды орынды ғылым, теоретикалық және эксперименталды институттар алады.

**Радикализм** – қандай да бір сұрақтарды шешуде радикалды әдістерді қолдану, қоғамның радикалдануы, оның шешуші әрекет саналуы.

**Ұлттық мәселе** – мемлекет ішіндегі ұлттар мен халықтардың арасындағы қатынастар үдерісінен пайда болған саяси, экономикалық, құқықтық, идеологиялық және т.б. мәселелер.

**Фундаментализм** – діни ұғымдар мен қағидаларды сындарлы тұрғыда қайта қарастыруға қарсы діни бағыт, ол өзгермеушілікті, догманы, ортодоксті қолдайды.

**Экологиялық қозғалыс** – экологиялық қатерді азайтуға, қоршаған ортаны сауықтыруға, адамның, қоғамның, табиғаттың үйлесімділігін сақтауға ұмтылатын адамдардың әлеуметтік ұйымдарының бірі. Экологиялық қозғалысты, негізінен, бейресми «жасылдар», экологтер секілді үкіметтік емес т.б. ұйымдар құрады.

**Экстенсивті** – сапалық емес, сандық жағынан кеңейтуге, ұзартуға бағытталған, сондай-ақ халықшаруашылығында өнімнің сапасын жақсарту жағы ескерілмей, оның тек санын, көлемін арттыруға бағытталғандықты білдіретін ұғым.

**Элита** – қоғамның қандай да бір бөлігінің немесе топтарының көрнекті өкілдері. Элита қандай да бір салада жоғары лауазымды пеленуші әлеуметтік топ.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
<b>XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ САЯСИ КАРТАСЫ</b>	
§ 1. Отарсыздану үдерісінің күшеюі. Әлемдік отарлау жүйесінің дағдарысы және күйреуі .....	4
§ 2. Британдық Үндістанды бөлу және екі доминионның қалыптасуы. Тәуелсіз Үндістан мен Пәкістанның жариялануы .....	11
§ 3. Африка жылы. Франциядағы отаршылдық мәселелерінің шиеленісуі .....	17
§ 4. «Қырғиқабак соғыстын» басталуы .....	24
§ 5. Биполярлы әлем. Әскери-саяси одақтар НАТО мен ВШҰ-ның текетіресі .....	31
§ 6. Әлемдік социалистік лагерьдің қалыптасуы. 1948–1962 жылдардағы «қырғиқабак соғыстын» негізгі оқиғалары .....	39
<b>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ</b>	
§ 7. БҰҰ-ның құрылуы мен қызметі. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді шешу жолдары .....	46
§ 8. Еуропалық интеграция. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКҰҰ) .....	52
<b>XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ</b>	
§ 9. Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық салдары. XX ғасырдың 50–60 жж. «экономикалық керемет» .....	60
§ 10. АҚШ және Батыс Еуропада «әлеуметтік мемлекет» негізінің қалыптасуы ....	66
§ 11. Соғыстан кейінгі қайта құру және КСРО-дағы әміршіл-әкімшіл жүйенің нығаюы. «Хрушев жылымығы» .....	72
§ 12. Кеңес экономикасын реформалау сәтсіздігінің себептері. Тоқырау кезені (1960 ж. екінші жартысы – 1980 ж. аяғы) .....	77
<b>ЕКІ ПОЛЮСТІ ӘЛЕМНЕН КӨШПОЛЮСТІ ӘЛЕМГЕ БАҒЫТ АЛУ ҮДЕРІСІ</b>	
§ 13. 1979–1985 жылдардағы «қырғиқабак соғыстын» негізгі оқиғалары және оның аяқталуы .....	85
§ 14. «Қырғиқабак соғыстын» салдары .....	91
<b>АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ</b>	
§ 15. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі араб елдерінің дамуы. Таяу Шығыс шиеленісінің тууы .....	99
§ 16. Халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметі .....	106
§ 17. «Араб көктемі»: себептері мен оның әлемдік саясат үшін салдары .....	111
<b>БАТЫС ЕЛДЕРІНІҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	
§ 18. Франциядағы консерватизмнің неоконсерватизмге ауысуы .....	118
§ 19. Британдық неоконсерватизм және социализмнің шведтік үлгісі .....	124
§ 20. Германиядағы әлеуметтік-нарықтық шаруашылық белгілері .....	131

**XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

§ 21. Коммунистік Қытай: саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйе сипаттамасы .....	138
§ 22. Үндістанның тәуелсіз дамуы: мәселелер және шешілу жолдары .....	144
§ 23. XX ғасырдың екінші жартысындағы кемализм эволюциясы .....	150
§ 24. 1950–1960 жылдардағы жапондық және оңтүстіккореялық «экономикалық ғажайыптардың» себептері .....	157

**ҚАЗІРГІ ӘЛЕМНІҢ ЖАҒАҢДАНУЫ**

§ 25. Жаһандану үдерісінің мәні. Бүгінгі әлемдегі ланкестік пен экстремизмнің қаупі .....	164
§ 26. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі .....	171

**XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ  
БАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, ТЕХНОЛОГИЯ**

§ 27. Ғылыми-техникалық революция – ғылыми-техникалық прогрестің жаңа кезеңі .....	179
§ 28. Дамушы елдердің мәдени-техникалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтары. Байқоңыр ғарышайлағы. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білім берудің рөлі .....	184

**XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ  
БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ**

§ 29. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы. ЮНЕСКО -ның адамзаттың мәдени мұраларын сақтау жолындағы қызметі .....	192
§ 30. Мәдениеттің негізгі даму бағыттары. Заманауи ақпараттық қоғам .....	200
Хронологиялық көрсеткіш .....	207
Терминологиялық сөздік .....	211

*Учебное издание*

**Алдабек Нуржамал Абдразаккызы  
Макашева Клара Налдибековна  
Байзакова Куралай Иртысовна**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ  
(1900—1945 )**

**Часть 2**

**Учебник для 8–9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке )**

Редакторы *Е. Жайнақов*  
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*  
Техникалық редакторы *И. Таратунец*  
Корректоры *С. Құрманғалиева*  
Компьютерде беттеген *С. Жұмағалиева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ № 5808

Басуға 07.06.19 қол қойылды. Пішімі 70×100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 17,42.  
Шартты бояулы беттаңбасы 68,37. Есептік баспа табағы 12,05.  
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.**

**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**

**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**

**E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)**

**Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)**



